

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 81:37.016; 377.02:37.016

Қолжазба құқығында

АЛДАШЕВА КАМАР САГИНГАЛИЕВНА

**Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың
лингводидактикалық негіздері**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші педагогика ғылымдарының
докторы, профессор Р.Ә. Шаханова

Шетелдік ғылыми кеңесші PhD доктор,
доцент М.А. Өзербаш

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
КІРІСПЕ	8
1 ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАНУЫ МЕН НОРМАЛАНУЫ – ТІЛ САЯСАТЫ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛТАНЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ	18
1.1 Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы: заңнамалық негіздер және түсініктер верификациясы	18
1.2 Қазақ неологиясы және неографиясы: қазақ тілтанымның парадигмасына қатысы	35
1.3 Жаңа сөздердің қалыптануы: біріздендіру, стандарттау, нормаландыру қайнар көздері	52
I бөлім бойынша тұжырым	73
2 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА СӨЗДЕРДІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНІҢ БЕЛГІСІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ МЕН МЕНГЕРТУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	75
2.1 Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді меңгертудің философиялық бағыттары	76
2.2 Бейіндік мектептерде жаңа сөздерді меңгертудің психолінгвистикалық негіздері	92
2.3 Қазақ тіліндегі жаңа сөздерді меңгертудің педагогикалық алғышарттары	110
II бөлім бойынша тұжырым	133
3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА СӨЗДЕРДІ МЕНГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ	136
3.1 «Қазақ тілі» оқулықтары мен оқу бағдарламаларындағы жаңа сөздердің қамтылуы	136
3.2 Жаңа сөздерді меңгертуде қолданылатын әдістер-тәсілдер кешені	149
3.3 Жаңа сөздерді меңгертудің әдістемелік жүйесі бойынша жүргізілген эксперименттің барысы және нәтижелері	165
III бөлім бойынша тұжырым	182
ҚОРЫТЫНДЫ	184
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	191
ҚОСЫМША А	
ҚОСЫМША Ә	
ҚОСЫМША Б	

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалған:

1 Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186 Өкімі.

2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия туралы Ереже. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367 Қаулысы.

3 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығы.

4 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі № 444 Қаулысы.

5 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында берген тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы № 1025 Қаулысы.

6 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1128 Қаулысы.

7 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.

8 «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012.

9 «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 11.11.2014.

10 «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам». Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы.

11 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму». Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 30.11.2015.

12 Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығы.

13 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегі терминдер және олардың анықтамалары қолданылған:

Верификация – фактілер мен нақты істің ақиқаттығын таразылау; ғылыми қағидалардың шынайылығын тексеру; олардың нақтылығын тәжірибе арқылы айқындау; болжамның шынайылығын эмпирикалық тұрғыдан бекіту туралы әдіснамалық түсінік.

Жаңа сөз (неологизм) – тілден тыс және тілдік ішкі факторлардың ықпалымен жаңа зат, ұғым, түсінік, құбылыс атауларын беру үшін белгілі бір тілдің жаңа сөз жасайтын әдіс-тәсілдері арқылы пайда болған жаңа атау (дара номинация), күрделі сөз, сөз тіркесі.

Жаңа сөздердің кодификациясы (қалыптануы vs. қалыптандырылуы) – үдерістер сатылары және олардың нәтижелері; ресми талқыға түсу, ұсыныстар беру сатыларынан өткізу арқылы оларды тілге енгізу мен пайдаланудың заң түрінде бекітілуі, заңдастырылуы; әдеби тілдің айналымында жоғары жиілікпен қолданылуы арқылы мойындатылған тәртібі; осының негізінде жаңа сөздерді нормативті сөздіктер мен анықтамалықтарға, терминдер мен терминдік сөз тіркестерінің тізімінен тұратын әртүрлі типтегі лексикографиялық сөздіктерге енгізілуі; тіл динамикасына қарай диспозитивті және императивті нормалар сипаттарының жоғары деңгейдегі көрінісі.

Интербелсенді әдістер – білім беруші мен білім алушының өзара белсенді қарым-қатынасы; білімді берудің vs. меңгертудің, білім алушының білік-дағдыларын қалыптастырудың негізі ретінде танылатын жаңғыртылған оқыту әдістерінің кешені, жүйесі.

Коммуникативтік құзыреттілік – нақты әлеуметтік-мәдени жағдаятта тілді пайдалану нормаларын білу; сөйлеуші қарым-қатынастың нормалары мен қағидаларын білуі, қандай жағдайда, не туралы, қашан және кіммен қалай қарым-қатынас жасауды білуі қажет; сөйлеу барысында төменгі және жоғарғы стильді дұрыс қолдана білу сөйлеушінің коммуникативтік құзыреттілігін танытады.

Қазақстандағы тіл саясаты – мемлекеттік ішкі саясаттың аса маңызды құрамдас бөлігі. Тұтастай алғанда, тілдің және тілдің ішкі жүйесінің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістіктегі функционалдық таралуын өзгерту немесе дамыту үшін, тілдің өміршеңдігін сақтау мақсатында мемлекет, үкімет, қоғамдық ұйымдар тарапынан жүргізілетін іс-шаралар кешені. Тіл саясаты ұғымы көпұлтты Қазақстан Республикасының жағдайына қарай жаңа мазмұнмен толықтырыла түседі. Қазақстан үшін тіл саясаты – ұлтаралық келісімді сақтауға ықпал етуі тиіс, ұлтты ұйыстырушы, қоғам мүшелерін патриотизмге тәрбиелейтін фактор. Тіл саясаты – тілдің қызметіне, тіл дамуының барысына тілді жоспарлау субъектілерінің саналы және нысаналы ықпалының теориясы мен практикасы.

Қазақыландыру – Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруға байланысты пайда болған жаңа термин. Бұл термин

қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілін ғылым мен техника тіліне айналдыру, білім беру, заң және сот ісі салаларына белсенді енгізу мүдделерінде тілдің төл әлеуетін сарқа пайдалану деген ұғымды білдіреді.

Лингводидактика – тілді оқытудың жалпы теориясы; тілді оқытуды және меңгертуді қарастыратын қолданбалы лингвистикалық пән; тілді оқытудың жалпы заңдылықтарын зерттейді; дидактикалық мақсатқа сәйкес белгілі бір тілді оқытудың әдістері мен құралдарын жетілдіреді; біртүлділіктің немесе көстүлділіктің тілді меңгертуге әсерін зерттейді.

Лингвомәдени құзыреттілік – қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздерге қатысты жеке адамның лингвомәдени құзыреттілігі деп төмендегіні тану қажет: жеке тұлғаның мемлекеттік тілге, оның ішінде жаңа сөздерді танып-білуге мүдделілігінің, сұранысының артуы, қоғам мүшесі ретінде жаңа сөздерді қолдануға деген саналы көзқарасының қалыптасуы, олардың қажеттілігін мойындауы. Лингвомәдени құзыреттілік жоғары деңгейде болған жағдайда коммуникативтік құзыреттілік кедергісіз және шапшаң қалыптаса бастайды.

Норма – қоғамның нақты бір даму кезеңінде тіл құралдарын қолдану және іріктеу қағидаларының, тіл құрылымына сәйкес келетін, дәстүрлі сипат алған, коммуникативтік актіде пайдаланылатын, барынша тұрақты тілдік бірліктер жиынтығы. Тілдік норма – қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қоғам мүшелерінің тілді қолданысында тіл дамуының тарихи және табиғи заңдылықтарының көрінісі, қоғам дамуының нақты бір кезеңінде тіл практикасы үшін қоғам қабылдаған және мойындаған, әлеуметтік бағалаудан өткен фактілердің көрінісі.

Нормалану – әдеби тілде пайда болған жаңа тілдік бірліктердің (ауызекі сөйлеу тілі, жергілікті тіл ерекшеліктері, кәсіби лексика элементтерінің әдеби тілге қарай өтуі, жаңа сөздердің пайда болуы, сөз семантикасындағы өзгерістер, сөзжасам белсенділігі) жазба тілде, ресми-іскери тілде, мақсатты стильдерде мақсатты-стильдік жағынан жіктеле отырып, жоғары жиілікпен жұмсалуды нәтижесінде әдеби тілде қалыптасуы, осы қалыптасудың лексикографиялық сөздіктерге тіркелуі арқылы ресімделуі мен дәлелденуі жүзеге асырылатын үдерістер.

Төл тілдің әлеуеті – қазақ тілінің төл сөздерінің семантикалық компоненттерінің мағыналары, қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына мейлінше тән сөзжасам тәсілдерін игеру арқылы жаңа сөз тудыру, ғылыми-техникалық терминдерді қазақыландыру үшін танылатын төл тілдің мүмкіндіктері.

Тілдік жоспарлау – тиісінше саяси іс-шараларды жүзеге асыра отырып, тіл саясаты мен тіл идеологиясын қалыптастыру, тіл корпусын жоспарлау, яғни тілдің құрылымын реттеу, тілді меңгеруге және тілдің таралуына жағдайлар жасау, тілдің қолданылу аясын кеңейту, тілді нормаландыру және қалыптандыру, тіл практикасына ықпал ету бойынша нақты іс-шаралар жүргізу.

Тілдік норма – а) босаң (диспозитивті) норма – бұл арқылы тілді пайдаланушылардың жаңа сөздердің қатарындағы жарыспа нұсқалардың бірін таңдап, қайсысының мақсатты стильдерге сәйкес келетіндігіне қарай коммуникативтік жағдаятқа сай іріктеп қолдануы ұғынылады; ә) императивті

норма – қатаң норма түрі; тілдік жүйеге жасалған зерттеулер арқылы барынша анықталған, қолданылу жиілігі арқылы норма екендігі дәлелденген тілдік бірліктер бекітіледі.

Тілдік тұлға – коммуникативтік актіге (ауызша және жазбаша) қатысқан жағдайда сөйлеген / жазған сөзінде вербалды-семантикалық деңгей (сөз қорын жетік білу), лингвокогнитивті деңгей (өзі қолданған әрбір тілдік бірліктің ұлттық-мәдени сипатын саналы түрде сезінуі және жетік білуі); прагматикалық деңгей (сөйлеу актісінің нысаналы бағытына қарай тілдік құрылымдарды дұрыс пайдалана білу), коммуникативтік деңгей (тілді өзінің іс-әрекеттерінің қажеттіліктеріне қарай дұрыс қолдана білу) көлемін айқын таныта алатын қабілеттер жиынтығы бар адам.

Узус – тілді пайдаланушылар мойындап қабылдаған тілдік бірліктер. Бұл термин арқылы сонымен қатар әдеби тілдің нормасынан тыс, тілдің лексикалық және грамматикалық құрылымының табиғи заңдылықтарынан ауытқыған, алайда тілді пайдаланушылардың коммуникативтік актісінде жоғары жиілікпен қолданылатын, нормативті сөздіктерге енгізілген тілдік бірліктер де аталады.

Үдерістер (лат. «processus» and «procedure» — «ілгері жылжу», «алға қарай қозғалу») – қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптану үдерістері: а) масс-медиа тілінде, ғылыми-ағартушылық мазмұнындағы жазба нұсқаларда, ауызша әдеби тілде алғаш пайда болуы, жекелеген қоғам мүшелерінің тарапынан ұсынылуы; ә) кейбір ұғым-түсініктердің жарыспа нұсқаларының қолданысқа түсуі және олардың әдеби тіл айналымында қолданыс жиілігінің жоғары және төмен болуына қарай стильдік, атауыштық мақсаттарға қарай екшелуі; б) осы сатылардан өткен жаңа сөздің бекітілетін аталымдар қатарына енгізілуі; в) нормативті, түсіндірме, терминологиялық арнаулы сөздіктерге енгізілуі арқылы жүзеге асады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

АТ – «Ана тілі» газеті

ЕҚ – «Егемен Қазақстан» газеті

ҚӘ – «Қазақ әдебиеті» газеті

ҚӘТТС – Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

ЖОББЖ – Жалпы орта білім беру жүйесі

Мемтерминком – Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясы

ОС – Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасында бұдан ширек ғасыр бұрын басталған үйлесімді тіл саясатының кезең-кезеңімен жүзеге асырылуының нәтижесінде біздің елімізде оңтайлы әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік орнықты.

Мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі – тіл саясаты нұсқаулардың, теориялық тұжырымдамалардың жиынтығы және тіл динамикасына саналы түрде араласудың практикасы ретінде қазіргі кезеңде біздің еліміздегі тілдердің қолданысына ғылыми негізделген нысаналы басшылық жасау шараларын одан әрі жалғастырып келеді. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде қазақ тілінің қолданысына реттеуші ықпал ету бұрынғыша тіл саясатының назарында; ең алдымен бұл – «қазақ әдеби тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу; мемлекеттік тілді меңгерудің әдіснамасы мен әдістемесін жетілдіру; тілдің қажеттілігін ұлғайту» [1].

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Және мұнда қазақ тілінің ғалымдарына, лингвистеріне ғылым мен осы заманғы технологиялардың, ал нарықтық қазақ тілінің терминдерін жасаумен айналысуы керек. Бұл – шұғыл мәселе. Үкімет барлық проблемаларды кешенді түрде зерттеп, шара қабылдауы тиіс» [2] деп атап көрсеткен болатын. Демек, әдеби тілдің стандартталуы, қалыптануы мен нормалануы, қазақ тілінің әлеуметтік-қоғамдық қызмет аясының кеңеюі мемлекеттік тіл саясатының ажырамас бөлігі ретінде «Мәңгілік ел – Мәңгілік тіл» идеясымен тығыз байланысты [3].

Қазақстандағы тіл стратегиясы бойынша қабылданған заңнамалық құжаттарда (олардың жалпы саны 20-ға жуық) қазақ тілін дамытудың, Қазақстандағы тіл құрылысының ұзақ мерзімді келешегінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттері көрсетілген және оларды іске асырудың басты бағыттары мен тетіктері белгіленген [1; 2; 3; 4; 5; 6; 7; 8; 9; 10; 11]. Оларда қазақ тілінің ішкі лексикалық және семантикалық мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалану арқылы жасалған, қазақыландырылған терминдер мен атаулардың бірізділенуін, қалыптануы мен нормалануын қамтамасыз ететін әзірлемелердің жүзеге асырылуы басым бағыттардың бірі ретінде айқындалған. Заңнамалық құжаттарда бекітілген «тілдің ішкі әлеуетін пайдалану арқылы жасалған жаңа лексикалық бірліктер» деп аталатын заң күшіне ие түсінік өзінің ұғымдық терминдік аппараты жағынан тілтанымда орныққан «жаңа сөз / неологизм / лексикалық жаңалықтар» аталымдарына толық сәйкес келеді, бұл аталымдар ғылыми таным мен әлеуметтік-мәдени реалийлер атауларын қамтиды.

Отандық тілтанымның аса көрнекті өкілдерінің (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Х. Досмұхамедұлы, К. Күдерин, І. Кеңесбаев, Р. Сыздық, Ә. Қайдар, М. Балақаев, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев, Ш. Сарыбаев, Ш. Бәйтікова, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов, С. Исаев, Ө. Айтбайұлы, Э. Сүлейменова,

Б. Хасанов және басқалар) іргелі еңбектерінде жаңа сөздер / неологизм мәселесі тілдің диахронды-синхронды жай-күйі, әдеби тілдің дамуы мен қалыптасуы, функционалдық стильдер мәселелері, қолданбалы тіл білімі аспектілеріне қатысты зерделеніп, қазақ неологиясы мен неографиясының іргетасы қаланды.

Бұдан кейінгі кезеңдерде әдеби тіл лексикасының динамикасындағы өзгерістер қазақ терминжасамы мен терминографиясы, сөз мәдениеті, функционалдық стильдердің ерекшеліктері, әлеуметтік лингвистика, аударматану, қазақ лексикографиясы мен лексикологиясы, антропоэзектік лингвистика, лингвомәдениеттану проблемаларына байланысты қарастырылуда (Д. Ақанова, С. Ақаев, А. Алдашева, Е. Әбдірасілов, Р. Барлыбаев, О. Бүркітов, О. Жұбаева, Қ. Есенова, Н. Исмайлова, М. Малбақов, Ш. Мәжітаева, Ж. Манкеева, Б. Момынова, Қ. Қадырқұлов, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, А. Казкенова, Қ. Күдерінова, Ж. Сағындықова, А. Төрениязова, Н. Уәлиев, А. Фазылжан, Ғ. Хасанов және т.б.).

Түрколог ғалымдар (Н.А. Баскаков, Н.К. Дмитриев, Н. Баяр, Р. Данияров, А. Матқазиев, Л.Г. Керимов, Х.Б. Кулиева, Н.М. Худиев және т.б.); шетелдік ғалымдар (В. фон Гумбольдт, И.А. Бодуэн де Куртенэ, У. Вайнрайх, А.О. Александрова, О.С. Ахманова, Н.Г. Бабенко, М.А. Бакина, С.Г. Бархударов, А.А. Брагина, Р.А. Будагов, Е.М. Верещагин, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, О.А. Габинская, Б.Н. Головин, К.С. Горбачевич, А.Г. Горнфельд, В.П. Даниленко, Е.А. Земская, В.П. Изотов, В.А. Иңкович, М.У. Калниязов, Ю.Н. Караулов, В.Г. Костомаров, Н.З. Котелова, Л.П. Крысин, В.В. Лопатин, А.Г. Лыков, Р.Ю. Намитокова, Н.А. Николина, Л.И. Скворцов, Б.А. Серебренников, А.И. Смирницкий, И.И. Срезневский, С. Тогаева, И.С. Улуканова, Э.И. Ханпира, Н.М. Шанский, Л.В. Щерба, Н.А. Янко-Триницкая және т.б.) зерттеушілердің пікір-тұжырымдары, теориялық және практикалық ұсыныстары әртүрлі тілдердегі жаңалықтарды танып-білуге үлес қосты.

Қазіргі кезеңде қазақ әдеби тілінің динамикасында жаңа сөздерді / неологизмдерді жасау үшін сөзжасам модельдерінің барлық мүмкіндіктері айқындалған және олардың жалпы сипаттамасы, тиімділігі мен икемділігі сөзжасам бойынша еңбектерде жеткілікті дәрежеде тұжырымдалған. Сөзжасам модельдерінің қатарында қазақ тілінің семантикалық тынысын (төл сөздердің қайта жаңғыруы) игеру арқылы жасалған жаңа сөздер айрықша орын алады, олар өздеріне тән күрделі, лингвистикалық, лингвомәдени және сыртқы факторларға байланысты ерекшеліктері бойынша қалыптану және нормалану тұрғысынан жете зерделеуді қажет етеді.

Қазақтың төл сөздерінің семантикалық өзгерістерінің нәтижесінде пайда болған жаңа сөздер халықтың дүниетанымын, ұлттық психология мен философияны бейнелейтін ұлттық-мәдени құбылыс ретінде қазақ лексикасының саналуан ғылыми-техникалық терминдерді, ресми-іскери, мәдени-тұрмыстық ұғым-түсініктерді беруде жан-жақты мүмкіндікке ие екендігіне айқын дәлел бола алады және қазақ тілінің өміршеңдігін күшейтуде ерекше рөл атқарады. Осыған байланысты әсіресе ғылыми таным атаулары мен

әлеуметтік-мәдени реалийлерді беру мақсатында қазақ тілі лексемаларының қайта жаңғыруының нәтижелерін сипаттау, олардың қалыптануы мен нормалануы үдерістерін зерделеу біздің еліміздегі тіл саясатының басым бағыттарының әрі қарай жүзеге асырылуына үлес қосады. Зерттеу **жұмысының бірінші өзектілігі** аталған мәселелерге байланысты.

Жалпы білім беру жүйесінде білім алушылардың жаңа лексикалық бірліктерді меңгеруі, олардың жаңа сөздерді танып-түсінуі мектеп оқушыларының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың көрсеткіші ретіндегі қазақ тілі туралы ой-өрісінің кеңеюінде, тілге құрметпен қарауға тәрбиеленуінде, сондай-ақ оқушылардың тілдік тұлға ретінде қалыптасуында, заңнамалық құжаттарда көрсетілгеніндей, оларда «мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыруда және орнықтыруда» [1] маңызды рөл атқарады.

Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық реформалар білім беру жүйесіне де айтарлықтай өзгерістер енгізуде, ал бұл жайт қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасының рөлін тың тұрғыдан талдаудың қажеттігін көрсетеді. Осы өзекті мәселе Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нақты баяндалған, онда осы зерттеу жұмысы үшін барынша маңызды төмендегі аспектілер нақтыланған: а) «...білім берудің дамуы еліміздің болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өркендеуі сүйенетін тұғырнамасы болуы тиіс; ә) оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын енгізу есебінен тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту қажет» [12].

Қазақ тілінде білім беретін жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді меңгертудің әдістемесі біршама дәрежеде қарастырылған. Дегенмен ұзақ уақыт бойында және кеңестік кеңістіктегі биліктің ықпалымен білім мазмұнының қалыптасқан жүйесі, негізгі ұғымдардың өзге тілде берілуі және олардың белгілі бір әлеуметтік топтың тілдік санасында бекітілуі ұлттық дүниетанымның айрықша дереккөзі және нәтижесі ретіндегі қазақ тілінің ауқымды әлеуетін танып-түсінуге елеулі кедергі жасағаны белгілі.

Осыған байланысты және жалпы орта білім беру жүйесінде білім алушыларды лингвомәдени тілдік тұлға ретінде қалыптастыру мақсаттарында тілдің ішкі әлеуеті арқылы жасалған, қазақыландырылған жаңа лексикалық бірліктерді мектеп оқушыларының меңгеруі үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді игеру ісі пәрменді түрде жаңартылуда.

Жаңа сөздерді меңгертудің әдістерін жүйелеу, оларды меңгертудің лингводидактикалық базасын қалыптастыру және осы мүддеде білім берудің жаңа технологияларына негізделген әдістер мен тәсілдерді бейіндік мектептердің білім беру стандарттарының көлеміне енгізу жалпы білім беру жүйесінің білім мазмұны мен тәрбиелік инфроқұрылымын айтарлықтай жаңғыртуға тиімді түрде ықпал етеді және ҚР Білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында

көзделген міндеттердің [13] іске асырылуына үлес қосады. Бұл фактор **зерттеу жұмысының тағы бір өзектілігін дәлелдейді.**

Жұмыстың өзектілігі сондай-ақ төмендегідей **қарама-қайшылықтарға** негізделген:

- жаңа аталымдардың тіл жүйесіндегі нақты көрінісі (пайда болуы, тіркелуі және бекітілуі) **мен** әлеуметтік-этникалық, білімдік, аумақтық, жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі топтардың коммуникативтік актіде жаңа сөздерді әралуан деңгейде пайдалануы арасында;

- жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы үдерістерінің ғылыми негізделуінің толыққанды еместігі, жаңа сөздерді меңгертудің лингводидактикалық негіздерінің жеткілікті түрде қалыптаспауы **мен** қоғамдағы кейбір топтардың тарапынан қазақыландырылған сөздердің лингвистикалық, әлеуметтік-саяси маңыздылығын субъективті бағалауының арасында;

- қазақ сөз мәдениетінің жоғарғы дәрежесін сақтаудың бәсеңдігі және төмендетілуі **мен** әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда басқа тілдердің элементтерін еркін пайдаланудың арасында;

- мектеп оқушыларын толыққанды тілдік тұлға, зияткерлі ұлттың әлеуеті ретінде қалыптастыруға қойылып отырған мемлекеттік талаптар **мен** мектеп оқушыларында біздің қоғамымыздың әлеуметтік-мәдени бейнесі туралы іргелі білімді қалыптастыруға, тәрбиелік, отансүйгіштік іс-шараларды жүргізуге айрықша ықпал ететін қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері арқылы жасалған жаңа сөздерді меңгертудің лингводидактикалық негіздерінің жеткіліксіз түрде жүйеленбеуі арасында.

Көрсетілген міндеттер мен қарама-қайшылықтардың шешімдерін табу үшін теориялық және лингводидактикалық ұсыныстар енгізу мақсаттарына диссертацияның тақырыбы **«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері»** түрінде таңдалып алынды.

Зерттеу нысаны: Бейіндік мектептің оқушыларына (10-сынып) қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамында соңғы 25 жыл көлемінде пайда болған жаңа сөздерді меңгерту үдерістері.

Зерттеу пәні: Оқытудың жаңа технологияларын пайдалану арқылы жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалану үдерістерін түсіндіру бойынша әдістер мен тәсілдерді бейіндік мектептердің лингводидактикалық базасына енгізу және жаңа сөздерді меңгертудің әдістемесі.

Зерттеудің болжамы: *Егер* оқушыларда неологизмдер туралы білімді нақты қалыптастыру мақсатында жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау мен түсіндіру, оқу үдерісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу және білім берудің лингводидактикалық базасын жаңа әдістермен толықтыру бойынша нысаналы түрде жұмыс жүргізілетін болса, *онда* оқушыларда жаңа сөздер туралы білімнің деңгейі айтарлықтай көтеріледі, халық философиясына, халықтың тарихи-мәдени, менталды және лингвомәдени ерекшеліктеріне

негізделген білім мектеп оқушыларында жүргізілетін тіл саясатына деген саналы көзқарастың бекуіне, тілді меңгеруді жоспарлауға деген объективті бағалаудың қалыптасуына, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауына ықпал етеді, *өйткені* жаңа сөздер туралы білімнің функционалды қажеттілігін объективті түрде түсінудің және лексикалық құрамның жаңа сөздермен толығуы туралы білімнің бекітілуінің нәтижесінде оқушылар біртіндеп лингвомәдени құзыретке ие тұлға дәрежесіне көтеріледі.

Зерттеудің мақсаты: Соңғы ширек ғасыр көлемінде пайда болған жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы үдерістерін кешенді түрде талдай отырып, оқытудың жаңа технологияларын енгізу арқылы жаңа сөздер бойынша білім берудің әдіснамасын айқындау және әдістемелік жүйесін ұсыну.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу және ұсынылған болжамды дәлелдеу төмендегідей **міндеттердің** шешілуі барысында жүзеге асырылды:

- қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, ағартушылық-білім беру факторларының ықпалымен жасалған жаңа сөздердің заңнамалық және лингвистикалық негіздеріне талдау жасау; олардың қалыптануы мен бірізділенуінің алғышарттарын айқындау;

- қазақ неологиясы мен неографиясының ғылыми бағыттарының қалыптасу жолдарын және олардың қазақ тілтанымының парадигмаларымен өзара байланысын зерделеу; жаңа сөздердің категориялық мәнін айқындау;

- неологизмдердің қалыптануы мен нормалануына ықпал жасайтын негізгі дереккөздерді анықтау, фактілік материалдарға кешенді лингвистикалық талдау жасау;

- оқушылардың жаңа сөздерді меңгеруінің әдістемелік жүйесін ұсыну, оның ішінде таңдау пәні үшін оқу бағдарламасын әзірлеу және құрастыру, білім берудің жаңа технологияларын пайдалана отырып, дағдыландыру тапсырмалары мен жаттығуларды жүйелеу, экспериментті-тәжірибелік әдісті жүргізу арқылы олардың тиімділігі мен нәтижелілігін дәлелдеу.

Зерттеудің жетекші идеясы: Соңғы ширек ғасыр көлемінде пайда болған жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалану үдерістерін ғылыми-практикалық тұрғыдан жүйелеу және қорыту Қазақстандағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі – тілдің лексикалық қорын жетілдіруге, жаңа тілдік бірліктерді бірізділендіру мен қалыптандыруға, қазақ тілінің ұлттық корпусын табысты түрде қалыптастыруға нақты үлес қосады, сондай-ақ оқушылардың жаңа сөздерді меңгеруінің әдіснамалық негіздерін айқындау және бейіндік мектептер үшін әдістемелік жүйені әзірлеу қазақ тілін оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттауға, қазақ тілінің қажеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Ілгері шығарылған міндеттерді шешудің қажеттілігі зерттеудің **теориялық-әдіснамалық базасын** төмендегідей іріктеуге негіз болды:

- қазақ тілінің өміршендігін күшейту (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, Ж. Күдерин, М. Жұмабаев, К. Кеменгерұлы, Ғ. Мүсірепов, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, Ә. Қайдар, Ө. Айтбайұлы, Э. Сүлейменова);

- қоғам дамуының нақты бір кезеңінде қазақ әдеби тіліндегі динамикалық үдерістердің және оның нормаларының қалыптасуындағы жаңа сөздердің рөлі (Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, А. Ысқақов, Ш. Бәйтікова, Е. Жанпейісов, С. Исаев, Ө. Айтбайұлы, Н. Уәлиев, А. Алдашева, О. Бүркітов, Ш. Мәжітаева, Б. Момынова, Қ. Есенова, А. Фазылжанова, Қ. Қадырқұлов, Ж. Сағындықова);

- қазақ терминологиясының қалыптасуы және қазіргі қазақ терминжасамы мен терминографиясының өзекті мәселелері, аударматану мәселелері (Ә. Қайдар, Ө. Айтбайұлы, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, А. Алдашева, Е. Әбдірәсілов, А. Қазкенова, А. Төрениязова, С. Ақаев);

- қазақ сөзжасамының теориялық проблемалары және сөзжасам модельдерінің активтенуі (Н. Оралбаева, Қ. Құрманалиев, Б. Қасым, Ж. Балтабаева, О. Жұбаева, А. Салкынбай);

- көптілді қоғам жағдайындағы қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы (Э. Сүлейменова, Н. Шәймерденова, Ж. Смағұлова, Б. Хасанов, Ө. Айтбайұлы, Ф. Оразбаева, Д. Ақанова);

- қазақ тілінің лексикологиялық және лексикографиялық мәселелері (Р. Барлыбаев, Н. Уәлиев, М. Малбақов, Ж. Манкеева, Ғ. Хасанов, Қ. Күдеринова);

- қазақ тілін оқытудың әдіснамалық және әдістемелік мәселелері (Н. Оралбаева, С. Рахметова, Ф. Оразбаева, Р. Шаханова, Т. Аяпова, З. Күзекова, З. Бейсембаева, Қ. Қадашева, Ж. Дәулетбекова, А. Жапбаров, Ш. Ергожина, А. Сәтбекова, Р. Рахметова, Л. В. Екшембеева, К. Жақсылықова, А. Әлімов, Э. Оразалинова, Ә. Агманова, Ж. Күзембекова және т.б.).

Жаңа сөз / неологизм категориясын айқындау жөніндегі теориялық пікірлерді қарастыру және салыстыру, жаңа сөздердің пайда болуының өзіндік ерекшеліктерін айқындау, сондай-ақ бейіндік мектептерде жаңа сөздер бойынша білім берудің әдістемесі мен әдіснамасын қарастыру мақсаттарында шетелдік лингвистикадағы және түркологиядағы белгілі ғалымдардың іргелі еңбектері зерделенді.

Зерттеудің әдістері мен тәсілдері: Жұмыста негізгі міндеттерді жүзеге асыру мақсаттарында заңнамалық тұжырымдамалар мен теориялық көзқарастарды зерделеу, жүйелеу және қорыту; фактілік материалдарды жаппай іріктеу; лексикографиялық талдау және салыстыру әдістері, респонденттердің жаңа сөздерді меңгеруінің деңгейін анықтау мақсатында эксперимент әдісі; эксперименттің қорытынды кезеңінде сауалнама жүргізу, ауызша сұқбат алу және олардың нәтижелерін сапалық-статистикалық өңдеуден өткізу; нормалық және семантикалық талдау әдістері, сондай-ақ әдіснамалық және әдістемелік тәсілдер қолданылды.

Зерттеудің кезеңдері: Мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін жұмыс үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде (дайындық кезеңі, 2013-2014 жж.) зерттеу тақырыбы анықталып, библиографиялық көрсеткіштер түзілді, зерттеудің ғылыми

аппараты жасалды, жаңа сөздердің қазақ лингвистикасының әртүрлі парадигмаларындағы қарым-қатысы, ұлттық дүниетаным, ұлттық психология және ұлттық философиямен байланысы, ЖОББЖ-ға арналған оқу стандарттары мен дидактикалық базадағы жаңа сөздердің орналасу өлшемі сияқты мәселелер негізделді. Төл тілдің әлеуеті арқылы пайда болған жаңа сөздерді әралуан дереккөздерден жаппай іріктеу жұмысы жүзеге асырылды. Бейіндік мектептегі оқушыларға (10-сынып) жаңа сөздерді меңгертудің әдіснамалық және әдістемелік бағыттарын айқындау мақсатында эксперименттің анықтау кезеңі жүргізіліп, «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» атты таңдау пәнінің оқу бағдарламасының және әдістемелік жүйесінің жобалары жасалды.

Екінші кезеңде (негізгі кезең, 2014-2015 жж.) жаңа сөздерді меңгертудің психолингвистикалық алғышарттары зерделеніп, педагогикалық негіздерін айқындау мақсатында оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру, оқытудың дидактикалық ұстанымдары сияқты мәселелер жүйеленді. Жалпы орта білім беретін мектептердегі оқу кестесіне сәйкес эксперименттің қалыптастыру кезеңі жүзеге асырылды. Бейіндік мектептің 10-сыныбына арналған «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» атты таңдау пәні ұсынылды.

Үшінші кезеңде (қорыту кезеңі, 2015-2016 жж.) эксперименттің қорытынды кезеңі бойынша алынған нәтижелер сандық-сапалық тұрғыдан өңделді; «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» атты таңдау пәні мазмұнының жоғары сынып оқушыларын тілдік тұлға ретінде және олардың лингвомәдени, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудағы рөлі негізделді. Зерттеудің қорытындылары жасалып, диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес әзірлеу жүзеге асырылды.

Зерттеудің дереккөздері: Тілдік фактілерді жинақтау және жүйелеуге төмендегі дереккөздер негіз болды:

Қазақстандағы тіл саясаты мен тіл стратегиясына бағытталған заңнамалық құжаттар мәтіндері (1991-2016 жж.); Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Ред. А. Ысқақов, 1-10 Т. (1974-1986); Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Құраст. Т. Жанұзақов, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек, 1-15 Т. (2006); Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Жауапты редакторы Р. Сыздықова (2008); Қазақша-орысша сөздік / Ред. Р. Сыздық, К. Хұсайын (2001); Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Жауапты редакторы Р. Сыздықова (1990); Жаңа атаулар / Жауапты редакторы Р. Сыздықова (1992); Бекітілген терминдер жинағы / Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия мәжілістерінде бекітілген терминдер жинағы / Жалпы ред. басқарған Ш. Құрманбайұлы (2012); Қазақша-орысша орысша-қазақша терминологиялық сөздік / Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссиясы бекіткен, 12, 14, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30 Т. (2000; 2014); Бекітілген терминдер сөздігі (2009); www.sozdik.kz онлайн қазақша-орысша орысша-қазақша сөздік; Новые слова и значения / Под ред. Н.З. Котеловой (1971-1976); Словарь перестройки / Под ред. Н.З. Котеловой

(2000); Жаратылыстану, биология, география салалары бойынша екітілді терминологиялық сөздіктер (1991; 1992; 1993); Қоғамдық-саяси лексика сөздігі (2004); 5-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулықтары; 5-9-сыныптарға арналған Жаратылыстану, Биология, География оқулықтары; «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын» мерзімді басылымдары (2010-2016). Дереккөздерден 2000-нан астам жаңа сөз және олардың вариант қатарлары жинақталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегідей:

- қоғам дамуының нақты бір кезеңінде (1991-2016 жж.) қазақ әдеби тілінде пайда болған жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы үдерістеріне жаңа сөздердің коммуникативті тілдік кеңістікте таралуына қарай бірінші рет кешенді талдау жүргізілді;

- жаңа сөздердің кодификациясы туралы түсінікті Қазақстандағы тіл саясатының тұжырымдамалары және тілдің дамуына саналы түрде араласуды жүзеге асырудың практикасы контекстінде талдауға алғаш рет ұмтылыстар жасалды. Жаңа сөздердің кодификациясы үдерістердің кезеңдері және олардың нәтижелері екендігі нақтыланды;

- қазақ тілінің өміршендігін күшейтудегі айрықша маңыздылығын, ғылыми танымның, ғылым мен техниканың, әлеуметтік-мәдени реалийлердің атауларын берудегі қазақ тілінің жан-жақты мүмкіндігін дәлелдеу, жалпы орта білім беру жүйесіндегі оқушылардың беделді бейнесін қалыптастыруға қол жеткізу мақсаттарында коммуникативтік тілдік кеңістікте жаңа сөздердің қолданысын кеңейтудің лингвистикалық, ұлттық философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздемелері ұсынылды;

- әралуан лингвистикалық, педагогикалық, әлеуметтік-мәдени әдістерді игере отырып, қазақыландырылған атаулардың әлеуметтік-коммуникативтік маңыздылығын пәрменді түрде және ұдайы түрде түсіндіріп отыру қоғам мүшелерінің, оның ішінде оқушылардың елдегі тіл саясатының басым бағыттарына деген саналы көзқарастарының одан әрі қарай қалыптасуына ықпал ететіндігі туралы қорытындылар жасалды;

- бейіндік мектептерде қазақ тілін оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттау бойынша талаптарға сәйкес және қазақ тілінің функционалды және кәсіби қарым-қатынастың тіліне толыққанды айналуы мақсаттарында жаңартылған лингводидактикалық база (оқу бағдарламасы), дағдыландыру тапсырмалары мен жаттығулардың жүйесі, меңгертудің басқа да әдістері әзірленді; жаңа сөздерді меңгерту бойынша пилотты жүйе әзірленіп, оқу үдерісінде мақұлданымнан өтті.

Зерттеудің теориялық маңызы: Зерттеу жұмысының қорытындылары қазақ неологиясы мен неографиясының, терминжасам мен терминографияның, лексикология мен лексикографияның, сөз мәдениеті мен әдеби нормалардың, аударматану саласының проблемаларын зерделеудің ауқымын кеңейтеді. Жаңа сөздердің әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік тілдік ерекшеліктерінің нақты көріністерінің анықталуы қазақ лексемаларының аса бай ұлттық-мәдени

өзіндік ерекшеліктері, қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерінің молдығы туралы түсінікті жан-жақты байытады.

Зерттеудің практикалық маңызы: Зерттеудегі ұсыныстар мен тұжырымдарды ұлттық тіл корпусын жоспарлауда және әзірлеуде, қазақ тілінің әлеуметтік-мәдени болмыстың ұғым-түсініктерін берудегі мүмкіндіктеріне талдау жүргізуде, жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануын дәйектеуде пайдалануға болады. Зерттеудің қорытындылары сондай-ақ қазақ неологиясы мен неографиясының, терминжасам мен терминографияның, лексикология мен лексикографияның дамытылуына, қазақ тіліндегі ресми-іскери мәтіндердің сауатты түзілуіне үлес қосады. Зерттеу нәтижелері бейіндік мектепте 10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» пәнін оқытудың әдіснамасы мен әдіс-тәсілдерін жетілдіруге тиімді ықпал етеді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазақ тілінің лексикалық қорының қазақыландырылған сөздермен толығуы, олардың қалыптануы мен нормалануын, стандартталуы мен бірізділенуін жүзеге асыру Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен тілдік жоспарлаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануын теориялық тұрғыдан зерделеу, практикалық іс-шараларды жүзеге асыру жаңа сөздердің қалыптануына, тілдің беделін және оның коммуникативтік қажеттілігін арттыруға ықпал етеді.

2. Тіл құрылысы және тілдік жоспарлаумен байланыстағы қалыптану (кодификация) түсінігі бірнеше бағыттарды қамтиды: а) жаңа сөздерді заңдастыру бойынша заңнамалық құжаттарда көзделген нұсқаулар мен міндеттер; ә) заңнамалық құжаттарда көрсетілген міндеттер мен нұсқауларды жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдар; б) осы іс-қимылдардың нәтижесі арқылы жаңа сөздердің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікке, әдеби тілдің айналымына таралуы. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (әрі қарай – Мемтерминком) тарапынан бекітілген, екітілді терминологиялық сөздіктерге енгізілген, қазақ тілінің төл әлеуеті негізінде жасалған жаңа сөздер мен аударылған ғылыми-техникалық терминдердің ауқымды көлемі қазақыландырылған аталымдардың қалыптануы мен нормалануына, бірізділенуіне елеулі үлес қосқан маңызды іс-қимылдардың нәтижесі болып саналады.

3. Жаңа сөздердің қалыптану үдерістері (лат. *«processus»* and *«procedure»* – *«ілгері жылжу»*, *«алға қарай қозғалу»*) төмендегі факторлар арқылы анықталады: а) жаңа сөздер алдымен жазбаша нұсқаларда пайда болады; ә) кей реттерде бірнеше варианттары жасалады; б) жаңа сөздердің кейбір түрлері жұртшылық тарапынан «дұрыс / дұрыс емес», ұғымдық сәйкестіктері тұрғысынан талқылаудан өтеді; в) жаңа лексема және олардың вариант қатарлары функционалды-коммуникативті кеңістікте қатар қолданыла бастайды; г) жоғары жиілікпен қолданылуының нәтижесінде жаңа сөз / варианттардың бірі әдеби норма түрінде мойындала бастайды; ғ) жаңа сөзді / варианттардың бірін нормативті, екітілді, терминологиялық сөздіктерге тіркеу үдерістері басталады; д) осымен қатар өзінің қызметінде қазақ тілінің төл

лексикасын барынша пайдалану ұсынымын басшылыққа алатын Мемтерминком тарапынан жаңа сөздерді бекіту бойынша ұсыныстар әзірленеді; е) жаңа сөз / варианттардың бірі диспозитивті немесе императивті норма дәрежесіне көтеріледі.

4. Анықталып отырғанындай, әлеуметтік қоғамдық кеңістік дамуының алдыңғы кезеңдерімен салыстыра қарағанда соңғы жылдары қазақ әдеби тілінде жаңа сөздер көлемі жағынан айтарлықтай молайды, дегенмен қазақыландырылған терминдердің техникалық және жаратылыстану ғылымдары салаларындағы қолданысының *тіл жүйесі – сөйленіс – узус* үштігіндегі сипаты әркелкі екендігі байқалады. Жаңа ғылыми терминдер негізінен жазба нұсқаларда, ғылыми әдебиетте қолданылады, алайда олардың ауызша әдеби тілдегі және узус деңгейіндегі игерілуі бәсең деңгейде. Осыған байланысты қазақ тілі бойынша білім берудің әдістері мен технологияларын пәрменді түрде жаңарту мен жетілдіру арқылы жалпы білім беру жүйесінде жаңа сөздер туралы білімді қалыптастыру айрықша өзекті болып саналады.

5. Жалпы білім беру жүйесінде, оның ішінде жаратылыстану пәндерін оқытуда жаңа терминдерді танып-түсінудің әлеуметтік-мәдени маңыздылығын, функционалдық қажеттілігін ұғындыру аса маңызды лингводидактикалық міндеттердің бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Барлық пәндермен органикалық байланыста оқушылардың жаңа сөздерді меңгеруі үшін тиімді әдістерді қолдану білім алушылардың іске асырылатын тілдік үдерістерге деген құрметтеу және саналы көзқарастарының қалыптасуына, қазіргі қазақстандық қоғамның жоғары талаптарына толық сәйкес келетін зияткерлі, рухани түрде дамыған тілдік тұлға ретінде орнығуына ықпал етеді.

6. Жалпы орта білім беру жүйесінде қазақыландырылған жаңа сөздерді зерделеу мен меңгеру бойынша диагностика интербелсенді әдістерді қолдану, оқу пәндерінен, ақпараттық, ресми іскери материалдардан жаңа сөздерді өз бетінше ізденіс және танып-түсіну амалдарына негізделетін репродуктивті оқу тапсырмаларын қолдану негізінде жүзеге асырылады.

Зерттеу жұмысының мақұлданымы: Диссертацияның материалдары мен негізгі тұжырымдары 16 мақала түрінде мақұлданымнан өтті, оның ішінде 5 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 1 мақала Scopus ақпараттар базасына енетін импакт-факторлы журналда жарияланды. Жұмыстың негізгі қорытындылары сондай-ақ ғылыми баяндамалар және хабарламалар түрінде халықаралық және республикалық ауқымдағы 10 ғылыми-теориялық конференцияларда және ғылыми семинарларда талқыланды.

Зерттеудің құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 3 қосымшадан тұрады.

1 ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАНУЫ МЕН НОРМАЛАНУЫ – ТІЛ САЯСАТЫ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛТАНЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

1.1 Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы: заңнамалық негіздер және түсініктер верификациясы

Егемендік алған кезеңнен бастап (1991 жыл) Қазақстан Республикасында ішкі саясатының аса маңызды тармақтарының бірі ретінде тіл саясаты сындарлы, дәйекті түрде жүзеге асырыла бастады. Қазақстан Республикасында тіл саясатының құқықтық негіздері орнықтырылды.

Қазіргі жаһандану заманында ұлт тілдерінің дамуына қатысты тіл саясаты – аса маңызды бағыттардың бірі. Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қарағанда, тіл саясаты – «тілдің немесе тілдің ішкі жүйесінің барлық функционалдық таралуын өзгерту немесе сақтау үшін, жаңа норманы енгізу үшін немесе қолданыстағы тілдік норманы сақтау үшін мемлекет, партия, класс, қоғамдық топ тарапынан қабылданған шаралар жиынтығы» [14, 83].

Тіл саясатын айқындайтын осы анықтама көпұлтты Қазақстан Республикасының жағдайына қарай *жаңа мазмұнмен* толықтырыла түседі. Нақты айтқанда, Қазақстан үшін тіл саясаты ең алдымен көп ұлттар мекен ететін Қазақстан жағдайында ұлтаралық келісімді сақтауға ықпал етуі тиіс.

Біздің еліміздегі тіл саясаты – ұлтты ұйыстырушы, қоғам мүшелерін патриотизмге тәрбиелейтін фактор. Қазақстандағы тіл саясаты – мемлекеттік саясаттың бұлжымас бөлігі, тілдің қызметіне, тіл дамуының барысына тілді жоспарлау субъектілерінің саналы және нысаналы ықпалының теориясы мен практикасы [15, 253].

Біздің еліміздегі тіл саясатының басты мақсаты – тілдік жағдаяттың стратегиялық бағыттарын айқындау, тіл корпусын, тілдің таралуын, тілді меңгеруді жоспарлау және реттеу. Бұл ретте, демек, тіл саясаты – ұлт мәселесінің тілдік аспектісі.

Заңнамалық құжаттарда тіл саясатын жүзеге асыру үшін бірнеше басым бағыттар белгіленген, солардың қатарында қазақ тілінің ішкі ресурстары мен әлеуетін пайдалану жолымен ғылыми-техникалық терминдерді, бұрын өзге тілдерден қабылданған атаулары қолданылып келген термин сөздер мен атаулардың қазақша баламасын жасау, бұл үшін қазақ тілінің өз ішкі мүмкіндіктерін кеңейту маңызды тармақ ретінде көрсетілген. Басқаша айтқанда, бұл арада «ішкі мүмкіндік» және «өз әлеуеті / өз ресурсы» деген ұғымдар қазақ лексикасының құрамындағы ғылыми-техникалық терминдерді, зат, бұйым, құбылыс, абстракт түсініктер атауларының қазақ тілінің өз мүмкіндіктерімен жасалған баламаларын қалыптастыру деген тұжырымды білдіреді және мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметінің аясын кеңейту, өміршеңдігін сақтаудағы бірден-бір жол ретінде бағаланады (Қосымша А).

Тіл саясатын сындарлы түрде жоспарлайтын заңнамалық құжаттарда қазақ ұлты өкілдерінің ана тілін сақтауы мәселесіне айрықша назар аударылған. Мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің қолданылу аяларын кеңейту, тілге деген

сұранысты жоғарылату, қазақ тілін осы заманның талаптарына сай тіл дәрежесіне көтеру мәселелері нұсқалған. Бұл бағыттарды іске асыру жолында қазақ тілінің өз байлығын жан-жақты, толыққанды пайдалану арқылы бұрын шет тілдік атаулары норма саналған ұғым-түсінік, құбылыс, зат атауларын және ғылыми-техникалық аталымдарды қазақыландыру бағыты белсенді іске асырылуда.

Көп ұлттар мен ұлыстар мекен ететін қоғамда Қазақстандағы тіл саясаты абсолютті монотілді ортаның шапшаң қалыптасуын мақсат етпейді, керісінше біздің еліміздегі тіл саясатының сындарлы болуы мен дәйектілігі қазіргі жаһандану заманында осындай біртілді ортаның болуы мүмкін еместігін айқындайды. Бірақ мемлекеттік тілдің мәртебесін нақты белгілеу – мемлекеттіліктің басты белгісі. Сондықтан тәуелсіз елдің юрисдикциялық күшін сақтап қалу үшін тіл саясаты арқылы төмендегі іс-шаралар іске асырылған және іске асырылуы жоспарланған:

- көпұлтты және көптілді қоғамда мемлекеттік тілдің заң күшіндегі шынайы мәртебесі бекітілген;
- қоғамдағы әртүрлі тілдерді қолданатын этникалық топтардың этникалық санасы мен тілдік санасына, ойсанасына қазақ тілінің қажеттілігін сыналап түсіндіру;
- бұл үшін және тілдік қатығыстарды болдырмау мүддесінде тілдік жоспарлаудың мәнін анықтау;
- тілдік жоспарлауға қатысты іс-шаралардың тиімділігін арттыратын әдістерді негіздеу;
- оның ішінде тілдік үдерістерде байқалатын диагностикалық белгілерді, межелерді дер кезінде байқап, ғылыми-практикалық тұрғыдан талдау жасауды үзбей жалғастыру;
- ең бастысы – қазақ тілінің ғылым мен техника ұғым-түсініктерін жеткізуге әлеуеті толық екендігін, функционалдық қолданыс аясының кеңдігі жағынан қабілетті екендігін дәлелдей отырып, қазақ тілінің өміршендігін сақтап қалу жолындағы іс-шараларды жолға қою және оларды дәйекті түрде жүзеге асыру.

Көрсетілген тармақтар бойынша заңнамалық түйіндерді қысқаша тұжырымдайтын болсақ, ең алдымен Атазаңға негізделетін тіл саясатын жүзеге асырудың жауапкершілігі аса жоғары бағыт және бұның қоғам мүшелерінің саяси-әлеуметтік көзқарастарын ұйыстыратын басты фактор екендігін атап өту керек.

Екіншіден, нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіл жөніндегі сындарлылықтың нәтижесінде және осының негізінде заңды субъектілердің тарапынан нақты жұмыстардың дұрыс жүргізілуіне байланысты әртүрлі этникалық топтардың қазақ тілінің қажеттілігіне деген саналы көзқарасы мен сұранысы қалыптасқан.

Заңнамалық құжаттар арқылы тіл саясатының қалайша іске асырылып жатқанына, қазіргі ахуалға талдау жасалады. 2011-2020 жылдарға арналған тілдерді дамыту бағдарламасында қазақ тілінің әлеуметтік-коммуникативтік

кеңістігін нығайту жолында атқарылған істерге қатысты қорытындылар жасалған. Бағдарламада 2011 жылға дейінгі орындалған іс-шаралардың тиімді орындалуының нәтижесінде қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесі (2014 жылға қарай – 20%, 2017 жылға қарай – 60%, 2020 жылға қарай – 100% болуы тиіс екендігі дәлелденген [1].

Сонымен қатар әлі де болса кейбір аспектілер бар екендігі көрсетілген; олардың легінде қоғам мүшелерінің қазақ тілін білуінің әркім деңгейі; қазақ тілі қолданылуға тиісті әлеуметтік-коммуникативтік кеңістіктегі бәсең көрінісі; *тіл мәдениетінің төмендеуі* сияқты маңызды мәселелердің ғылыми-практикалық тұрғыдан алдағы уақытта шешімін табуы аталған [1].

Тіл мәдениетінің төмендеуі қатарында қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамын ұдайы жетілдіру, қазақ тіліндегі терминқорды қалыптастыру жайы баса көрсетіледі.

Шын мәнінде, Қазақстандағы тіл саясатының бағыттарында қазіргі қоғамдағы тілдік жағдаят үшін тілдің өміршендігін дәлелдеу және оны сақтап қалу жолындағы іс-шараларға айрықша мән беріледі. Бұл бағыттағы міндеттердің қатарында:

- тілдің ішкі әлеуетін пайдалану арқылы оның мүмкіндіктерін кеңейту;
- ұлттық терминологияны реттеу, жүйелеу мен дамыту;
- әлеуметтік-мәдени болмысты бейнелеуде тілдің ұлттық ерекшеліктерін сақтау;
- ғылым-білім, оқу-тәрбие, әлеуметтік-саяси салалардағы ежелгі сөздерді жаңғырту;
- бұл үшін тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану;
- мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу» факторларының кезек күттірмейтін маңыздылығы нақтыланған.

Аталған аспектілердің жүзеге асырылуы, тілді Мәңгілік ел құндылықтарының басымы деп тану, тілдің өміршендігін сақтау, қазіргі жағдайда қазақ тілінің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру ең алдымен тілдің өз мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалану жолымен қазақ әдеби тілінің терминқорын, күнделікті-тұрмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық атауларды қазақыландыруды сындарлы және дәйекті түрде жолға қоюмен және осы бағытта ғылыми-практикалық жұмыстарды үзбей жалғастырумен байланысты.

Тіл саясаты бойынша нормативтік-құқықтық актілерде «тілдің ішкі әлеуеті; тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану» деген ұғымдар аталады. Саяси және лингвистикалық мәнге ие аталған түсініктер бұрын өзге тілдік норма болған атауларды қазақыландыру деген терминмен тығыз байланысты.

Әлемдік тілдерде «руссификация», «испанизация», «украинизация» деп аталатын әлеуметтік лингвистикалық ұғымдар бар. Бұл терминдер бір мемлекетте, бір қоғамда тек бір тілді ғана қалыптастыруды мүдде етеді. Ал «қазақыландыру» термині абсолютті түрдегі монотілді ортаны қалыптастыруды мүлде көздемейді, бұл терминнің мәні – қазақ тілінің

өміршендігін сақтау, көптілді қоғамда қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның коммуникативтік кеңістігін кеңейту мақсаттарында жүзеге асырылатын іс-шара – мүмкіндігінше тілдік семантикалық ерекшеліктерді ескере отырып, ғылыми-техникалық, күнделікті тұрмыстық атаулардың қазақша баламасын – жаңа сөз жасау дегенді білдіреді. Қазақыландыру – әлеуметтік лингвистика саласында қалыптасқан ұғым.

Саяси лингвистикалық мәнге ие болып отырған «тілдің ішкі әлеуетін / мүмкіндіктерін сарқа пайдалану» деген ұғым: а) байырғы төл сөздердің семантикасын жаңғырту; ә) жергілікті тіл ерекшеліктері мен кәсіби лексиканың семантикалық мүмкіндіктерін ғылым тілінде игеру; б) сирек қолданылатын және көнерген сөздердің референциалды мағыналарын қайта жаңғырту; в) сөзжасам нысандарының ұлттық болмысты анық бейнелейтін түрлерін жаңа атаулар жасауда белсенді ету дегенді білдіреді.

Тілдің ішкі әлеуеті туралы нақтылай түссек, оны жаңа атауларды берудегі калька тәсілімен – мағыналық-құрылымдық сөзбе-сөз аудару арқылы жасау жолымен қатар қолдануға болмайды. Тілдің ішкі әлеуеті – ұлттық болмысты, ұлттық-мәдени ерекшелікті бейнелейтін лексикалық қор, ал сөзбе-сөз балама жасау кезінде қалай болғанда да басқа тілдің құрылымдық-типологиялық сипаты айқын байқалып тұрады.

Заңнамалық құжаттарда көрсетілген міндеттерге сәйкес қазақ әдеби тілінің терминқорын, күнделікті-тұрмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық атауларды қазақыландыру барысында төл тілдің әлеуетін сарқа пайдалану жұмысын тиімді және оңтайлы түрде жүргізу қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту мен жетілдіруге ықпал етеді.

1991 жылдан бері қарай қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамында белсенді өзгерістер байқалды. 1970 жылдар тұсында қазақ тілінің лексикалық құрамында орыс тілі арқылы енген ғылыми аталымдар жалпы сөздік байлықтың 80%-ын құрайтындығы аталған болатын [16], міне осы пайыздық көлемдегі барлық аталымдарды қазақыландыру үдерісі ілгері шығарылды. Соның нәтижесінде ғылыми-техникалық аталымдармен қатар әлеуметтік-тұрмыстық, күнделікті-тұрмыстық ұғым-түсініктердің, заттар мен құбылыстардың қазақша атаулары пайда болды. Төл тілдің ішкі мүмкіндіктеріне негізделген көптеген екітілді сөздіктер жарияланды, әртүрлі семантикалық мазмұндағы бірқолданыстық, кейде жасанды сипаттағы жаңа тілдік бірліктер ұсынылды. Нақты айтқанда қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамында жаңа сөздер саны мен сапасы жағынан алдыңғы кезеңдерге (бұдан 25 жыл бұрынғы мерзіммен салыстыра қарағанда) анағұрлым молайды. Алайда ғылым мен техника салаларына байланысты пайда болған жаңа аталымдар жазба нұсқаларда ғана көрініс береді. Әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық салалардағы қазақыландырылған жаңа аталымдардың көптілді қоғамдағы тілге енуі соншалықты белсенді емес. Көптеген жаңа сөздердің *тіл жүйесі – сөйленіс – уzus* үштігіндегі орналасуы бірдей емес.

Бұл мәселе тілдік идеологияға қатысты, ал *Тілдік идеология* – ұлттың, әлеуметтік топтың, элитаның, қоғамның тілді сақтау немесе тілдік жағдаятты

өзгерту жөніндегі тіл / тілдер туралы көзқарастары мен идеяларының жүйесі [17, 10] болып саналады.

Қазақстандағы тілдік жағдаятты өзгерту туралы идеялар мен көзқарастар қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамын жаңарту және жаңғырту проблемасына тікелей байланысты болды.

Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, өміршендігін сақтауға бағытталған нормативтік-құқықтық құжаттарда көтерілген талаптар тілдік жоспарлау стратегиясымен және тіл корпусын жоспарлау мәселелерімен тығыз байланысты.

Тіл корпусын жоспарлау және тілдік жоспарлау стратегиясын қалыптастыру – қазақстандық қоғамның қазіргі жағдайында – үштұғырлы тіл саясаты белсенді сипат алып отырған жағдайда аса маңызды. Өйткені мемлекеттік тілге қатысты тілдік жағдаяттың белгілі бір себептермен толық мәнінде әлеуметтік-функционалдық қызметі қанағаттанарлықтай болмаса, онда тілдік жоспарлау бағдарламаларын жүзеге асырудың қажеттілігі пайда болады. Тілдік жоспарлау – тілдің динамикасын дер кезінде танып, тілдегі өзгерістерге дер кезінде баға беріп отырудың бір нысаны. Мемлекет және Үкімет тарапынан маңызды мазмұндағы, нақты бағыттары көрсетілген заңнамалардың бекітілуі тіл стратегиясы мен тілдік жоспарлаудың алғашқы сатылары болып табылады.

Тілдік жоспарлау теориясы – тілдік жағдаятқа саналы түрде ықпал етуді және сондай ықпалдардың қоғамдағы рөлін зерттейтін пәнаралық бағыт. Тілдік жоспарлау (language planning) терминін ғылымға алғаш енгізген ғалымдар У. Вейнрайх және Э. Хауген екені белгілі. Басқа шетелдік зерттеушілердің пікірлері бойынша, тіл саясаты және тілдік жоспарлау өзара тектес ұғымдар; олар тілдік жағдаятқа саналы түрде ықпал етудің кез келген практикасын жалпы атау үшін қолданылады [18]. S. Wright [19] бұл екі терминнің біреуін таңдамай, «Language Policy and Language Planning» («тіл саясаты және тілдік жоспарлау» деп аталатын жаңа бағытты атайды (қысқарған түрде LPLP).

Mtholeni N. Ngcobo өзінің «Language Planning, Policy and Implementation in South Africa» атты мақаласында тілдік жоспарлау термині ең алғаш Хаугеннің еңбектерінде ұсынылғанын айта келе, ол жоспарлау моделін норма, кодификация, нығайту және дайындамаларды жоспарлаудан тұратын тіл сатыларын сипаттайтындығына тоқталған [20]. Сонымен қатар Э. Хаугеннің сызбасы тілді дамытудың немесе жоспарлаудың екі матрицасын қалыптастыратындығын, төрт өлшемді қамтитындығын көрсетеді.

Өз тұжырымдарына үнді ғалымы П.С. Рэйдің көзқарастарын негіз еткен Э. Хаугеннің пайымдауынша, жалпы жоспарлау – адам қызметінің бір түрі; ол кейбір мәселелердің шешімін табудың қажеттілігінен туындайды. Кез келген жоспарлаудың кезеңдері төмендегілер: а) үлкен көлемде материалдар жинау; ә) әрекет етудің барабар жоспарларын қарастыру; б) шешім қабылдау; в) әртүрлі әдіспен оларды енгізу, нығайту [21].

Э. Хауген атаған осы бағыттар тілдік жоспарлау үшін де тиімді және қажетті. Э. Хауген ұсынған тілдік жоспарлау моделінің осы зерттеу нысанына қарай маңыздылары мыналар (Сурет 1):



Сурет 1 – Тілдік жоспарлауды жүзеге асырудың бағыттары

Көрсетілген бағыт-бағдарлар қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің қалыптандыру және нормаландыру үдерістерін зерделеуге тікелей қатысты. Шын мәнінде, ұлт тілінің корпусын жасау жолға қойылып және ол жүзеге асырылатын болса, сан түрлі сөздіктерді, лексикаға, грамматикаға, синтаксиске байланысты барлық құрылымдарды, көркем, ресми-іскери, публицистикалық, ғылыми мәтіндерді ұлттық корпуста енгізген жағдайда тілдің динамикасын, қазіргі ерекшеліктерін, тіл мен сөйлеу (речь) және функционалдық стильдер арасындағы айырым белгілерді тілдегі жаңалықтар – жаңа сөздер арқылы танып-білуге болады. Тілдің ұлттық корпусы жаңа сөздерді тіркемейінше, оларды анықтамайынша, мүмкін емес. Нақты айтқанда Қазақстандағы тілдік жоспарлау шеңберінде: а) тілдің мемлекеттік мәртебесі анықталады; өйткені тәуелсіздік алғанға дейін қазақ тілінің мәртебесі анықталмаған болатын; бұрын қолданылуы, функциясы төмен болғандықтан, тілдің корпустық жиынтығын қалыптастыру қажеттілігі туындайды; б) ұлттық корпуста енетін тіл және сөйлеу жүйесін бағалау, бірізділендіру, стандарттау жұмысын жүргізу қажет. Соңғы талап үшін нақты міндеттер белгіленеді: білім беру саласына басым бағыт ретінде енгізу көзделеді, бұл ретте тілдік жоспарлаудың басты міндеттерін білім беру жүйесінде жүзеге асыру, білім берудің тілдің ұлттық корпусын бағалау, кодификациялау, нормаландырудағы үлесін айқындау; мемлекеттік тілді насихаттау; тілдік қауымдастық мүшесі ретінде оқушының тіл саясатына, ұлттық мүдде тұрғысынан ана тіліне деген

саналы көзқарасын қалыптастыру арқылы тіл мәдениетінің деңгейін көтеру мәселесі ілгері шығарылады; ғылым мен техниканың тіліне айналдыру және функционалдық аясын кеңейту маңызды болып табылады.

Басқа да шетел ғалымдарының еңбектеріне сүйенсек, тіл саясаты (language policy) тіл құрылысы және тілдік жоспарлау (language planing) деп аталатындармен бір ұғымда қолданылады. Шын мәнінде де, тілдік жоспарлау мен тіл құрылысы аясында тіл субъектілерінің (мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, қоғам мүшелерінің, жекелеген адамдардың, тіл мәселесімен тікелей айналысатын мекемелердің және т.б.) тіл практикасына ықпал ету, тілдің құрылымын реттеу, тілдің қолданысын өзгерту, тілді меңгеру үшін жағдайлар жасау деген тұжырымдар топтастырылады.

Тілдік жоспарлаудың мақсаты: а) қазіргі қолданыстағы тілді сақтап қалу; ә) тілдің қолданысын кеңейту мүддесінде іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу; б) тілдің нормалары мен қалыптануындағы өзгерістерді реттеу және нақты іс-шараларды жүзеге асыру.

Тіл корпусын жоспарлау – қазақ тілтанымында енді-енді қолға алына бастаған проблемалардың бірі. Бұл негізінен тілдің барлық құрылымына – сөздік құрамына, грамматикасына, терминологиялық жүйесіне, айтылу және жазылу ережелеріне саналы және нысаналы түрде ықпал ету мақсаттарын көздейді. Бұл мәселе стандарттау және бірізділендіру, қалыптандыру, нормаландыру, реттеу ұғымдарымен үндес келеді. Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасында мемлекеттік тіл мәртебесінің тілдің әлеуметтік функциясын кеңейте түсетіндігі, тілдегі *жаңа өзгерістерге байынты талдау жасау* керектігі баса көрсетілген. «Қазақ тілінің бірізділігі мен тиісті стандартқа келтірілуін қамтамасыз ететін орфографиялық, орфоэпиялық, тыныс белгілері ережелерін жүйеге салу басты міндет болып отыр, қазақ тілінің терминологиялық лексикасының жиынтығын жасау аса қажет. Қазақстанның сөз мәдениетін жетілдіру орфографиялық, орфоэпиялық, түсіндірме сөздіктердің шығарылуын көздейді» деп аталған [4]. Тіл корпусын жоспарлаудың тетіктерін одан әрі толықтыра түсуге болады: мәселен, қазіргі кезеңдегі білім алушылар үшін онлайн лингводидактикалық материалдар мен онлайн-сөздіктер типтерін қалыптастыру және оларды ақпараттық технологиялар желісіне орналастыру істері де тіл саясатының басты бағыттарына жауап бере алады және тілді корпусық жоспарлауды жетілдіре түседі.

Зерттеуші Ж. Смағұлованың пайымдауынша, тілдік жоспарлауды зерттеу қазірге дейін әлеуметтік лингвистика мен қолданбалы лингвистиканың шеңберінде жүргізілді және қазіргі таңда тілдік жоспарлау теориясы екі негізгі себеп бойынша ерекше пән болып саналмайды. Біріншіден, тілдік жоспарлаудың өзіндік зерттеу әдістері жоқ. Осы салада қолданылатын барлық әдістер, атап айтқанда, сұхбат, сұрастырым (опросы), шкалалар, тестілеу, бақылау және т.б. әдістер басқа әлеуметтік ғылымдарда пайдаланылады. Екіншіден, тілдік жоспарлаудың өзіндік жеке зерттеу пәні жоқ, оның пәні екі туыстас бағыттың пәніне сәйкес келеді, олар әлеуметтік лингвистика – тіл мен

қоғамның өзара байланысын анықтаумен айналысатын, қоғамдық құбылыс ретіндегі тіл туралы ғылым және қолданбалы лингвистика – лингвистикалық теорияны практикада қолдану туралы ғылым. *Оқытуды жоспарлау, әліпби, грамматика, тілді нормаландыру, аударма мәселелері* – осылардың барлығы қолданбалы лингвистиканың пәні болып саналады. Тілдер қызметін (функционирование языков), тілдік жоспарлауға ықпал етуші әлеуметтік факторларды анықтау әлеуметтік лингвистиканың пәні болып саналады [22, 14].

Тілдік жоспарлау теориясы әлеуметтік лингвистика мен қолданбалы лингвистиканың ықпалымен қатар, *антропологиялық лингвистика, екінші тілді меңгеру теориясы, диалектология, педагогика, әлеуметтік психология, география, саяси ғылымдар, экономика* сияқты бағыттардың ықпалымен қалыптасты.

Тілдік жоспарлау теориясының пайда болуы және қалыптасуы әлемдегі барлық елдерде орын алған және саны жағынан ұлғая түскен қоғамдағы тілдік және этникалық мәселелерді шешумен байланысты болды. Бір ғана Еуропаның өзінде б.з. 250 жылы алты әдеби тіл – латын, грек, иврит, араб, көне ағылшын және көне славян тілдері болса, ұлттар мен тілдердің саны он есеге дейін ұлғайып, 1250 жылы он жеті әдеби тілге жетті. XIX ғасырда олардың саны шамамен отыз болса, 1937 жылы – елу үш тіл болды, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл үдеріс одан сайын динамикалық сипатқа ие болды [23, 346].

Қазірге дейінгі кезеңде тіл саясатына, тілдік жоспарлау мен тілді корпусық жоспарлау мәселелеріне байланысты ауқымды жұмыстар атқарылды және осы іс-шаралардың нәтижелері мемлекеттік тілдің қолданысының барлық салаларында айқын байқалуда. Дегенмен кейінгі бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» қазіргі тілдік ахуалға талдау жасау барысында төмендегі бірқатар проблемалық аспектілер нақты аталады. Бағдарламада реттелуі тиіс төмендегідей мәселелер көрсетілген:

1. «Қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгерудің әрқелкі деңгейі. Бұл проблемалық аспект мемлекеттік тілді оқытудың бірыңғай әдіснамасы мен стандарттарының, қазақ тілі оқытушылары мен мамандарының даярлық деңгейінің төмендігімен, қазақ тілін оқыту инфрақұрылымы қызметінің бірыңғай стандарттарының болмауымен, мемлекеттік тілді меңгеру процесін ынталандыру және мониторинг жасау жүйесінің болмауымен тікелей байланысты.

2. Елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілдің жеткіліксіз енгізілуі. Мемлекеттік тілді отбасы құндылығы ретінде таныту сияқты мәселелердің маңызды тізбесі проблемалы болып табылады.

3. Қазақстан қоғамындағы тіл мәдениетінің төмендеуі. Аталған аспект бойынша, терминология, антропонимика және ономастика салаларындағы проблемалар, сөйлеу мәдениеті мен жазу жүйесін жетілдіру қажеттілігі, сондай-ақ толерантты тілдік орта құру мәселесі лингвистикалық кеңістіктің одан әрі дамуы жолында айтарлықтай қиындықтар туындатып отыр.

4. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын сақтау және нығайту қажеттілігі» [1].

Аталған мәселелер қазақ тілінің лексикалық құрамындағы жаңа сөздердің жай-күйіне тығыз байланысты. Э. Хауген ұсынған талдаудың негізінде анықталатын бірнеше мәселелер бар, олар мыналар:

- сөзжасам моделінің барлық мүмкіндіктерін жан-жақты игеру;
- тілдің ішкі әлеуетін (қазақ тілі лексикалық байлығының семантикалық мүмкіндіктерін және кәсіби лексика, көнерген сөздер, диалектизмдер, ауызекі тіл үлгілерін) ғылыми-техникалық аталымдар мен жаңа атаулар жасау ісінде сарка пайдалану;
- тілдегі лексикалық жаңалықтарға байыпты ғылыми талдау жасау;
- қазақ тілінің бірізділігі мен тиісті стандарттарға келтірілуін қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асыру;
- шетел тілінен енетін терминдерді ұлт тілінің дыбыс жүйесіне бейімдеудің ұстанымдарын басшылыққа алу;
- қазақ тілінің лексикалық құрамын қазақыландыру арқылы жаңғыртуды одан әрі жалғастыру.
- аталған мәселелердің шешімін табуда ЖОББЖ-дағы білім беру үдерісінің үлесін белгілеу – ұлт тілінің сындарлы келешегін, ана тіліне деген саналы көзқарасқа қатысты ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету.

Баяндалғандардың негізінде ұдайы үдеріс сипатында болатын тіл саясатын жүзеге асыруда және оның болашаққа арналған бағыттарын белгілеуде интра-және экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен лексикалық құрамға енген және енін жатқан жаңа сөздердің кодификациялану және нормалану жай-күйіне талдау жасау, анықтау өзекті болып саналады. Осымен байланысты қалыптану, норма, нормаландыру түсініктерінің верификациясын белгілеу міндеті туындайды.

Норма, нормаландыру және қалыптану (кодификация) мәселелері бойынша нақты көзқарастар Прага лингвистикалық мектебінен (1926-1950 жылдар) бастау алатыны мәлім. Оның белгілі өкілдері – В. Матезиус (үйірмені ұйымдастырушы), Б. Трнка, Б. Ғавранек, Й. Вахек, Я. Мукаржовский, кейіннен В. Скаличка, Й.М. Коржинек, Н.С. Трубеңкой, Р.О. Якобсон, С.О. Карневский құрылымдық лингвистиканың негізін қалады. Ғалымдар тілді белгілі бір мақсаттарға қызмет ететін сөйлеу құралы, функционалдық жүйе деп анықтады. Диахронды сипаттармен үзбей және тығыз байланыстыра отырып, тілдің дамуына синхронды аспектіде жүйелі түрде қарау, бағалау мәселесі осы мектептің идеялары арқылы орнықтырылды. Осы тұжырым негізінде тіл және оның құрылымының қоршаған ортамен байланысының дәрежесі туралы алғашқы көзқарастар қалыптасты. Тілге функционалдық тұрғыдан қарау бағыттарын дамытқан Прага лингвистикалық мектебі өкілдерінің сөз мәдениеті, әдеби норма және кодификация мәселелеріне де тоқталып, оларды таратып айтуы заңды құбылыс деп есептейміз, өйткені бұл мәселелер тілдің қолданысына, тілдің синхронды динамикасына, функционалды жағынан таралуына тікелей байланысты екендігі белгілі. Олардың еңбектерінде

нормативтік лингвистикалық қызметтің іргетасы қаланды, оның басты міндеттерінің бірі – «әдеби тілде оның арнаулы функциясын талап ететін жақтарын дамыту» [24, 215]. Осы ретте анықтап өтетін жайт – «арнаулы функция» терминіне байланысты болып отыр. Тілдің функционалдық-құрылымдық тұжырымдамасын жасаған ғалымдар осы атау арқылы тілдің барлық мүмкіндіктерінің қолданысқа түсуінің қажеттілігі мен маңыздылығын, осы арқылы тілдік құрылымдардың екшеленетіндігін, сұрыпталатындығын, одан әрі тілдің жетілдірілетіндігін айтқан, ал бұл мәселелер тілдегі жаңа сөздердің табиғаты мен қалыптануын анықтауда аса маңызды. Осы себепті де Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері норма және қалыптану мәселелеріне де тоқталып, анықтама береді; олардың пікірінше, норма – тілде объективті түрде бар (орныққан) тұрақты тілдік құралдардың жиынтығы, ал «кодификация» – норманы табу және нормаға қол жеткізу [25].

Орыс тіл білімінде әдеби норма проблемаларына А.А. Брагина, Б.Н. Головин, К.С. Горбачевич, Т.Ф. Иванова, Е.С. Истрина, В.А. Ицкович, В.Г. Костомаров, Т.Б. Кочеткова және басқа да ғалымдардың еңбектері мен көзқарастары арналған. Зерттеушілердің анықтамалары біртектес және бірыңғай, олар негізінен С.И. Ожеговтың түйінін басшылыққа алады және біршама толықтырады. С. Ожегов өзінің белгілі еңбегінде былай деп жазған болатын: «Языковая норма есть исторически обусловленный факт, проявление исторических закономерностей развития языка и типических для каждой эпохи тенденций развития, поддержанное и одобряемое обществом в его языковой практике» [26, 7].

XX ғасырдың соңғы жағына дейін орыс әдеби тілінде тілдік норма басым категориялардың бірі болды. Оқу-ағарту және ғылыми әдебиет, бұқаралық коммуникация нұсқаларында норманың сақталуына мән берілді. Тілші ғалымдар мен өзге де мамандар норманың сақталуын әрдайым қадағалады. Бірақ басқа тілдердегі сияқты орыс әдеби тілінде де «елеулі динамикалық үдерістер жүріп жатыр» [27, 7].

Қазақ тіл білімінде әдеби нормаға қатысты алғашқы пікірлер қазақ тіл ғылымының іргетасын қалаған А. Байтұрсынұлының, Қ. Жұбановтың және І. Кеңесбаевтың, М. Балақаевтың, Р. Сыздықтың, Ш. Сарыбаевтың және олардың мектептері өкілдерінің зерттеулерінде көрініс тапқан. Қазақ тілтанымының іргетасын қалаушы ғалым А. Байтұрсынов айтқан «сөз дұрыстығы (әр сөздің дұрыс күйінде жұмсалуды), тіл тазалығы (ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау), тіл анықтығы (ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтіндей болуы)» – әдеби норманың басты межелері болып саналады [28, 350-351]. Осыдан кейін қазақ тіл білімінде 1966 жылдан бастап әдеби норма, сөз мәдениеті мәселесінің теориялық және практикалық жақтарынан қарастырылуы академик Р. Сыздықтың еңбектерімен тығыз байланысты.

Сөз мәдениетінің ең өзекті мәселесі тілдік норма деп есептей отырып, зерттеуші Р. Сыздық «тілдік норма дегеніміз – тілдің өзі ұсынған тәртіп» деп есептейді. Ғалымның көрсетуінше, тілдік норманың табиғаты екі түрлі: бірі –

тілдің өзінде қалыптасқан нормалар және ереже бойынша ұсынылатын нормалар. Норма тілдің барлық көрінісінде, яғни қолданысының барлық түрінде орын алатын тілдік, әлеуметтік категория [29, 45]. Ғалым сонымен қатар норма танымы тұрақтылық, дәстүрлілік, ортақтық деген белгілерді қамтитынын да атайды.

Мәселеге байланысты барлық дерлік көзқарастарды зерделей келе, төмендегі жинақталған анықтамалар ұсынылады:

Тілдік норма – қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қоғам мүшелерінің тіл қолданысында орныққан тіл дамуының тарихи және табиғи заңдылықтарының көрінісі, қоғам дамуының нақты бір кезеңінде тіл практикасы үшін қоғам қабылдаған және мойындаған, әлеуметтік бағалаудан өткен фактілердің көрінісі. Тілдік норма – қоғамның нақты бір даму кезеңінде тіл құралдарын қолдану және іріктеу қағидаларының, тіл құрылымына сәйкес келетін, дәстүрлі сипат алған, коммуникативтік актіде пайдаланылатын, барынша тұрақты тілдік бірліктер жиынтығы.

Тілдік норма – біршама тұрақты құбылыс, сондай-ақ норманың өзгермелі сипаты да бар. Сондықтан да тілдік норма қоғам дамуының әр кезеңіне қарай анықталуы керек. Мәселені жаңа сөздердің табиғатына қарай верификациялайтын болсақ (*верификация* – фактілермен нақты істің ақиқаттығын таразылау; ғылыми қағидалардың шынайылығын тексеру; олардың нақтылығын тәжірибе арқылы айқындау; болжамның шынайылығын эмпирикалық тұрғыдан бекіту дегенді білдіретін ұғым), өткен ғасырдың 20-сыншы жылдарындағы оқу-ағарту әдебиетіндегі жаңа қолданыстардың сол кезеңде ғана тілдік норма ретінде қызмет атқарғанын байқаймыз. Қ. Жұбанов еңбектерінде *тұрпатшыл, сөз тұрпаты жүйесі, дыбыс құлашының алыстығы, дыбыс құлашының жақындығы, теңдес қосар, сөздес қосар, тіркеулі қосар, қосалқы сөз, оқымдық, тексеріну салындысы* сияқты сөздерді кездестіреміз. Академик Р. Сыздық XX ғасырдың 10-20-сыншы жылдар арасында қазақ тілінің сөздік қазынасы жаңа қолданыстармен айтарлықтай толыққанын, бұған А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының (Қ. Кемеңгерұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Қожанов, А. Тынысбаев, К. Жәленов) жазба еңбектері үлес қосқандығын атайды; көпшілікке танымал *бастауыш, баяндауыш, шылау, үстеу* дегендерден басқа *түбіршік тіл, қышқылтуым, сүтуым, ұлпа, төбе ағасы, қышқыл көмір* тәріздестердің ұсынылғанын көрсетеді. Сонымен қатар терминологияның тарихында ғылыми құндылығын жоймаған еңбек – қазақ зиялылары түзіп, 1926 жылы жарыққа шығарған әскерлік іс атауларының [30] тізбесінде осы саланың терминқорын толықтыра алатын *шапқын* (атака), *шолғын* (дозор) *көздеме* (визировать), *далағай* (плац), *далаңқай* (площадка) сияқты бірқатар сөздер тіркелген.

Тарихи бір кезеңде пайда болған осындай жаңалықтар сол кезеңдегі тілді қолданушы жұртшылықтың аялық білімімен, оларға тез арада ұлт тілінің мүмкіндіктерімен білім беруге бағытталған іс-шаралармен байланысты болғаны белгілі. Көрсетілген лексемалардың бірқатарының қазіргі дейін нормалық сипатта болуы Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері көрсететініндей,

диахронды және синхронды дамудың арасындағы байланыстың болатындығын дәлелдейді, сонымен қатар бұл фактілер сыртқы факторлардың әсерінен норманың ауысуы, өзгеруі құбылыстарының да белгілерін таныта алады.

Тілдік норма және норма категорияларына қатысты нормалану (кей еңбектерден нормаландыру (нормирование) деген атауды да кездестіреміз) ұғымы да туындайды. Бірақ Прага мектебінің өкілдері де, орыс тілші-ғалымдары да *нормализация* ұғымы нені білдіретініне тоқталмаған. Академик Р. Сыздықтың пікірінше, «нормалану – тілдің өзі ұсынған тәртіпті (яғни норманы) тілдің өзінің қалыптастыруы» деп анықтаған [29, 7].

Бұл үдеріс сонымен қатар тілдік жоспарлауға және тілді корпустық жоспарлауға қатысты іс-шаралардың және атқарылған / атқарылып келе жатқан іс-шаралардың жалпы көрінісін де таныта алады.

Жаңа сөздердің нормалану үдерісі тілдік фактілердің қолданысқа, оның ішінде ауызша әдеби тіл мен күнделікті ауызша тіл қолданысына қай кезде, қандай дәрежеде түсуіне де байланысты. Бұл ретте «дұрыс / дұрыс емес, орынды / орынсыз» ұстанымы бойынша интуициямен қабылдау, сондай-ақ сөздіктерге тіркелгендіктен норма деп тану соншалықты дәйекті болып шықпайды.

Демек, *нормалану* – әдеби тілде пайда болған жаңа тілдік құралдың (ауызекі сөйлеу тілі, жергілікті тіл ерекшеліктері, кәсіби лексика элементтерінің әдеби тілге қарай өтуі, жаңа сөздердің пайда болуы, сөз семантикасындағы өзгерістер, синтаксистік құрылымдағы өзгерістер) жазба тілде, ресми-іскери тілде, мақсатты стильдерде мақсатты-стильдік жағынан жіктеле отырып, жоғары жиілікпен жұмсалуды нәтижесінде әдеби тілде қалыптасуы, осы қалыптасудың лексикографиялық сөздіктерге тіркелуі арқылы ресімделуі мен дәлелденуі жүзеге асырылатын үдерістер.

Тілдік әдеби норма жаңа сөздерді екі бағытта реттейді:

- диспозитивті норма; бұл арқылы жаңа сөздердің бірнеше варианттарының бірі таңдалып, қайсысының мақсатты стильдерге сәйкес келетіндігіне қарай коммуникативтік ортаға іріктеп пайдалану үдерістері жүреді;

- императивті норма, бұл – қатаң норма түрі; тілдік жүйеге жасалған зерттеулер арқылы барынша анықталған, қолданылу жиілігі арқылы норма екендігі дәлелденген тілдік бірліктер бекітіледі.

Норма және нормалану үдерістеріне байланысты узус ұғымы да аталады.

Узус – тілді пайдаланушылар мойындап қабылдаған тілдік бірліктер. Бұл термин арқылы сонымен қатар әдеби тілдің нормасынан тыс, тілдің лексикалық және грамматикалық құрылымының табиғи заңдылықтарынан біршама ауытқыған, алайда тілді пайдаланушылардың коммуникативтік актісінде жоғары жиілікпен қолданылатын, нормативті сөздіктерге енгізілген тілдік бірліктер де аталады.

Норма және нормалану үдерістері қалыптану (кодификация) ұғымының мазмұнын анықтауды қажет етеді.

Жалпы норма және нормалану үдерістерінде екі конструктивті белгі ажыратылады; оның бірі – жаңа сөздердің қолданылу деңгейі (бұған әсер ететін факторлар туралы жоғарыда баяндалды) және жаңа сөздердің қалыптануы (кодификациясы).

Жаңа сөздердің қолданылу деңгейі мәселесін аз-кем толықтыра түссек, норма дегеннің өзі ақиқаттылық, яғни тыңдайтын / оқитын адам дұрыс және орынды (немесе кате) деп бағалаған тілдік бірліктер болып шығады, алайда бұл дағды адамдардың зияткерлік қабілетіне, білім дәрежесіне, ой-өріс деңгейіне, коммуникативтік ортасына, жас мөлшеріне қарай әр адамда әр басқа болады. Сондықтан жаппай қолданысқа түсіп, көпшілікке танымал болып, қоғам мүшелерінің басым деңгейі қолдаған және мойындаған тілдік бірліктерді заң күшіне енгізу, тіркеу қажет болады. Бұл ғылымда «кодификация» термині арқылы анықталады.

Кодификация – заң ғылымының термині, ол «құқықтық нақты бір саланың құқықтық нормаларының бұрын реттелмеген түрлерін айтарлықтай дәрежеде қайта өңдеу, өзгерту және жаңғырту арқылы жүзеге асырылатын, үйлесімді және өзара байланысқа келтіретін жүйелеу тәсілі. Кодификацияланатын актілер қатарына заңдар, кодекстер, жарғылар, заңнамалық негіздер, ережелер және т.б. енеді» деген мағынамен анықталады [31].

Әлемдік лингвистикаға ортақ термин болып табылатын «кодификация» сөзі үшін *қалыптану* / *қалыптандыру* деген терминдерді қазақ тілтанымында академик Р.Сыздық қолданып, ұсынды. Ол былай деп көрсетеді: «...кодификация терминін бірде «заңдастыру», тағы бірде «қалыпқа түсіру», «қалыптандыру», тіпті одан да ықшамдап «қалыптану» деп жүрміз. ... қалың жұртшылыққа түсінікті болу үшін ыңғайына қарай қазақшалап отырудың да жөні бар. Қайткенде де қазақша термин ұсыну қажет болса «қалыптандыру» сөзі мағына жағынан дәлірек келер еді» [29, 7].

Зерттеуші Н. Уәлиевтің пайымдауынша, «тілдік норманы кодификациялаудың негізі тілдің қазіргі күйін саралау, норманы тілдің тарихи даму заңдылығы тұрғысынан қараумен байланысты [32, 106].

Орыс тіл білімінде К.С. Горбачевич, Л.К. Граудина, В.А. Иңкович, Л.П. Катлинская бұл ұғымды «тілдік норманың тіркелу үдерісі, яғни тілдік құралдарды пайдаланудың анықталған белгілі бір ережелерін сөздіктер мен анықтамаларға енгізу» деген анықтамамен қорытындылайды [33; 34; 35].

В.А. Иңкович былай деп жазады: «кодификация – тілде орныққан норманың әлеуметтік тұрғыдан түсіндірілуі, сөйтіп, тиісті оқулықтарда көрініс табуы» [35, 13].

Әдеби тілдің нормалары, сөз мәдениеті мәселелеріне арналған басқа зерттеулерде нақты түсініктемелер ұшыраспайды.

Әлеуметтік лингвистика саласы бойынша «қалыптанған тіл – әдеби тіл, стандарт тіл ұғымдарымен бірдей; қағидалары мен нормасы әртүрлі сөздіктерде (түсіндірме, орфографиялық, орфоэпиялық және т.б.), грамматикада, анықтамалықтарда, тіл мәдениеті бойынша еңбектерде бекітілген тіл» деген түсініктемемен берілген [15, 144].

Осы анықтаманың бірнеше маңызды жақтары бар; жаңа сөздердің қалыптануына және қалыптандырылуына қатысты «бұрын реттелмеген», «үйлесімді және өзара байланысқа келтіретін жүйелеу тәсілі» деген тұжырымдары аса маңызды.

Тіл ғылымы саласындағы қалыптану ұғымын, әрине, ең алдымен, жаңа сөздердің сөздіктерге енгізілуі деген анықтамамен шектеу қолайлырақ және оңтайлы. Бірақ бұл ретте қазіргі әдеби тілдің лексикалық құрамын сөздіктерге тіркеуде бірізділік сақталмаған; оның бірнеше себептері байқалады: біріншіден, жекелеген салалар бойынша жеке адамдардың авторлығымен түзілген сөздіктер бар; жеке тұлға мүмкіндіктерімен, оның зияткерлік қабілетімен, жаңа сөздерді енгізуге сан алуан көзқарастарды ескеруіне байланысты жасалғандықтан, оларда субъективті факторлар байқалады. Екіншіден, лексикография саласы тіл практикасынан біршама кешендеу қалатындығы ғылымда дәлелденген, сондықтан лексикографиялық еңбектердің ең соңғы басылымдарының өзі жаңа атауларды тіркеп, қамтып үлгермейді.

Академик Р. Сыздық қалыптанудың жаңа сөздерді тілдің өзінің қалыптастыруы деп түсіндіреді. Шындығында да, қайсыбір тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, сондай-ақ оқу-ағарту атауларын тілдің өзі орнықтырып, нормаға айналдырады; бұл үдеріс былайша сипатталады: а) жаңа сөз жеке адам тарапынан ұсынылуы мүмкін немесе ол мерзімді басылымдарда, масс-медиа тілінде алғаш рет пайда болады; ә) бастапқыда тосын көрінгенімен, өзге тілдегі вариантымен жарыспалы түрде ауызекі сөйлеу тілінде, ауызша әдеби тілде қолданыла бастайды; б) қолданылу жиілігі арта түседі; в) жазба нұсқаларға, оның ішінде көркем әдебиет тіліне енгізіледі; г) бірқатар варианттар стильдік реңктерге ие болады; д) нормативті сөздіктерде көрініс табады. Бұған 1960 жылдары белгілі аудармашы І. Жарылғапов ұсынған *аялдама, балмұздақ, қолшатыр, оқырман, көрермен* сөздерінің қалыптасуы дәлел бола алады. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне енгізілген *бейнежазба, гүлорам, гүлдесте, гарыш айлақ, емдәм, жануартану, зайырлы, бағдаршам, баянат, зияткер, зейнеткер, ұлан, сарбаз, мәтін, сынып, зейнетақы, оңтайландыру, жан сақтау (мед.), әкімшілік, жеделхат, галамтор, жаһандану, өркениет, салымшы, әуежай, мұражай, тосынсый* сияқты тілдік бірліктер – қалыптану үдерістерінің жүзеге асырылғандығының белгісі.

Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздерді қалыптандыру мәселесі – қазақ тілінің функционалдық қызметінің аясын кеңейтуге, қазақ тілінің өміршендігін сақтап қалуға, тілді жетілдіру мен дамытуға қатысты саяси және әлеуметтік-мәдени мәселе. Бұл проблема қоғам мүшелерінің тікелей араласуымен жүзеге асырылуда. Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы – қазақ әдеби тілі мақсатты стильдерінің дамуы мен саралану динамикасына да әсер етеді.

Диспозитивті және императивті норма түрлеріне байланысты жаңа сөздердің қалыптануы және қалыптандырылуының анықтамасы Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаятқа қарай біздің тарапымыздан жаңа мазмұнмен толықтырылады.

Жаңа сөздердің қалыптануы / қалыптандырылуы – үдерістер сатылары және олардың нәтижелері; ресми талқыға түсу, ұсыныстар беру сатыларынан өткізу арқылы оларды тілге енгізу мен пайдаланудың заң түрінде бекітілуі, заңдастырылуы; осының негізінде жаңа сөздерді нормативті сөздіктер мен анықтамалықтардың, терминдер мен терминдік сөз тіркестерінің тізімінен тұратын әртүрлі типтегі лексикографиялық сөздіктерге енгізілуі; тіл динамикасына қарай диспозитивті және императивті нормалар сипаттарының сақталуы.

Тіл құрылысы, тілдік жоспарлау ұғымдарымен тығыз байланыстағы кодификациялану түсінігі, сонымен үш бағытты қамтиды: 1) тіл саясаты негізінде жаңа сөздерді заңдастыруға арналған заңнамалық құжаттардағы нұсқаулар мен міндеттер; 2) заңнамалық құжаттардағы міндеттер мен нұсқауларды жүзеге асыру жолындағы іс-шаралар; 3) осы арқылы жаңа сөздерді тіл қолданысына, әдеби тіл айналымына енгізуге бағытталған іс-әрекеттер.

Жаңа сөздердің сатылардан өту үдерістерін төмендегі тілдік фактілер нақтылай алады.

- 1970 жылдардан бастап (алдыңғы кезеңдерде де) 1998 жылға дейін *адрес* термині – қазақ әдеби тіліндегі императивті норма;

- Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің 1976 жылғы басылымында *адрес*;

- 1998 жылы Мемтерминком бекіткен тізбеде екі нұсқада *адрес / мекенжай* (мұнда мекенжай сөзі бөлек жазылған);

- 2004 жылы Мемтерминком тарапынан екі нұсқада – *адрес / мекенжай* (бірге жазылған) түрінде бекітілген;

- бұл сөзге қатысты пікір айтылған: «Адрес сөзіне балама ретінде «мекенжай» деген сөзді алғанымыз мәлім. Алайда бұл сөз қосымша «адресант», «адресат» секілді ұғымдарды қамтуына байланысты бұрынғы қалпында қалдырғанымыз жөн» [36, 371].

- Соңғы онжылдықта «мекенжай» сөзі жазба нұсқаларда жоғары жиілікпен қолданылады.

Өткен ғасырдың 85-89-жылдар арасында жаңадан пайда болған ұғым үшін *презентация* сөзі қолданылған.

1992 жылғы жазба нұсқаларда – қазақыландыру мүддесі үшін этнографиялық мәндегі *тұсаукесер рәсім* тіркес түрінде алынған; кез келген ұғымды беретін сөзді ықшам нысанда, бір лексема таңбасымен беру үшін 2002 жылғы қолданыстарда алдыңғы тіркес қысқартылып, тек *тұсаукесер* сөзі игерілген; *презентация* және *тұсаукесер* сөздерінің арасында ядролық-семантикалық байланыс жоқ, біршамалас перифериялық мазмұн ұштасады, сондықтан 2014 жылдан бастап *презентация* сөзінің ұғымдық аппаратына сәйкес келетін *таныстырылым* сөзі қолданысқа түсті. Бұл сөз алдыңғы баламаларды (*презентация / тұсау кесер рәсім / тұсаукесер*) тіл қолданысынан мүлде ығыстырған (*Жуырда Елордамыздағы «Қазмедиа орталығының» кинозалында «Құнанбай» кинофильмінің таныстырылымы өтті* (АТ, 2015, 21 мамыр)).

1991 жылдан бергі жазба нұсқалардың лексикографиялық еңбектердің материалдарына талдау жасау барысында осы кезеңде пайда болған ұғым-түсініктердің жаңа атауларының әдеби тілге енуін төмендегі тілдік фактілер арқылы дәлелдей түсуге болады (Кесте 1):

Кесте 1 – Жаңа сөздердің қалыптану vs. нормалану үдерісінің көрінісі

1991 жылдардан бастап қоғам өміріне енген жаңа ұғым-түсініктердің алғашқы атаулары және бұрын шеттілдік баламасы қолданылған ұғым-түсініктердің қазақыландырылған нұсқалары	Жаңадан пайда болған ұғым-түсініктердің нормаға айнала бастаған нұсқасы
тілдескіш / тілдесулік / тілашар	тілашар
презентация / тұсаукесер рәсім / тұсаукесер / таныстырылым	таныстырылым
букет / гүлөрнек / гүлдесте / гүлшоқ	гүлшоқ
глобализация / ғаламдану / ғаламдастыру / жаһандану	жаһандану
кептелме / тығын / кептелек / іркіліс / бөгеліс / кептеліс	кептеліс
«мышка» / жүгіртпе / жүгіртпек	тінтуір
қорғаушы / кежеуіл / оққағар	оққағар (телохранитель)
белок / нәруыз / ақуыз	ақуыз
нигилизм / көзсоқырлық	көзқамандық
рецензия / пікірбағам, пікірсарап / пікірхат / пікір	пікір
спонсор / демеурін / демеуші	демеуші
семья / жанұя / әулет / үйелмен / отбасы	отбасы (семья мағынасында), жанұя (стильдік реңкте), әулет (династия мағынасында)
профиль / бейін (көппрофильді)	бейін (көпбейінді)
блокадалау / бұғаттау	бұғаттау (заблокировать)

Сонымен белгілі бір ұғым атаулары үшін алынған жаңа сөздердің нормалану сатылары мыналарды бастан өткереді: а) жарыспа нұсқалардың бірінің семантикалық айқындылығы байқала бастайды (мысалы, *гүлшоқ*); ә) және оның қолданыс жиілігі артады; б) тілді пайдаланушылар бір ұғымды мойындай бастайды (мысалы, *жаһандану*); в) белгілі бір ұғымның атаулары стандартқа айнала бастайды, екіншісі стильдік реңктерге ие болады (*отбасы* – *жанұя*). Осындай нормалану сатыларынан өткен сөздердің бірқатары нормативті сөздікке енгізіледі.

Қазақ тіліндегі жаңа қолданыстарға арналған арнайы ғылыми зерттеуде жаңа сөздердің нормалану үдерістері бір-бірімен өзара байланыстағы үш ұстанымға негізделетіні тұжырымдалған; бұл ұстанымдар мыналар: 1) өзектілік

немесе қажеттілік ұстанымы; 2) сәйкестік ұстанымы; 3) эстетикалық ұстаным [37].

Зерттеуші былайша түйіндер жасаған: өзектілік / қажеттілік ұстанымы сыртқы лингвистикалық факторларға байланысты: қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген тұста және одан сәл алдыңғы кезеңдерде қазақ тілінің өміршеңдігін сақтап қалу мүддесінде басталған қарқынды шаралардың нәтижесінде, қоғам мүшелерінің белсенді араласуы мен қолдауы нәтижесінде идеологемалар – саяси-қоғамдық терминдердің орыс тілінде активті қолданылып келген баламалары дереу қазақыландырылды, олар тіл қолданысының барлық тармақтарында нормаланды. Бұл қатарда 1990 жылдардың бас кезінде семантикалық айқын сыйымдылығымен, ұғымдық әлеуетімен қолданысқа қайта оралған және сөзжасам тәсілдері арқылы жаңадан түзілген *егеменділік, жарғы, жарлық, өркениет, бағдарлама, ақпарат, құжат* сияқты сөздерді атауға болады.

Сәйкестік ұстанымы бойынша жаңа сөз өзі атайтын заттың, құбылыстың, ұғымның басты сипаттарына семантикалық құрылымы жағынан сәйкес келсе, сөзжасам тәсілдеріне және стильдік тармақтардың стильдік ерекшеліктеріне сәйкес келсе, нормалану дәрежесіне көтеріле алады. Мысалы, *отбасы / жанұя / әулет* сөздері бір ұғым үшін ұсынылған варианттар болғанымен, олардың стильдік айырым-мүмкіндіктері бар.

Эстетикалық ұстаным бойынша пайда болған жаңа сөз қабылдаушыда жағымсыз ассоциация тудырмауы керек. Бұл ретте автор *аларман (покупатель), ішірткі (рецепт)* типтес сөздердің нормалануына кедергі болатын жайттарды нақты көрсетіп, дәлелдеген [37, 10-13].

Жаңа сөздердің нормалану үдерісіне қатысты анықталатын жайттардың тағы бірі – жаңа сөздердің коммуникативтік-прагматикалық қызметі немесе жаңа сөздердің тіл қолданысына түсуінің деңгейі.

Бұл жайт коммуникативтік орта ұғымымен тығыз байланысты. Коммуникативтік орта әлеуметтік лингвистика саласында адамдардың аумақтық шоғырлануына қарай тұрақты және ұдайы жиілікпен қолданылатын тілдік қарым-қатынасты сипаттайтыны белгілі. Бұл аталымды тар мағынасында да қарастыруға болады. Қазақстандағы көптілділік жағдайына қарай әртүрлі тілдік ұжымда қазақ тілінің қолданылу деңгейі біркелкі емес. Бұл заңанамалық құжатта – Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында проблемалық ахуал ретінде аталып өтіледі. Шын мәнінде, еңбек қарым-қатынастарына қарай топтастырылатын әртүрлі ұжымдарда, әсіресе қоғам өмірінің аса маңызды салалары – білім беруде, ғылымда, бұқаралық коммуникацияда, әлеуметтік-саяси салаларда қазақ тілінің пайдаланылу дәрежесі мен қарқындылығы тең қалыпта емес.

1.2 Қазақ неологиясы және неографиясы: қазақ тілтанымының парадигмаларына қатысы

Зерттеу нысаны үшін 2000-ға жуық тілдік фактілер жинақталды. Зерттеу нысаны үшін төл тілдің әлеуеті арқылы жасалған жаңа сөздер іріктелді. Осылайша іріктеудің объективті себептері мынада: қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы жаңа сөздердің басым денін шеттілдік терминдердің мағыналық құрылымын сөзбе-сөз (калька және жартылай калька) аудару негізінде жасалған неологизмдер құрайды. Басқа тілдегі ұғымдар мен түсініктердің құрылымдық-мағыналық дәлме-дәл көшірмесі болғандықтан, калька арқылы жасалған неологизмдердің қалыптануы мен нормалануы тіл практикасында шапшаң жүзеге асады. Ал төл тілдің әлеуеті негізінде жасалған (байырғы сөздер семантикасының кенеюі немесе тарылуы, табиғи сөзжасам тәсілдерінің белсенді бола түсуі, кейде тінті ойдан шығарылған) жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да негіздеуді, талдауды қажет етеді. Осыған байланысты а) жаңа сөздер категориясының тілдің басқа парадигмаларына қатысы; ә) жаңа сөздер табиғатының зерттелуі; б) жаңа сөздер туралы жалпы түсінік және неология ғылымының бастаулары; в) оның ішінде лексикография саласындағы көрінісі; г) жалпы орта білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың жаңғыртылған әдіс-тәсілдерін енгізу мақсаттарында жаңа сөздерді меңгертудің бағыттарын нақтылау маңызды.

Әдеби тілдің лексикасының даму динамикасында болмай қоймайтын, сыртқы факторлардың әсерінен туындап отыратын лексикалық жаңалықтар және кейінгі кезеңдерде сөздік құрамға жаңа сөздердің екпінді түрде енуі, олардың қоғам мүшелерінің коммуникативтік актісіндегі рөлі мен әсері лингвистика саласының объектісі ретінде және жаңа бір ғылым саласының – неология тармағының қалыптаса бастағандығын дәйектейді.

Қазақ тілтанымында неология және неография салалары жеке ғылыми тармақ ретінде өткен ғасырдың 90-жылдарына қарай қалыптаса бастады деуге толық негіз бар. Бұған дәлел – 1966-1985 жылдар арасында қазақ сөз мәдениеті проблемасына айрықша назар аударылған іс-шараларда жаңа атаулардың қалыптануы мен нормалануына қатысты ғылыми-практикалық пікірлердің айтылуы [37; 38]; 1985-1992 жылдары жаңа қолданыстардың алғашқы анықтамалық-түсіндірме сөздігінің түзілуі және осы кезеңде жаңа қолданыстардың нормалануына арналған алғашқы теориялық еңбектің жариялануы [39; 40].

Белгілі бір ғылыми тармақ деп тану және оны дәлелдеуде ең алдымен осы ғылыми саланың негізгі нысанын, бағыттарын, мақсатын, зерттеу үшін алынатын әдіс-тәсілдерін, бір сөзбен айтқанда, негізгі категорияларын белгілеп алу қажет болады. Бұл проблема лексикалық жаңалықтардың басқа парадигмаларға қатысы және қазақ тілтанымында зерттелуіне байланысты.

Қазақ неологиясының парадигмалық қарым-қатынастары мен зерттелуі сабақтаса дамып келеді.

Қазақ тілтанымының теориялық мәселелерінің қалыптасуы көрнекті ғалымдар – А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбановтың есімдерімен қатар аталатындығы мәлім. А. Байтұрсынұлы және Қ. Жұбанов өткен ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ қазақ тіл білімінің негізгі бағыттарын бағдарлама, тезистер түрінде анықтап берген еді. Объективті түрде қарағанда, қазақ тіліндегі жаңа сөздерді тану мен талдау, ажырату мен сұрыптау қазақ тіл танымының хронологиялық басталған кезеңдеріне – өткен ғасырдың 20-жылдарына тікелей қатысты.

А. Байтұрсынұлы ұлттық философияның бір тармағы тілді сақтап қалу мүддесінде тіл мен әдебиеттің ұғымдық категорияларының қазақша баламаларының жүйеленуі мен сұрыпталуының негізін қалады. Қазақ тілтанымының көрнекті өкілдері академиктер Р. Сыздық, Ә. Қайдар және ғалым Р. Нұрғалиев А. Байтұрсынұлының «термин жасаудағы «қазақшылығының» ұлттық негіздері бар екендігін атап өтеді [41, 15; 28, 13; 42, 8].

Қазақ лингвистикасының теориялық негіздерінің іргетасын қалаушы ғалым Қ. Жұбанов жаңа сөздерді қазақ терминологиясының қалыптасуымен біртұтастықта қараған. Шын мәнінде, жаңадан пайда болған белгілі бір сөздің, ұғым мен түсініктің ішкі мазмұнының сыртқы формамен сәйкес келуі туралы алғашқы пікірлерді Қ. Жұбанов айтқан болатын. Бұл ретте көрнекті ғалымның *атом, психология, геометрия* сияқты халықаралық терминдердің ішкі семантикасын анықтай отырып, оларға берілген кейбір қазақша баламалардың сәйкес келмейтіндігін (мысалы, *психология – жан жүйесі, геометрия – пішіндеме*) ғылыми тұрғыдан дәлелдегенін жаңа сөздер туралы ғылымның – неологияның алғашқы тұжырымдары деп бағалауға болады. Академик І. Кеңесбаевтың пікірінше, ғалым Қ. Жұбанов қазақ терминологиясы мен емлесін үйлестірудің көшбасында болды [43, 29].

А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбановтың теориялық-практикалық ұсыныстары мен тұжырымдары сол кезеңде жаңа сөздерді жүйелеу бағытының біршама қолға алына бастағандығын көрсетеді.

XX ғасырдың I жартысында қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің зерттелуі терминтану / терминтаным мәселелеріне тікелей байланысты болды. Бұл жайт сол кезеңде туындаған объективті факторларға – білім беру жүйесіне дендеп енгізіле бастаған халықаралық терминдерді жеделдете меңгерту үшін мағынасын анықтау, жұртшылықты сауаттандыру факторларына байланысты еді. Тағы да бір аса маңызды фактор байқалған еді: тілдің тазалығын, өміршеңдігін сақтау жиырмасыншы ғасырдағы қазақ зиялыларының негізгі ұлттық ұстанымына айналып, ғылыми сипат алған болатын. Сол тұстың зиялы қауымы ұлттық-мәдени мазмұндағы қазақтың сөз байлығын ғылым мен техниканың тіліне айналдыруға ұмтылыс жасады. Қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі, сөздік қорға енетін жаңа атаулардың ұлттық сипаты туралы Х. Досмұхамедұлы былай деп жазады: «Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады» [44, 168-174].

«Бұл кезең өзінің күрделілігімен қазақ тарихының, оның ішінде мәдениет дамуы тарихының ішінде сипатталады. Осы күрделі кезеңде өмір сүргендігіне, саяси идеологиялар соққысына қарамастан, ұлт мүддесі мақсатында тілдік мәселелердің шешілуі – осы кезеңге тән басты ерекшелік. Ал бұл ерекшелік сол тұстағы ғылыми ойлар мен шешімдердің құндылығын арттыра түсетін ерекшелік бола алатындығы дау тудырмайды» [45].

Өткен ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ тілінің төл әлеуеті арқылы жасалған жаңа сөздердің бір легін төмендегі кестеден көруге болады (Кесте 2):

Кесте 2 – XX ғасырдың I жартысында Алаш зиялылары ұсынған жаңа сөздер мен қазақша терминдік атаулар

Алаш зиялыларының аты-жөні	Алаш зиялылары ұсынған терминдер
А. Байтұрсынұлы	<i>демеулік, жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қыстырма сөз, қаратпа сөз, мезгіл нысықтауыш, мекен нысықтауыш, сын нысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, нысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік және т.б.</i>
Қ. Жұбанов	<i>Ғылым тезі, тексеріну, сөз тұрпаты, дауыс шымылдығы, жаңғырықтырушы (резонатор), тіл бірлігі, таптасқан сөздер, таптаспаған сөздер, жалғауыш, матау жалғауыш (союз), жетек жалғауыш (послелог), сөз қиыны, сөздің бұрма күйі, жетек сөз, жетекші сөз, қиюлы сөз, қосар сөз, сөздес қосар, матаулы қосар, тіркеулі қосар, қосалқы сөз және т.б.</i>
Ж. Күдерин («Өсімдіктану» Мәскеу, 1927 ж.)	<i>сабақша, тұқымша, қайықша, қаптауыш, аналық және т.б.</i>
С. Қожанұлы («Есептану», Ташкент, 1924 ж.)	<i>дәреже (разряд), түбір (корень), сыр (свойство), дүркін (период) және т.б.</i>
Е. Омарұлы («Пішіндеме» (геометрия), Қызылорда, 1928 ж.)	<i>пішіндеме, тікше, қиықша, өлшеуіш, өлшемдік түйін (теорема), пішін (фигура), қия (диагональ), өріс (радиус), өре (диаметр), саты (таблица) және т.б.</i>

2-кестенің жалғасы

М. Жұмабаев («Педагогика», Ташкент, 1923 ж.)	<i>әдет, ес, жан, хиял, қайрат, құлық және т.б.</i>
Қ. Кемеңгерұлы («Қазақша-орысша тілмаш», 1925 ж.)	<i>Кәрден (фарфор), ара (отношение), күркіреуік (гермучий), шайыр (канифоль), көң (перегоной), қолбы (күзешік) (колба), кіреуке (лазурь), қақ (околина), құйма (сплав), қышқыл (кислота), сақар (поташ), таспа (лента), қалақша (пластинка), әкімдік (административность, власть), әкім (администратор, правитель), шендестіру (антитеза), зиялы (интеллигент), отаршыл (колонизатор), отаршылдық (колонизаторство), әдістеме (методика), әуез өнері (музыка), отаншыл (патриот), отаншылдық (патриотизм), үлдірік (пленка), дастан (поэма), үдеу (прогресс), шығарғыштық (творчество), дәріс (лекция, урок), құрама (федерация), делегей (центробежный), төре (чиновник), төрешілдік (чиновничество), үнемші (экономист), үнем (экономия), үнемшілдік (экономность), үнемшіл (экономный), сарапшы (эксперт), сарап (экспертиза) және т.б.</i>
Х. Досмұхамедұлы: «Сөздің көбі жат жануарлар турасында болғандықтан, ғылым атауларын дұрыстап тану жөнінде көп бейнет шегілді. Ғылым атауларын қолымыздан келгенінше түсінікті қылуға тырыстық» [44].	<i>Ет / борша, қан жүйесі / қан таратушы жүйе, ақ түйіршік / ақ түйір, қызыл түйіршік / қызыл түйір, даншық / түйіртпекшік, кіндік түйіршік / кіндік бүйінішік, ауаның қысуы / ауа қысуы, ұлпа / өрім және т.б.</i>

Тарихи кезеңдерде жана сөздердің зерттелуіне қатысты ғылыми тұжырымдарды қазақ әдеби тілінің тарихына арналған еңбектерден де кездестіреміз. XVIII-XIX ғасырлардағы әдеби тілдің тарихы, алғашқы қазақ баспасөзінің тілі диахронды түрде зерделенген еңбектерде де жекелеген жаңа сөздер туралы тілдік фактілер келтіріледі [46; 47].

Өткен ғасырдың 20-30 жылдардағы қазақ әдебиетінде пайда болған неологизмдерге арналған ғалым Ш. Бәйтікованың зерттеуі бар [48].

Қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің пайда болуы, жасалуы тіл дамуының кезеңдерінде әртүрлі. Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында жасалған жаңа

сөздердің пайда болуы тіл тазалығы, ағартушылық бағыт негізінде болды. Одан кейінгі кезеңдерде орыс тілінің қарым-қатынас құралы ретінде басым бағытты иеленуіне байланысты қазақ тіліндегі жаңа сөздердің тілге енуі бәсеңдеді. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мерзімді басылымдардың тілі бойынша зерттеуде орыс тілі сөздерінің сөздік құрамға енуі прогрессивті бағыт ретінде баса айтылған, жаңа сөздер мәселесі қозғалмаған [49].

1960 жылдары қазақтың зиялы қауымы күнделікті тұрмысқа дендеп енген тұрмыстық заттар мен бұйымдардың, ұғым-түсініктердің қазақша баламасын қалыптастыра бастады. Мысалы, кейбір мәліметтерге қарағанда 1960 жылдары белгілі аудармашы І. Жарылғапов 200-ден аса жаңа сөздер жасаған, бірақ олар ешқандай нұсқада тіркелмеген. Олардың ішінде *аялдама*, *балмұздақ*, *оқырман*, *көрермен*, *қолшатыр* сияқты бірер сөздер ғана ғылыми талдаудан өтіп, 1970 жылдардың орта тұстарына қарай әдеби нормаға айналған [50, 198].

Осы тұста, яғни 1960 жылдардың соңына қарай қазақ тіл ғылымында бірқатар қолданбалы проблемаларға, сөз мәдениеті, қазақ терминологиясы, аударма, емле мәселелері сияқты маңызды тармақтарға көңіл аударыла бастады. Оларға қатысты айтылған ғылыми пікірлердің қай қайсысында да жаңа сөздер және олардың нормалануы туралы айтылды.

Терминологияны қазақыландыру туралы ғұлама жазушы М. Әуезовтің пікірі бар: «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» деп, ғылыми терминдердің тіл жүйесіндегі маңыздылығын және термин жасамдағы қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерінің мол екендігін атап көрсетеді. «Ал қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мәселесі әлі күнге дейін нақты шешімі табылмаған мәселе» [51].

Қазақ әдеби тілінің неологизмдермен баюы мен толығу мәселесі қазақ ғалымы М.Б. Балақаевтың еңбектерінде де қарастырылды. Академик М. Балақаев қазақ тілінің негізгі толығу жолдарын көрсетеді (араб, парсы және орыс тілдерінен сөздердің кіруі) [52, 371], «неологизм» ұғымына анықтама береді, алайда шынайы неологизмдер мен окказионализмдерді ажыратпайды, қазақ тілінің сөздік қорының толығуындағы белсенді аффикстерге жан-жақты сипаттама береді.

С. Исаев былай деп жазады: «Әдеби тілдің нормалары да тарихи категория, ол қоғамдық өмірге, оның өзгерісіне сай өзгеріп, дамып отырады. Бір кезеңдегі кейбір нормалар кейінгі кезеңде норма болмай калуы, керісінше, жаңа нормалар қалыптасуы мүмкін. Оны біз қазіргі қазақ әдеби тілінің фонетикалық жүйесінен, грамматикалық құрылысынан, лексикалық құрамынан айқын көреміз» [53, 15].

Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы жаңа сөздерді ғылыми-теориялық зерделеудің көш басынан академик Рәбиға Сыздық көрінді. Шын мәнінде, ғалымды қазақ неологиясы мен неографиясының негізін қалаушылардың бірі деп бағалаймыз. Ол 1966 жылы сөздік қорға енген жаңа сөздерді қажеттілігі, семантикалық сәйкестілігі, жасалу жолдары жағынан пайымдап, жаңа сөздердің орнығуы мен нормалануындағы жазба нұсқалардың, әсіресе баспасөз тілінің

доминант сала екендігін анықтап берді және зерттеуші кейінгі зерттеулерінде қазақ тіліндегі лексикалық жаңа бірліктердің теориялық негіздері мен ұстанымдарын, олардың түрлері мен жасалу көздерін, нормалануын талдайды [29, 35; 54].

Тілдегі жаңалықтарға байланысты зерттеулерді мұқият талдап шығу нәтижесінде анық байқалған жайт – лексикалық құрамда пайда болатын жаңа атаулар үшін қолданылатын терминдердің сан түрлі екендігі. Орыс тіл білімінде көптеген зерттеулер бар, соған қарамастан тілдің лексикалық құрамындағы жаңа атаулардың толық қамтитын нақты терминдік анықтама – атаулары әртүрлі. Әрине, бір қарағанда «жаңа сөз / неологизм» деген ұғымның мағынасы барынша айқын сияқты болып көрінеді. Айталық «жаңа сөз», «окказионалды сөз», «потенциалды сөз» дегендердің мағынасын анық түсінеміз. Дегенмен зерттеулерде «новые явления»; «лексический неологизм»; «семантический неологизмы» (А.А. Брагина), «новое значение», «новые слова» (Н.З. Котелова, Ю.С. Сорокин) деген параллельдер қолданылады. 1735 жылдан бері жаңа сөздер мәселесімен айналысып келе жатқан француз тіл білімінде «неологизм, инновация, ксенизм, гапакс, эфемеризм, аэлогизм, неолексизм» типтес саралап қолданушылық қалыптасқан.

Қазақ тіл білімінде академик Р. Сыздық *тілдегі жаңалықтар / тілдік жаңалықтар / лингвистикалық жаңа бірліктер / тілдегі жаңа лексикалық бірліктер / жаңа сөздер* дегендерді синонимдес мағынада қолданған [50]. Ғалымның пікірінше, бұл атаулардың барлығы да – белгілі кезеңдерде пайда болған (қолданысқа түскен) жаңа зат, жаңа ұғым атаулары, жаңа сөз тіркестері, мағынасы жаңарған бұрынғы сөздер, тілде жиі және еркін қолданыла бастаған бөгде тілдік сөздер.

Академик Р. Сыздық тұжырымдарының жаңалығы – қазіргі жаңа сөздердің пайда болуының тілге деген ұлттық рухани сұраныстың күшеюі мен ұлттық сананың беки түсуіне байланысты қарастырылуында.

Ғалым тарапынан көңіл бөлінген өзекті мәселе – бүгінгі жаңа қолданыстардың әдеби тілге ену әлеуеті мен нормалануы. Ғалымның көрсетуі бойынша, бірқатар жаңа бірліктер тілден орын алды, оған себеп болған факторлар:


- 1) беретін ұғымның семантикалық өлшеміне сай келуі;
- 2) әлеуметтік талғамның үдесінен шығуы; қолданыста олардың ортақтық, дәстүрлік, тұрақтылық сипатының қалыптасуы.

Автор айтқан маңызды тұжырымдардың тағы бірі – субъективті түрде, жоғарыда аталғандай өлшемдерге жауап бере алмайтын жаңа сөздердің қалай бағаланатындығы. Ғалым «бүгінде еркін және өз орнында қолданылып келе жатқан, басым көпшілігі «кірме сөз» статусына ие бола алатын интербірліктердің баршасын қазақшалап, олардың орнына қайткенде де қазақша неологизмдер ұсыну ұстанымын (принципін, мұратын, бағыт-мақсатын) толық мақұлдауға болмайды. ... кірме сөздерді қазақ лексикасының бір қабаты деп тану керек. ...аударылып жүрген терминдердің тек «қазақтығына», «түркілігіне» «мұсылмандығына» қызықпай, әйтеуір

«орысшалығынан» құтылуды мақсат етпей, олардың мағыналық дәлдігін, қазақ тілінің құрылымдық жүйесімен тұлғасының сәйкестігін, ғылым мен танымның қай саласына жататындығын қатты ескеру керектігі – жалпы тіл мәдениетінің талабы, норма талабы» [29, 132] екендігін баса көрсетеді. Бұл пікір ұсынылған жаңа сөздің қолданысқа қажетсіздігінің, олардың семантикалық сәйкессіздігінің себептерін тануға, жалған жаңа сөздер жасалуының тоқтатылуына тіреу бола алады.

Қалай болғанда да көрсетілген атаулардың ішкі біртұтас мазмұнын «жаңа сөз» немесе «неологизм» деген ықшам ұғым толық қамтиды. Сондықтан кейінгі зерттеулерде жаңа сөз және неологизм терминдері қатар және жоғары жиілікпен қолданылуда. Нақты айтқанда, жеке ғылым саласы ретінде қалыптаса бастаған қазақ неологиясы мен неографиясының негізгі зерттеу нысаны – жаңа сөздер / неологизмдер – тілдің синхронды даму жағдайында сыртқы және ішкі лингвистикалық факторлардың ықпалымен, байырғы төл сөздердің семантикалық өзгерістері, сөз тудырушы қосымшалардың көмегімен жаңа мағынаның берілуі, сөздердің тіркесімділік қабілетінің артуы, жекелеген сөздің стильдік реңктерге ие болуы, кейде тіпті «ойдан құрастырылуы» арқылы жасалған жаңа сөздер.

Жаңа сөздердің аталған белгілерін жүйелей келе, зерттеу нысаны үшін іріктелген қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді әлеуметтік-қолданыстық маңызына қарай былайша топтастыруға болады (Сурет 2):



Сурет 2 – Жаңа сөздердің әлеуметтік-қолданыстық маңызына қарай жіктелуі

Қазақ неологиясы және неографиясы салалары үшін әдіс-тәсілдерді анықтауда ең алдымен қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің басқа ғылыми парадигмаларға қатысын анықтаудың қажеттілігі туындайды.

Қазақ тіл білімінің барлық салаларын нақты бір парадигма түрінде қарастырғанда, салыстырмалы-тарихи жағынан, жүйелі-құрылымдық жағынан болсын, яки қазіргі таңда қарқынды зерттеліп келе жетқан антропоэлектік тармақ жағынан болсын, тілдік бірліктердің талдануы осы зерттеу бағыттарында бөлек, оқшау түрде емес, керісінше өзара байланыста жүргізіледі. Мысалы, тілдік бірліктердің жүйелі құрылымы сөз болған жағдайда тарихи фактілер мен қазіргі белгілер, диахронды-синхронды даму сипаттары қатар талданып, салыстырылып отырады. Осы тұрғыдан келгенде,

жаңа сөздер туралы ғылыми тармақты да қазақ тіл ғылымының көптеген салаларымен тығыз байланыста қарастыру қажет болады.

Ең алдымен тілді диахронды зерттеудің нәтижелері анықтап көрсеткендей, тілге енген әрбір жаңа сөз тарихи құбылыс болып табылады, ол қоғам дамуындағы белгілі бір мерзімге, сол мерзім аралығында болатын сыртқы өзгерістерге байланысты. Жаңа сөз қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болады, ол узус қатарына қосылуы да, тілге қажетсіз болуы да немесе келесі мерзімде архаизм қатарына өтуі де мүмкін. Л.В. Щерба былай деп жазған болатын: «Қоғам мүшелерінің басынан талай дәуірлер өтіп жатыр, ол кезеңдерде жаңа сөздер аққан жұлдыздай пайда болады және сол жұлдыздай жоғалып та кетеді» [55, 75].

Өткен ғасырдың 80-жылдарына қарай жаңа сөздер ұғымы тұтастай алғанда қазақ терминологиясын жетілдіру және ғылым мен техниканы қазақша сөйлету мәселесімен біртұтастықта қарастырылды. Ғалымдардың барлығы да жаңа сөздерді ұлт тілінің қоры арқылы қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді; «донор – тіл» деп аталатын орыс тілінен ғана еніп, жаңа терминдер тек соның негізінде жасалып қабылдануынан сақтану керек» (Ө. Қайдар) [56, 3]; «мағынасы кеңейген сөздердің тілді байытудағы қызметі зор» (Ш. Сарыбаев) [57, 106]; «қазақ сөзінің барлық мүмкіндігін пайдалану керек» (Ө. Айтбаев) [58, 80]; «жаңа сөздердің нормалануы бірнеше «сүрленген» сатылардан өтеді» (Н. Уәлиев) [32, 107-113], – деген құнды пікірлер бар.

Қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстардың белгілі бір кезеңдегі (1976-1991 жылдар арасындағы) жалпы сипатын, олардың нормалануы мен қалыптануындағы нақты коммуникативтік кеңістік – мерзімді баспасөздің рөлін, жаңа сөздердің нормалануына ықпал ететін өзара байланыстағы үш ұстанымды (өзектілік, сәйкестік және эстетикалық ұстанымдар талданған зерттеу (А. Алдашева) [37]; 1995 жылға дейінгі мерзімдегі жаңа сөздердің табиғаты қарастырылған еңбек (Қ. Қадырқұлов) [38; 59]; публицистикалық стильдің жаңа сөз жасаудағы доминант рөлі (О. Бүркітов) [60, 14] қазақ неологиясының белгілі бір зерттеу кезеңін қалыптастырды.

Академик Ө. Айтбайұлы және ғалым Ш. Құрманбайұлы қалыптастырған қазақ терминжасам мектебінде терминденетін лексика көздері, жалпы халықтық тілдегі сөздердің терминдену ерекшеліктері, тұтастай алғанда, ұлт тіліндегі ғылыми-техникалық терминологияны қалыптастыру, термин шығармашылығының әртүрлі қырлары, терминографияны жетілдіруге қойылатын талаптар қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің қалыптануына елеулі үлес қосты [61; 62; 63; 64].

Жаңа сөздер прагматикалық тұрғыдан қарастырылған еңбекте неологизмдердің «уәжділігі күшті / уәжділігі бәсең / уәжділігі төмен жасалымдар» деп жіктелуі неологизмдердің қалыптануы мен нормалануында прагматикалық қуаты жағынан маңызды болып табылады [65, 265].

Сонымен қатар қазақ тіліндегі жаңа сөздер салыстырмалы-тарихи және салғастырмалы тіл білімі аясында талданғанын атап өтуге болады (Н. Букетова, Ж. Сағындықова) [66; 67].

Шамамен алғанда, 1976-2015 жылдарға дейінгі аралықтағы жаңа сөздердің лексикографиялық түзілуін анықтау да жаңа сөздерді жүйелеу, талдау және сұрыптау мәселелерінде маңызды. Қазақ тіл білімінде жаңа сөздердің тіркелуі 1985 жылы жүзеге асырылды. Қазақ тіліндегі жаңа атаулардың үш жинағы ғалымдар тарапынан «қазақ әдеби тілі лексикасының дамуын, жаңа сөздердің жинақталуын көрсетуі жағынан аса құнды еңбек» деп бағаланған [67].

Қазақ тілтанымындағы негізгі нысанаға қатысты пікірлерді алға шығарып, оларды қорытуымыздағы басты мақсат – қазақ неологиясы мен неографиясының жаңа сала екендігінде және осы саланың саяси, мәдени, ұлттық, сондай-ақ білім беру факторларына тікелей байланысты екендігінде. Әрине, қазақ неологиясының жай-күйімен салыстыра қарағанда, әлемдік лингвистикада, оның ішінде орыс тіл білімінде неология мәселесі туралы көзқарастар әбден дәйектелген және бұл мамандарға жақсы таныс, көптеген тілдердегі зерттеулерде әлемдік деңгейдегі тұжырымдар басшылыққа алынады [68].

Әлемдік лингвистикада жаңа сөздердің қарастырылуына байланысты түркология ғылымындағы жаңа сөздер де біздің тарапымыздан жан-жақты зерделенді. Төмендегідей жағдайлар анықталды: түркологияда жаңа сөздер сөздің семантикасының кеңеюіне, кірме сөздердің енуі және калька арқылы жасалған сөздер, терминдердің қалыптасуы мәселелеріне қарай талданған (А. Матқазиев, Л. Г. Керимов, Х.Б. Кулиева, Р. Данияров, Н.М. Худиев). Бұл еңбектер өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін жасалғандықтан, оларда негізінен жаңа сөздерді талдау мен сұрыптауда орыс тіл біліміндегі межелер басшылыққа алынған. Түрік тіл білімінде кейінгі кездерде біршама ілгерілеулер бар. Бұлардың қатарында түрік ғалымы Невнихал Баярдың «Açıklamalı Yeni Kelimeler Sözlüğü» деп аталатын жаңа сөздердің түсіндірме сөздігін және онлайн жүйесіндегі <http://www.uludagsozluk.com/> электронды неологизмдер сөздігін атауға болады [69; 70].

Тілге философиялық-тарихи тұрғыдан қараған В. фон Гумбольдт еңбектерінде тілдегі лексикалық жаңалықтар антропологиялық, материалистік тұрғыдан қамтылған. «Сөз бен ұғым-түсініктің арасындағы байланысты талдай отырып, жеке сөздің тілдік сипаттамасы ұлттың мінез-пайымы арқылы қалыптасатындығын дәлелдеген. Әрбір ұлттың тілінде өзіндік ерекшелік бар, осы өзіндік ерекшелік жеке сөздің қолданысқа түсуіне ықпал етеді» деген ыңғайдағы тұжырымдары жаңа сөздерді танып-білуде маңызды болып саналады [71, 370-373].

Тілдерге жүйелі талдау жасау және құрылымдық зерделеу бойынша ғылыми танымның алғашқы ұстанымдарын жасаған Ф. де Соссюрдің еңбектерінде таңбаның өзгермелілігі – ұғым мен түсінікті беретін сөздің пайда болуы туралы негізгі дәйектемелер айтылған. Ф. де Соссюрдің пікірі бойынша, тілдегі өзгерістер ұрпақтардың ауысуына байланысты емес, тіл – әлеуметтік күштердің жемісі; уақытқа тәуелді [73, 105-107].

Көптеген тілдердегі неологизация үдерісінің қарқын алуын В.Г. Гак «неологиялық жарылыс» деп атаса, бұл сипаттама мыңжылдықтар тоғысында

өзектілене түсті де [73], бұл кезең «жоғары неогенді» [74, 5], «инновациялық эксплозия» [75, 43] деген сипаттарға ие болды.

Орыс тіл біліміндегі неология және неография салаларының қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосқан ғалым Н.З. Котелова былай деп жазады: «Кейбір елдерде (СССР, АҚШ, Франция, Жапония) неологизмдерді, тіл мәдениетінің мәселелерін, тілді стандарттауды ғылыми тұрғыдан зерттеумен айналысатын және ақпараттық-анықтамалық қызметті ұйымдастыратын неология орталықтары бар» [76]. Ғалымның пікірінше, орыс әдеби тілінде жаңа сөздердің пайда болуы аса қарқынды, сондықтан сөздің пайда болуы мен оның тіркелуі арасындағы интервалды максималды түрде қысқарту, жаңа сөзді тіркеуді жедел түрде жүзеге асыру қажет. Орыс тіл ғылымында компьютерлік технологияға негізделген «neoLEX» жобасы бар. Осы бағдарламалық камтамасыз ету – жаңа сөздерді дереу тіркеудің, іздеудің, белгілі бір құрылымдық жүйеге келтірудің, стильдік айырмашылықтарын байқақтаудың, жаңа сөздердің электронды картотекасын қалыптастырудың, жаңа сөздер сөздігін жасаудың, мәліметтерді шоғырландыратын база жасаудың негізі.

Атап өтетін жайт – бұл тілді корпусты жоспарлаудың бір белгісі және қазақ тіліндегі жаңа сөздерді жинақтауда бағыт-бағдар етуге болатын үлгілердің бірі. Байқалып отырғанындай, қазірге дейін орыс тіл білімінде жаңа сөздер барлық аспектілері жағынан әлі де көкейкесті проблемалардың бірі ретінде қалып отыр. Зерттеушілер әсіресе жаңа сөздердің мәтіндегі қызметін прагматлингвистика тұрғысынан қарастыруға [77, 33], белгілі бір ғылым саласының жаңа тілдік бірліктеріне когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан кешенді талдау жасауға [78, 160], жаңа сөздердің қазіргі лексикографияның теориясы мен практикасындағы орнын анықтауға [79, 7], тілді меңгертудің аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде жаңа сөздердің лексикадағы, сөзжасамдағы, грамматикадағы орнын анықтауға [80, 18] басым көңіл бөлуде.

Жаңа сөздердің табиғатын зерттеуде салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі аспектісінде қарастыру арқылы бірқатар тұжырымдар жасалған (Ю.А. Жлуктенконың, В.А. Березинскийдің [81, 10], Е.М. Дубененің [82, 90], И.А. Рожнованың [83, 151]). Салғастыру аспектісінде шешен тілінің материалы негізінде (С.С. Юсупова), неміс жастарының тілі материалының негізінде (Н.Д. Матарыкина) атқарылған зерттеулер бар.

Д.Н. Шмелевтің пайымдауынша, «қазіргі орыс тілі лексикасының қалыптасуында басқа тілдермен қатынасқа түсу, жалпы әдеби тілдің жергілікті говорлармен, кәсіби сөздермен және терминологиямен үздіксіз өзара ықпалдастығы елеулі маңызға ие» [84, 280].

Шетел тілші ғалымдарының зерттеулерінің ішінде «Terminology: Applications in Interdisciplinary Communication» деп аталатын жинақтағы С. Павелдің зерттеу жұмысын ерекше атауға болады [85, 21]. Еңбекте техникалық және ғылыми вокабулярдың дамуы, концептуалды өзгеріс, неологизмнің қабылдануы және оның «дұрыс» жасалуы, уәждемелік динамика (қажеттілік және құндылық), интербелсенді динамика (неологизмнің қарым-қатынас және өзара ықпал ету жолымен қабылдануы), құрылымдық үдерістер

(ұжымдық жұмыс, неологизмдерді табуға арналған материалдарды қарау), тиімді коммуникация (әлеуметтік лингвистикалық қажеттілік) көрсетілген.

Зерттеуші Д. Бэрнның еңбегінде 1963 жылы жарық көрген Webster's Third New International Dictionary, Webster's New Collegiate Dictionary, 1972 жылы жарыққа шыққан Oxford English Dictionary және The Barnhart Dictionary of New English сияқты сөздіктерде тіркелген 500 жаңа сөз талданған [86, 15].

У. О'Гради және М. Добровольскийдің редакторлығымен жарық көрген «Contemporary Linguistics» деп аталатын жинақта тілде қалыптасқан сөздер жаңа жасалымдармен ауыстырылатын болса, бұл ағылшын тілінің сөздігін тұрақсыздыққа әрі түсініксіздікке алып келетіндігі; қайта дамуға түскен сөз мағынасын шектемесе де, дәл осы жағдайдың орын алатындығы дәлелденген [87].

Жаңа сөздер табиғатын зерттеуде Дж. Эйтоның «Century of New Words» деп аталатын сөздігінің орны ерекше. Мұнда автор соңғы жүз жылда пайда болған жаңа сөздер арқылы осы уақыт аралығының бейнесін жасайды. Сөздер 1900 және 2000 жылдар аралағындағы әрбір он жылға топтастырылады. Ақпараттық және қызықты сөздік мақалалар тарихынан, мәдени және ғылыми оқиғалардан хабар бере отырып, олардың ағылшын тілінің жаңа сөздік қорына қосқан үлесін көрсетеді [88; 89].

Жаңа сөздердің жасалуы, олардың қажеттілігі тікелей қоғамдық маңызды өзгерістермен байланысты екендігіне Алмания жеріндегі тілдік жағдаят дәлел бола алады. Бұл жайт арнаулы еңбекте көрсетілген [90].

Жаңа сөздерді сөздікке енгізу сөздіктің түрі мен көлеміне байланысты. Р.Г. Гак француз тіліндегі «Малый Робер» (Le Petit Robert, Paris) сөздігінің 1967 және 1978 жылдардағы басылымдарын салыстыра келе, біздің зерттеуіміз үшін де маңызды мынадай тұжырымдар жасайды: а) неологизмдердің барлығын бірдей, дер кезінде тіркеп, нормативті сөздікке енгізу мүмкін емес; ә) сөздің тілдегі тағдырын алдын ала анықтау да мүмкін емес; б) жаңа сөздердің кейбірін мойындағанмен, олардың шамамен 20 пайызға жуығы «күдікті аймақта» қалады; в) демек неологизмдердің лексикализациялануы және әлеуметтенуі – аралық және өтпелі жағдайлардың қатарын түзетін баяу үдеріс [73; 91].

Қазақ неологиясының негізгі проблемаларын дәлелдеу мақсатында осы тармақтың басқа ғылыми парадигмалармен қарым-қатынасын анықтау маңызды болып саналады.

Тілдегі жаңа сөздер әлеуметтік лингвистиканың проблемаларымен де тығыз байланыста болады, осы саланың негізгі бағыттары арқылы анықтала түседі. Қазақ ғалымы Э. Сүлейменова тілдің қайта жаңғыруы, тілдің өміршеңдігі, тілдік жоспарлау, корпустық жоспарлау деген терминдер арқылы Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаятты талдай келе, қазақ тіліне қатысты болып жатқан қазіргі өзгерістерді «тілдік ренессанс» деп бағалайды [92, 56-59]. Корпустық жоспарлаудың бір арнасы ретінде ғалым жетілдіру (модернизация) мәселесін көтереді, сөйтіп, зерттеушінің пікірі бойынша «кейбір ұғымдарды беруде тілдің сөздік қоры жеткіліксіз болған жағдайда жаңа сөздер жасалады, кірме сөздер қабылданады. Модернизация арқылы тілдің сөздік қоры молаяды,

сонымен қатар жаңа стильдер мен дискурстың жаңа нысандары пайда болады» [92, 60]. Нақты айтқанда, Қазақстандағы тіл саясаты мен тіл стратегиясы, тілдік жоспарлау іс-шараларының тиімділігі, мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің өміршендігін сақтап қалу және оның қолданылу аясын кеңейту, тілдік жағдаяттағы инновациялық үдерістерді әрдайым бақылап отыру сияқты қазақ әлеуметтік лингвистикасының қазіргі көкейкесті мәселелері жаңа сөздердің табиғатын тануға, жаңа сөздер туралы ғылымды орнықтыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік лингвистика және ұлттық идеология тұрғысынан қазіргі кезде «қазақыландыру» (казахизация) термині қолданылып келеді. Оның бастапқы мәнісі – көптілді қоғамда қазақ тілін гомогенді тілге айналдыру болатын [17, 79]. Бұл термин қамтитын екінші ұғым да бар, ол – Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруға байланысты пайда болған жаңа термин; қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілін ғылым мен техника тіліне айналдыру, білім беру, заң және сот ісі салаларына белсенді енгізу мүдделерінде тілдің төл әлеуетін сарқа пайдалану деген ұғымды білдіреді.

Лексика қатарына енетін және енген жаңа сөздердің сипаты стилистика, қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдері бойынша зерттеулерде ұдайы қарастырылып отыратындығы неология ғылымының осы салалармен де қарым-қатысының бар екендігін көрсетеді. Бұл қарым-қатысты тікелей және барынша тығыз деп те есептеуге болады. Өйткені қазақ тілі дамуының қай кезеңінде де болмасын, әсіресе қазіргі кезде лексикалық құрамның жаңа сөздермен, жаңа аталымдармен толығуында қазақ әдеби тілі функционалдық жазба стильдерінің үлесі барынша салмақты болып отыр. Ғылыми және оқу-ағарту әдебиеті ғылым мен техниканың барлық салалары бойынша «қазақыландыру» үрдісі негізінде қазақ тілінің өз ресурстары арқылы жасалған терминдер мен терминдік орамдарды енгізуде. Ресми ісқағаздары стилі қарқынды өріс алып, заңнамалық және нормативтік құжаттардың өз терминдерін қалыптастыруда. Әсіресе байырғы төл сөздердің ресми-іскери терминдер қатарында көрінуі айрықша қызығушылық туғызады. Мысалы, *пәтуа* (консенсус), *ғибара* (транскрипция), *мұрағат* (архив), *тұрпат* (тип), *әміртийым* (вето), *әріпсан* (индекс), *қарашын* (телохранитель), *қанат белгі* (галочка), *ымдаспа* (жестикауляция), *зият* (интеллект), *зияткер* (интеллектуал). Қазақ мерзімді баспасөзінің, масс-медианың тілі жаңа сөздерді жасауда және пайда болуда тәуекелшілдік пен батылдық танытып отыр, мерзімді басылымдардың тілі жаңа тілдік бірліктің, пайда болған вариант сыңарлардың узусқа енуін немесе әдеби тіл айналымына қажетсіздігін анықтап, дәлелдеп, мойындатып беретін доминант сала ретінде танылуда. Ауызекі сөйлеу тілі мен көркем әдебиет тілінде жаңа сөздер (бірқолданыстағы, авторлық-индивидуалдық тілдік бірліктер) пайда болуда. Мысалы: *өткек*, *кептелек*, *телім*. Мен университетке баратын жолда **жерасты өткегінен** арлы-берлі төрт рет өтемін (ҚӘ, 2014, 26 қыркүйек); **Телімдік полиция бекетін** іздеп, әудем жер ұзағанымда, нөпір халықтың ішінен формалы полицейді көзім шалып қалды (ҚӘ, 2016, 17-23 сәуір); Көшеде қалың қар, жолда бірімен-бірі иық тірестірген **кептелекте** тұрған машиналар

(Айқын, 2014, 5 ақпан). Функционалдық стильдердің ерекшеліктері сөз болған еңбектерде жаңа сөздердің де назардан тыс қалмауы неология мен стилистика тармақтарының байланысын көрсетеді.

Жаңа сөздердің пайда болуында және нормалануында мерзімді баспасөздің доминант рөлі аса жоғары екендігі турасында алғашқы пікір академик Р. Сыздық тарапынан айтылған еді [93]. Қазақ әдеби тілінің диахронды-синхронды жай-күйі қарастырылған кейінгі зерттеулерде (С. Исаев, А. Алдашева, О. Бүркітов, Б. Момынова, Ф. Жақсыбаева, Ә. Әміров және т.б.) қазақ тіліндегі мерзімді басылымдардың жаңа сөзді ұсынуда, вариант қатарларды екшеуде, олардың бірінің нормалануында, жаңа аталымдардың қалыптануында басым қызмет атқаратындығы тағы да бірнеше мәрте дәлелденген. Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамын қазақыландыру үдерістері басталғалы бері кейінгі кезеңдерде мерзімді баспасөз бұл мәселеде барынша еркіндік танытып отыр. Алайда баспасөзде пайда болған жаңа сөздердің бірқатары «тосындық танытады», оқырман оны «сәтсіз / қажетсіз сөз» деп есептейді. Бұның бірнеше себептері бар: а) жаңа сөзді ұсынған адамның субъективті көзқарасы болады; ә) осы субъективті көзқарастың нәтижесінде ұсынылған жаңа сөз семантикасы жағынан ұғымның мазмұнына сәйкес келмейді, мысалы: *зәрурат*, *ақида*; б) жаңа сөз ұғымдық сыйымдылығы жағынан сәйкес келгенімен, оның семантикасын тілді қолданушы адам түсінбейді.

Бұған төмендегі бір ғана мәнмәтінде қолданылған жаңа сөздер дәлел бола алады. Мәнмәтін беделді мерзімді басылымнан алынған.

*«Ғалым бұл жерде ауызша публицистиканы, яғни **шешенсөзді** мүлдем ескермеген. Біздіңше, шешенсөздің түрлері де радио мен телевидениені, әйтпесе баспасөзді қажетсінбей-ақ **алқаманмен** (аудиториямен) бетпе-бет тұрып та қозғамдық пікір қозғау арқылы халықтың санасын оята алады.... Фольклорлық **жаратындылар** қатарын, ауызша әдебиет туындыларының сапын топ алдында тыңдаушыға бетпе-бет айтылып, халықтық мұраға айналып кеткен **шешенсөз айтындары** (высказывание) да толықтырып отырады. Публицистика, яғни **замансөз** туралы айтылған мына пікірді естен шығармауымыз керек. ... Әдебиет те, шешенсөз бен көсемсөз де белгілі бір тіл арқылы дүниеге келеді. Бірақ **атқараты** (функциясы) мен жүзеге асу жолдары және мазмұны мен пішіні бөлек... Публицистің, яғни **сөзгердің** қоғам тудырған өзекті мәселелерге қатысты ойлары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жалпы жұртқа жарияланады... Сол **зәрурат** істерге қатысты газет-журналдарда жарық көрген ойлардың жиынтық атауын «публицистика» деп атау санаға орныққан. ... Ел басқарушылардың ауызша баяны – **саясатсөз**, профессордың студент, жастар ортасында айтқан ұлағаты – **білімірсөз**, жиындарда белгілі бір идеяны қолдау үшін айтылған **қошеметсөз**, сот залдарында айтылған **биліксөз**, жамағат алдында **дін ақидаларын тарқата түсіндірген уағызсөз** дәлелдейді. Замансөздің теориясы мен тәжірибесі бір ғасырға жуық тоқтаусыз зерттеліп, зерделеніп келеді екен, олай болса, қазақ **замансөзтану** ғылымы орнықты деп айтатын уақыт келді. Ауызша*

публицистиканың, яғни шешенсөздің айтындарының бірі – айтыс... «Сөз әлеуметке дегенін істету үшін айтылса – шешенсөз, жазбаша айтылса – көсемсөз» (А. Байтұрсынұлы) деген қағидаға біржақты қарау салдарынан... көсемсөздің төлсыңары – **шешенсөзді** назардан тыс қалдырдық. Ауызша публицистиканың айтындарын қайта тірілтеміз» (Қазақ әдебиеті, 2016, 22 қаңтар).

Мәнмәтінде замансөз, шешенсөз, саясатсөз, білімірсөз, қошеметсөз, биліксөз, уағызсөз, алқаман, жаратынды, айтын, атқарат, сөзгер, зәрурат, дін ақидалары, замансөзтану, төлсыңар тәрізді 20-ға тарта жаңа сөз қолданылған. Дереккөздің нақтылығы мен мерзімдік кеңістіктің өлшемдерімен қарағанда, олардың пайда болған мерзімі анық байқалып тұр деуге болады. Осы тұрғыдан қарағанда, көрсетілгендер – жаңа қолданыстар. Бұл ретте мерзімді баспасөз жаңа қолданыстың мағыналық мазмұнын бірнеше әдіс-тәсілдермен көрсетеді: бұрынғы нормалық баламасы арқылы түсіндіреді (сөзгер, яғни публицист; ауызша публицистика, яғни шешенсөз); өзге тілдегі баламасы арқылы анықтап береді (*алқаман* – аудитория; *айтын* – высказывание; *атқарат* – функция); белсенді сөз тудырушы формалардың үлгісімен жасалғандықтан, бірқатар жаңалықтардың мағыналық мазмұнын айқын (*білімірсөз*, *саясатсөз*, *биліксөз*); макромәтін бойында берілген сөздер әлденеше мәрте қолданысқа түсіп, өздерінің белгілі бір ұғым-түсініктерді мазмұндап тұрғанын «мойындата» түседі. *Алқаман*, *айтын*, *атқарат*, *зәрурат*, *жаратынды*, *ақида* сияқты сөздердің қолданысы Р. Сыздық айтқан «орысшалықтан» құтылу болып шығады. Бірқарағанда көрсетілген сөздердің әдеби тілге ену мүмкіндіктері төмен. Дегенмен жекелеген сөздердің нормалану сатысы мыналарды көрсетеді: бастапқы қолданысында тосын, ұғымдық сыйымдылыққа сәйкес келмейтін, барлық ұғымды қамти алмайтын жаңа сөз сияқты болып көрінгенімен, жаппай қолданысқа – жазбаша және ауызша коммуникативтік актіге жаппай қатысқан жағдайда жаңа сөз дағдылы нормаға айнала алады (*сынып*, *мәтін* сөздері сыни талқылауға түскенімен, білім және ғылым салаларында кеңінен қолданылғандықтан, норма дәрежесіне көтерілген). Академик Р. Сыздық айтқан «тілдік дағдының» ықпалы деген осы.

1989 жылдан бастап дербес сала ретінде танылған қазақ тілінің сөзжасам саласы бойынша теориялық тұжырымдар жаңа сөздердің жасалу жолдары туралы толық мәлімет бере алады [94; 95]. Қазақ сөзжасамының көрнекті өкілі, ғалым Н. Оралбаеваның пікірі бойынша, «тілдің сөзжасам жүйесі – қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамын жаңа сөздер жасау арқылы толықтырып отыратын негізгі тілдік құбылыс». Ғалымның көрсетуінше, 1992-2002 жылдардың арасында сөз тудырушы тәсілдердің барынша жандануы нәтижесінде *саябақ*, *мүшелтой*, *жолнұсқа*, *жолқиыс* типтес көптеген сөздер жасалған [94, 7].

Тілдік бірліктердің мағыналық жағы зерттелетін семасиология (семантика) саласының зерттеу нысанасы, зерттеу әдістері негізінде жаңа сөздің, оның ішінде тілдің өз ресурсы арқылы жасалғандардың (сөз мағынасының кеңеюі, синонимдердің мүмкіндіктері, жергілікті тіл ерекшеліктері мен кәсіби лексика

катарынан жана, терминдік мағына иелену) табиғатын анықтауда семасиология шеңберінде талданатын жүйелілік сипат, сөз мағыналарының өзара байланысы мен осы мағыналардың бір-біріне тәуелді болуы немесе сөз мағыналарының дифференциясы нақты көмек бере алады, тілдің өз әлеуеті арқылы жасалған жаңа сөзге семантикалық талдау жасау, термин үшін алынған қазақтың төл сөзінің ішкі формасын таныту жаңа сөздің тілге ену қабілетін, әдеби норма ретінде танылу мүмкіндігін (немесе керісінше) дәлелдеп береді. Бұл ретте семасиология ғылымында америкалық структурализм ұсынған дистрибутивті талдау (сөз мағынасын нақтылаудың жолы – оның тіркесімділік қабілетін көрсету) және Прага структурализмі қолданған компонентті талдау (сөз мағынасы компоненттердің жиынтығынан, яғни семантикалық «көбейткіштерден» немесе «семалардан» тұрады) деген бағыттардың, сондай-ақ В.В. Виноградов мектебі ілімінің (парадигмада тіркелетін сөздің мағынасын және сөз тіркесі, мәтін арқылы синтагмада жүзеге асырылатын сөздің лексикалық-семантикалық варианты ажырату) теориялық негіздері – осылардың қай-қайсысы да жаңа сөздердің табиғатын тануда тиімді болып табылады. Мысалы, *бағам* сөзі 1976 жылғы Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне енгізілмеген; *бағамда* лексемасы «жерг. шамалау, пайымдау» мағынасында көрсетілген [96, II, 8].

Тілдегі жаңа сөздердің қолданысқа түсуі сөз мәдениеті және әдеби норма салаларының аспектілеріне байланысты. Сөз мәдениеті арқылы ауызша және жазбаша әдеби тілдің нормаларын (сөз қолданысы, сөздің дыбысталу дұрыстығы, грамматикалық заңдылықтардың сақталуы), сондай-ақ айтылатын (жазылатын) сөйлеудің (речь) мақсаттары мен мазмұнына қарай қарым-қатынастың әртүрлі жағдаятында тілдің көріктеуіш құралдарын орнымен қолдануды білдіретіні белгілі. Норма межелері бойынша тілдік бірліктің бірі үлгі ретінде алынады, сөйтіп, «дұрыс-дұрыс емес» «орынды-орынсыз» деген бағалаулар пайда болады. Теориялық және практикалық пән болып табылатын сөз мәдениетінің нысанасы – лексикадағы, грамматикадағы, стилистикадағы барлық жаңа белгілерді қадағалай отырып, тілдің қолданылу практикасына жедел ықпал жасау, ұсыныстар, реттеу іс-шаралары арқылы тілді пайдаланушылардың сауаттылығын көтеру, тілдің табиғилығын сақтау. Сөз мәдениеті және әдеби норма аспектілері арқылы әсіресе жаңа сөздерге айрықша көңіл бөлінеді, бір ұғым-түсінікті, зат-бұйым атауларын, ғылыми-техникалық терминдерді беру үшін пайда болған бірнеше варианттың, осы мақсатта таңдалған жергілікті тіл ерекшеліктері мен кәсіби лексиканың орынды-орынсыздығы, дұрыстығы мен бұрыстығы анықталады. Қазақ тілтанымының сөз мәдениеті тармағында бұндай жайттар 1968 жылдан 1980 жылдарға дейін практикалық тұрғыдан қарастырылған (конференциялар өткізілген).

Тілдік жаңа бірліктердің сипаттары терминология және аударматану салаларының аспектілеріне де тікелей қатысты. «Терминологиядағы қазіргі үрдіс – шетелдік терминдерді мүмкін болғанша қазақшалау» [32, 135]. Қазақ терминологиясындағы соңғы кезеңдердегі қарқынды үдерістерді ескерсек, ғылым мен техниканың барлық саласындағы қазақша терминдердің жаңа

сипаты бар екендігін көреміз, сөз мағынасының өзгеруі, сөзжасамдық амал-тәсілдер, синонимия, көпмағыналылық арқылы жасалған жаңа терминдердің белгілі бір ұғымның ішкі семантикалық өлшеміне сай келуі немесе басқаша болуы – осыларды анықтау неология саласының да нысанасы болып табылады. Жалпы, қазақ тіліндегі қазіргі кездегі жаңа сөздер туралы айтқанда, бұл түсінікті жаңа терминдерден бөлек қарауға болмайды. Сондықтан зерттеудің мақсатына сәйкес іріктелген жаратылыстану пәндері бойынша оқулықтардағы терминдік ұғым-түсініктердің атаулары жаңа сөздердің бір тармағы ретінде қарастырылады.

Кейінгі кезеңдерде іргетасы қаланған қазақ лингвистикалық аударматану ғылымы тармағының қарастыратын мәселелері, әсіресе бір тілден екінші тілге аударма жасаудың практикалық жағы тілдегі жаңа бірліктердің сипаттарымен астасып жатады. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне байланысты заңнамалық құжаттарды орыс тілінен қазақ тіліне аудару ісі көптеген жаңа терминдердің, жаңа тілдік бірліктердің пайда болуына қарқынды әсер етті. 31 томдық екітілді терминологиялық сөздіктер кешенінің арасынан «Әскери іс» саласы бойынша терминологиялық сөздіктегі (12-том) жаңа сөз сипатындағы терминдердің ішінде аударма тәсілдері арқылы жасалған терминдер жөнінде айтылған пікір бар: «бұнда лексикалық, семантикалық, сөзжасамдық және синтаксистік калька амалын сүйеніш еткен жайттар жиі ұшырасады (*ауытқушылық – аномалия, атаулы тізім – именной список, атыз кезегі*)» [97, 66]. Ал нормативті-жарлықшы құжаттардың аудармасы туралы еңбекте «ресми құжаттарда көрініс тапқан кейбір терминдерді бекітілген, нормаланған деп есептеуге тура келеді, өйткені жаңа аталым; термин қолданылған мәтін Үкімет, Мемлекет басшысы тарапынан бекітіліп, заң күшіне енеді» деп көрсетілген [98,18-19].

Лексикография – сөздіктер жасаудың теориясы мен практикасы туралы саланың бір міндеті – сөз мәдениетінің, әдеби тілдің нормаларының сақталуы мен дұрыс қадағалануына ықпал ету. Сондықтан да сөздіктердің қай типінде болмасын, тілдің қолданыстағы сипаты мен заңдылықтары көрініс табады. Сөздіктер тілдің динамикасы мен өміршендігіне үлес қосады, осы себепті дамыған тілде сөздіктердің неше алуан түрлері жасалуы тиіс. Қазақ тіліндегі нормативті, екітілді және түсіндірме сөздіктерде бірқатар жаңа сөздер тіркелген, сонымен қатар белгілі бір кезеңдегі жаңа тілдік бірліктердің тіркеуші сөздігін жасау және оны сериялы түрде жалғастыру, неография саласын қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, тіл ғылымының әр саласы өз бетінше оқшау даымайды, олардың зерттеу нысандары мен әдістері әр басқа болғанымен, тілдік бірліктердің табиғатын тануда ортақтық болады. Бұл ретте неологизмдердің ерекшеліктері антропоцентрлік парадигманың негізгі бағыттары болып саналатын этнолингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика салаларының аясында да қарастырылады. Өйткені халықтың ұлттық болмысын танытатын негізгі өзек – оның тілі. Ұлт – мәдениет – тіл тұтастығында қарағанда жаңа сөздер ұлт

санасының жемісі болып табылады. Жалпы алғанда, адам әлемді өз ана тілі арқылы таниды да, сол негізде ұлттық мінезді бойына қабылдай бастайды [99]. «Тіл – халықтың рухы» болса, тілдің ең негізгі бірлігі – сөз. Ұлттық тілдің сөздік қорындағы белгілі бір үлесті жаңа сөздер құрайтыны белгілі. Жаңа сөздер тілдің ішкі заңдылықтарынан бөлек, сол тілді тұтынушы халықтың ойлауына, қабылдауына, таным-түсінігіне сай жасалса ғана жаңа сөздің тілде бекітілуіне жағдай жасалады. Бұған В. фон Гумбольдтың «тіл рухтың заңдылығы бойынша дамитын болса, оған қоса тіл адам санасының заңдылықтары бойынша да дамиды» деген тұжырымы дәйек болады [71, 370]. Бұл – неологияның психоллингвистикамен байланысының айқын көрінісі.

Сонымен қатар тілдегі жаңа сөз ең алдымен – ұлттық-мәдени құбылыс. Біріншіден, «тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы, әсіресе мәдениеттің тілге ықпалы, мәдениеттің тілдегі көрінісі ғылым үшін жаңалық емес. Әр халықтың дүниетанымы мен мәдениетінде ерекшелік бар; бұл ерекшелік тілге сіңіріледі дегеннің бастапқы негізі Э. Сепир мен Б. Уорфтың «лингвистикалық ықтималдылық теориясында қаланған болатын» [97, 122]. Демек, мәдениеттегі өзгерістер тілге әсерін тигізеді, ал тілдегі өзгерістер, ең алдымен оның лексикалық қабатынан сезіледі. Бұл ретте тілдің ішкі заңдылықтарына негізделген жаңа сөз тууы мүмкін, екіншіден, жаңа сөздердің бір тобы бұрыннан тілде бар, бірақ мағынасы күңгірттеніп, қолданыс аясы шектеле түскен сөздердің жаңа мағынаға ие болуынан жасалады. Бұған дәлел – қазақ тіліндегі *жәдігер*, *кәдесый*, *тұсаукесер* сияқты неологизмдер. Бұл – тіл мен мәдениеттің тоғысындағы лингвомәдениеттану, этнолингвистика салалары мен неология байланысының қарапайым дәлелі [100]. Сонымен қатар ұлттық-мәдени танымға ие, ұлттық менталитетті айқындайтын сөздердің семантикасының кеңеюі, жаңғыруы арқылы тілге қайта оралуы, әсіресе ғылым мен техника атауларын беруге сәйкес келуі тілдің сөз байлығының айрықша қабілетті екендігін, сол халықтың ұлттық мәдениетінің жоғары екендігін көрсетеді.

Неология және неография салалары жалпы орта білім беру жүйесінің әдіснамалары мен әдістемелерін жетілдіру бағыттарына да қатысты. Бұл жайттың саяси маңыздылығына айрықша назар аудартамыз. Елбасының «100 нақты қадам» бағдарламасында аталғандай, «мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу» маңызды [11]. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бастысы – білім алушыны қоғамдық-әлеуметтік өмірдің талаптарына толық сәйкес келе алатын белсенді тілдік тұлға ретінде қалыптастыру. Білім беру жүйесінің әдіснамалары мен әдістемесі осы бағытқа шоғырландырылуы тиіс. Осыған байланысты қазақ тілінің лексикасындағы жаңалықтарды қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге байланыстыра отырып білім беру маңызды болып саналады.

Қазақ неологиясы мен неографиясы қазақ тіл білімінің іргелі ғылыми бағыттарына тікелей байланысты. Сондықтан жаңа сөздердің теориясы мен практикасы бойынша ғылымның зерттеу әдіс-тәсілдері семасиология, лексикография, сөзжасам, әлеуметтік лингвистика сияқты маңызды салалардың

зерттеу әдістерінен бастау алады. Өйткені тілдегі жаңа сөздер тілдің барлық деңгейлерін (жүйелік-құрылымдық парадигмасын – фонетика, грамматика, стилистика салаларын) қамтиды.

Қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің зерттелу табиғатына қатысты біздің тарапымыздан мынадай қорытынды жасалған болатын: «Қоғам өміріндегі жаңғырулар, тілдің өз қозғалысы лексикалық құрамды әрдайым жаңа тілдік бірліктермен толықтырып отырады, сондықтан қазақ тілтанымында неология мен неография саласын, әсіресе тілге толассыз енген (және еніп жатқан) жаңа тілдік бірліктердің кодификациялануын теориялық-практикалық тұрғыдан қарқынды дамыту маңызды болып отыр. Осы салалардың кешенді түрде қолға алынуы қазақ сөз мәдениеті, әдеби тіл нормалары, терминология және терминография, аударма және әлеуметтік лингвистика, лексикология мен сөз семантикасы, әдеби тілдің функционалды стильдерінің қазіргі сипаты, орта мектептерде білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жандандыру бағыттарындағы зерттеулерді толықтыратыны, ең бастысы – қазақ неологиясы мен неографиясының қалыптасуына жол ашатыны сөзсіз» [101].

1.3 Жаңа сөздердің қалыптануы: біріздендіру, стандарттау, нормаландыру қайнар көздері

Әдеби тілдің сөздік құрамында пайда болған жаңа сөздердің қалыптануы, бір ізге түсірілуі, стандартталуы мен нормалануында айрықша рөл атқаратын бірнеше арналар бар.

Жаңа сөздердің мағыналық, құрылымдық жағынан елеп-екшеуден өтіп, нормаға айналуы тиіс екендігін танытатын басты қайнаркөз – олардың лексикографиялық еңбектерге тіркелуі. Екіншіден, жаңа сөздердің қалыптануын заңдастыратын салалардың бірі – қазақ тілінде жасалатын заңнамалық құжаттардың мәтіндері. Нормативтік заңнамалық құжаттардың мәтіндері – заң күшіне ие; сондықтан олардың мазмұнын, өкімдік нұсқауларын айқындап, қолданылатын терминдер мен терминдік сөз тіркестері заңнамалық құжаттарды күнделікті еңбек қарым-қатынастарында да (негізінен жазба нұсқаларында, ресми құжаттар мен ресми ісқағаздарында) заң күшімен пайдаланылуы міндетті болып саналады. Қазақстан Республикасының құқық қорғау туралы заңнамалық құжаттарында кездесетін *шегендеу* (демаркация грани), «Білім туралы» Заңында алғаш қолданылған *бейін*, *көпбейінділік*, *бейіналды даярлық*, *бейінді оқыту*, *шағын жинақты мектеп* терминдері мен тіркестердің оқу-ағарту саласына дендеп енуі, қолданыс жиілігінің арта түсуі, осының нәтижесінде берілген жаңа аталымдардың императивті нормаға айнала бастауы бұған дәлел бола алады. Үшіншіден, жаңа сөздердің кодификацияланған және нормаланған қалыпқа айналуына үлес қосатын арналардың бірі – жазба нұсқалар; оның ішінде әсіресе ғылыми-ағарту бағытындағы оқулықтар мен оқу құралдары. Төртіншіден, қазақ масс-медиасының тілі жекелеген жаңа сөздерді өздері ұсынып, жоғары жиілікпен қолданып, нормалануында маңызды рөл атқарады.

Алдыңғы кезеңдердегі сөздіктермен және тұтастай алғанда, бұдан бұрын жасалған лексикографиялық еңбектермен салыстыра қарағанда, соңғы жылдардағы қазақ тілтанымындағы сөздіктердің жалпы сипаттарында өзгешеліктер бар; оларды былайша топтастыруға болады:

- қазіргі кезеңде лексикографиялық сөздіктерді түзудің маңыздылығы тілді корпустық жоспарлау, қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастыру сияқты маңызды салалардың біріне айналып отыр;

- қазақ мәдениетінде сөздіктер жасауда белсенділік бар; ресми емес мәліметтерге қарағанда, соңғы 20-25 жыл ішінде 200-ден астам сөздік жарияланған;

- сөздіктердің типтері сан түрлі сипатта; әсіресе екітілді терминологиялық сөздіктер түзу саны жағынан сөздіктердің басқа түрлерімен салыстырғанда анағұрлым жоғары;

- сөздіктерге қоғам мүшелері мен арнаулы мамандар тарапынан сұраныс артқан;

- сөздіктер ақпараттық-анықтамалық құрал және ресми аударма ісін жүргізудің негізгі құралы ретінде кеңінен пайдаланылады;

- мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл саясатын жүзеге асыру мақсаттарында кейінгі жылдары жарияланған сөздіктер реттеу, түзу қызметтерімен қатар оқу-ағартушылық, мәдениет пен тарих туралы мәліметтерді жинақтаушы және одан хабардар етуші танымдық-кумулятивтік қызметтерді қоса атқарады.

Зерттеудің нысаны мен басты бағытын тұжырымдау мақсаттарында соңғы 25 жыл көлемінде жарияланған нормативті, түсіндірме, екітілді терминологиялық сөздіктердің материалдары іріктелді [102].

Емле және нормативті орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктерде жаңа сөздер нормативті ұстанымға қарай іріктелгендіктен, олар әдеби тілдегі жаңа сөздердің барлық көлемін қамти алмайды және бұл олардың міндеті де емес.

Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының ерекшеліктерін зерделеу мақсатында олардың толық сипатын таныта алатын қалыптандырушы қайнар көздердің негізгілеріне талдау жасай отырып, Мемлекеттік терминологиялық комиссияның, онлайн сөздіктердің және ЖОББЖ-дағы мектеп оқулықтарының қызметіне тоқталамыз (Сурет 3).



Сурет 3 – Жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландырудың негізгі қайнар көздері

Қалыптанудың жалпы сипаттамасы заңдастыру ісін жүргізетін (тұтастай алғанда, тіл саясатын жүзеге асыратын) органдардың заңды, ресми мәртебесіне байланысты. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (әрі қарай – Мемтерминком) 1970 жылдардан бастап жұмыс істейді. Комиссия – «экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша ұсыныстарды әзірлейтін консультациялық кеңес органы; одан талқыланып, әзірленген терминдерді өз мәжілісінде қарап, бекітеді» [103, 97]. Талқылап, бекіту барысында Комиссия қазақ тілінің байырғы лексикалық байлығын термин жасау ісінде сарқа пайдалану міндеттеріне айрықша назар аударады. Комиссияның қазақ тіліндегі терминдерді қазақыландыру, реттеу, бір ізге түсіру бағыттарындағы көлемді жұмыстары айрықша маңызға ие. Комиссия жұмысының статистикалық көрсеткіші мыналарды айғақтайды: 1990 жылы 79 сөз (термин) бекітілсе, 2004 жылы – 399 термин мен терминдік тіркестер, 2006 жылы 865 сөз бен терминдік орамдар бекітілген [104]. Бұл факт қазақ терминологиясын қазақыландыру «төл тілдің байлығын сарқа пайдалану» жолындағы жұмыстың, қоғам мүшелерінің қазақ тіліне деген көзқарастарының бірте-бірте саналылық деңгейіне көтеріле бастағаны ескеріле отырып, бірте-бірте қарқынды сипат алып, кезең-кезеңімен, дәйекті жүргізілгенін көрсетеді. Мемтерминком тарапынан бекітілген терминдер негізінде екітілді – казакша-орысша және орысша-казакша терминологиялық сөздіктің 31 томы жарияланды (2000 және 2014 жылдар), ғылым мен техниканың, экономика мен мәдениеттің 31 саласын қамтитын сөздіктің әрқайсысына 5000-ға жуық термин енгізілген; олардың ауқымды бөлігін төл тілдің мүмкіндіктерімен жасалған терминқор және күнделікті тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени атаулар құрайды.

Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің және ғылыми-техникалық терминдердің нормалануы мен қалыптануы үдерістерін зерделеу мүддесінде біздің тарапымыздан Мемтерминком бекіткен 31 екітілді терминологиялық

сөздіктер қатарынан: 1. Әдебиет және лингвистика; 2. Биология; 3. География; 4. Философия және саясаттану; 5. Педагогика және психология; 6. Мәдениет және өнер; 7. Іс жүргізу және мұрағат ісі; 8. Заң және құқықтану; 9. Әскери іс жинақтарының материалдары зерделенді; басты мақсат – төл тілдің әлеуетін сарқа пайдалану арқылы жасалған жаңа аталымдардың көлемі жөніндегі ақпаратты толық қамту арқылы олардың қалыптану мен нормалану үдерістеріне талдау жасау. Көрсетілген сөздіктерден төл тілдің әлеуеті арқылы жасалған 592 сөз жинақталды. Төл тілдің әлеуеті ретінде: а) байырғы төл сөздердің (жергілікті тіл ерекшеліктері, кәсіби лексика, сирек қолданыстағы сөздер) терминдік ұғымды иеленуі және ә) сөзжасам амалдарымен жасалған жаңа сөздер түсіндіріледі [105].

Үкімет тарапынан бекітілген терминологиялық сөздіктер – аса құнды еңбектер. Бекітілген терминдердің сөздіктер сериясы: а) соңғы ширек ғасыр көлемінде пайда болған, қазақыландырылған ғылыми аталымдарды, басқа да мәдени-тұрмыстық атауларды жинақтау, тұтастай алғанда, терминқорды жасау жағынан маңызды; ә) оларда жинақталған тілдік фактілер қазақ әдеби тілінің коммуникативтік қолданыс аясын кеңейтуге жол ашады; б) ең бастысы – бұл еңбек арқылы қазақ тілінің төл тілдік әлеуетінің барлық мүмкіндіктері айқын көрінеді. Мысалы, синонимдік қатарлардың ұғымдар берудегі саралануы (*пікірсайыс – дискуссия; пікірсарап – рецензия; пікірталас – полемика; пікірталастық – дебасты; реңк – оттенок; рәуиш – нюанс; ақпарат – информация; дерек – данные; мәлімет – сведение*); сөзжасам мүмкіндіктерінің жаңа аталымдар жасауда сарқа, кеңінен пайдаланылуы (*ұсыным – рекомендация; әріпсан – индекс; базақөрсеткі – преискуронт; қолдаухат – ходатайство; бітімгер – миротворец; дәлбедер – муляж; деректеме – реквизит; жөнелтпе құжат – накладная; емдәм – диета; тізімдік – табель*).

Мемтерминком бекіткен терминологиялық сөздіктерде тізбеленген жаңа атаулардың «бет-бейнесіне», әдетте, «дұрыс / дұрыс емес»; «орынды / орынсыз» позициясынан жан-жақты бағалаулар жүргізілмейді; олар заңды факт ретінде қабылданады; бірқатары ауызекі әдеби тілде қолданыла бастайды; бірақ олардың басым көпшілігі жазба тілде (ғылыми, оқу-ағарту, саяси-мәдени, іс қағаздарын жүргізу салаларында) көрініс табады. Тіл саясатын жүзеге асыратын органдар тарапынан қазақ тілінде сөйлеушілердің коммуникативтік актісіне жаңа атаулар мен терминдерді енгізу, оларды иландыру, жаңа сөздерді насихаттау бойынша іс-шаралар жүргізілмейді. Жаңа сөздер мен терминдердің мақсатты стильдердің әр тармақтарында қолданыс жиілігінің артуы, жаңа атауларды іріктеп қолдану үдерісі, сөйтіп, олардың танымал сөзге (тілдік нормаға) айналуы стихиялы түрде жүзеге асады деп бағалауға болады.

Жаңа сөздердің қалыптану және нормалану үдерістері барысында қоғам мүшелерінің әр бағыттағы көзқарастары, «қабылдаймын / қабылдамаймын» позициялары, әртүрлі уәждемелерді негіз ете отырып, әртүрлі дәрежеде бағалауы да – заңды құбылыс.

Тілдің қалыптануының ең жоғары деңгейі қазақ тілі үшін аса қажет және бұл – өзекті проблема. «Тілдің қалыптануы – тілдің нормаға сәйкестігінің

деңгейі. Мемлекеттік тілдің нормалылық дәрежесі төмен деңгейде болса, онда тілдің мемлекеттік басқару, білім, ғылым салаларындағы, Қарулы Күштерде қолданылу қызметі аясының тарылуына апарып соқтыратын қолайсыз жағдайлар қалыптасады» [15, 298]. Қазақ тіліне қатысты норма, қалыптану және олардың верификациясы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тиімділігін оң бағалауға, қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне толық мүмкіндіктер бар екендігін дәлелдеуге, сондай-ақ тілдің өміршеңдігі мен тіл динамикасындағы басты бағыттардың дұрыс жүзеге асырылып келе жатқандығына толық дәлел бола алады.

Мемтерминком тарапынан бекітілген терминдер, жаңа ғылыми аталымдар нормаланған немесе нормалануы тиіс, яки болмаса нормалануға бейім тілдегі жаңалықтар деп, сондай-ақ олар кодификацияланған деп танылуы тиіс. Бірақ қазақстандық қоғамның қазіргі жағдайында бекітілген жаңа ғылыми аталымдардың, әлеуметтік, тұрмыстық, саяси, мәдени жаңа сөздердің көпшілігі жазба нұсқаларда, әлеуметтік-саяси мазмұндағы мәтіндерде, ғылыми, оқу-ағарту әдебиетінде жазба тілдің көрінісі ретінде ғана қалып отыр. Жүргізілген сауалнама қорытындылары мектеп оқулықтарында кездесетін *кеппешөп* / *кеппеөсімдік*, *бытыранық*, *жасунық*, *сызбанұсқа*, *тамишуыр*, *гүлшоғыр*, *кеппешөп*, *үлескі* сияқты жаңа сөздер – терминдер белгілі бір коммуникативтік ортада – сабақ барысында ақпарат алмасу, өз ойын жеткізу барысында ғана қолданылатындығын көрсетті. Бұл – коммуникативтік ортаның шектеулі көрінісі. Адамның сөйлеу-ойлау әрекеті және осы әрекеттің барлық коммуникативтік-прагматикалық сипаттары, жеке адамның эмоциялық жай-күйі, білім-зияткерлігі көрінетін орта – бейресми мазмұнда коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу (мәселен, сабақтан тыс уақытта ақпарат алмасу, коммуникативтік қарым-қатынас жасау) кезінде анық байқалады. Сауалнама арқылы мектеп оқушыларының сабақтан бос уақыттарындағы коммуникативтік әрекетте тілдердің араласуы, дербес қостілділік (яғни жеке адамның өз біліміне қарай тілдерді араластыра сөйлеуі), бұқаралық қостілділік (бірнеше тілді білудің және пайдаланудың қоғам мүшелерінің көпшілігіне тән болуы) фактілерінің әсері жоғары екендігі анықталды.

Жоғарыда көрсетілген ғылым салалары бойынша Мемтерминком бекіткен екітілді терминологиялық сөздіктерде *аңдатпа* (аннотация), *бейнежазба* (видеозапись), *жазылым сөздігі* (орфографический словарь), *бедербелгі* (литера), *бетбелгі* (закладка), *үналғы* (микрофон), *қысқажазба* (заметка), *құндақ* (кассета), *іс жаршы* (бюллетень), *бейнекөрім* (видео), *бейнеқұлаққағыс* (видеоанонс), *дәуірнама* (эпопея), *епелек* (шайба), *жалаңғат* (голография), *жапсырыс* (склейка), *жауһар* (шедевр), *жебелек* (парик), *күлән* (папирус), *мұрағат* (архив), *мұрағият* (идеал), *міскін* (муляж), *тобырқай* (массовка), *торғын* (вуаль), *торлам* (ажур), *төлнақыш* (автогравюра), *төл сымбат* (автопортрет), *туындыгер* (автор), *жосық* (этюд) сияқты көптеген сөздер тізбеленген.

Берілген лексемалардың көпшілігі сөздік ауқымында ғана сақталып отыр; оның бірнеше себептері бар:

1. Тілдік норманың бір белгісі бұрыннан орныққан, дәстүрлілік сақталған, коммуникативтік актіде пайдаланылатын, барынша тұрақты тілдік бірлік болуы, демек, қазақ әдеби тілінің қазіргі қолданысы үшін *автор, бюллетень, орфографиялық сөздік, шайба, эпопея* сияқты тілдік бірліктер норма болып табылады;

2. *Епелек, жалаңғат, жебелек, күлән, құндақ, жосық* типтес жаңа сөздер семантикалық компоненттері жағынан айқын мағынаны, терминдердің ұғымдық аппаратын танытуға әлсіз;

3. *Міскін, тобырқай* сөздері семантикалық тұрғыдан айқын еместігімен қатар тілдік бірліктердің нормалануының эстетикалық ұстанымына сәйкес келмейді. Түсіндірме сөздікте *міскін* «бейшара, ғарып-қасер» деген мағынамен анықталады [96, VII, 303]. Өнер саласында белгілі бір топ көлемінде қатысатын адамдар жиыны үшін алынған *тобырқай* сөзі түсіндірме сөздікке енгізілмеген; ал *тобыр* лексемасы арқылы «топталып жиналған қарапайым халық, қалың топ» мағынасы ұғындырылады [96, IX, 154].

4. Тағы бір топ сөздердің (*аңдатпа, бейнежазба, мұрағат*) жазба нұсқаларда қолданылу белгілері бар.

Дегенмен Мемтерминком бекіткен жаңа тілдік бірліктердің қалыптануы мен нормалануында қазақ тіліндегі масс-медиа, шығармашылық жұмыстары, ғылыми және оқу-ағарту салалары саналы және сындарлы, объективті түрде атсалысып келеді. Сондықтан: а) ұсынылған және заңдастырылған жаңа сөздерге, әсіресе соңғы онжылдықта саналы, сұрыптау көзқарастарының қалыптасуы; ә) оларды тілге енгізуде, қолдануда жазба нұсқалар мен бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді және саналы қызметі; б) жаңа сөздердің коммуникативтік құндылығы мен қажеттілігін түсінудегі қоғам мүшелерінің объективті позициясының айқын қалыптаса бастауы тілдің қалыптануының жоғары деңгейін таныта алады.

Мемтерминком бекіткен жаңа сөздердің кейбіреулерінің әлі де болса тіл практикасының айналымына түспеуіне байланысты мынадай жайттарға қысқаша тоқталуға туралы келеді. Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы қазіргі қоғам мүшелерінің мүдделері мен сұраныстарына сәйкес келуі тиіс. Осы тұрғыдан қарағанда, Мемтерминком ұсынған жаңа сөздер мен ғылыми терминдердің бірқатарының әлі де болса қолданысқа түспеуінің мынадай объективті себептері бар:

- біріншіден, көптілді коммуникативтік кеңістікте ресми тілдің коммуникативтік актіде әлі де болса басым қызмет атқаруы;

- екіншіден, бекітілген, сондай-ақ функционалдық стильдер арқылы ұсынылған жаңа сөздердің кейбірінің бәсең қолданысқа түсуі олардың ұлттық-мәдени болмысқа сәйкес келе бермейтіндігіне және ішкі мағынасының айқын еместігіне байланысты. Белгілі бір ұғым-түсінік зат атауы ретінде ұсынылған терминнің мағынасының мазмұны осы ұғым-түсініктер, олардың айқын сипаттамасы, образды-эмоционалды белгілері туралы толық мәлімет бере алмайды. Жоғарыдағы мысалдар бұған дәлел бола алады. Сонымен қатар *құндақ (кассета), өңірбет (форзац), өрнекбас (заставка), тыныке (эмаль)*

сияқты сөздердің мағыналық мазмұнында заттар мен ұғымдар тобына тікелей референциалды немесе коннотативті байланыс жоқ.

- үшіншіден, *мәнзара* (панорама), *туысжақия* (клан), *кермал түс* (контрастность), *қандел* (люстра), *мұрагият* (идеал), *сәндеме* (декорация), *мұкаммал* (инвентарь), *өжіре* (подвал), *торлам* (ажур), *әйкел* (кулон), *бүктеме* (буклет) сияқты сөздер референциалды және номинативті мағынасы жағынан белгілі бір ұғымдарға сәйкес келуі мүмкін болғанымен, қолданысқа түспеуіне себеп болып тұрған жағдай олардың қазіргі актуалды өнімді лексика қатарында жоқ екендігі қоғам мүшелерін орыс тіліндегі баламасын қолдануға итермелейді. Осылар типтес сөздердің қалыптануына кедергі болатын факторлардың бір парасы осы.

Мемтерминком бекіткен қазақыландырылған терминдердің, басқа жазба нұсқаларда пайда болған жаңа сөздердің қалыптану үдерістерін және нормалану жолындағы бағыттарды көрсететін маңызды жайттардың бірі – жаңа сөздердің қатарындағы варианттылық.

Тілдегі жаңалықтар және варианттылық ұғымын бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды. **Варианттылық** – тілдік норма проблемаларының логикалық негіздемелерінің бірі. Өйткені тіл динамикасы қарқынды даму жағдайында болғанда варианттылық құбылысы міндетті түрде болады. Қоғам дамуының екпінімен бір ұғым-түсінік үшін бірнеше атаулардың пайда болуы – тілдің нақты тарихи құбылыс ретіндегі табиғи жай-күйі. Бұл – тілдің объективті дамуының көрінісі; тілдің дамуына мәдени-тарихи сипаттардың әсерінің белгісі.

Жаңа сөздердің варианттылық көрінісі – жаңа сөздердің қалыптану үдерістерінің басты белгісі. Жоғарыда аталған Мемтерминком бекіткен сөздіктер жинақтарынан зерттеу бағытына сәйкес 700-ден астам вариант қатарлар (барлығы 2000-ға жуық тілдік бірлік) жинақталды. Вариант қатарлар негізінен: а) байырғы сөздің семантикалық мағынасының кеңеюі; ә) сөзжасам тәсілдерінің игерілуі; б) шеттілдік терминнің қатар берілуі арқылы жасалған.

Мысалы, әдебиет пен лингвистика, философия мен саясаттану, мәдениет пен өнер салалары бойынша Мемтерминком бекіткен екітілді терминологиялық сөздіктерде *аға редактор* / *аға саратшы* (редактор); *айдар* (рубрика); *астар* / *өңірбет* (форзатц); *әдептану* / *этика*; *бағам* / *нікірсарап* (рецензия); *бірлескен автор* / *бірлескен туындыгер* / *қосалқы автор*; *дауыс зорайтқыш* / *үнзорайтқыш* (мегафон); *дәйексөз* / *дәйектеме* / *ой үзігі* (цитата); *дерексіздік* / *бейдерек* (абстракция); *мұрагият* / *мұрат* (идеал); *рұқсаттама* / *бұрыштама* (виза); *теңгерім* / *теңдестік* (баланс); *құлпырма* / *қандел* (люстра); *өндірім* / *өнімділік* (выработка) типтес сан алуан жарыспа сөздер кездеседі.

Ісқағаздары мен мұрағат ісі бойынша екітілді терминологиялық сөздікте *алап* / *жиым* / *үйім* (массив); *бетбағыт* / *беталыс* (тенденция); *букет* / *гүлшоқ* (букет); *зияпат* / *банкет* (банкет); *келемежсурет* / *карикатура* (карикатура); *кондиционер* / *қалаулеп* (кондиционер); *контакт* / *түйісу* / *қарым-қатынас* (контакт), *қанатбелгі* / *құсбелгі* (галочка); *қолхат* / *тілхат* (расписка); *масштаб* / *ауқым* (масштаб), *мүшелтой* / *мерейтой* (юбилей); *нысан* / *қалып*

(форма), *парламентер* / *бітімгер* (парламентар); *ретсан* / *бағансан* (колонцифр); *стаж* / *өтіл* (*стаж*); *санкция* / *ықпалшара* (санкция); *түпнегіз* / *түпдерек* (первоисточник); *учаске* / *телім* (участок); *үзіксызық* / *көпноқат* (пунктир), *ілікпе сөз* / *реплика* (реплика) типтес 42 вариант қатар тіркелген. Сөздік лұғатында осылайша сипаттардың болуы, әсіресе өзгетілдік атаулармен қатар төлтілдік ресурстармен жасалған жаңа тілдік бірліктердің орын алуы, біріншіден, қоғамдағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының бірте-бірте, сыналана жүзеге асырылу бағытын көрсетеді (өзгетілдік терминнің қатар тұруы қазақша баламаны бір жағынан түсіндіреді; екіншіден, жаңа тілдік бірліктерді пуристік элемент деп ұғынатын сыңаржақ көзқарастың пайда болуына кедергі туғызады); екіншіден, диспозитивті норманың еркіндік беруінің негізінде стильдік, тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктерге қарай қатарлардың бірін таңдауға мүмкіндіктер жасалады. Мысалы, *массив* термині үшін берілген қатарларды *құжаттар үйімі* (массив документов), *тұрғынұй алабы* (жилой массив), *ақпарат жиымы* (массив информации) түрінде анықтап қолдануға болатындығы сөздікте көрсетілген. Диспозитивті норма үлгілері тілдік екшеуден – уақыт кеңістігі, функционалды қолдану кеңістігі, жиілік дәрежесі арқылы саралаудан өтіп, императивті нормаға айналады.

Бірақ варианттылыққа байланысты нормалану мен қалыптану үшін варианттардың біреуі ғана қолданыста болуы керек деген пікірлер де бар. Нақты айтқанда, мәселен, *отансүйгіш* / *отаншыл* / *ұлтжанды* / *патриот*; *тәртіптеме* / *жөнелтпе құжат* (накладная); *жарқағаз* / *афиша*; *идара* / *ведомство* типтес жарыспа қатарлардың бірі нормаға айналуы керек. Бұл – заңды және дұрыс жайт. Бірақ олардың біреуі ғана нормаға айналуы үшін төмендегідей факторлар, іс-әрекеттер жүргізіледі:

а) варианттардың бірін тілдің өз қолданыс практикасы (әсіресе жазу практикасы) екшеп, іріктеп алады;

ә) вариант қатарлардың барлығы да функционалдық стильдерге қарай орналасуы мүмкін;

б) тіл теориясы арқылы вариант қатарлардың әрқайсысының нормалану әлеуеті мен қабілеті (немесе қабілетті еместігі) дәлелденуі керек.

Вариант қатарлардың қалыптану үдерісіне байланысты Мемтерминкомның өзінің мойындайтын пікірлері де бар: «...2004 жылғы сөздікте пайдаланушыны жаңылыстыратын бірқатар жайттар бар деуге болады. мысалы, *критирий* – *өлшем* делінсе, *критерий истины* – *ақиқат критерийі* деп, *фланг* (*әскери*) дегенді *фланг*, *қанат*, *қаптал* деп беру ағаттықтар болып табылады» [106, 4]. Мына мәселеге назар аудартамыз: біріншіден, варианттылық жаңа сөздердің қатарында міндетті түрде болады; екіншіден, нормативті сөздіктерде әсіресе заң жүзінде ұсынылып, «бекітілген» деп көрсетілетін терминдер тізбесінде вариант қатарлар ұсынылған жағдайда лингвистикалық талап бойынша жарыспа нұсқалардың әдеби тілге бейімделе бастаған немесе ұсынушылар тарапынан «әдеби норма болуға лайықты»; «әдеби норма болу үшін семантикасы, құрылымы жағынан сенімді» деп танылған нұсқа бірінші тұру керек. Сөз болып отырған еңбекте бекітілген атаулардың нормативті сипаты

кей реттерде дәл көрсетіле қоймаған. Мысалы, *күнтізбе / күнпарақ (календарь); санкция / ықпалшара (санкция)* жарыспа қатары 2000 жылы вариант ретінде берілген; олардың біріншісі қазір әдеби тілде нормаланған. Бұл жайт әдеби норманың қағидаларына сәйкес келеді. Ал *бетбағыт / беталыс / үрдіс (тенденция), бұқырлау / дәрілеу (дизинфекция), қанатбелгі / құсбелгі (галочка), профиль / бейін (профиль), стаж / өтіл (стаж)* қатарларында қағида бойынша біріншісі норма деп танылуға тиіс, бірақ қазіргі әдеби тілдің жазба практикасы аталғандардың кейін орналасқандарын (*үрдіс, дәрілеу, құсбелгі, бейін, өтіл*) әдеби нормаға айналдырды.

Сөз қоғамдық және әлеуметтік құбылыс деп танылатыны белгілі. Жаңа сөздерге де осындай белгілер тән; жеке адамның шығармашылығының жемісі бола отырып, жаңа сөз қабылдаушы адамға түсіндіруді, түсініктеме жасауды қажет етпеуі тиіс. Әрбір жаңа сөз М. Хайдеггердің пікірінше, адамның менталитетіне әсер ететіндей болуы керек, адам тілде сөйлемейді, керісінше тіл адам арқылы сөйлеуі тиіс [107, 12]. Түсіндірме беру – жалпытілдік және ғылыми-практикалық акт, ол сөздіктердің кейбір типтерінде, ғылыми-ағарту әдебиетінде әртүрлі амал-жолдармен жүзеге асырылады. Түсіндірудің, түсініктеме жасаудың ең қарапайым тәсілі – қабылдаушы адамның бірінші тілі болып саналатын тілге аударма жасау, ал бұл тәсіл спонтанды коммуникативтік акт барысында барлық уақытта да мүмкін бола бермейді және тілдердің араласуы факторын туындатады. Сондықтан жаңа сөзді қолдану үшін қабылдаушы адам оның барлық ерекшеліктерін, ұғымдық мазмұнын өзі түсіне алатындай, эстетикалық тұрғыдан жағымды деп танитындай болуы керек. Өйткені жаңа сөз жекелеген адамдардың шығармашылығы арқылы жасалғанымен, қоғамдық білімді қамтиды. Жаңа сөз ұсынудың міндеті қабылдаушы адам осы сөз арқылы ақпаратты кедергісіз алуы керек. Сонда ғана қабылдаушы адам жаңа сөз жасаған субъектінің қызметіне белсене қатыса алады, басқаша айтқанда, жаңа сөзді қолданады. Бұл айтылғандар жоғарыда көрсетілген фактілердің қатарындағы 2 және 3-інші тармақтың себептерін анықтай түседі.

Бір топ сөздердің (*аңдатпа, бейнежазба, мұрағат*) жазба нұсқаларда көрініс табуының және нормалана түсуінің себептеріне тоқталсақ, олардың бірте-бірте ғылыми әдебиетте, масс-медиа құралдарында жазбаша орнығудан басталғанын атап өтеміз. Бұл арада жаңа сөздердің қолданыс жиілігі біршама жоғары деп бағалауға болады. Ал сөздердің қолданыс жиілігі – маңызды фактор; мәселен, *сынып, мәтін* тәрізді сөздер сыни, түсіндіру, дәлелдеу мақсаттарындағы біршама талқылауға түскейімен, нормаланған тілдік бірліктердің қатарында деп есептеуге болады; бұған аталған терминдердің белгілі бір коммуникативтік ортада (негізінен жалпы орта білім беру жүйесі салаларында – жазбаша және ауызша түрде) стихиялы және автоматты түрдегі қолданыс жиілігінің артуы себепкер болған. Соңғы терминдердің нормативті-орфографиялық сөздікке енгізілуі олардың нормалы сипатының бекітілгенін көрсетеді.

Жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптануы үшін олардың орфографиялық сөздікке енгізілуі маңызды рөл атқарады. Бірақ тіл динамикасындағы қарқынды өзгерістерге сәйкес емле сөздігінің өзі зерттеуші В. Гак көрсететіндей сөздің тілдегі тағдырын алдын ала анықтай бермейді [91]. Мысалы, қазақ емле сөздігіне тіркелген *демеуқаржы*, *зияткер*, *гүлдесте*, *ғаламшар*, *дәмдеуіш*, *кежеуіл*, *айғақкер*, *айдауыл* дегендерді бірізділендірудің жоғарғы сатысында тұр деп танимыз. Сондай-ақ осы сөздікке енгізілген *дәрумай*, *жасынтас* (*метеорит*), *жауапнама*, *жөнеу қағаз*, *дәружай*, *дәріқорап* (*аптечка*), *бағытшам*, *жолсызба*, *жолсілтеме*, *жөнелтілім* тәрізділердің нормалану мүмкіндігі бар. Ал емле сөздігінде орын алған *ақлақ* (*мораль*), *бейақлақ* (*аморальный*), *барұңғар* (*эск.*), *бесікпеш*, *жаратылымдық*, *дәтнама*, *әсемсал* (*сковзняк*), *әлемият*, *әкемият* тәрізді сөздер норма дәрежесіне көтерілуі үшін терең талдауды және дәйектеуді қажет етеді.

Қазіргі кезде қоғам мүшелерінің кеңінен пайдаланып отырған қайнар көздің бірі – қазақша-орысша орысша-қазақша онлайн сөздік (sozdik.kz). Бұл сөздік – қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамында соңғы 25 жыл көлемінде пайда болған жаңа сөздерді тіркеу, олардың пайда болуының мерзімін шамамен белгілеу, құрылымдық ерекшеліктерін танып-білу, қалыптана және нормалана бастаған тілдік бірліктерді ажырату, тұтастай алғанда жаңа сөздер туралы дер кезіндегі мағлұмат беру жағынан аса маңызды сала, лексикографиялық еңбектердің ауқымды түрі.

Қазіргі ақпараттық технология құралдарында «sozdik.kz» деген атпен орысша-қазақша және қазақша-орысша онлайн сөздік орналастырылған [108]. Мәліметтерді жинақтаудың, сақтаудың, басқару мен өндеудің технологиясы болып саналатын, адамдардың еңбегін тиімді ұйымдастыруға, өзара қарым-қатынасты жеңілдетуге бағытталған бұл сала қазақ тілі мен мәдениетін таныту мен дамыту, қазақ тілін өз бетінше үйрену, аударма арқылы ісқағаздарының қазақ тілінде шапшаң жүзеге асырылуы үшін аса оңтайлы жол ретінде танылып келеді.

Онлайн сөздіктің лексикографиялық жүйе ретінде және пайдаланушыға ақпараттық материал бере алатын қайнаркөз ретінде, сондай-ақ қазақ тілін оқып-үйрену, сауатты аударма жасау бағытында да маңызды құрал екендігін атап өту қажет. Өйткені әлемдегі дамыған елдердің барлығында да дерлік электронды және онлайн жүйесіндегі аударма сөздік, біртүрлі түсіндірме сөздік үлкен сұранысқа ие. Мысалы, түркологияда, оның ішінде бір ғана татар тілінде, зерттеуші Г.Р. Чумаринаның көрсетуінше, «[berenche on-line tatarcha-ruscha su'zlek](http://berenche.on-line.tatarcha-ruscha.su/zlek)» (<http://www.suzlek.ru/>), Татарско-русский онлайн словарь (www.tatar.com.ru/tat-rus.php), Онлайн словарь татарского языка tatsoft (<http://tatsoft.biz/vocabulary/translate>) Татарско-русский словарь новых слов и новых значений (www.chelny.su/down/file_75/) деп аталатын құралдар бар [109].

Электронды сөздік түзудің практикалық жағына теориялық тұрғыдан баға беруге арналған ғылыми тұжырымдар да жетерлік. Олардың қатарында R. Blain, B. Bougaraev, P. Bouillon, E.J. Briscoe, R.J. Byrd, N. Calzolari, M. Chodorow, K.W. Church, A. Clas, L. Clause, J. Clear, J. Dancette, Ch. Dupriez,

D. Dutoit, J-L. Ferre, W.N. Francis, F. Gruhier, R.K.K. Hartmann, G. Hatherall, P. Hanks, T. Heth, M. Kay, P. Longuet, W. Meijs, J-F. Mostert, E. Picchi, J.A.N. Potet сияқты шетелдік авторлардың зерттеулерін атауға болады. Орыс тіл білімі мен түркологияда бұл мәселе төнірегінде ғылыми тұжырымдар жасап, практикалық және теориялық ұсыныстар айтқан ғалымдар еңбектері де бар (Л.Л. Нелюбин, Г.Р. Чумарина, И.Н. Ларченков, В.Д. Табанакова, М.А. Ковязина, В.В. Куканова, Е.В. Бембеев және т.б.).

Зерттеушілер электронды сөздіктердің негізгі артықшылықтары (әрине, оларды тасқа басылған «қағаз жүзіндегі» лексикографиялық еңбектермен салыстырады) мыналар деп есептейді: *көп функциялы болуы* – мысалы, сөздіктен жеке сөзбен қатар қосымшалардың қызметі, сөз таптары туралы мәлімет алуға болады; *өзектілігі және динамикалығы* – ақпаратты жаңартып, өзгертіп отыруға болады; *мультимедиа құралдарының қолданылуы*, яғни электронды сөздіктерде сөздердің айтылуын беруге болады, суреттер, анимация, бейнематериалдар, графикалық құралдар пайдаланылады; *сөздік қордың ауқымды көлемде болуы* – бұл артықшылықты көрсетушілер электронды сөздіктерде сөз «қағаз жүзіндегі» сөздіктермен салыстырғанда анағұрлым көп деген пікір білдіреді; *амбебаптығы* – бірнеше электронды сөздіктерді қатар пайдаланып отыруға болады; *сөзді іздеудің ыңғайлылығы* – сөздің бастапқы әріптерінен-ақ қажетті мағлұматты тез алуға мүмкіндік бар [109; 110; 111]; *сөздік қорды молайтуға мүмкіндіктердің болуы*, яғни пайдаланушы жеке адам өз тарапынан сөз қоса алады, қателерді жөндейді, басқа да түзетулер енгізеді [109].

Л.В. Щерба, Ю.Д. Апресян, В.В. Морковкин сияқты ғалымдар көрсететініндей, лексикографиялық еңбектердің, оның ішінде түсіндірме және екітілді сөздіктердің басты функцияларының бірі – бір тілдегі сөз глоссарийлерін жинақтаумен қатар нормативті сипатта болуы, қоғам мүшелерінің білім деңгейі мен сөйлеу мәдениетін жоғарылатуға үлес қосуы [112; 113; 114]. Бұл тұжырымдардың негізінде лексикографиялық еңбектің қай түрінде болса да кодификациялау міндеті – бір тілге қатысты нормалық талаптарды, заңдылықтарды жүйелей отырып, осыны басшылыққа алу деген қорытынды қалыптасады. Бұл әсіресе қазақ тіліндегі лексикалық инновациялардың кодификациялану және нормалану үдерісі жүрін жатқан қазіргі жағдайда аса маңызды.

Зерттеуші М. Малбақовтың пікірінше, «тіл дамып, өзгерген сайын оның нормалары да өзгереді. Оның үстіне тілдік ортада болатын алуан түрлі сапалық өзгерістер тілдік нормаларға өте қатты әсер етеді» [115, 74].

Нормалану және кодификациялану үдерісі ең алдымен лексикографиялық еңбектерде берілетін жаңа сөздерге тікелей қатысты. Осы себепті «sozdik.kz» версиясы материалдарынан 2000-ға жуық жаңа сөз, оның ішінде зат, мамандық, кәсіп, ұғым, құбылыс атауларын білдіретін номинатив аталымдар, заң, экономика салаларына қатысты, мәдениет пен әлеуметтік мазмұндағы терминдер, сондай-ақ ішінара биология, жануартану, физикалық география, астрономия атаулары (жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздердің

оқытылып-үйретілуі, меңгерілуі дәрежесін анықтау мақсатында), күнделікті тұрмыстық атаулар іріктеліп алынды. Оларды іріктеуге негіз болған факторлар – жоғарыда аталған салаларға қатысты атауларды қазақыландыру үдерісінің тіл саясатына байланысты жүзеге асырылып жатқандығы, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мақсатында жекелеген тұрмыстық атаулар мен басқа да зат, ұғым атауларының қазақша баламасының қалыптаса бастағандығы және ұсынылатындығы. Осылардың электронды сөздікте қалайша берілгендігі және олардың нормалану мен кодификациялану үдерісіне үлесі мен әсері қарастыруды қажет етіп отыр, өйткені қалай болғанда да электронды сөздіктер нормаландыруды басшылыққа алатын лексикографиялық еңбектердің бір түрі болып саналады.

Онлайн сөздіктегі лексикалық инновацияларды жинақтау барысында мынадай жайттар анықталды:

- «sozdik.kz» версиясы материалдарына қазіргі қазақ әдеби тіліндегі орфографиялық, түсіпдірме, екітілді сөздіктерге енгізілген, Мемтерминком тарапынан бекітілген терминдер тіркелген;

- электронды сөздіктерде «қағаз» түріндегі лексикографиялық еңбектерде берілмеген, яки орысша баламасы көрсетілген сөздердің қазақша вариантын ұсыну басым; мысалы, *құлақтандырма* (анонс), *тапсырыскер* (клиент); *талдампаз* (аналитик); *тәлімбақ* (питомник); *әрлем* / *әрлендірме* / *әрленім* (дизайн); *кепілақы* / *кепілақша* / *кепілберіс* / *кепілдеме* / *қардар* (задаток); *кепілгер* (гарант); *телнұсқа* (дубликат); *бітеме* / *дайындама* (задел); басқаша айтқанда, сөздіктің лұғатын қазақыландыру үдерісі басшылыққа алынған;

- бір аталым үшін екі немесе одан да көп варианттар ұсынылған; мысалы, *егей* / *жақтаушы* / *жебеуші* / *жоқшы* / *ие* / *қамқор* / *қамқоршы* / *қолдаушы* / *қорғаушы* / *саруар* / *сүйреуші* (покровитель); *жазакешім* / *кеңшілік* / *кешірім* / *рақымшылық жасау* (амнистия); *уатқыш* / *ұнтақтағыш* / *ұнтағыш* (дробилка), *жаратылыстану* / *табиғаттану* (естествознание); *сілікпе* / *тоңба* (желе); *басытқы* / *дәмтатым* / *жеңіл тамақ* / *шайнама* (закуска); *баяндама хат* / *баяндау жазбахат* / *баяндау хат* (докладная записка); *жеңілгек* / *ілемек* (запонка); *бөгеліс* / *кептеліс* / *тоқталыс* / *іркіліс* (затор); *көзқалқан* / *көзқап* / *көз қалтқы* (наглазник) және т.б.;

- сөздікті қазақ тілінің сөзжасам заңдылықтарының мүмкіндіктері толық ескерілген: мысалы, *әрленім* (дизайн), *дәлелдеме* (аргументация), *безбендеме* (баланс); *тәртіптеме* (режим); *ақшалай жабдықтылым* (денежное довольствие); *бұрандама* (заклепка); *бетбелгі* / *белгі бау* (закладка); *орамахат* (бандероль); *жүгіргіш* (бегунок); *желекжол* (бульвар); *жасаяужол* (тротуар); *бітеугүл* (бутон); *рұқсатнама* (виза); *жарқылдақ* (вспышка); *өндірім* (выработка); *мадақтама* (грамота); *емдәм* (диета); *темірқашау* (зубило); *деректеметану* / *деректану* (источниковедение); *мөлшерлеуіш* (дозатор) және т.б.; яғни жаңа жасалым жасау үдерістерінде белсенді деп танылатын қосымшалардың барлығы да дерлік (-ым; -ма; -қыш, -уыш; -нама; -тану; (варианттарымен бірге), сондай-ақ -хат, -жол, -жай, -бау, -гүл сияқты жаңа сөз

тудыруда сөз-форма дәрежесінде қолданылатындар, сөз біріктіру мен сөз тіркестіру амалдары кеңінен жүзеге асырылған;

- жаңа сөздердің емлесіне қатысты бірізділік жоқ, бұл әсіресе біріккен сөздерді жазуда көбірек байқалады;

- басқа тілдердегі ұғым-түсініктер мен зат-бұйым атауларын беруде «қағаз» жүзіндегі нормативті лексикографиялық еңбектерге енгізілмеген, бірі сирек қолданыстағы, енді бірі жергілікті тіл ерекшеліктері болуы мүмкін сөздер берілген; мысалы, *дәргей (прерогатива), идара (ведомство), ептеи, қарсап (анфас), кеуіт (бюст), кеуіт сомдау (лепка бюста); кәжсең (дождевик); епелек (заклепка); қиып (квитанция); жолжүк қиыбы (багажная квитанция); үймерет (коттедж); епелек (заклепка); сұлбі (модель); модель машины → машинаның сұлбісі; ағлақ / ағлақиман (мораль); түпқойма; тығырық; үйкек (подставка); мәнзара (панорама); тоғанак (упаковка);*

- ғылыми терминдердің қазақша баламасы берілгенімен, сөз тіркесі құрамында ғылыми ұғым ретінде өзге тілдік атау алынған: Мысалы, *сәулет өнері, сәулет академиясы*, бірақ «*строгая архитектура многоэтажных зданий*» деген құрылым «*ғимараттардың архитектурасы*»; *саяжол / серуенкөше*, бірақ «*акациялы кең аллея*»; *шипажай*, бірақ «*жалпы түрдегі санаторий*»; *құлтемір*, бірақ «*өнеркәсіптік роботтар*».

Лексикалық норма мағынасы немесе формасы өзара жақын сөздердің қатарынан нақты бір лексеманы дұрыс таңдауды, сөздің әдеби тілдегі мағынасын дұрыс қолдануды, белгілі бір коммуникативтік жағдаятта сөзді тіркес құрамында дұрыс пайдалануды білдіретіні белгілі. Бұл туралы академик Р. Сыздық былай деп жазады: «Сөздердің жаңа лексикалық бірліктер ретінде тілге енуі үшін әдеби норманың өлшем-межелеріне (критерийлеріне) сай келуін күту керек болады, яғни бұларды көпшіліктің дұрыс деп тануы, нормативтік сөздіктерге тіркелуі, жарыспалылықтан арылуы қажет» [29, 117-118].

Ал осындай белгілер түсіндірме, орфографиялық, терминологиялық сөздіктер мен басқа да анықтамалықтарда нақты көрініс табуы тиіс, сонда ғана лексикографиялық еңбектер өзінің басты міндеттерін – бір тілдің сөздік қорын жинақтап көрсетумен қатар білім беру, сауаттылыққа, сөйлеу мәдениетіне үйрету, сөйлеу барысында белгілі бір дағдыларды қалыптастыру, аударма жасау ісін жетілдіру міндеттерін толық атқара алады.

Лексикалық құрамның әлеуметтік өмірмен тығыз байланыста болуы, ұлттық тілдің сөздік құрамының қарқынды өзгеріп отыруы нәтижесінде лексикалық норма тілдің басқа нормаларымен (орфоэпиялық, грамматикалық, акцентологиялық) салыстыра қарағанда, соншалықты императивті емес, басқаша айтқанда, қолданыс барысында соншалықты міндеттілікті жүктемейді. Сөз коммуникативтік жағдаятқа, стильдер ерекшеліктеріне, жеке тұлғаның авторлық қолданысына қарай әрқилы пайдаланылады, бұл әсіресе тіркестер құрамында анық көрінеді. Лексика тілден тысқары тұрған ақиқат шындықты бейнелейді, ол қоғамдағы, қоғамдық және еңбек қарым-қатынастарындағы, қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік оқиғалардағы даму сипаттарына қарай тез

өзгеріп отырады. Жана сөздердің пайда болуы осыларға тікелей тәуелді. Осындай ерекшеліктер сөздіктердің қай түрінде болса да қамтылуы тиіс.

Электронды сөздіктердің «sozdik.kz» версиясында лексикалық параметрлер мен функционалды вариативтілік еркін қолданылған; бұл, әрине, сөздіктің осы түрінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. «Sozdik.kz» версиясының авторы әрбір пайдаланушы бола алады. Ал әрбір жеке адам – субъективті тұлға; оның ойлауы-қабылдауы, білім дәрежесі, жас мөлшері, әлеуметтік деңгейі екінші жеке тұлғадан әр басқа. Оның үстіне қазақ әдеби тілінде номинатив атаулар мен ғылыми-әлеуметтік, мәдени-экономикалық терминдерді, заңға, шаруашылыққа қатысты, сондай-ақ тұрмыстық атауларды қазақыландыру ісіне қатысты қазақ тілді қоғам өкілдерінің көзқарастары мен пікірлері әртүрлі. Нақты бір жеке адам өзіне ұнаған (өзі ойлап тапқан, қайсыбір жазба басылымдардан кездестірген, өзі дұрыс деп есептейтін) сөзді «sozdik.kz» версиясына енгізе бергендігі байқалады. Бұған *ағлақ / ағлақиман (мораль); астамым / дәм-татымдық / дәмдеуіш / дәмқосар / тұздық (приправа); көлбегей / көлегей / қалқа / қорған / пана / таса (прикрытие); айрықша құқық / айрықша құқықтық / артықшылық / биік дәрежелілік / жеңілдік / нұрсат (привилегия); баға анықтамалығы / баға көрсеткіші / бағанама / бағамізбе / баға тізімі / нарық көрсеткіші (прейскурант)* сияқты дәлелдер бар. «Sozdik.kz» версиясына енгізілген бір ғана балама берілген лұғаттық қатар өте сирек кездеседі; барлық лұғатта дерлік кем дегенде екі балама бар. Зерттеуші Г. Чумарина бұндай жайтты «электронды сөздіктердің артықшылығы» деп есептейді [109].

«Sozdik.kz» версиясындағы кемінде екі балама берілген қатарларды нормалық талаптар тұрғысынан қарастырғанда, мынадай мәселелер пайда болады: көптеген зерттеулерде лексикалық норма негізінен варианттылық құбылысымен байланыстырылады. Варианттылық – тілдің одан әрі дамуын көрсететін белгілердің бірі, варианттылықтың болуы – тілдің табиғи жағдайы, бұл әсіресе жаңа сөздер мен жаңа терминдерді қалыптастыру үдерісі жүріп жатқан қазақ әдеби тіліне тән сипаттардың бірі. Демек қазақыландыру үдерістері атқарылып жатқан қазіргі кезеңде абсолютті инварианттылық бола бермейді.

Онлайн сөздікте кем дегенде екі және одан да көп балама болуының себебі тілдегі синонимия құбылысына қатысты. Өйткені бір ұғым, зат атауы үшін берілген қатарларды синонимдік парадигмалар деп есептеуге болады, олар «sozdik.kz» версиясында функционалды қызмет атқарады, яғни сөз тіркестеріне байланысты әр басқа синоним қолданылады. Мысалы, «покровитель» сөзі үшін *егей / жақтаушы / жебеуші / жоқшы / ие / қамқор / қамқоршы / қолдаушы / қорғаушы / саруар / сүйеуші* сөздері алынған болса, олардың тіркестер құрамындағы қолданысы төмендегіше берілген: *покровитель влюбленных – ғашықтардың саруары; покровитель науки – ғылым қамқоры; сильный покровитель – мықты қамқоршы; у него много покровителей – оның жебеушісі көп* [109].

Ал мәселеге норма тұрғысынан қарайтын болсақ, сөздіктің қай түрінде де болмасын, оның ішінде электронды сөздіктерде де синонимдердің орналасу тәртібіне қойылатын талаптар – доминант сыңарының бірінші орналасуы, яғни әдеби тілде функционалды жағынан бекітілген доминант сөздің алдыңғы қатарда тұруы, сақталуы шарт болып есептеледі. «Sozdik.kz» версиясында жаңа сөздерді беруде бұл жайт сақталмаған. Бұның бірнеше объективті себептері бар: «Sozdik.kz» версиясы «қағаз жүзіндегі» лексикографиялық еңбектерді және бекітілген терминдерді басшылыққа алғанын жоғарыда атап өткен болатынбыз; бірақ кейінгі жылдары жарық көрген «қағаз жүзіндегі» лексикографиялық еңбектерде жаңа сөздер толықтай қамтылмаған; екіншіден, әрбір пайдаланушы өз бетінше толықтырып отыратын болғандықтан, электронды сөздіктерде синонимдерді беру талаптарының сақталмауы заңды; үшіншіден, бірақ бұл жайт пайдаланушы, айталық, аударма жасайтын адам өзіне ұнаған сөзді немесе синоним парадигмалардың біріншісі болып тұрған лексеманы пайдалана береді дегенді білдіреді. Бұған мына мысалдар дәлел бола алады: *«Арқақоржыныңды ал да, сапарға шық!»* (телеарнадан); *«При заказе особых закусок вы получите 3 литра янтарной напитки бесплатно – Ерекше тіскебасарларға тапсырыс кезінде кәріптас сусынның 3 литрін тегін аласыз»* (жарнамадан). Өйткені орысша-қазақша электронды сөздікте *арқақоржын* (рюкзак), *тіскебасар* (закуска) сөздері бірінші қатарда тұр; ал *кәріптас* «янтарь» деген сөздің қазақша атауы болып берілген. Ал пайдаланушы өзіне ұнаған, өзі қолайлы деп тапқан, яки болмаса алдыңғы қатарда тұрған сөзді ресми-іскери мәтіндерде, аударма жасау ісінде қолданатын болса, бұл нақты бір заттың, ұғымның ақпараттық, семантикалық көлемін дәл бере алмауы мүмкін, осының нәтижесінде қазақ сөйлеу мәдениетіне кедергі келтіретін жарнамалық мәтіндер, мазмұны түсініксіз аударма мәтіндер пайда болады. Осы себепті орысша-қазақша электронды сөздікте орыс тіліндегі немесе интернационалдық терминдерді бірнеше қазақша баламамен көрсеткенімен, тіркес құрамында көбінесе орыс тіліндегі баламасы пайдаланылады: Мысалы, «подставка» сөзі үшін *астына қойылатын сүйемел / түпқойма / тығырық / үйкек* қатарлары көрсетілген; бірақ жарнама жасаушы немесе «подставка» сөзі қатыстырылған мәтінді қазақ тіліне аударушы осы аталғандардың бірін тандауда қиындықтарға тап болады; бірінші балама – түсіндірме мазмұнында; екінші балама – түпнұсқа тілдегі сөздің семантикасына сәйкес келмейді; үшінші баламаның негізгі мағынасы – «тупик»; соңғы балама – «қағаз жүзіндегі» лексикографиялық еңбектерде, оның ішінде түсіндірме сөздікте мағынасы анықталмаған; *зат / нысан / объект* қатарлары болғанымен, тіркестер құрамында орыс тіліндегі сөз қолданылған: *инвентарный объект – түгендемелік объект; комплектный объект – жиынтықты объект; материально-технический объект – материалдық-техникалық объект; неинвентарный объект – бейтүгендемелік объект.*

Бір ұғым үшін бірнеше баламаларды ұсыну Мемтерминком тарапынан бекітілген терминдер қатарында да кездесетінін атап өтеміз; мысалы, *кешен / жиынтық* (комплекс); *бірлескен автор / авторлас / серіктес автор* (соавтор);

комментарий / түсіндірме (комментарий), алайда бұлар типтестерде бірінші тұрған сөз функционалды жағынан басым балама ретінде ұсынылған.

Осы аталғандар қазақ әдеби тілінде жаңа сөздердің кодификациялану үдерістерінің бастапқы сатыда тұрғандығын көрсетеді.

Орысша-қазақша және қазақша-орысша электронды сөздіктің «sozdik.kz» версиясы лексикалық ақпаратты іздеу, мағынасын ажырату бойынша өз бетінше жұмыс істей алатын, мәнмәтіндік бағыттағы, стильдік және семантикалық айырмашылықтарды көлемді мәтіндерді аударуға қажетті түрде таңдауға, функционалды жағынан бекітілген сөзді іріктей білуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Сөздіктің мақсаты – пайдаланушылар тарапынан ұдайы толықтырып отыруға мүмкіндік жасау, сөздерге түсіндірме беру, тіркес құрамындағы қолданылу ерекшеліктерін көрсету арқылы пайдаланушының аударма жасауына, өз бетінше тіл үйренуіне көмектесу.

Демек орысша-қазақша және қазақша-орысша электронды сөздіктің «sozdik.kz» версиясы: а) жаңа сөздердің жинақталуын, тілде пайда болған терминдік мазмұндағы, окказионалды қолданыстағы, кей реттерде әлеуетті сөздер болып табылатын лексикалық инновациялардың қамтылуын, жаңа сөздердің кодификациялану үдерісінің жүріп жатқандығын танытатын; ә) пайдаланушылар, әсіресе орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасаушылар үшін, қазақ тілін өз бетінше үйренушілер үшін қолайлы; б) ресми-іскери тілдегі мәтіндерді сауатты аударуға белгілі бір дәрежеде көмек бере алатын; в) ақпараттық технологияның мүмкіндіктері біршама деңгейде жүзеге асырылған, жетілдіруді қажет ететін; г) нормативті емес лексикографиялық еңбек болып табылады.

Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының басты қайнар көздерінің бірі – оқу-ағарту бағытындағы жазба нұскалар.

Қандай да болмасын ғылым саласының, білім беруге арналған пән салаларының тиімді, сындарлы бағытта дамуы үшін қажет болатын маңызды алғышарттардың бірі – әрбір ғылыми-біліми тармақтардың ұғымдық атауларының дұрыс қалыптасуы, ғылыми талдау, білім алу, білімді меңгеру, пәннің мазмұнын түсіну, қабылдау барысында нақты ұғым атауларының жүйелік байланыстары мен құрылымдық ерекшеліктерінің, мағынасының барынша түсінікті болуы. Бұл әсіресе жалпы орта білім беру жүйесіне арналған оқулықтар мен оқу құралдары үшін аса қажет, өйткені білімнің негізі орта білім беру жүйесінде орнығатындығы белгілі.

Өткен ғасырдың басында жариялана бастаған қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарының тілін қазақыландыру мәселесі ұлт зиялыларының басты назарында болды. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тіл білімі, өсімдіктану, есептану, педагогика сияқты бірқатар ғылым салалары бойынша қазақ зиялылары жүйелеген еңбектерде басты ұғым-түсініктер ұлттың танымына сай жүйеленіп берілді.

Осы мәселеге байланысты тілдік фактілер ең алдымен 5-10-сыныптарға арналған қазақ тілі пәні бойынша оқулықтардан және қазақ орта мектептеріне

арналған жаратылыстану, биология, физикалық география пәндерінен жинақталды.

Жаратылыстану пәнінің лингводидактикалық базасының нұсқаларына карағанда қазақ тілі пәні бойынша оқулықтардағы жаңа сөздер туралы мынаны айтуға болады: дәлел ретінде алатын болсақ, мәселен, 5 және 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулықтарында ақпараттық мәтіндер, функционалдық стильдердің түрлерін мазмұндайтын мәтіндер – авторы белгілі, басқа дереккөздерден алынған және мақал-мәтелдер, қанатты сөздер түріндегі түпнұсқа мәтіндер. Осындай мәтіндерде кездесетін бірқатар жаңа сөздер тіл мен әдебиетке байланысты жаңа атаулар емес. Тіл және әдебиет саласына байланысты жаңа сөздер нормалы сипатта (мысалы, мәтін, сынып, пікірталас, ресми тіл). *Сынып, мәтін, мектепаралық* сияқты дидактикалық және *өнержай, мұражай, өнертану, Абайтану, мұзойнақ* тәрізді нормаланған қоғамдық-әлеуметтік аталымдар бар. 10-сынып оқулығында қолданылған *сөз үйлестігі, сөз әуезділігі, қатқылдата дыбыстау, айырым қағидаты, фонемалық қағидат, аяққы дауысты, мәндес сөз* типтес бірқатар жаңа лингвистикалық жаңа аталымдар сөздіктерге енгізілмеген, сондықтан олардың қалыптануының алғашқы сатысы – жазба нұсқаларда көрініс тапқан деп бағалауға болады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін жаңғырту мен жетілдіру мақсатында қазақ әдеби тіліндегі лексикалық инновацияларды арнаулы пәндерден басқа (қазақ тілі мен әдебиеті) жаратылыстану ғылымдары бойынша пәндердің дидактикалық мазмұнымен меңгертудің әдістерін жетілдіру маңызды. Бұл мектеп оқушысының қоғамдық-әлеуметтік белсенділігін, ұлттық ойсанасын қалыптастыруға елеулі ықпал етеді. Мектеп оқушысын қазақ тілін жетік меңгерген тілдік тұлға ретінде қалыптастыруда арнаулы пәндер арқылы берілетін білім жеткіліксіз. Қалай болғанда да жалпы орта білім беру жүйесіндегі білім беруде қазақ тілінің мүмкіндігін және қажеттілігін толық таныту үшін оны басқа пәндермен байланыста қарау керек. Мектептен білім алушы жоғары білім беру орнына және кәсіби істер саласына араласқан жағдайда оған барлық салалар бойынша білімі бар құзыреттілік керек.

Біздің еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңдерде жалпы орта білім беру, жоғары білім беру жүйесіне қатысты дидактикалық базаның негізінен орыс тілі материалдарына сүйенгендігі, олардың тікелей аударылған оқулықтар мен оқу құралдарының пайдаланылғаны белгілі. Тіл саясатына байланысты соңғы жылдары орта білім беру жүйесіне арналған оқулықтар мен оқу құралдары қайтадан жаңартылып, жаңа мазмұнда жазылып келеді. Олардың басты ерекшелігі ретінде ғылыми түсініктер мен ғылыми ұғымдардың қазақша баламасының берілетіндігін атауға болады. Сөз дәлелді болуы үшін біз өз тарапымыздан қазақ тілінде жалпы білім беретін мектептің 10-11 сыныптарына арналған қазақ тілі және 5-10-сыныптарына арналған жаратылыстану, физикалық география және биология пәндері бойынша оқулықтардың құрамындағы жаңа сөздер мен қазақ тіліндегі терминдердің берілу ерекшеліктеріне, сандық көлеміне, түсіндірілуіне, оқушылардың оларды қалай түсінін қабылдайтындығына (қандай болмасын жаңа сөз алдымен «тосын»

болып, анықтап алуды қажет етеді) сипаттамалық және статистикалық талдау жасадық. Статистикалық талдау үшін сауалнама құрастырылып, осы арқылы мектеп оқушыларының жаңа сөздер мен жаңа терминдерді қандай деңгейде қабылдайтындығына бақылау жасалынды. Өйткені оқушы пәннің тақырыбын оқып-меңгеру барысында онда кездескен тың лексеманы түсініп, өзінің коммуникативтік сөйлеу актісінде қолдана алатындай дәрежеге жетуі керек. Өйтпесе оқулықта алынған қазақ тіліндегі жаңа сөз (термин) бірқолданыс дәрежесінде қалып қояды. Жаңа сөздер мен қазақ тілінің өз әлеуеті арқылы жасалған терминдерді оқулықтарға енгізуде басты міндет – тек қазақшасын ұсыну ғана емес, сонымен қатар ол оқушының санасында орнығатын аталым болуы тиіс, осы арқылы қазақ тілінің коммуникативтік аясы кеңейе түседі.

Мектеп оқулықтарынан (жаратылыстану, биология, физикалық география оқулықтары) жинақталған жаңа лексикалық тілдік бірліктердің ерекшеліктері мыналар:

Біріншіден:

- 6-9-сыныптарға арналған биология пәні бойынша 620 жаңа сөз және жаңа термин;
- 5-сыныпқа арналған жаратылыстану пәні бойынша 74 жаңа сөз және жаңа термин;
- 6-9 сыныптарға арналған физикалық география пәні бойынша 29 жаңа сөз және жаңа термин жинақталды.

Екіншіден:

- кейбір оқулықтардың (мысалы, 7-сыныпқа арналған биология оқулығының) кіріспе бөлімінде жаңа терминдер мен өсімдік және жануарлар атаулары есте сақтауды қажет ететіндіктен, олардың арнаулы белгімен белгіленіп, әр тақырып сайын көрсетіліп отыратындығы аталған;
- бірқатар оқулықтардың соңында қолданылған жаңа терминдер мен сөздердің тізімі және олардың түсіндірмесі берілген;
- мәтін ішінде кейбір жаңа сөздердің орысша баламасы жақша ішінде көрсетілген;
- биология терминдерін ұсынуда осы сала бойынша іргелі еңбектер, энциклопедиялар мен арнаулы салалық сөздіктер пайдаланылған;
- авторлар тарапынан ұсынылған жаңа сөздер бар.

Үшіншіден, қазақ әдеби тілінде орныққан, қолданылу жиілігі жоғары төл тілдік терминдер (мысалы, *алабота, қызылша, сексеуіл, долана, шие, өрік, таңқурай, құлпынай, айдаршөп, бүлдірген, итмұрын, сүйелшөп, жарғақша, мұртша, өркен, көсек, қауашақ, дермене, түймедағы, бақбақ, итшаған, қырмызы, күлте, қоза, ойпат, шоқы, күннің қоралануы, тау жыныстары, асу, жанартау шымтезек, зымыран* және т.б.) типтес бұрыннан бар терминдер жаңа сөздер қатарына енгізілген жоқ (мұндай тілдік фактілер қазақ әдеби тілінің жаратылыстану, табиғат, өсімдік, жан-жануар атауларына катысты төл тілдік фактілерге бай екендігін танытады).

Төртіншіден, аталған салалар бойынша мектеп оқулықтарында калька, жартылай калька жолымен жасалған терминдер мен терминдік тіркестер елеулі

көлемде байқалады (мысалы, *биосфералық деңгей, клеткалық құрылым, клеткааралық сұйықтық, организмдік құрылым деңгейі, өздігінен реттелу, тұздар концентрациясы, элементарлық бірлік, функциялық бірлік, шектеуші фактор, биологиялық ырғақ және т.б.*). Бұлар құрылымы мен семантикасы жағынан айқын болғандықтан, жаңа сөздер мен жаңа терминдер қатарына, сондай-ақ сауалнама құрылымына енгізілген жоқ.

Бесінші, басқаша айтқанда, жаңа сөздер және жаңа терминдер ретінде қазақ тілінің өз ресурстары арқылы жасалғандар іріктелді, атап айтқанда, сөз біріктіру амалы арқылы (*нәруыз; жүзбеқанат*); сөзжасам арқылы (*деңгейлегіш, жасуша, дәлелдеме*); семантикалық тәсіл арқылы (*ұлна, зият*); сөз тіркестіру және сөз қосарлау тәсілдері (*сілемейлі қабық, кесінділеп телу*) бойынша дәстүрлі түрде топтастырылды.

Осылайша іріктелген жаңа сөздер мен жаңа терминдердің сипаты мыналарды көрсетті:

Сандық жағынан мол кездесетін жаңа сөздер мен терминдер сөз біріктіру амалы арқылы жасалған: *нәруыз / ақуыз, тұсбағар (компас), бытыранық, жасунық, түйнектамыр, гүлшанақ, гүлсидам, тозаңқап, бұршаққын, жүзбеқанат, жселбағар (флюгер), жінішумақ, қолтұқым, қызылтамыр (артерия), орамжапырақ, қырыққабат, бүркіттұмсық, қорыққор, сызбанұсқа, көзбұршақ (хрусталик), нақнұсқа, тәлімбақ (плантация), гүлшетен, бұршаққап, гүлшоғыр, жемтамыр, түйнектамыр, гүлшанақ, қостелімді, көптелімді, ұйқыбез, иінтірек, өсімдікжай, жемісқап, тозаңқапшық, тұқымбастама, мұктәріздестер, кеппешөп / кеппеөсімдік (гербарий), зерзат (объект), ойраншөп, гүлкекіре, алтыниар, еңлікгүл, түйетікен, түрөзгеріс, ғаламшар, топсеруен (экскурсия) және т.б.*

Сөзжасам тәсілі бойынша жасалғандар: *қышқылдылық, тітіркенгіштік, ырғақтылық, жарғақша (мембрана), ядрошық, қармалауыш, іріктеме, қалқангер, дәлелдеме, иілім, түзінді, қастауыш, дәмдеуіш, шендеуіш (шина), денешік (органоид), үлескі, езінді, жасымықша, сынауыр (пробирка), домаланғы (вольвокс), жайылма, өскінше, сырғыма, сараман (сарамандық жұмыс) және т.б.*

Сөз тіркестіру және сөз қосарлау арқылы жасалған жаңа сөздер мен терминдер: *уытты заттар, әдістемелік сұрыптау, сілемейлі қабық (слизистая оболочка), жабын ұлна, өздігінен реттелу, серік-жасуша, тірек-қимыл жүйесі, жарғақша қабық (мембрана), кесінділеп телу; жанастыра телу, көзшелеп телу, өсімді мүше, тірек білім, жабынды мұздықтар, ұлзайтқыш әйнек және т.б.*

Семантикалық тәсіл арқылы жасалған, жаратылыстану, биология, физикалық география және әлеуметтік-қоғамдық терминдер: *ұлна, тамызғы (пинетка), сауыр (кипарис), байлам, сілемей (слизь), тамшуыр, ілмек, қысқыш, қандауыр, уыт (токсин), сұрып, буда (грана), тәмсақ / қолтырауын (крокодил), зият (интеллект), жарғақша (мембрана) және т.б.*

Бірнеше мысал келтіруге болады:

Гүлсерік алты жапырақшадан құралады (Биология, 7-сынып, 131). Саңырауқұлақ *тәлімбағын* (плантация) өсіруге пайдаланады (Биология, 9-сынып, 178). Солардың ішіндегі ең тиімдісі – қорықтар мен табиғи саябақтарды, *қорыққорлар* мен табиғат ескерткіштерін ұйымдастырып, ботаникалық бақтар мен жануарлар саябағын ашу (Биология, 9-сынып, 203). Жаңа *қолтұқым* мен *іріктеме* алудың негізі неде? (Биология, 9-сынып). Зақымдалған жерді қозғалтпай *шендеуіш* (шина) салып, зақымдалған аяқты сау аяққа қосып таңу керек (Биология, 8-сынып, 90). Бұлшықеттер жиырылғанда, *іінтірек* сияқты әрекет етіп, сүйекті қозғалысқа келтіреді (Биология, 8-сынып, 96). Екінші тәжірибеге ішіне су құйылған 3 *сынауыр* (пробирка) немесе тарлау ыдыс алады (Биология, 8-сынып, 60). Тері бездері сұйық *түзінді* шығарады (Биология, 6-сынып, 201). *Топсеруен* кезінде, алыс жол жүргенде сан көбейіп кетпеу үшін (Физ. география, 6-сынып, 21). Қалпақшалы саңырауқұлақтың *нақнұсқасын* жасандар (Биология, 8-сынып, 37). Көкнәр ауланы сәндеу үшін *үлескілерде* әдейі өсіріледі (Биология, 8-сынып, 97). Жақсы жад – *зиятты* дамыту шартының кепілі (Жаратылыстану, 5-сынып, 29).

Жинақталған тілдік фактілерді сандық жинақтау, талдау барысында мынадай жайттар байқалды:

- оқу-ағарту саласы бойынша, оның ішінде биология, физикалық география, жаратылыстану салалары бойынша қазақ тілінің өз мүмкіндіктерін игеру мақсаты үшін сөз біріктіру амалы аса жиі жүзеге асырылады; осы салаларға қатысты жалпы ұғымдармен қатар сөз біріктіру амалы өсімдік, жануарлар атауын беруде кеңінен игерілген; әсіресе өсімдіктер атаулары негізінен сөз біріктіру арқылы жасалған (*нарғызгүл, шатыршагүл, кірпішөп*);

- сөзжасам және семантикалық тәсіл арқылы жасалған жаңа сөздер мен терминдердің де үлесі жоғары;

- сөз біріктіру, сөз қосарлау және сөз тіркестіру, сондай-ақ семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер мен жаңа сөздер негізінен семантикалық құрылымы жағынан айқын деп есептеуге болады; мысалы, *тұсбағар, топсеруен, өсімдікжай* сияқты сөздердің мағынасы түсінікті деп есептеуге болады; сонымен қатар аталған салалар бойынша мектеп оқулықтарында мағынасы жағынан анықтауды, түсіндіруді қажет ететін сөздер де бар, мысалы, *домаланғы, үлескі, іріктеме*;

- жаңа сөздер мен қазақ тілінің өз ресурстары арқылы жасалған терминдердің қолданысында бірізділік жоқ; мысалы, варианттар бар (*нәруыз / ақуыз; тамшуыр / тамызғы; тәмсақ / қолтырауын; кеппешөп, кеппеөсімдік*); кейбір сөздердің орысша баламалары да қатар қолданылған (*клетка – жасуша, лупа – ұлғайтқыш әйнек, микорорганизм – микроағза – ұсақағза; организм – ағза; витамин – дәрумен, процесс – үдеріс*).

Жалпы орта білім беру жүйесіне арналған оқулықтар мен оқу құралдары қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін арттыруда, қазақ тілінің коммуникативтік аясын кеңейтуде маңызды рөл атқарады. Олардағы мәтіндер мен тапсырмалардың мазмұны оқушының есінде ұзаққа сақталады. Алынған

мәлімет білімді бекітумен қатар оқушының ұлттық мәдениеттен туындайтын ұғымдарды қабылдауға деген танымдық қабілетін арттырады және жүйелейді.

Оқушыға ұсынылатын мектеп оқулықтарының мазмұнындағы жаңа сөздер – ұлттық мәдениеттің белгісі. Олар адам когнициясында ұғымдық-образды ассоциация және рухани құндылық белгілері ретінде концептуалдануы керек. Концептуалдану дегеніміз – адамның ойсанасына келін түсетін барлық акпаратты пайымдап, танып, меңгеріп алатын танымдық қызмет және осының нәтижесінде концептілер жасалатындығын білдірсе, категорияландыру ұғымы адам ойлауының танымдық формалары арқылы когнитивті тәжірибелерді жинақтау, қорыту, осы тәжірибені жинақтап пайдалану дегенді айқындайды.

Орта мектепке арналған биология пәні бойынша оқулықта ұсынылған көптеген жаңа сөздер мен жаңа терминдердің қатарында *гүл* сөзі арқылы жасалған жаңа аталымдар бар. Қазақ ұғымында *гүл* – хош иісті өсімдіктің жалпы атауы; оның сыртқы нысаны, атқаратын қызметі, эмоцияға қатыстылығы, табиғат көрінісімен байланысы нәтижесінде: а) әдемілік, ажар, көрік (*гүл өссе – жердің көркі; өз ортасының гүлі*); ә) тазалық, пәктік (*он екіде бір гүлі ашылмаған*); б) табиғат көрінісінің бір белгісі (*гүл жару, гүл жазира, гүл шашу, гүл-бәйшешек, гүлге орану, гүл бақшадай жайнаған*); в) игілік (*гүлденген ел*) тәрізді бірнеше концептілік жүйе түзіледі. Сондықтан *гүл* сөзінің өз семантикасында айқындық пен нақтылық болғандықтан, биология оқулығындағы *гүлсазақ, гүлсидам, гүлшоғыр, гүлтостаганиша, гүлдесте, гүлшоқ, гүлшанақ, гүлшетен, гүлсерік, гүл шірнесі, шырайгүл, бақытгүл, нарғызгүл, гүлкекіре, еңлікгүл, секпілгүл, баршынгүл, шатыршагүл* сияқты жаңа биологиялық терминдер қалыптануға және нормалануға барынша бейім болады.

Төл тілдің өз ресурстарымен жасалған қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің, ғылыми-техникалық терминдердің семантикалық-грамматикалық құрылымында когнитивті және кумулятивтік функция сақталған. Оның бірнеше себебі бар: тәуелсіз мемлекет талабы мен тіл саясатына сәйкес туындаған жаңа аталымдардың қай-қайсысы да – қоғамның қазақ тілді мүшелерінің ұлттық пайымдауына, ұлттық-мәдени когнициясына негізделін барып жасалған жаңа сөздер, қандай да бір жаңа сөз болсын, оның ішкі құрылымы мен сыртқы пішінінде қазақ тілді жеке тұлғаның ұлттық лингвомәдени ортаға қатыстылығы көрінін тұрады. Сонымен қатар әсіресе қазақ төл сөздерінің семантикалық дамуы, өзгеруі арқылы жасалған жаңа сөздер ұлт мәдениетінің белгілерін тасымалдаушы қызметін атқарады (*көзқаман, кәдесый, жәдігер, сауқат* типтес сөздердің этимологиясы мен семантикасы ұлттық рухани құндылықтарды жеткізе алады).

Қорыта келгенде, орта білім беру жүйесінде жалпы білім беру үшін жасалған оқулықтардан (жаратылыстану, физикалық география, биология пәндері бойынша) жинақталған тілдік фактілер Қазақстандағы тіл саясатының, оның ішінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі коммуникативтік аясын кеңейту мақсатындағы іс-шаралардың дұрыс және қажетті бағытта жүргізіліп

отырғандығын көрсетеді. Сонымен қатар мынадай мәселелерге назар аударуға тура келеді:

- қазақ тілтанымында неология мен неография мәселелері бойынша жеке ғылым саласы ретінде қалыптаса қоймаған, қазақ лингвистикасындағы зерттеулерге қарағанда, осы сала басқа ғылыми тармақтардың құрамдас бөлігі түрінде ішінара талданады;

- мектеп оқулықтарынан жинақталған тілдік фактілер қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен жаңа терминдердің әлі де нормалану, кодификациялану сипатында екендігін көрсетеді, бұған дәлел ретінде білім беру жүйесінде жұмсалған (жұмсалатын) қазақ тілі жаңа терминдерінің, жаңа сөздердің қатарында вариант қолданыстардың, олардың кейбірінің орыс тіліндегі баламасы арқылы түсіндірілетіндігін, емле жағынан да әртүрлі екендігін атауға болады [116].

Қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша білім беруде жаңа сөздердің табиғатына, олардың жасалу жолдарына ұдайы мән берін отыру актуалды болып табылады. Аталған пәндер бойынша күнделікті білім беру практикасында және олардың лингводидактикалық базаларындағы әдіс-тәсілдерде жаңа сөздерді оқушының санасына ендіру, оларды күнделікті сөйлеу практикасында белсенді қолданудың қоғамдағы тілдік тұлға үшін маңызды екендігін мойындату, осылар арқылы ұлттық рухани құндылықтарды түсінетін жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды болып табылады.

I бөлім бойынша тұжырым

Атақты тілші-ғалым Вильгельм фон Гумбольдттің пайымдауынша, «тіл – халық пен оны қоршаған объективті әлемнің арасындағы ерекше аралық әлем» [71, 308].

Қазіргі қазақ әдеби тілі, әсіресе оның лексикалық құрамы – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тарихи-мәдени, ұлттық, әлеуметтік тәжірибесінің жиынтық көрінісі. Қазақ сөзі қазақ ұлтының барлық ұлттық келбетін атайды, ақпаратты береді және жеткізеді, әлем дүниесіндегі барлық ұғым-түсініктер мен құбылыстарды бағалайды, ұлттық-мәдени танымды қалыптастырады және адамдар арасындағы коммуникативтік қызметті жүзеге асырады. Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздерді танып-білудің, олар туралы белгілі бір ғылыми тұжырымдар қалыптастырудың маңызы ерекше. Оның себебі жаңа сөздер жасау арқылы ғылым мен техниканың тілін жетілдіру және жаңарту мәселесі тіл саясатының маңызды бағдарларының бірі болып отыр. Қазақстандағы тіл саясаты жаңа сөздердің табиғатына қатысты негізгі мәселелерді айқындап беруде. Оның бірі – қазақыландыру үшін төл тілдің семантикалық мүмкіндіктерін барынша, жан-жақты пайдалану болса, екіншісі – пайда болған жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануын бірте-бірте жүзеге асыру.

Тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асыру мақсаттарында соңғы ширек ғасыр көлемінде ғылыми-техникалық аталымдарды, мәдени-тұрмыстық күнделікті атауларды қазақыландыру нәтижесінде әдеби тілдің сөздік құрамына

мындаған жаңа сөздер енді. Қазақыландыру жолында сонымен қатар қазақ ұлтының ана тілдің өміршеңдігін сақтау ісіндегі белсенді іс-шаралары да айрықша рөл атқарады. Тіл саясатының, тілдік жоспарлау мен тіл корпусын жоспарлаудың сындарлы түрде іске асырылып келе жатқандығының нәтижесінде қазақ тілтанымында қазақ неологиясы мен неографиясы қалыптаса бастады деуге толық негіз бар. Бұл арада «қалыптаса бастады» деген ұғымды нақтылай түсуге болады.

Сөз жоқ, тілдің лексикалық құрамындағы жаңа сөздер өткен ғасырдың өн бойында қазақ тілтанымында әртүрлі аспектілер көлемінде – сөзжасамға, әдеби тілдің тарихына, семасиологияға, лексикографияға, сөз мәдениеті мен әдеби нормаларға, терминжасамға, аударматануға байланысты үзбай қарастырылып келді. Бірақ қазіргі кездегі жаңа сөздердің айтарлықтай бай корпусы жаңа сөздерді зерттеудің басым бағыттарын, нысандарын, зерттеу әдіс-тәсілдерін, басқа ғылыми парадигмалармен арақатысын, тұтастай алғанда қолданбалы ғылыми сала ретіндегі барлық белгілерін анықтаудың өзектілігін танытады.

Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануына байланысты нормативті-құқықтық негіздер мен ғылыми негіздерді талдау нәтижесінде, қазақ неографиясы мен неологиясының басты белгілерін анықтау нәтижесінде қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастырудың өзектілігі және бұның кезек күттірмейтін мәселе екендігі айқындала түседі.

Тілдің ұлттық корпусын қалыптастыру тілдік жоспарлау ұғымымен әрине біртектес. Тілдің ұлттық корпусын қалыптастыру іс-шарасы қолға алынған және іске асырылған жағдайда, соңғы 20-25 жыл көлемінде төл тілдің әлеуеті арқылы пайда болған жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының басты сипаттамаларын ғылыми тұрғыдан танып және практикалық тұрғыдан орнықтыруға болады.

Тілдегі лексикалық жаңа сөздердің бір ізге түсірілуі, нормалануы мен қалыптануы – үздіксіз жүретін динамикалық үдеріс. Бұл ретте қалыптану мен нормалануға тікелей әсер ететін қайнар көздердің маңызды және басты түрлері бар. Қазақ әдеби тілі лексикасының қазіргі динамикасындағы өзгерістерді бекітілген жаңа аталымдар тізбесінен, нормативті орфографиялық, екітілді түсіндірме сөздіктерден, функционалдық стильдердің басты тармақтарынан, сондай-ақ білім беру жүйесіне арналған лингводидактикалық материалдардан анық көруге болады.

2 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА СӨЗДЕРДІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНІҢ БЕЛГІСІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ МЕН МЕНГЕРТУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әрбір ұлттың тарихи даму жолында, даму кезеңдерінде қоғам құрылымына және қоршаған ортаға деген көзқарасы арқылы сол халықтың ұлттық құндылықтары, өз ұлтын сақтап қалу мақсатындағы әлеуметтік және нормативті-мәдени аксиомалық көзқарастары қалыптасады. Жалпы алғанда, ұлттық құндылықтар ұғымының мағынасы өте ауқымды. Бұл белгілі бір ұлт өкілінің өзіне тән ұлттық мінез-құлқы (мысалы, қазақ халқына тән деп аталатын жомарттық, шыдамдылық, кеңпейілділік және т.б.) сияқты белгілерден бастап, осы ұлттың өзінің этникалық белгісі болып табылатын геосаяси жағдай, шекара, мемлекеттілік, материалдық және рухани мәдениет, адамгершілік-этикалық нормалар және, ең бастысы тарихи даму нәтижесінде әбден қалыптасқан этникалық сипаттарды келешек ұрпаққа сақтап қалу сияқты әлеуметтік факторларды қамтиды. Қазақстан қоғамында «ұлттық құндылықтар» ұғымы ұлттың дамуындағы аса маңызды бағдарларды анықтап беретін және соларды жүзеге асыруды талап ететін мемлекеттік саясаттың негізін қалайтын әдіснамалық маңызды түсініктердің біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылатын тіл де – ұлттық құндылықтардың ажырамас бір бөлшегі. Демек, тіл сияқты ұлттық құндылықты дамыту және сақтап қалу – бүгінгі заманғы қазақ ұлты өкілдерінің маңызды қажеттілігі мен басты мүддесі, екінші жағынан, тілді сақтап қалу – қазіргі қоғам мүшелерінің стратегиялық мақсаттарының біріне айналуы тиіс. Осыған байланысты ұлт тілі – қазақ тілін жалпы білім беру жүйесінде оқытудың әдіснамаларын жетілдіру аса маңызды (Сурет 4).



Сурет 4 – Жаңа сөздерді ЖОББЖ-да меңгертудің әдіснамалық негіздері


Осы өзекті мәселелерге қатысты жаңа сөздерді меңгертудің әдіснамалық негіздері философиялық, психолінгвистикалық, психологиялық және педагогикалық негізгі ұғым-категориялардың аясында анықталады.

2.1 Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді меңгертудің философиялық бағыттары

Тіл ғылымының дамуы философиямен сабақтасып жатыр. Тіл туралы ғылымның философиямен байланысы оның әдіснамалық ұстанымдарымен және ортақ зерттеу нысандарымен түсіндіріледі. Осы себепті философия барлық ғылым салаларының әдіснамалық негізі ретінде қарастырылып, сол ғылым салаларының дамуына өзіндік үлес қосады.

Қазіргі гуманитарлық тұжырымдарда тіл философиясының шеңберінде тілге тән жалпы заңдылықтарды түсіндіру үшін философиялық ережелер пайдаланылса, ал тілдік деректер нақты бір уақытқа тиесілі философиялық мәселелердің шешімін табу үшін қолданылады.

Тіл – адам табиғатындағы ерекше ғажайып құбылыс. Тілдің басқа жаратылыстардан ерекшеленін, адамға ғана тиесілі болуының, оның адам өміріндегі, дүниемен қатынасындағы атқаратын қызметі мен алатын орны философия ғылымында ежелден бері маңызды мәселелердің қатарынан табылып келеді. Философиялық пайымдаулар мен тұжырымдарда тіл жеке-дара емес, тіл адамды қоршаған бүкіл болмыспен, адамға тән физикалық және рухани құндылықтармен бірлікте қарастырылады. Сондықтан адамның дүниемен қатынасына байланысты барлық мәселенің философиялық түйіні бар десек, біздің зерттеу нысанымыз болып отырған жаңа сөздердің тілдік құбылыс ретінде философиялық сипатқа ие болуы заңдылық. Бұл ретте ЖОББЖ-да жаңа сөздерді меңгертудің философиялық мәні ұлттық философия мен әлемдік тіл философиясындағы ұғым-категориялардың сабақтастығында ашылады (Сурет 5).



Сурет 5 – Жаңа сөздерді меңгертудің философиялық мәнін философиялық категориялар негізінде түсіндірудің бағыттары

Адамзат тілін қалыптастыру мен дамытудың тетігі – өзіндік қажеттіліктерге сәйкес қоршаған болмысты өзгертуге деген ұмтылыс. Бұл ең алдымен тілге жаңа ұғымдар, жаңа атаулар, жаңа түсініктер – жаңа сөздер алып келеді. Тіл мен адамзат қоғамының алға бірлікте жылжуының бұлжымас заңдылығы – осы.

Әлемдік философияны тұтастай алып қарайтын болсақ, қазақ халқының ұлттық философиясы – сол тұтастықтың бөлінбес әрі бірегей бөлшегі. Ұлттың философиясы – ұлттық дүниетанымның жүйеленген жиынтығы. Қазақтың ұлттық философиясы – дала даналығы. Дала даналығының тарихы тереңнен тамыр жайып, қазақтың бүкіл ұлттық болмысын қамтып жатыр. Атадан балаға мирас болып жеткен ұлттық құндылықтар осының дәлелі. Ғасырлар тоғысында ұлтты және оның ең бағалы құндылықтарын сақтап қалу, ертеңгі ұрпаққа саф қалпында табыстау – бүкіл адамзаттың алдындағы үлкен міндет. Осы орайда тілді тұтас адамзат дамуының үлкен жетістігі деп бағалау артықтық етпейді. Бұл мәселеде қай ұлттың болмасын саналы әрекеті біреу, ол – ұлт тілін сақтау, ұрпақтар сабақтастығын жалғау.

Әлемде тілдер адамдардың белгілі бір тобына тиесілі болуына қарай ерекшеленеді. Адамдардың ең үлкен қауымдастығы – ұлт. Демек әр тілдің ұлттық сипаты – оны басқаларынан ерекшелейтін бірінші меже.

Тіл – ұлттық сана-сезіммен, ұлттық психологиямен тамыры тереңде байланысқан феномен. Ұлтымыздың тілі бүгінгі күнге мыңдаған жылдарды артқа тастап, Абай айтқан «соқтықпалы соқпақты» жолдардан өтіп жетті. Қазақ тілі қазақтың санасымен бірге өркендеді, бірге дамыды, бірге қалыптасты. Қашан да қазақ үшін тілден қасиетті, тілден қастерлі ұлттық құндылық болған жоқ. Бір ауыз сөзге тоқтай білген ұлтымыз тілді өнердің биігіне теңеді. Ал бүгінде жазушы Ә. Әбішев айтқандай, «халықтың бала кезінде туған тілі сол халықтың дана кезіне ұлан-асыр ғажайып мұра арқалап жетті».

Тәуелсіздігі бар, мәдениеті мен әдебиеті бар қай халықты яки ұлтты алып қарасақ та, тілден артық байлығы жоқ. Тіл – ұлт өмірінің тірегі. Тіл – басқалармен терезесі тең екендігін танытатын ұлттың құндылығы. Демек, тілдің тағдыры – ұлттың тағдыры.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын байытуға үлес қосып жатқан ұлт тілінің төл сипатын танытатын түрлі саладағы жаңа сөздерді меңгерту «...халықтың шынайы руханилығын түсінуге, оның тамырлары мен ұлттық ойлаудың ерекшелігін, төлтумалығын, қоғамның әлеуметтік сипатын тереңірек зерделей түсуге» [117, 238] үлес қосары анық. Бұған төмендегі ой-маржандар толық дәлел бола алады.

«Дүниеде бағасы жоқ нәрсе болмайды. Сөздің де, ойдың да, идеяның да бағасы бар. Бағасы жоқтың мәні жоқ» [118, 150]. Сөздің дұрыс бағасын беру – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасау – бір ауыз сөзге тоқтау – ұлтымыздың қанына біткен тектіліктің белгісі. Тілдің байлығы мен көркемдігіне дәлел – сөз. Сөз – халықпен бірге жасасып келе жатқан, оның жүрін өткен жолының, тарихының куәгері, ұлтты ұлт жасайтын барша айрықша белгілерді өн бойына жинап, сақтаған қазына. Тарихтың қойнауында кеткен

өткен күн бүгінге сөз арқылы табысталып, ертеңге сөз арқылы жетеді. Сөздің құдіреті де, міне, осында. Өмір сүрудің әр ұлтқа тән үлгісі де оның сөзінде қатталып жатыр. Адам баласының ақиқат болмыспен қатынасының мәні, дүниетанымының дінгеі, түптеп келгенде сөзде тамыр жаяды. Даму, өркен жаю, жаңғыру, жаңалықты жариялау – қай өркениетке де тән құбылыс. Бұлар да өз кезегінде сөзде көрініс табады. Мұндай құбылыстардың сөздегі көрінісінің басты белгілерінің бірі – тілге жаңа сөздердің енуі. Жаңа сөздердің тағдыры – сөз тағдырымен бара-бар. Жаңа сөздер де жоғарыда аталған ұлтқа, ұлттың тарихына, ұлттың дүниетанымына қатысты міндеттерді өзіне жүктейді.

Қазақтың философ ғалымы С. Нұрмұратов ұлттық болмысымыз бен тіліміздің, діліміздің, құндылықтарымыздың мәнін тереңнен зерделей отырып, «түркілік мықты рухани күштің арқасында ғана ғасырлар бойы этникалық тұтастығымыз сақталды, халықтық келбетіміз айқындала түсті» [119, 42] деп жазады. Мұның астарында сонау түркілік ескерткіштердегі өсиет-өнегені бүгінгі ұрпақтың рухын байытатын тәрбие мен білімнің көзі деп бағамдау жатыр.

Сол түркілік ескерткіштердің бірі әрі бірегейі – М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» жинағы. М. Қашқаридің сөздігі – қазақ сөз мәдениеті үшін бағалы, құнды еңбек. «Мен бұл кітапты... парасатты-ғибрат сөздермен, ұйқасты ақ өлеңмен, мақал-мәтелдермен, өлеңдер мен қара сөзбен безендірдім. Мәңгілік ескерткіш әрі таусылмас әдеби мұра боп қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа «Түркі сөздерінің жинағы» деп ат қойдым» [120, 201], – деп ғалым сол кездің өзінде ұлттың Мәңгілігін, тілдің Мәңгілігін, ұрпақтың игілігін мақсат етті. Қашқаридың еңбегі – қазіргі ұлт тіліндегі жаңа сөздер жасауда, тілдің байырғы төл байлығын жаңғырту, жандандыру ісінде де баға жетпес әрі ұлттық тілдің бай сөздік қорын жинақтаған мұра.

М. Қашқари: «Ең таза тіл – тек қана бір тілді біліп, парсылармен араласпайтын, жат-жұртқа барып келіп, қарым-қатынас жасамайтын адамдардың тілі. Екі тіл білетін және шаһар халықтарымен араласып тұратын адамдардың тілдерінде шұбарлылық бар ...» [121, 110-111], – дейді. Әрине қазіргі тілдік ахуал ұлт тілін шұбарландыруға бейім, халықаралық қатынастардың үздіксіз дамыған заманында тілдердің араласу құбылысы да орын алып отыр. Осыған қарамастан ұлттық мүдде тұрғысынан ұлттық құндылықтар қатарындағы ана тілінің төл сипатын сақтауға деген ұмытылыс қашан да тоқтамау керек.

Тамыры түркілік руханияттан бастау алып жатқан «әдептің басы – тіл», «тіл – тәрбиелік пен қайырымдылықтың басы», «белгі болмаса жол бұзылады, білім болмаса сөз бұзылады», «шақпақты шақса – от тұтанар, сөз ұғындырылса – ой білінер» деген ұлағатты сөздер қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан болмыс-бітіміндегі, даналығы мен тәлім-тәрбиесіндегі тілдің қуатын танытады.

Сөз асылының түркілік бастауындағы тағы бір арна – Жүсін Баласағұнның насихаттары. Ғұлама «Құтты білік» деп аталатын жәдігерінде ғибрат пен өнегеге толы ой-маржандарының өн бойында тілді, сөз өнерін адамдағы ізгіліктің бастауы, білімнің қайнар көзі, білімнің інжу-маржаны деп танып,

«Көрінеді тілден түйсік, білім де, біле білсек жарылқаушы – тілінде» дейді [122]. Даналықтың айнасына айналған бұл еңбекте тілдің, сөздің, тіл өнерінің, тілдік білімнің адам өміріндегі айрықша маңызы туралы айтылған ойлар – ана тіліндегі жана сөздерді меңгертудің философиялық мәнін аша түседі.

Ұлтты ұлттан ерекшелейтін – оның ойлау жүйесі, дүниеге көзқарасы. Осы ерекшеліктер ұлттық болмысты, ұлттық ділді қалыптастырады. Ұлттық болмыс пен ұлттық діл ұлттың рухани дүниесін, құндылықтар жүйесін жасайды. Рухани байлықтың ең озық үлгісі – ұлттың тілі. Осы нәрселердің барлығы атадан балаға мирас болғанда бүгінгі ұрпақты өз ұлтының мұрагері деп толық атауға болады. «Халық сөзі – қазына» демекші, қазынаның өз бағасын алуы – әділ де заңды құбылыс. Бұл ретте «елдің сөздік бейнесі мен қоры жасалған сайын, ана тілі ұлттық мәдениеттің құралы мен құбылысына айналады» [123, 391].

Түрік ойшылы Юсуф Акчура айтқандай: «Ұлт – тек-тамыр мен тілдің үндесуі нәтижесінде қоғамдық ұжданда бірлік пайда болған, ұйысқан қауымдастық ...» [124, 278]. Қазақ – текті ұлт, тектілігінің тамыры талай ғасырлар ұлттық тілімен тереңге тартқан, «малым – арымның садағасы» дейтін халық. Арды адамдықтың деңгейіне емес, ұлттың деңгейіне көтерген қазақ ұлтының мәңгілігі – тәуелсіздігінде. Қазақтың бүгінгі ойшылы Ғ.Есім көрсеткендей, «тәуелсіз мемлекет болудың басты идеясы – ұлтшыл болу. Ұлтшыл деген халықшыл деген сөз ...» [118, 159].

Ұлтшылдық – бұл ұлтжандылық. Дәл бүгінгі жаһандану жағдайында тілге деген дұрыс көзқарасты қалыптастыруда ең алдымен ұлтжандылық қасиетті бойға дарыту қажет. Бұл үшін «бүгінгі таңда «ұлтшылдық» ұғымын жаңаша түсіндіру, біржақты, кеңестік жағымсыз мағынасынан арылту, тарихи деректер негізінде жаңаша теориялық-методологиялық көзқарас қалыптастыру міндеті тұр [125, 188]. Ұлт тарихындағы ұлтжанды тұлғалардың іс-әрекеттерінің астарында, шынтуайтына келгенде, қазіргі таңда ең өзекті болып отырған ұлттық идея жатқаны анық.

Этникалық топтың дәстүрі мен салтына мойынсұнған азамат сол топтың мүддесін қорғауға бар ынтасымен кіріседі. Міне, сондай іс-әрекеттер ұлтжандылық тұрғысынан көрініс береді... Ұлтжандылық әрбір халықтың ішкі халықтық психологиясынан туындайтын құбылыс [126, 10-11], ал «ұлттық сезім, ұлттық сана, халықтық намыс дегендер елшілдік ойдың есейіп-жетілуі нәтижесінде дарыса керек» [127, 50].

Біле-білсек, қазақ халқы – бүкіл түркі халықтарының ата қонысын «найзаның ұшы, білектің күшімен» сақтап қалған жауынгер де жомарт, ауызбірлікті, білімдар халық [128, 138]. Осындай өз ұлты туралы жақсы көзқарас ұрпақтың бойында ұлтжандылықтың оянуына жол ашады. Ұлтжанды болу – атадан балаға ғасырлар бойы мирас болған тұтас ұлттық құндылықтарды сүю, оны қорғауға, оны сақтауға үлес қосу, ұлттың болашағы үшін тер төгу, ұлттық мүддені қашанда жоғары қою және ұлттың келбетін жақсы жағынан таныта білу. Ал ұлттың келбеті кеше не бүгін – бір күнде жасалмады, оның қалыптасуы мен дамуы, бүгінгі жай-күйі талай уақыт сынынан өтті. Ұлт тілін

ертеңгі күнге таза қалпында, табиғи қалыпта жеткізу – әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеттерінің бірі.

Өткенді жаңғырту – тарихи сананың өміршендігінің кепілі. Тілдің бүкіл өмір сүру жолындағы байлығын жіктеп, «байырғысын» іске жаратпау, өзіндік бағасын бермеу – үлкен қателік. Тілге сыртқы әсерлердің, түрлі факторлардың ықпалымен енін жатқан жаңа құбылыстар, жаңа заңдылықтар ондағы қалыптасқан дәстүрдің тамырына балта шаппауын әрқашан назарда ұстау қажет. Бұл үшін әр буынның, әрбір ұрпақтың тарихи санасында «өткенге» құрмет көрсету әрі қорғау деген түсініктер мықтап бекуі тиіс.

Философ С. Нұрмұратовтың сөзімен айтқанда, «әрбір халықтың психологиялық ерекшеліктерін талдау үшін, сол халықтың рухани дүниесінде қордаланған байлығын, ...құндылықтарын саралау керек. Халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан этникалық сабақтастығын танып-білудің мәні зор» [126, 18-19]. Бұл жаңа сөздерің әдеби тілдің сөздік қорына ену үдерісіне тікелей қатысты мәселе.

Тарихи сана – бұл бүгінгі ұрпақтың әлеуметтік жады. Бүгінгі түсіну мен болашақты болжау үшін өткенді білу тарихи білімнің негізгі арқалайтын жүгі екендігі рас. Тарихи эрудиция – бұл тұлғаның рухани байлығы. Алдыңғы буынның жинақтаған әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне тереңірек енген сайын қазіргі адамның өмірлік және азаматтық ұстанымы айқындала түседі. Тарихи білім адамның ғылыми дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді [129, 3-4].

Қандай үдерістің жүзеге асуында да, қандай үрдістің белсенділікке ие болуында да алдыңғы «кезенді» тану, білу, ескеру маңызды. Бұл турасында Аристотель «Дәлелдеме» атты еңбегінде: «Кім бір нәрсені танығысы келсе, өзінде бар басқа бір нәрсені де тануы қажет» дейді. Сондай-ақ «Бірінші ұстаз»: «Кез келген білім мен оқыту бұрыннан бар ілімге негізделеді... Адам кейде бұрын білген нәрселерін тани бастайды, ал кейбір нәрселерін зерттеу барысында зерттелін жатқан нәрселермен қатар таниды» деген тұжырым жасайды. Ал Платон болса «Федон» атты кітабында: «білім алу – еске түсіру» [130, 58-59], – деп түсіндіреді. Бұл жаңа сөздерді меңгерту үдерісіндегі білім философиясына тән тұжырымдардың сабақтастығын айқындайды.

Тіл – құндылық. Ол тек кеше ғана пайда болып, бүгін бізге жеткен жоқ. Оның тарихы – сан ғасырлық. Тілге жаңа ұғымдар мен атаулардың енуі бүкіл адамзат тілінің дамуында жүрні жатыр. Адам Ата мен Хауа ананың ұрпағы бүгінгі ғарыштық дамуға жету жолында қанша нәрсені өміріне жаңа күйінде енгізіп, қанша нәрсе ескіге айналды. Сөздер де солай. Өр сөз ұлттың тілі үшін аса құнды, оның байлығының бөлінбейтін бөлшегі. Оны жоғалту – байлықты жоғалту, ал жаңғырту – байлықты жаңғырту. Қазақ философиясындағы «ғасырлар, тілді мыңжылдықтар өткенімен барлық ескілік сақталады» [131, 241], – деген тұжырымның мәні осында. Қазақ тіліне, қазақ тілінде сөйлеушілердің тіліне еніп жатқан жаңа сөздер «жаңа ұғымды» білдіргенімен, оны атайтын дыбыстық қалыптың құлаққа түрпі естілмейтіндей, халықтың бұрыннан қалыптасқан болмысына сай, түсінуге оңай болуын, мағынасының айқындылығын қазақ тілінің төл сипаты ғана қамтамасыз ете алады. Бұл ретте

жаңа сөздерді тілге ендіруде ұлт тілінің жүрін өткен жолындағы сөз жасау мүмкіндіктерін саралау аса маңызды. Тіл – ұлттың қазынасы, ал ұлт әлемдегі барша адамзаттың бөлінбес бөлшегі. Сондықтан да «халықтағы ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастық арқылы беріліп келе жатқан рухани-этникалық құндылықтарды зерттеу, оның сан қырлы сырын ашуға тырысу тек сол ұлттың өзі үшін ғана емес, жалпы адамзат мәдени байлығына қосылған үлес болып табылады» [126, 38].

Ұлттық тілге қатысты айтылар өзекті ойдың бір ұшы – ұлттық ділге келіп тірелетіні анық. Себебі «ана тілін ұлттық ділден, ұлттық адамгершіліктен бөле-жара қарауға болмайды. Тілдің қуатымен ұлттық ділді, адамның сөйлеу және ұлттық ойлауын қалыптастыру керек» [123, 391].

Ұлттық менталитет – қазақтың «халықтық ділі» деген ұғымға сәйкес келеді. Философ С.Е. Нұрмұратов менталитет ұғымына мынадай анықтама береді: «Менталитет – жеке адамның немесе әлеуметтік топтың қоршаған әлемді белгілі бір кейіпте, қалыпта сезіну, түйсіну, түсіну және іс-әрекеттер жасау мақсатында қордалаған табиғи-тарихи дайындықтары мен ыңғайларының жүйесі» [126, 38]. Ал жаңа сөздердің тілге ену, сіңісу үдерісі тұрғысынан зерделесек, тілдегі жаңа атаулар ұлттық ділдің қалпына зиян келтірмеуі тиіс, ал мұның алдын алу тілдің төлтума сипаты арқылы ғана мүмкін болады. Бұған дәлел – қазақ тілінің ішкі әлеуеті арқылы жасалған жаңа атаулардың көпшіліктің санасына тез орныға бастауы.

«Ана тілі» деген тіркестегі «ана» сөзінің астарында ананың ақ сүтімен бойға дарыған болмысымыздың мәні жатыр. Сондықтан да ұлттың ана тілі мен болмысы, ділі тұтасып жатқан дүниелер. «Қалыптасқан ұлттық болмысқа өзге тілдің неге үйлеспейтіндігін зерттеп көрелік, – дейді дінтанушы Қ. Біләл, – шынтуайтына келсек, үйлеспейді деу бекер. Үйлеседі. Бірақ ұлттық болмыс соның әсерінен өзіндік мәнін жоғалтады. Өзгереді. Жаттанады. Енді оған бастапқы тіл азық болудан қалады. Ал егер тіл жоғалса, онымен бірге ұлт та жоғалады, «тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген осы. Демек, «тіл – ділдің де, діннің де, ұлттық болмыстың да қорғаны» [132, 11].

Мәдени мұраның ең маңыздысы – тіл. Ана тілінің ерекшеліктерін зерттеп, оның жарқын болашағы мен қарқынды дамуына қатысты келелі ойлар айта бастаған қауымдарда ұлттық идеяның, тым болмағанда, ұлттық сезімнің қуатты екенін қымсынбай айтуға болады [124, 280]. Бұдан шығатын түйін, ұлттық сезім, діл қуатты болу үшін тіл қуатты болу керек.

Ұлт немесе этникалық топ өзінің ішкі бірлігін, біртұтастығын ортақ мақсаттармен немесе ортақ символдармен білдірін отырады. Соның бірі әрі ең маңыздысы – ұлттың тілі. Қазақтың тілі – қазақ ұлтының біртұтастығы мен дербестігінің белгісі. Ұлттық діліміздің қалыптасуына ықпал етуші түрлі әлеуметтік-тарихи факторлардың қатарында ұлттық мәдениет, дәстүр, салт-сана, құндылықтар жүйесі бар. Тіл де – ұлттық ділді ерекшелейтін бағалы құндылық [126, 39].

Философ Т. Ғабитов: «Мәдениет өзінің кең мағынасында әлемдегі адам болмысының тәсілін білдіреді және бұл болмыс ұрпақтар сабақтастығымен,

шындықты игерудің әлеуметтік-мәдени тәжірибесін тасымалдаумен анықталады» деп жазады [131, 241]. Қазіргі ғылымдар тоғысында зерттеудің орталық нысанына айналған тілдік тұлғаның негізгі белгілері, тұтастай алғанда тілдің өн бойындағы барлық ерекшеліктерді меңгеруді қамтиды. Ұлт факторын есепке алар болсақ, қазақ тіліне тән барлық ерекшеліктерді, соның ішінде сөз байлығын дұрыс меңгерген әрі сөз жүйесін ұтымды жұмсайтын тілдік тұлғалар қазақтың тарихында – шешендер деп аталды.

Тіл – адамның тұлғалық қасиеттерінің, өмірлік құндылықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқаратыны Ж. Баласағұнның: «Адамға екі нәрсе тірек тегі: бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі» деген даналық сөздерімен астарласып жатыр. Осы орайда әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген даналығы мен Махмұд Қашқаридың «Тәрбие басы – тіл» деген қанатты сөздері – жалғасын тапқан жүйелі сөз.

Жаңа сөздерді меңгерту мәселесі тіл мәдениетіндегі «шешендікпен» де байланыста қарастырылады. Қазақ ғалымы Ж. Молдабековтің пайымдауынша, «шешеннің өмірлік қуаты – сөздік, ақындық, тілмарлық, ділмарлық... Шешеннің басты тұтқасы мен тірегі, біріншіден, оның тілдік тұлғасы мен тілдік санасында, яғни сөз шығармашылығы мен ойлау, сөйлеу мәдениетінде, екіншіден, ұлттық сана-сезімді жаңғырту жолында» [133, 193].

Цинеронның пайымдауынша, шешен «тұтас бір қайнар көзден нәр алады, өз ойын тартымды сөзбен әрлейді. Сөз бен ойдың мәнін біртіндеп игеріп, ойлау өрісін кеңейтеді. Шешеннің қуаты – сөздің айқындылығында, ойдың байлығында, тілдің тапқырлығында, сөйлемнің дұрыстығында. Сөзді былапыттау, ойды дөрекілеу – оған жат құбылыс» [133, 177].

Қазақ – қашан да тіл өнерін жоғары бағалаған халық. Шешендіктің ұлтымыздың қанына біткен асыл қасиет екеніне осы өнердің озық үлгілері, ой-маржандардың бай қоры дәлел болады. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін халық арасында кең таралған қанатты сөзді арқау етсек, қазақтың би-шешендердің тіл мен сөз туралы даналық ойларында саналы ұрпақ үшін тәлім-тәрбие мол.

Шешендер философиясын зерттеуші ғалым Ж. Молдабеков шешенге тән ерекшеліктер туралы: «Шешенің тілі – адамның өмірлік позициясы мен оның тікелей айнасы. Оның сөзі – болаттың өзі. Өзін сөзінен кем көрмейді. Өтімді сөзінің қайрағы – тілі. Тіл, бір жағы, адамдар арасындағы байланыс пен қарым-қатынастың құралы, бір жағы, шындықты танудың өтімді, өміршең құралы. Шешеннің тілі – тұлғалық болмысты шыңдау өнері» [133, 194], – дейді.

Тіл ғылымында ғалымдар әрбір шешеннің сөйлеу мәнерін қалыптастыратын шарттарды белгілеуде мыналарға ерекше тоқталады:

- тіл байлығын жақсы игеруі, оның мүмкіндіктерін дұрыс білуі;
- сөйлеу қабілеттерін үнемі және қажырлықпен, түсінікпен жаттықтыру;
- мәнерлілікке деген психологиялық ұстанымды бетке ұстау, сауатты сөйлеуге және жазуға саналы ұмытылыста болуы [134].

Бұл мәселе туралы қазақтың би-шешендері «мәселе сыртқы табиғи ортада болып жатқан құбылыстарда емес, ең бастысы мәселе сол табиғи ортаға

адамның қарым-қатынасында, сыртқы әлемге деген адамның көзқарасында, сыртқы дүниеге деген адамның ішкі (рухани) дайындығында» – деп есептеген [135, 407].

Адам жақсы, әсерлі, бейнелі, мәнерлі, анық сөйлеу арқылы тыңдаушыларға ықпалын арттыра алады, өзіне қарата алады. Шешен – тілдік санаты дамыған әлеуметтік-рухани тұлға. Ол өмірдің оңтайлы жағдайы мен әлеуметтік жайын білуге тырысады.

Шешен – тілдің барлық қыр-сырын меңгерген, тілді ұтымды, пайдалы жұмсай алатын тілдік тұлға. Би-шешендер өнерінің философиялық ерекшеліктерін зерттеуші Ж. Молдабековтің пікіріне сүйенсек, «тілдік тұлға сөйлеуді ұлттық мәдениеттің құралы, ұлттық ділдің тетігі ретінде қабылдап, жүзеге асыруға талпынады» [123, 390-391].

Қазіргі тілдік білім берудің мақсаты – тілдік тұлға қалыптастыру. Бұл мәселенің бір жағында бір тілдің барлық қабаттарын жетік меңгерту, тілдерді араластырмай, нақты бір тілде ойын анық, айқын жеткізуді үйрету, сөздік қорды байыту сияқты міндеттер тұр. Ал осы міндеттерді жүзеге асырудың маңызды тетігі ретінде жаңа сөздерді меңгерту қарастырылады.

«Тілдік тұлға қашан да үш бірдей біржақтылықтан – сөйлеуде лексиканың жұтандығынан, шетел тілдеріндегі сөздерді ойланбай, еліктеп қабылдаудан, сөйлеу ережелерін бұрмалаудан арылуға күш салады» [123, 391]. Осы тұжырымда айтылған «сөйлеу лексикасының жұтандығы, шетел сөздерін орынсыз қолдану, сөйлеу ережелерін бұзу» деген түйткілді мәселелердің шешімін табуда тілдің сөздік қорындағы жаңа сөздерді білу керек.

Жалпы тіл мен ұлт, тұлға сияқты сабақтас нысаналардың жаңа сөздерді меңгертумен сабақтастығын айқындауда адамның мінез-құлқына тән ерекшеліктерге тоқталу маңызды. Өйткені Абай айтқан «толық адам» мұны айналып өте алмайды.

Ұлттың болмысы жекелеген адамдарға тән ортақ қасиеттерден құралады. Қазақы тәрбиеге тән ерекшелік – ізгілік пен парасатты, мейірім мен адамгершілікті ұштастыруында. Сондықтан да «тұлға болмысында ізгілік пен парасаттылық болуы керек. Ізгілік пен парасаттылығы болмаса, ол қалай тұлға болмақ ... Тұлға өз заманынан үнемі озық тұрады» [118, 158]. Бұған тарих беттерінде дәлел көп. Қандай мәселеде де тереңнен, жан-жақты ойланып, ойына ізгілік пен парасатты сүйеніш еткен тұлғалар жетерлік. Олар – өткеннен ғибрат алған, өз заманында елінің арқа сүйер тірегі болған, келешекке өнеге қалдыра білген тұлғалар. Оларға тән басты ерекшелік мынада, яғни тұтастанған дүниетанымның иегері әр уақытта елдің бірлігін, мемлекеттің тұтастығын, халқының білімділігін ойлайды. Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек ойлау нағыз руханилықтың белгісі екені анық [127, 49].

Қоғам қайраткері А. Айталының: «Тіл адамдық капитал ретінде оны меңгергендердің қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік, саяси мәртебесін айқындайды, сондықтан тілге сұраныс та жоғары» [136, 7] – деген ойларына көз жүгіртсек, қоғамда өзіндік орнын белгілеу ниеті бар әрбір тұлғаның қазіргі таңда тілге деген сұранысы ұлттық мүдде тұрғысынан пайда болуы керек.

Тұлғаның өз ұлтына деген шынайы әрі жауапкершілікті қарым-қатынасының қалыптасуына түрткі болатын оның рухани күші, рухани болмысы. Қазақтың ұлттық болмысын тереңнен зерделесек, «қазақтың тұтастығы – рух тұтастығында» [135, 406].

Қазіргі ұлттық философия тұжырымдарында «руханилық – «адам жан-дүниесінің қоршаған ортаны бар ықыласымен сүйеге, адами ортаға қарай, игі ой-ниеттерге бастау, адамгершілікке, адамға деген құрмет пен сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімділікке, имандылыққа, тектілікке қарай бет алу» [135, 407], – деп түсіндіріледі. Ал ұлы ойшылдардың адамдағы ізгілік пен парасаттылыққа қатысты тұжырымдарының түйіні мынаған келіп саяды: «Адам ізгілікті, әсемдікті, адамгершілікті, ұлылықты басқа нәрселерден емес, рухтың іс-әрекетінен алады, адам рухын тәрбиелеу арқылы кемелдікке және ізгілікке қол жеткізеді» [130, 21].

«Адамның шынайы мәні – оның руханилығында» [135, 406]. Абай үшін дүниені терең танып-білу оны әрбір адам жүрекпен қабылдап, ақылмен електеп, барлық білім көздерінен сусындап... қанша жүзеге асуға болатындығымен байланысты:

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек [127, 44].

Абайдың айтуынша, дана адамдағы білім, ақыл және жігер жақсылыққа, ізгілікті істерге бағытталуы тиіс.

Дана Шәкәрімнің де «адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді» [137] – деген ойы Абай философиясымен сабақтас.

Әл-Фараби «Даналық негіздері» деп аталатын зерттеуінде: «Адамдық әрекет күнделікті өтпелі өміріміздегі мақсаттарға талпыну барысында пайдалы мен игілікті тандап алудан тұрады... Бұл мақсаттарға ақыл-парасат бастайды» [138, 270], – дейді. Бұл аталған адам болмысын танытушы межелер ұлт тіліне қатысты тұлғаның игі мүддесі мен жаңа сөздерді меңгеру мақсатын толық айқындап береді.

Жаңа сөздерді меңгертудің философиялық мәнін ұлттық категориялар шеңберінде зерделей келе, қазақтың философ ғалымы Б. Сатершиновтың мынадай пікірімен түйіндеуге болады: «Ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын іргелі құндылықтарды – адамдарды рухани тұрғыда оятатын ана тілі мен дәстүрді жаңғыртумен қатар, халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи өзіндік сананы қалыптастыру тәуелсіздіктің рухани тұғырын құрайды» [129, 4].

Зерттеу нысанының философиялық сипатына қатысты мәселелерді әлемдік тіл философиясындағы ғылыми категорияларының арақатынасы тұрғысынан қарастыруға болады.

Тіл философиясы – ойлау мен тілдің өзара байланысын жай ғана талдап қоймай, тілдің, сөздің және сөйлеудің, дискурстың түрлі формаларындағы және сана мен білім құрылымындағы бағалауыштық рөлін айқындайтын

философияның саласы. «Тіл философиясы» термині П.И. Житеникий (1900), А. Марти (A. Marty, 1910), К. Фослером (K. Vossler, 1925), О. Функе (O. Funke, 1928), М.М. Бахтин және В.Н. Волошинов (1929) еңбектерінде ұсынылды.

Тілдегі жаңа сөздер құбылысына катысты философиялық мәселелердің бір жағы ғылыми тіл туралы тұжырымдарды қамтиды. Ұлы ойшыл әл-Фараби сол кезде танымал болған ғылымдарды бес тармаққа бөліп, олардың жалпы алғандағы сипаттамасын былайша мазмұндаған: а) тіл туралы ғылым және оның тармақтары; ә) логика және оның тармақтары; б) математика ғылымдары; в) физика және метафизика, олардың тармақтары; г) адамзаттық ғылым және оның тармақтары, юриспруденция және дін ілімі. Ғылымдар кешені тіл туралы ғылыммен ашылған. Әл-Фарабидің ойынша, ол сөздерді жадында сақтау және әр сөздің не мағына беретінін білу, сондай-ақ бұл сөздерді басқаратын заңдарды білуден тұрады. Тіл туралы ғылым жеті тармақтан тұрады [130, 25]. Ғылымдардың алдына тіл туралы ғылымды қою тектен-тек емес, себебі қандай ғылым болмасын оның өзіне тән ұғымдық аппараты болатынын ескерсек, мұның барлығы тілді айналып өтпейтін мәселелер.

Осыған орай бүгінде маңызды мәселелердің бірі ретінде жүргізіліп отырған тіл саясатында қазақ тілін ғылым тіліне айналдырудың өзектілігі әрқашан жаңа сөздер мәселесімен сабақтасып жатыр. Алаш қайраткері Х. Досмұхамедұлы ұлт тілінің тағдыры жайында: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі — бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек» [44, 164], – деген болатын. Түрлі ғылыми ұғым-түсініктердің үнді-еуропа, славян тілдерінен қазақ тіліне ендіруде тіліміздің өз мүмкіндіктерін барынша пайдалану арқылы төл баламасын ұсыну, оны нормаландыру және қалыптандыру – Х. Досмұхамедұлы айтқан «тілімізді реттеу».

Ғылыми тіл мәселесін алғаш реті философиядағы логикалық позитивизм бағытының өкілдері көтерді («Вена үйірмесі»). Б. Рассел мен Л. Витгенштейннің доктринасы ғылыми тілді логикалық тұрғыдан талдауға бағытталған. Олардың пайымдауынша, табиғи тілдің әлсіз тұсы бар: көпмағыналылық, ойды жасыратын сөз орамдарына тән логикалық құрылымның анық еместігі; психологиялық ассоциациялардың әсерінен ауырлығы.

Ғылыми тіл бір мағыналы болуы тиіс. Сондықтан да мазмұнды таңба формалды, идеалды және логикалық тұрғыдан жетілдірілген тілмен алмастырылуы керек. Ол табиғи тілдің әлсіз тұсын бейтараптандыруы қажет. Жасанды тілдің артықшылығы мыналарға келін саяды:

- табиғи тілде араласқан ойлау элементтерін анықтауға және бекітуге мүмкіндік береді;
- сөйлемді үнемдеуге – сығымдауға, көлемдеуге, жеделдетуге мүмкіндік береді;
- ойлау элементтерін логикалық қадам түрінде ұсынуға мүмкіндік бере отырып, формалды аксиомалық теориялар үшін жол ашады. Нәтижесінде өзара

келісілген және айқын теория алынады. Алайда жетілдірілген логикалық тілді жасау мүмкін емес болды, мұның себебі бірін-бірі ауыстыратын теориялар көбінесе бір ұғымға түрлі анықтама берді. Бір ұғым бірнеше салада қолданылып, олардың әрқайсысында сол ұғымның анықтамасына тиесілі өзіндік үрдіс қалыптасты.

Әрбір ғылымның тілі сол саладағы ғалымдар арасындағы қарым-қатынас үшін және ғылыми нәтижелерді көрсету үшін қызмет етеді. Нақты бір ғылым саласының ұғымдары жүйелі және нақты түрде сол пәннің жетістіктері қамтылған оқулықтарда ұсынылады. Оқулықты меңгере отырып, болашақ маман өз ғылымының әлеміне қарауды, оның нәтижелерін және әдістерін меңгереді. Бұл – тікелей тіл философиясындағы ғылым тілінің қалыптануына қатысты мәселелердің бір аспектісі.

Философтар сөз және тілдік айтылым идеялар таңбасы болып табылады және ең алдымен ойды жарыққа шығару үшін пайдаланылады деген көзқарасты ұстанды. Дж. С. Милль және Г. Фреге тіл туралы басқа түсініктің негізін қалады, яғни сөз санадағы идеяларды емес, ақиқат болмыстағы нысандарды белгілеу үшін қызмет ететіндігін пайымдады. Айталық, Фрегенің пікірінше, сөз мағынасы екі компонентті жасалымды қамтиды: сөз қандай да бір нысанды білдіреді және қандайда бір мәнді (немесе идеяны) көрсетеді. Тілдік айтылымның мәні оның заттық мағынасын немесе қазіргі терминмен айтқанда, оның референциясын – таңбалаушы мен таңбаланушының арасындағы, зат пен оның атауының арасындағы қатынасты анықтайды. Мән референтке «жол» көрсетеді, сөзді дүниенің белгілі бір бөлшегімен сәйкестендіруге мүмкіндік береді [139].

1960 жылдары Х. Патнэм С. Крипкемен бірге «жаңа» немесе «казуалды» референция теориясын ұсынды. Ол бойынша ғылыми терминдердің басым бөлігін құрайтын табиғи түрлермен (су, ауа, өсімдік) байланысты терминдердің мағынасы ең алдымен ішкі табиғаттағы осы табиғи түрлермен анықталады. Қарапайым (табиғи) сөзді түсіну және пайдалану үшін сөздің мәнін толықтай білу міндетті емес. Сөздің мәнін (референция) тілді иеленуші анықтайды. Олардың арасындағы байланысты Крипке мен Патнэм *казуалды* (лат. *casualis* – кездейсоқ) деп атады, сондықтан да олардың тұжырымын «казуалды референция теориясы» деп те атайды [140]. Бұл аталған ғылыми тіл мен атауларға қатысты тұжырымдар жаңа сөздердің тілде пайда болуы мен «өмір сүру» сипатын нақтылауда маңызды болып табылады.

Тіл философиясы тарихындағы тілдің ішкі заңдылықтарына тән сипат пен оның өмір сүруіндегі ішкі тәртіптер туралы мәселелер тілдегі бірегей құбылыс ретінде бағаланатын жаңа сөздермен байланысады. Қазақ тіліне тән қасиет – табиғилық. Өзіндік әуезге, ырғаққа ие қазақ тілінің төл сипатында жасандылық жоқ. Жаңа ұғымдық-атаулардың тілге енуінде тілдің осы табиғилығын, бүкіл тарихи жолында байлығын, мүмкіндігін пайдалану, көнені жаңғырту тілдегі бірізділіктің – норманың сақталуын қамтамасыз ететіні белгілі. Ортағасырлық ойшыл, ғалым, «Екінші ұстаз» атанған әл-Фараби тіл біліміне қатысты мәселелердің ішінде «тілдік нормаға» ерекше назар аударған. Өмірінің көп

бөлігін Араб халифатында өткізген ойшылдың шығармашылық тілі араб тілі болғанымен, грек философтарының мұраларынан тәлім алып, Шығыс халықтарының даналығын меңгерген. Ғалымдардың көрсетуінше, «Екінші ұстаз» шығармаларының стилі тілдік тұрғыдан мінсіз болған. Абу Насрдың араб тілін жетік меңгергендігі соншалықты, ол араб терминологиясының, соның ішінде философиялық терминологияның дамуына айтарлықтай үлес қосқан. Ғалымның ұсынған көптеген терминдері араб тілінің ұғымдық аппаратында әлі күнге дейін пайдаланылады. Әл-Фарабидің араб тіліне деген қызығушылығы ҚҰРАН тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуымен және негізгі ұлттың тілі болуымен ғана емес, бай әдебиетінің арқасында ғылым мен мәдениеттің тіліне айналуымен байланысты болды. Араб тілінің ішкі мүмкіндіктері сол тілде түрлі ғылым мен білімді дамытуға мүмкіндік берді. Орта ғасырларда араб тілі дәуір тіліне айналды. Осылайша араб мәдениеті мен араб тілінің кеңістігінде әл-Фараби тілдің әртүрлі аспектілерін зерттеді. Соның ішінде тілдік норма мәселесін өзінің «Әріптер кітабы» атты еңбегінде көтерді.

Әл-Фараби «тілдік норма» ұғымын «аль-фасых» және «ас-сауаб» терминдері арқылы берді, араб тілінде бұл терминдер «дұрыс», «әдеби» деген мағынаны береді. Ал нормаға қарсылардың барлығын «хата», «ляхни», «гайыр фасых», «кабих», «люкна» және «аджама» – «қате», «әдеби емес», «тілдегі акцент», «енгізілген» деп атады [141]. «Әріптер кітабы» еңбегіндегі Әбу Насрдың тұжырымдарына сүйенсек, сыртқы араласусыз, табиғи жолмен ұрпақтан ұрпаққа тәжірибе мен дағды арқылы жеткенде тіл «дұрыс байырғылығын» сақтайды. Оның орта ғасырлардың өзінде-ақ айтқан идеяларын кейінгі зерттеушілер растады, тіл биологиялық жолмен емес, атадан балаға тілдік ұжым арқылы мирас болып жетеді. Осылайша тіл ғасырлар бойы өмір сүреді. Тілдік норма туралы әл-Фарабидің тұжырымы мынадай бағытқа келіп саяды: «Даланың немесе орталық аудандардың тұрғындары таза тілдік «кодты» жеткізуші және сақтаушы – тілді жетілдіруші шешендер – жинақталған тілдік материалдардың негізінде ережелерді бекітуші грамматистер». Зерттеу нысанын осы сызбаға орайластыратын болсақ, жаңа сөздердің тілде орнығуында оның қалыптану үдерісінің маңыздылығын айқын байқауға болады. Тілдік норманың дұрыс болуы үшін оның қазынасындағы байырғы сөздерді, ұғым-түсініктерді қайта жаңғырту қажет. Себебі «өткенді білмей, болашаққа қарау» қай істе де мүмкін емес [147].

Антикалық тілдік дәстүрдің негізін қалаушы, оның құрылымы мен негізгі бағыттарын қалыптастырушы Аристотельдің пайымдауынша, тіл, сөйлеу – ең алдымен, құрал, ойды жарыққа шығарудың құралы және белгілі бір мақсатқа жетудің құралы. Ол диалектика, поэтика және риторика ғылымдарын негізгі ауызша өнердің түрлері деп көрсетіп, осы үш ғылымның шеңберінде тіл теориясын дамытты.

Б.з.д. 5 ғасырда Гераклит, Эмпедокл, Демокрит, Протагор, Горгий, Продик сияқты ежелгі грек философтары тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Платонның еңбегіне дейін грек тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымы туралы, оның лексикалық қоры туралы белгілі бір ілім жүйесі қалыптасты. Платон

өзінің хаттары мен бірқатар диалогтарында («Кратил», «Теэтет», «Софист») тіл мәселесіне тоқталды. Ол өзінің «Кратил» деп аталатын диалогында заттар мен олардың атауы арасындағы қатынас туралы мәселені алға тартады. Диалогта Платон Кратилдің (атаулардың табиғаттан дұрыстығын жақтаушы) ұстанымы мен Фермогеннің (келісім мен уағдаластықты жақтаушы) ұстанымын бетпе-бет қоя отырып, Сократты сот ретінде қатыстырады. Платон сөздің затпен тура емес, алыс байланысын мойындап, атаулардың әдет және келісім бойынша қолданыс мүмкіндігіне жол береді. Ол сөздің ішкі формасы (уәжделуі) ұғымын ашады, уәжделген және уәжсіз сөздерді ажыратады. Сөздің жекелеген дыбыстары арасындағы және заттың сапасы мен қасиеттері арасындағы ассоциация туралы идея (дыбыстық символизм) Платонға тиесілі [143].

Тілге еніп жатқан өмірдің түрлі салаларының көрінісі – жаңа атаулар мен ұғымдардың жасалуында Платон көтерген екі мәселені кездестіруге болады. Бұл ретте атаулардың табиғи сипаты тілдің ішкі мүмкіндіктерін қамтиды. Жаңа сөздердің тілдегі нормалану үдерісін бақыласақ, кейбір семантикалық жағынан түсінуге қиын сөздердің нормалану сипаты Платон шығармасындағы келісім мен уағдаластық ұстанымына сәйкес келетін сияқты, қолданыс белсенділігі, жиілігі өте жоғары сөздер семантикалық айқындылығы төмендігіне қарамастан, тілге сіңісіп кетеді.

Тіл – мазмұндық таңбалық формалар жүйесі. Тіл арқылы ұғым қабылдаудан түсінуге өтіп, ұғымдық операциялар жүзеге асады. Сөйлеу тілінде адам өз ойын, сезімін бекітеді. Тіл арқылы өз ойын және сезімін білдіре отырып, адам оны өзі де анығырақ меңгереді. Ол өз сөзінің өзгелерге түсініктілігін сезіну арқылы өзін түсінеді.

Тіл таңбалық жүйе ретінде анықталады және ойдың материалдық рәсімделуін қамтамасыз етеді. Ойлау – идеалды, ал тіл – материалды. Тіл мен ойлаудың арақатынасы мәселесі мәңгілік мәселелердің қатарына жатады, себебі адамға тән ерекшелік бола отырып, екі құбылыс әлеуметтік және биологиялық ерекшелікті қамтиды. Бұл мәселенің шешімін табуда бірізділік болмады. Ғалымдардың бір тобы тіл мен ойлауды барабар десе, басқалары оларды абсолютті түрде ажыратты. Пікірталас тіл мен ойлаудың пайда болуы туралы мәселеден басталды. Бірінші көзқарасты ұстанушылар ойлау мен тіл бірге пайда болды дегенді айтты, ойлаусыз тіл жоқ, керісінше тілсіз ойлау жоқ.

Тіл мен ойлаудың арақатынасы, мәселесінің маңыздылығы түрлі кезендерде және әртүрлі елдерде қызығушылық тудырды. Бұлардың арасындағы байланыстың дәрежесін және нақты сипатын анықтау тіл философиясындағы орталық мәселелердің бірін құрайды. Тіл мен ойлау бір-біріне диалектикалық қарама-қарсы бірлікті құрайды, демек тіл тек ойлаудың сипаты мен құрылымын анықтап қана қоймай, объективті болмысқа тән көріністің сипаты болып саналады.

Ойлау мен тіл – қоғамдық әрекеттің тығыз байланысты екі түрі, олар өзінің табиғаты мен ерекше белгілері бойынша ажыратылады. Ойлау – заттар мен құбылыстардың қасиеттерін көрсететін, мақсатқа бағытталған, абстракциялаушы және жинақтаушы, ұғымдар мен теорияларда жүзеге асатын

белсенді үдеріс. Ойлау үдерістері өзара байланысты үш түрде көрініс табады: практикалық-әрекеттік, көрнекілік-бейнелік және ауызша-логикалық.

Жаңа сөздерді меңгертуде ойлау үдерісінің аталған формаларын ескеру аса маңызды. Бұл мәселе оқыту үдерісіне енгізілгенге дейін жаңа сөздерді жасау, көпшілік қолданысқа ұсыну сатысында ескерілгені жөн. Себебі ойлаудың көрсетілген формаларына түспесе, оның санада орнығуы екіталай. Бұған тәжірибе барысында семантикалық тұрғыдан түсініксіз сөздерге қатысты нәтижелер дәлел бола алады.

Философиядағы ойлауға қатысты зерттеулерде тіл туралы мынадай тұжырымдар бар:

- атау философиясы (антикалық кезең, орта ғасыр) – тіл ақиқат болмыстағы заттардың белгісі ретінде қарастырылды;

- сөйлем философиясы (жаңа кезең) – тіл ұғымның, ойдың, сезімнің белгісі ретінде қарастырылды. Аяқталған ой сөзбен емес, хабарлы сөйлем арқылы, айтылым арқылы беріледі;

- құндылық бағдары философиясы (жаңа және жаңадан кейінгі жаңа уақыт) – тіл адамдардың еркімен емес, тіл олардың мақсатқа бағытталған әрекетіне, практикасына сәйкес жасалып, пайдаланылады. Бұл ретте адамды оның мақсатына қатыссыз нысанды ұсынатын жай ғана ақиқат емес (сөйлем философиясындағы сияқты), адам үшін нысанның мағынасы (құндылық) қызықтырды [139; 144].

Адамның танымы тілсіз мүмкін емес. Тіл мен танымның арақатынасы туралы әртүрлі тұжырымдардың болуы адам тілді ақиқат болмыстағы түрлі құбылыстарды білдіру үшін пайдаланатындығымен түсіндіріледі.

Ұғым, пайым, тұжырым белгілі бір тілдік формада көрініс табады. Тіл таным нәтижелерін қоғамдық игілікке айналдырып, танымдық үдерістің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Дәстүрлі түрде тіл болмысты танудың құралы әрі қаруы ретінде қарастырылады. «Тіл мен таным» мәселесі қазір лингвистика мен философияда түрлі бағыттардың зерттеу нысаны болып отыр.

Жаңа білімді алу және бекіту сөйлеу әрекеті қатар жүретін адамның практикалық әрекетінде жүзеге асады. Сәйкесінше тілдің танымдық рөлін адамның практикалық әрекетімен бірлікте қарастыру керек. Таным құралы және табиғи таңбалар жүйесі ретінде тіл адам әрекетінің кез келген саласындағы таным нәтижелерін бекітеді. Бірақ, әрине барлық білім салаларына қатысты ойлау жетістіктері тіл білімінің нысаны бола алмайды. Мұндай жағдайда тіл білімі әмбебап ғылым, ғылымдардың ғылымы болып, оның күші жетпейтін, ол үшін мүмкін емес ештеңе болмас еді.

Адам кез келген нәрсенің атауын оны таныса ғана біледі. Мәселен, бір сөзді атағанда адам ол сөзге ешқандай кері жауап қайтармаса немесе оның мағынасын түсінбесе, онда бұрын таңбаланушы туралы ақпараттың болмағандығы. Адамның танымында таңбаланушы туралы ақпарат сөз арқылы, яғни оның атауы арқылы бекітіледі. Бұл жердегі жаңа сөздерге қатысты мәселе мынада: танымның нәтижесін алғашында шеттілдік атаумен бекіткен адам

казак тіліндегі жаңа атауды қабылдауы үшін оны практикада қолданысқа түсіруі аса маңызды.

Зерттеу нәтижесі тілдің табиғаты танымдық қызмет атқаруға бейім екендігін дәлелдеп отыр. «Тіл мен таным» мәселесіне деген ерекше қызығушылық философиялық сипатқа ие лингвистикалық ықтималдық тұжырымдамасында (неогумбольдттық «Сепир-Уорф» болжамы) көрініс тапты. Аталған лингвистикалық бағыт түрлі тілдердегі әлемнің бейнесіндегі айырмашылықтар, сондай-ақ осы бейнелердің ғылыми әлем бейнесіне және болмысқа қатынасын зерттейді. Әртүрлі тілдердің лексикалық және грамматикалық жүйесіндегі болмыс бейнесінің айырмашылықтары негізінде халықтың дүниені тану, дүниені түсіну, оның психологиясы, мінез-құлқы, мәдениеті және т.б. ерекшеліктері туралы тұжырым жасайды.

Тіл таным құралы, табиғи танбалар жүйесі ретінде және өз семантикасында халықтың ғасырлар бойғы рухани және материалдық өмір тәжірибесін бекіте отырып, айрықша танымдық құндылықтарды иеленеді. Жалпы қолданыстық тілдің семантикасында, оның түсініктері мен категорияларында халықтың ойы мен сөйлеу тілінің даму нәтижесі қатталып жатыр.

Дүниедегі заттар мен құбылыстардың алғашқы жіктемесін тілден табамыз. Жалпы қолданыстық тілдегі ұғымдар барынша жоғары дәрежеде дерексіздене және өңделе отырып, ғылым мен оның категорияларының қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл ретте жалпы қолданыстағы мұндай сөздердің мағынасы сәйкес ғылыми категориялармен белгілі бір семантикалық байланысын үзбейді (мысалы, жалпы қолданыстағы сөздер мен ғылыми терминдер: уақыт, кеңістік, сана, ойлау, себеп, қозғалыс, қысым, байланыс, жарық, жылу, тіл, дене, жылдамдық, кедергі, сөйлеу, өріс және т.б.). Сондықтан да ғалымдар «ғылымға апаратын жолды сөз дайындайды» деген тұжырым жасайды [145, 34]. Дерексіз ғылыми ақиқаттар таза ойлаудан тұрады деп санайтын ғалымдардың көзқарастарын саралай келе, Потебня мынадай тұжырым жасайды, яғни жеке адам жалғыз қалғанда ойлану үшін де тіл қажетті шарт болып табылады, себебі ұғым тек сөз арқылы ғана жасалады, ал ұғымсыз шынайы ойлау мүмкін емес. Алайда, шын мәнінде тіл тек қоғамда ғана дамиды, мұның себебі адам әрқашан бүтіннің, яғни өзі тиесілі тайпаның, халықтың бөлшегі болғандықтан және қоғамда өзара түсіністікті орнатудың қажеттілігінен ғана емес, адам өз сөзі өзге адамдарға түсінікті болғанда өзін-өзі түсіне бастайды.

Жалпы қолданыстағы тіл мен ғылымның генетикалық байланысы туралы В.В. Виноградов былай деп жазады: «Ғылыми сөздік пен тұрмыстық сөздік арасында тікелей тығыз байланыс бар. Барлық ғылым халықтық ойлау мен сөйлеу арқылы алынған нәтижелерден басталып, одан әрі қарай дамуында халықтық тілден ажырамайды. Нақты ғылымдардың өзі әлі күнге дейін өзінің терминдер сөздігінде жалпы халықтық тілден алынған терминдерді қолданады» [146, 165].

Соңғы жылдары шетелдік, әсіресе америкалық лингвистикада ақпаратты, білімді алу, сақтау және жеткізудің табиғи құралы ретінде тілге деген

қызығушылық оянды. Мұндай зерттеулер «когнитивтік лингвистика» немесе «таным теориясы» деген жалпы атаумен аталып жүр.

Болмысты тілдің көмегімен танудың жалпы ғылыми және философиялық мәселесі еуропада біраздан бері қарастырылып келеді. Бұл мәселе теориялық тіл білімінің негізін салушы В. фон Гумбольдттың және оның ізбасарларының үнемі назарында болды. Тіл болмыстың көрінісі және оны танудың негізгі құралы деген идея Гумбольдттың басты теориялық еңбегінің өн бойында айтылады. «Адам, – дейді ол, – заттар әлемін көрсету және өңдеу үшін өзін дыбыстар әлемімен қоршайды» [71, 80].

Тіл табиғи таңбалар жүйесі ретінде таңбалардың мағынасына таным нәтижелерін бекітеді, қауымдастық мүшелерінің игілігі, сәйкесінше одан әрі жетілу мен дамудың нысаны етеді. Демек, қандай да болмасын тілге енген жаңа ұғым-түсінік, атау – сол тілді тұтынушылар танымының жемісі, тілдегі көрінісі. Адамзат танымы жетіле түскен сайын, оған енген әрбір жаңа нәрсе тілде жаңа атаумен белгіленіп отыратыны осының дәлелі.

Қорыта келгенде, тұтастай алғанда жаңа сөздерді меңгертудің философиялық мәні «ұлттық тіл мен мәдениетке деген қызығушылықтың қайта жаңғыруын, мемлекеттік тілдің атқаратын әлеуметтік қызметінің аясын қатынастың әртүрлі саласында кеңейту міндеттерімен» [147] сабақтас, осымен байланысты «жаһандану дәуірі қалыптастырып отырған әр алуан қиындықтар мен еларалық, ұлтаралық ...қатынастардың қазіргідей күрделеніп тұрған кезеңінде тіл үшін күрес табандылықты, ыждағаттылықты қажет етеді. Бұл тұста ұлттың басты құралы – сабыр мен салауаттылық, намыс пен жігер, парасат пен білім, біліктілік пен ізденімпаздық... Ол үшін өмірдің бар саласында мемлекеттік тілдің мәртебесін бекітіп, беделін үстем етер шаралар үздіксіз атқарылуы тиіс» [148]. Себебі жаңа сөздерді меңгерту – тілді меңгерту – білім көкжиегін кеңейту – ұрпақты ізгілікке бастау – тілді тұтынушының ұлттық мүддесін және тілдік тұлғасын қалыптастыру – ұлттың ана тілін кейінгі ұрпаққа табыстау – тұтас ұлттық өркениетті қалыптастыру. Ал «өркениеттілік – жаңа технологиялар бәсекесіндегі көшбасшылық қана емес, ең алдымен елде мемлекетшілдік рухтың салтанат құруы; интеллигенцияның инновацияларды өзінің төл құндылықтарымен үйлестіре қолдануға мүдделілік танытуы; ...ұлттық білім мен мәдениетті мамандардың интеллектуалды әлеуетінің басты көрсеткіші ретінде түйсінуі. Сондықтан мемлекеттің әрбір мүшесі осы мәселені түсініп, өзінің өмір сүру қағидасына айналдыра алуы маңызды [149, 23]. Демек ұлттың болмысы, оның рухани табиғаты әрқашан тіл тағдырымен сабақтастықта қаралып келеді. Осымен байланысты қазақ тілінің сөздік қоры – тілдің төл байлығы туралы мәселе әрқашан назардан тыс қалмауы тиіс. Аталғандардың қатарында сөздік қорды таза қалпында сақтау, басқа тілдерден кірген сөздерден барынша аулақ болу, тілдің төлтума сөздері арқылы таным көкжиегін кеңейту және білім беруде тілдің тазалығын сақтауды қадағалау мәселесі тілге қатысты жайттардың басында тұрады.

2.2. Бейіндік мектептерде жаңа сөздерді меңгертудің психолінгвистикалық негіздері

Адамның дамуы – аса күрделі құбылыс; даму үдерісі адамның бір жастан келесі жасқа қарай үздіксіз өтуімен ерекшеленеді. Қазақ ұғымында балалық шақ (13 жасқа дейін), жастық шақ (25 жасқа дейін), есейген шақ (37 жасқа дейін), кемел шақ (49 жасқа дейін), аталық шақ (73 жасқа дейін), қарттық жас (97 жасқа дейін) деген шартты бөліністер кездеседі. Осы ажыратуларға сүйенсек, адам баласында білім қорының нақты қалыптасатын мерзімі – жастық шақ (25 жасқа дейін), бұл кезеңде жеке адам орта және жоғары білім алу сатыларынан өтеді. Белгілі психолог Г. Крайг адам өміріндегі жеткіншек кезең шамамен 12 жастан 18-21 жасқа дейінгі аралықты қамтитынын көрсетіп, оған «жеткіншек» (подросток) терминін қолданған [150].

Қазақ халқының ұғымында *жасөспірім / жеткіншек / өрен / жас ұлан / балғын жас / ержеткен* мағыналары синонимдес қолданылады [96, III, 711]. Қазақтың ұлттық дүниетанымына байланысты көзқарастар бойынша жеткіншек – 15-17 жас аралығындағы адам; жоғары мектепте білім алатын жас мөлшері. Сол себепті біздің тарапымыздан осы жас кезеңіндегі субъектіні сипаттау үшін жеткіншек термині қолданылды.

Жеткіншек кезеңді адамның қалыптасуындағы жас ерекшелігінің айрықша бір сатысы ретінде бөліп қарау XIX ғасырдың екінші жартысында басталды.

Жоғары мектеп жасы – белсенді дүниетанымдық ізденіс кезеңі, осы кезеңде жеткіншектің алдында аса маңызды мәселе – өмірді тану, оған болжау, жоспар жасау тұрады. Бұл жайт жеткіншектің өзін-өзі бағалап, өзін-өзі анықтауын қажет етеді және бұл мектептің соңғы жылдарындағы білім алудың сипатына да әсер етеді. Осы кезеңде айналадағы барлық ақпараттарды, мағлұматтарды екшеуден өткізу, саралап қабылдау қалыптаса бастайды, рухани-мәдени құндылықтарды танып-білу және бағалау пайда болады. Осы жайтпен байланысты жеткіншек тілдегі өзгерістердің айқын көрінісі ретінде тілдің өз мүмкіндігі арқылы жасалған жаңа сөздерді осыған ұқсас басқа құбылыстардан айырып, оның артықшылықтарын дәйектей алады.

Жоғары сынып оқушылары ересектер сияқты «қызмет ету үшін көп оқып, еңбектену қажет екенін, өз бетімен өмір сүріп, игіліктерді өндіру оңайға түспейтінін сезе бастайды. ...табиғат пен қоғамдық өмірдің құбылыстарының мәнін ұғуға, олардың өзара байланысын және бағыныштылығын түсіндіруге ұмтылады. Әр уақытта да қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға өздерінің көзқарастарын білдіруге, өздерінің бағасын беруге бейім тұрады» [151, 118-119].

Осы тұрғыдан алғанда жеткіншек жастағы оқушы тілді қоғамдық құбылыс ретінде қабылдай отырып, оның шынайы мәні мен қызметін түсіне алады. Қоршаған ортада орын алып жатқан әрбір өзгерістің тілге тигізетін әсері жайында өзіндік пікірін қалыптастырып, оны тұрақтандырады. Бұл әсіресе тілдегі жаңа сөздер құбылысына қатысты айқын көрініс табады, себебі жаңа сөз тілдің қоғам өмірімен тығыз байланысын таныта отырып, оны тұтынушылар

мен тіл арасындағы қарым-қатынастың өзегін айқындайды. Тілдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде өзіне қажеттісін таңдай отырып, жеткіншек өз ұстанымын көрсетеді. Бұл ретте біздің тарапымыздан ұсынылып отырған таңдау пәні жоғары мектеп сатысындағы оқушының жаңа сөз құбылысы туралы дұрыс әрі жан-жақты көзқарасын қалыптастыруды көздейді. Сондықтан да аталған мақсатты жүзеге асыру және оң нәтиже алу осы жас кезеңіне сәйкестендіріліп отыр.

Лингвистикалық ілім қалыптаса бастағаннан бері белгілі бір халықтың тілін, жалпы тіл білімі мәселесін зерттеушілер тілдің философия, логика, биология, нейрофизиология, психология салаларына қатысы бар екендігін мойындап келеді. Өйткені адамның кез келген іс-әрекеті оның жүйке жүйесінің жұмысына барып тіреледі. Демек, тілші-ғалымдар үшін бұл арада сөйлеу әрекетіне байланысты мидың қозғалысында қандай мәліметтер болып жататындығын анықтау маңызды болып саналады. Ми жүйесінің және жүйке тамырларының жұмысы арқылы жеке адам қоршаған ортаны танып, біліп, алған ақпаратын сөйлеу әрекетіне қосады.

В. Гумбольдттың еңбектерінде лингвистиканың нысанасы адамның жан дүниесімен, рухымен байланысты болу керектігі көрсетілген болатын [71]. Тілді адамның ойлау қабілетінен тысқары, оқшау қарастырудың мүмкін еместігі басқа ғалымдар тарапынан да тұжырымдалған. Шындығында да тіл – белгілі бір халықтың ұлттық ойсанасын, қоршаған ортадағы пайымдауы мен қабылдауынан қалыптасқан дүниетанымын, осы дүниетанымды логикалық тұрғыдан қорытуын көрсететін, ішкі дүниесіндегі психикалық, рухани қозғалыстардың табиғатын танытатын рухани жеміс. Алайда осы тұтастай дүниетанымды, логиканы, барша рухани қозғалыстарды тіл арқылы бейнелеуде адамдардың ойлауы мен жеткізу қабілеті бірдей емес. Аталғандар адам өмір сүретін қоғамның кезеңіндегі барлық жағдайларға, адамның әлеуметтік белгілеріне, қоғамның тікелей әсеріне, сондай-ақ қоғам мүшелерінің жас ерекшеліктеріне байланысты. Осы себепті тілде пайда болған жаңа сөздердің қоғам мүшелерінің менталды лексиконындағы көрінісі психолингвистикалық тұрғыда қызығушылық тудырады.

Жеке адамның сөйлеу, өз ойын жеткізу қызметінде, оның рухани дүниесі мен ақпаратты жеткізу қызметінің арасындағы байланысты танытатын басты тілдік бірлік – сөз болып табылады (бұл ретте жеке адам ретінде зерттеу нысанына байланысты мектеп оқушысы қарастырылады). Ал сөзге қатысты мәселеге тоқталатын болсақ, бұл – тілдің негізгі категорияларының бірі ғана емес, сонымен қатар адамдардың көзқарастарына, кәсібіне, сенім-нанымына қарамастан тікелей пайдаланатын қарым-қатынас құралы. Жеке адам ретінде оқушы өз ойын және сезімдерін сөз арқылы жеткізеді, сөз арқылы ақпарат алады, жаңа сөздерді және басқа тілдерге тән сөздерді үйренеді, сөз үйрену арқылы білімін жетілдіреді. Сөз – материалдық (дыбыстар және нысандар) және идеялық (мағына) факторлардың күрделі бірлігі. Міне, сондықтан да қазіргі кезде тілші-ғалымдар кез келген тілдегі жеке сөзді басқа ғылыми

салалармен, әсіресе психолінгвистика аспектісімен тығыз қарым-қатынаста қарастырудың маңыздылығын мойындайды.

Жаңа сөздерді психолінгвистикалық аспектіде қарастыру барысында ең алдымен әлеуметтік лингвистиканың статистикалар бойынша бүгінгі таңда қазақ тілді қоғам мүшелерінің екі тілді қатар меңгергендігін, нақты айтқанда, кез келген коммуникативтік жағдаятта екі тілді қатар пайдалана беретіндігін атап өту керек [152, 209]. Бұл көрсеткіштердің құрамында мектеп оқушылары да қамтылған. Ал нейролінгвистика тұрғысынан қарасақ, жоғарыда көрсетілген пайыздық мәлімет қазақы тілді қоғам мүшелерінің санасында белгілі бір ұғым-түсініктік атауын айтуда екі тілдегі ақпарат қатар жүрін отыратындығын көрсетеді. Бұл арада қалай болғанда да орыс тілін білетін тілдік құзыреті 93%-дан асатын қазақы тілді қоғам мүшелерінің коммуникативтік актіде өз ойын шапшаң жеткізу үшін бұрыннан қалыптасқан тілдік бірлікті қолдануы дәлелді болып саналады. Мысал ретінде қазақ тіліндегі баламалары бола тұра, тінгі олардың кейбіреуі әбден нормаланған болса да, *сотовый телефон, зонт, квартира, проездной билет, остановка* сияқты сөздердің қолданысы осыны дәлелдейді. Бұл ерекшелікті ересектермен қатар оқушылардың сөйлеу тілінен де айқын байқауға болады.

Жаңа сөздерді меңгерудің психолінгвистикалық аспектісін зерделеуде мектеп оқушылары Қазақстандағы тілдік қауымдастықтың елеулі бөлігі ретінде қарастырылады.

Индивидуалды лексиконға жаңа сөздердің енуі адамның қоғамдағы өмірінің өн бойында жаңа білімді меңгеруімен қатар жүреді. Бұл реттегі түбегейлі ұстаным – лексиконның үздіксіз дамуын оның үнемі өзгеруі ретінде қарастыруға болады. Лексиконның үздіксіз өзгерісі, толығы ең алдымен мектеп қабырғасындағы оқушыларға тән құбылыс. Лексиконға енген әрбір жаңа сөз оқушылардың сөздік қорындағы жай ғана бірліктердің тек сандық арақатынасын өзгертіп қоймай, нақты бір уақыт сәтінде лексикондағы барлық деңгейдегі байланыстарға түрліше әсер етеді. Бұл әсер лексикондағы басқа бірліктердің мазмұндық жағында да көрініс береді. Болмашы өзгеріс болып көрінгенімен, әрбір сөздің шынайы мәні сол сөзбен берілетін санадағы барлық байлық арқылы анықталады. Лексиконның әрбір жаңа күйі – «аралық» – бұл «білмеуден» «білуге» қарай өтетін көпір сияқты. Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі тілді оқыту үдерісінде оқушылардың сөздік қорын дамыту жаңа сөздерді меңгертумен тікелей байланысты.

Осы көзқарас тұрғысынан индивидуалды лексиконға тән құбылмалылықтың ұдайылығын индивидке тән «әлем бейнесін», «әлемнің суретін» толық көрсететін және кез келген соңғы өзгерістерді сезінетін, динамикалық өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде қарастыруға болады. Уақыт ағынымен және индивидуалды лексиконның дамуымен бірге кең периферия бойынша бірліктердің ауысуы орын алады, яғни бірліктердің бірқатары лексикон ядросынан алыстаса, енді басқалары белсенділікке ие болып, тағы бір лексикон бірліктері басқа бір мәнді иеленеді, сондай-ақ маргиналды (шектеулі) бірліктер пайда болады, түрлі перифериялық қабаттар мен деңгейлер

пайда болады, адамның шынайы вербалды және басқа да әрекеттеріне байланысты бірліктердің бірқатары, мәселен, екінші немесе үшінші тілді меңгеруде лексикон ядросының бағытына орын ауыстыруы мүмкін. Бұл ерекшелік, әсіресе, оқушылардың лексиконына да тән. Оқушының индивидуалды лексиконының дамуы білім алу үдерісінде жаңғырып, толығып отырады. Жоғарыда айтқан «кұбылмалылық» сипат жоғары сынып оқушыларының ерекшелігін танытады. Мидағы психикалық үдерістер осы жас кезеңінде өте сезімтал, өзгеріске, атап айтқанда жаңаны тез қабылдауға, оны орнықтыруға өте бейім болып келеді. Осы тұрғыдан білім алушылардың менталды лексиконына жаңа сөздерді бейіндік мектеп кезеңінде орнықтыру оңтайлы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоғары сынып оқушыларының индивидуалды лексиконына тән дамуды зерттеу когнитивтік және вербалды аспектілердің арақатынасы мен өзара байланысы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді, бұл білімді кеңейтуші барлық аялар туралы түсінікке негізделеді. Жүзеге асырылған коммуникацияның табыстылығы оқушының индивидуалды санасында нысаналардың атауын бекіту үшін шешуші мәнге ие; бұл үдерістің креативтік жағы онтогенездегі индивидуалды лексиконның дамуында ерекше маңызды. Осы тұрғыдан жаңа сөздердің ерекшелігі ең алдымен индивидке бұрын таныс емес бірліктің онда бұрыннан қалыптасқан әлем бейнесімен, сәйкесінше адамның менталды лексиконындағы басқа бірліктермен өзара байланысы арқылы анықталады.

Индивидуалды лексиконның және сөйлеу-ойлау тетіктерінің қалыптасуы адам тарапынан түрлі деңгейдегі білім жүйесін меңгеру негізінде және түрлі әрекеттің, соның ішінде коммуникативтік-танымдық әрекеттің практикалық тәжірибесін игеру негізінде жүретін екі өзара кіріккен үдеріс ретінде онтогенезде орын алады. Оқушының өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы дамуы сыртқы әлемнің оған тікелей әсері арқылы жүреді; бұл үдерістің түрлі параметрлермен константты (тұрақты) байланысын ескеру керек және индивидтің дамуын бірыңғай тұтастық ретінде қарастыру қажет. Олай болса, аталған ерекшеліктерді ескере отырып, жаңа сөздердің оқушылардың менталды лексиконында репрезентациялануы бірнеше үдерістерді қамтитындығы туралы айтуға болады.

Адам санасында ақпараттар белгілі-бір жүйе негізінде сақталады. Қарым-қатынасқа түсу барысында қолданылатын тілдік бірліктердің санадағы көрінісіне – орналасуына, сақталуына да белгілі бір қалыпқа түскен, жүйелі сипат тән. Жаңа сөздердің оқушылардың менталды лексиконына тұрақталуына да, оның тілінде көрініс тауып, қарым-қатынас барысында жұмсауына да, нормаландыруына да осы сипат тікелей ықпал етеді.

Коммуникацияға түскенде жұмсалатын қатысымдық бірлік ретіндегі сөз, сөз тіркесі, морфологиялық құрылымдар, сөйлем және мәтіннің адам санасындағы көрінісі жаңа ғылыми парадигманың зерттеу нысаны ретінде танылады. Бұл ретте жаңа сөздердің индивид санасындағы көрінісі де осы салалардың аясында зерттеуді қажет етеді.

Барлық гуманитарлық ғылымдар және жаратылыстану ғылымдарының басым денінің зерттеу аспектілері мен зерттеу әдістері сана ұғымына сүйенеді. Дегенмен сана ұғымы мен адамның ойлауы терминдерінің аражігі ғылымда әлі де ажыратыла қоймаған. Оқушының санасындағы немесе менталды лексиконындағы жаңа сөздердің көрінісі немесе репрезентациялануы туралы айтқанда, ең алдымен *жалпы сана, когнитивтік сана, тілдік сана, коммуникативтік сана* ұғымдарын анықтап, одан кейін тіл бірліктерінің, соның ішінде лексикалық инновациялардың санадағы көрінісін бірқатар әдістер арқылы анықтауға болады.

Классикалық ғалымдар – В. фон Гумбольдттың «тілдік сана – ақылдың интеллектуалды түйсігі» [71]; Ф. де Соссюрдің «сөйлеу әрекетінің жүзеге асуы бізге табиғаттан берілген, олай болса тіл игерілген және шартты нәрсе» [72] – деген пікірлерінің негізінде қазіргі әлемдік лингвистикада жоғарыда аталған сана түрлері біршама анықталған. Зерттеу пікірлерге қысқаша тоқталу жаңа сөздердің қазіргі қоғам мүшелерінің санасында орнығуы және осы орнығу арқылы қолданысқа түсуі туралы тұжырымдар айту үшін маңызды.

Тілдік сана ұғымы И.А. Бодуэн де Куртенэнің қолданысында – «тілдік сезгіштік» («языковое чутье»), Е.В. Ухмылинада – «тілдік түсінушілік» («языковая сознательность»), Л.В. Щербада – «лингвистикалық түйсік» («лингвистический инстинкт») деп қолданылған.

Сонымен қатар қазіргі зерттеушілер жеке адамның тілдік санасы дегенді: а) «тілдік сана – тілді меңгеру қабілеті; ә) тіл туралы білімдердің жиынтығы» [153]; б) «тілдік кеңістікте коммуникативтік қарым-қатынаста тілде орныққан стереотипті тілдік бірліктерді қолдану» [154]; в) «күнделікті қарым-қатынаста тілдік білімге қажеттіліктің болуы»; «тілге деген қоғамдық сұраныстың болуы арқылы тілге саналы көзқарастың қалыптасуы» [155]; «тілдік сана – тілдік құралдар – сөз, еркін және тұрақты сөз тіркестері, сөйлем, мәтін және ассоциативті өрістің көмегімен қалыптасқан санадағы бейнелердің жиынтығы» [156]; «тілдік сана – тілді иеленушінің түйсігіндегі ерекше тілдік құрылымдар» [157] – деп түсіндіреді. Бұл пікірлер, біздің байқауымызша, қазіргі ұлт тілдерінің сипаттарын зерделеудің нәтижесінде қалыптасқан және осы зерттеушілер когнитивтік сананы біртұтас қарастырады. Осы пікірлер қазақ тілін, оның ішінде жаңа сөздерді жан-жақты анықтауда маңызды.

Қазіргі пайда болып жатқан жаңа сөздер қоғам мүшесінің, соның бір мүшесі ретінде оқушының тілдік санасында қалай орнығады деген сұрақ пайда болады. Өйткені ұлттың когнитивтік санасындағы өзгерістер, қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымындағы жаңа сипаттар жеке адамның тілдік санасына тікелей әсер етпей қоймайды. Тілдік сана да өзгереді. Қазіргі жағдайға байланыстыра айтқанда, тұтас қазақстандық қоғам мүшелерінің, соның ішінде мектепте білім алушылардың тілдік санасында қазақ тілінің қоғамдық маңыздылығын түсіну, қарым-қатынас үшін қажеттілігін мойындау, қазақ тілін меңгерудің қажеттілігін мойындау сияқты параметрлер бар. Қазақстандық қазіргі қоғам мүшелерінің тілдік санасын одан әрі бекіте түсу, қазақ тілінің қажеттілігін мойындату мақсаттарында пайда болған жаңа сөздерді түсіндіру,

насихаттау, білім жүйесіне енгізу арқылы қазақ тіліне деген жоғары саналылықты қалыптастыру керек.

Егер қоғам мүшесінің – жеке адамның тілдік санасын нақтылай түсетін болсақ, онда жеке бірліктердің семантикасын (семантикон) және тілдік бірліктердің образды-прагматикалық қызметін (прагматикон) қамтитын білім болуы керек. Бұл жиынтық әрбір жеке адамда әртүрлі деңгейде. Өйткені жалпы сана және тілдік сана онтогенезде және филогенезде тілдің қатысуы арқылы қалыптасады, мұнда таңбалар санадағы концептілердің жасалу үдерісінде қорытудың материалдық сүйеніші ретінде қызмет етеді, алайда сана қызмет ету үшін тілге бағынышты емес, сана өз қызметін әмбебап кодтар арқылы жүзеге асырады.

Тілдік сана – жеке адамның психикасына байланысты сөйлеуді жүзеге асыратын тетіктердің жиынтығы және лексикон, семантикон, прагматикон жиынтықтарының тілдік санада сақталуы; коммуниканттардың сөйлеу хабарламаларын айту және қабылдау кезінде пайдаланылатын білімі.

Қазіргі психолингвистика, сондай-ақ коммуникативтік лингвистика немесе қатысымдық лингвистика және когнитивтік лингвистика үшін *коммуникативтік сана* категориясын анықтау және зерттеу өзекті болып отыр.

Тілді тұтынушының менталды лексиконында жаңа сөздердің тұрақталуын көрсету үшін аса маңызды категория ретінде *коммуникативтік сана* – адамның коммуникативтік қызметінің барлық кешенін қамтамасыз ететін коммуникативтік білімдер мен коммуникативтік тетіктер жиынтығы. Бұл – сананың коммуникативтік ұстанымдары, менталды коммуникативтік категориялардың жиынтығы, сондай-ақ, қоғамда қабылданған коммуникацияның нормалары мен ережелерінің жинағы.

Тілдік және коммуникативтік саналардың аражігін ажыратып көрелік, мысалы:

- *тілдік сана* белгілі бір салаға қатысты жаңа сөздерді немесе олардың бірнеше тілдегі баламалары туралы, сондай-ақ олардың жіктелген мағыналары туралы ақпаратты (яғни кей концептілерді беруде қолданылатын тілдік бірліктер туралы) қамтиды: *төлемақы, өсімақы, кепілдеме* т.б. немесе *диета – емдәм, маскировка – алдамша* және т.б. Бұл ретте жалпы қатысымдық бірліктерге қатысты ұлттық ерекшеліктер де көрініс беруі мүмкін;

- *коммуникативтік санада* қай сөзді қолдану туралы ақпарат қамтылады.

Бұл ретте қарым-қатынас қолданысқа енетін жаңа сөздер танымдық санадан тілдік санаға өтіп, коммуникативтік санада сүзіледі. Демек, жаңа сөздердің индивидтің менталды лексиконында орнығып, тұрақталуы, оның сөйлеу тілінде жұмсалуды танымдық, тілдік, коммуникативтік саналардың қызметімен тікелей байланысты.

Демек, кез келген таным арқылы қабылданған білім, соның ішінде жаңа сөздер когнитивтік санада «материал» түрінде сақталып, тілдік санада тілдік бірліктер арқылы кодталады және тілдік білімнің жиынтығы ретінде орнығады, тілдік санада кодталған бірліктер коммуникативтік санада сараланып, қатысымда жұмсалады (Сурет 6). Мысалы, тілге енген жаңа сөзді таныту, тілдік

санада орнықтыру, коммуникативтік санада дұрыс сүзгіден өтуді қалыптастыру осының айқын дәлелі. Бұл психолінгвистикалық үдеріс сатылары мектептегі білім беруде жаңа сөздерді меңгерту үшін өзекті болып саналады.



Сурет 6 – Жаңа сөздердің менталды лексиконында репрезентациялану сатылары

Осы үдерістер тікелей оқушы психологиясының негізгі категорияларымен сабақтасып жатыр. Зерттеу нысанына сәйкес ескерілетін оқушы психологиясына тән ерекшеліктерді сипаттауда жоғары сынып сатысы алынды. Жоғары сынып сатысында жаңа сөздерді меңгерту үдерісінде мектеп оқушысының тұлғасына жасалған психологиялық талдау үш бағытты қамтиды (Сурет 7).



Сурет 7 – Жаңа сөздерді меңгерту үдерісіндегі оқушы тұлғасын психологиялық талдаудың бағыттары

Тұлға мәселесі – психология ғылымының орталығындағы өте күрделі әрі көпқырлы мәселелердің бірі. Бүгінгі күнге дейін әлемдік және отандық

психологияда тұлға ұғымына берілетін ортақ анықтама жоқ болғанымен, оны зерттеудің әдіснамалық тұжырымдары өте көп. Соның ішінде тұлға әлеуметтік мәнге және санаға ие адам ретінде қарастырылып, оны тұтас психологиялық құрылым ретінде зерттеу өзектілікке ие.

Ана тілінің сөздік қорының белгілі бір бөлігін құрайтын жаңа сөздерді «тілдік капитал» ретінде және интеллектуалдық әлеуеттің басты көрсеткіштерінің бірі ретінде меңгерту, сол арқылы өз ұлтының тілінде таза сөйлеуді саналы түрде өзінің өмір сүру қағидасына айналдыру, тілдің өз мүмкіндігі арқылы жасалған жаңа сөздерге тіл келешегінің кепілі ретінде мүдделілік танытуына ықпал жасау және ұлтжанды, рухты тұлғаны қалыптастыру жоғары мектеп сатысында оң нәтиже береді. Бұл олардың ең алдымен жас ерекшелігімен байланысты дәйектеледі.

Жас ерекшелігі «адам психикасының жас ерекшелік динамикасын, дамып келе жатқан адамның психикалық үдерістері мен психологиялық қасиеттерінің онтогенезін» зерттейді [158, 3]. Жас ерекшелігі психологиясы «жалпы педагогикалық заңдылықтарды ашып көрсететін, қалыптасып қойған адам тұлғасының психикалық үдерістерін, психикалық күйлерін және даралық психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін» жалпы психологияның тұжырымдарына сүйенеді [159, 7].

Білім берудің сатылары, жалпыға мәлім, адам өміріндегі белгілі бір кезеңдермен сәйкестендіріледі. Білім беру жүйесінде жас мөлшерінің ерекшеліктерін белгілеу арқылы оқушының «психологиялық кескінін» жасауда психолог ғалым Д.Б. Эльконин жалпы дамуға және жас ерекшеліктеріне тән негізгі факторлар ретінде: а) оқушының қарым-қатынас формасы; ә) іс-әрекеттің жетекші түрі; б) негізгі психикалық жаңа құралымдарды атайды [160, 42].

Психолог ғалым Қ. Сейталиев жеке тұлғаға тән үш ерекшелікті атайды, олар: тұрақтылық, бірлік және белсенділік [161, 91]. Жоғары сынып сатысындағы оқушыға жеке тұлға ретінде баға беруде осы аталған сипаттар басшылыққа алынады. Себебі жоғары сынып оқушысында «психикалық көріністердің өзгермелілігіне қарамастан, оның психикалық келбетінің салыстырмалы тұрақтылығы байқалады» және олар «тұтас, бірлікте қалыптасады, тәрбиеленеді», сондай-ақ жеткіншектің белсенділігі «қоршаған дүниені өзгертуге, түрлендіруге бағытталған көптеген және жан-жақты іс-әрекеттерді» камтиды. Сондықтан да жаңа сөздерді менталды санада тұрақтандыру, сөйлеу тілінде нормаға айналдыру жеткіншектер психикасындағы жаңа құрылымдардың және психикалық қасиеттері мен сапаларының тұрақтала бастауымен байланысты осы кезеңде жоғары нәтиже береді.

Оқыту үдерісінде жеке тұлғаның психологиялық келбетін жасаудағы биологиялық ерекшеліктердің бірқатары – оқушылардағы психикалық үдерістерге, соның ішінде *таным, зейін, қабылдау, ойлауға* тән белгілер.

Жеткіншектерде танымдық үдерістердің дамуы айтарлықтай жоғары деңгейге жетеді және балалар ересектермен теңдей ақыл-ой жұмыстарын

орындай алады. Ойлау теориялық деңгейге жетін, сапасы жағынан өзгере бастайды. Олар түрлі теорияларды, көзқарастарды салғастыруға, яғни «ақиқатқа жетуге» ұмтылады.

Жоғары мектеп сатысындағы оқушының танымы сапалық жағынан айтарлықтай жетістікке жететінін және таным зияткерлік сапаға ие болатынын ескерсек, жаңа сөздерге қатысты жан-жақты білім осы кезеңде берілуі керек. Осымен байланысты оларға берілетін білім мазмұны жаңа сөздерге қатысты ғылыми ұғымдар жүйесін қамтиды. Осындай сипаттағы ақпараттар мен тапсырмалар кешені олардың ғылыми логикасының қалыптасуына ықпал етеді.

Ақпараттар көзіне толы әлемде, бүгінгі қоғам жағдайында жалпы мектеп оқушыларының зейінін дамыту өзекті мәселеге айналды, себебі ақпараттар ағынында оқушы үшін қажеттісін тандап, оған зейінін аударып білу (шоғырландыру) де маңызды. Шоғырландыру – зейінге тән негізгі қасиеттердің бірі, оқу әрекетінің тиімділігі мен табыстылығы түсіндіруге, сіңіруге байланысты. Мамандардың көрсетуінше, оқуға шоғырлануға қабілетсіз және оған қызығушылығы жоқ балалардың саны артып келеді, бұл айтарлықтай күрделі мәселе. Осымен байланысты қазір оқушылардың қызығушылығы мен уәждемесін арттыруға бағытталған жаңа оқыту әдістемелерін даярлау қолға алынған. Бұл мәселеде зейін маңызды рөл атқарады.

Жаңа сөздерді меңгерту үдерісінде оқушылардың зейінін шоғырландыру ұсынылып отырған оқу материалымен тікелей байланысты. Жеткіншек кезеңде оқушылар үшін шынайылыққа негізделген ақпараттар қызықты. Мәселен, жаңа сөздердің баспасөздегі көрінісі, мектеп оқулықтарындағы сипаты немесе күнделікті сөйлеу тіліндегі жаңа атаулардың қаншалықты деңгейде қолданыста жүргендігі жеткіншектер үшін шын мәнінде қызығушылық тудырып, олардың зейінін үнемі осы үдерістің қалай жүріп жатқандығына аударуға болады. Олар осы мәселенің қаншалықты маңызды екенін ұққанда, бар зейінін саналы түрде осыған аударып. Бұл бастапқыда саналы түрде, кейін бейсаналы түрде сөйлеуде жаңа сөздерді қолдана бастауына ықпал етеді.

Жеткіншектердің зейінін шоғырландыруда жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған тапсырмалар мен жаттығулар кешенінің құрылымы да үлкен мәнге ие. Осы мақсатта ұйымдастырылған тапсырмалар интербелсенді әдістерге негізделіп берілді. Айталық, жобалау әдісі бойынша оқушыларға берілген тапсырмалар негізінде оқушылардың зейінін адамдардың күнделікті қарым-қатынас тіліне, БАҚ тіліне аудару мүмкін болады.

Қабылдау – қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне әсер етуінің нәтижесінде пайда болған сол заттар мен құбылыстардың тұтас қасиеттерінің адам санасындағы бейнесі. Жоғары мектеп жасында қабылдау перцептивті әрекеттерді меңгеруде, белгілі бір нысанды мақсатты түрде бақылауда, заттың, оқиғалар мен құбылыстардың елеулі белгісін бөліп алуда ауыспалы формада көрініс табады. Бұл әсіресе күрделі материалдарды қабылдауға тән. Осы кезеңде жоғары мектеп оқушыларына тән қабылдаудың *тұтастық, тиянақтылық, заттық, талғамдылық* сияқты қасиеттері, соның ішінде қабылдаудың апперцепциясы дами түседі.

Осымен байланысты жеткіншектер жаңа сөздерді және оларға қатысты ғылыми сипаттағы мәселелердің өзекті тұстарын саналы түрде қабылдай бастайды. Олар алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда көрнекілік материалдармен ғана емес, түрлі нысандардың себеп-салдарлық байланыстарына қатысты материалдармен жұмыс істеуге бейім болады. Жаңа сөздермен байланысты ақпараттарды мақсатты түрде меңгеруге апаратын жол – ағымдағы тақырыпта қамтылатын мәселенің бір сабақ көлемімен шектелмеуі. Бүгін естіген жаңа сөздің немесе сонымен байланысты ақпараттың бір тақырып шеңберінде ғана емес, кейінгі сабақтарда да белсенділігін жоғалтпауды ескеру керек. Тапсырмалар әр сабақта алдыңғы айтылған жаңа сөздерді қайталату мақсатында ұйымдастырылса немесе оқушы жаңа жағдаяттарда бұрынғы білімді пайдалана алатындай болса, бұл олардың білімді тұтас қабылдауына алып келеді.

Жоғары сынып оқушыларының ойлауы олардың ғылыми білімді игеруін қамтамасыз ететін күрделі оқу қызметі жағдайында дамиды, бұл олардың тұлғалық дүниетанымының негізін қалыптастырады. Жоғары сынып оқушылары өзін-өзі қалыптастыруға бейім келеді. Ойлау жоғары сынып оқушысы игерген білім арқылы жүзеге асады. Бұл ретте логикалық пайымдау мен дұрыс ой қорытындысын алудың рөлі арта түседі. Жадының дамуы да жеткіншектердің зияткерлік қабілетімен байланысты, айталық, төменгі сыныптарда оқушылар жады арқылы ойланса, жеткіншектердің жады ойлау арқылы қалыптасады.

Осы жас кезеңіне тән ойлау үдерісі теориялық бағытта дамитындығын ескерсек, жеткіншек жаңа сөздердің мәні, тіл жүйесіндегі орны, оны меңгерудің, қолданысқа түсірудің маңызы туралы теориялық тұрғыдан ойлап, соның нәтижесін практика жүзінде пайдаға асырады. Осымен байланысты біздің тарапымыздан ұсынылған оқу бағдарламасында жаңа сөздерге қатысты теориялық білім мен практикалық жаттығулар бірін-бірі толықтырып отырады.

Жоғары мектеп сатысында жеткіншектерге жаңа сөздерді меңгертуде олардың тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді ескеру керек. Оқушы – жеке тұлға. Психологияда оқушы тұлғасының кескінін жасау бағыттылық мәселесімен байланысты. Бағыттылық мәселесінің жаңа сөздерді меңгертудегі өзектілігі мынада: кез келген оқу үдерісінің нәтижелілігі бағыттың және бағыттаудың дұрыс болуымен байланысты. Бағыттау тұлға бағыттылығының нәтижесіне алып келеді және оқытудың дұрыс бағытын анықтау әр жас кезеңіндегі тұлғаның бағыттылығына қатысты мәселені нақтылаумен байланысты. Жеткіншек жасқа сәйкес тұлға бағыттылығы осы кезеңдегі адамның уәждер жүйесі, қажеттілігі, қызығушылығы, ұмтылысы сияқты категорияларды қамтиды.

Ғалымдардың көпшілігі тұлға мәселесінің өзегін оның бағыттылығымен байланыстырады. Тұлғаның бағыттылығы деген ұғымның өзіне әлі күнге дейін бірізді анықтама берілген жоқ. Соның ішінде кейбір ғалымдар бағыттылықтың негізі ретінде адамның өзара байланысты ұмтылысы мен түрткілер жүйесінен тұратын уәждемелік-қажеттілігін таниды.

Мәселен, Л.С. Выготский: «Психологияда жас ерекшелігін түсіндіретін кілт бағыттылық мәселесінде, яғни адамның мінез-құлқын анықтайтын негізгі кезеңдердегі әуестігі мен ұмытылысында жатыр» деп жазады [162, 6]. С.Л. Рубинштейн тұлғаның бағыттылығын адам әрекетін анықтайтын динамикалық басым үрдістер (уәждер) жүйесі ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, жан-жақты іс-әрекетке түрткі болатын уәждер оның мақсаты арқылы анықталады және іс-әрекет үдерісінде жана мазмұнмен толығып, өзгерін отырады [163].

Өткен ғасырдың орта тұсында ғалым В.С. Мерлин бағыттылық тұлғаның әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарын құрайды деп көрсеткен болатын. Сондай-ақ ол бағыттылықты өмірлік түрлі нақты жағдаяттардағы адам әрекетінің жалпы бағытын анықтайтын психикалық қасиеттер деп түсіндіреді. Белгілі психолог А.Н. Леонтьев тұлғаның уәждемелік өрісін қарастыра отырып: «Тұлға құрылымы – басты, өз ішінде иерархияланған уәждемелік сызықтың тұрақты кескіндемесі» – дейді [164, 24].

Жеткіншек тұлғасының бағыттылық мәселесін зерделеуге айтарлықтай үлес қосқан Л.И. Божовичтің пікірі де осыған келіп саяды. Ғалымның пікірінше, бағыттылық жеткіншек тұлғасының тұтас құрылымын анықтайды және бағыттылықтың негізінде жеткіншектің өмір сүру барысында және тәрбиеленуінде пайда болатын тұрақты басым уәждер жүйесі жатыр. Бұл ретте негізгі, жетекші уәждер қалғандарын өзіне бағындыра отырып, жеткіншектің уәждемелік өрісін сипаттайды. Уәждердің осындай иерархиялық жүйесі жеткіншек тұлғасының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Адамның тұлғалық бағыттылығының көпжақты сипаты өмірдің түрлі салаларында және дамудың түрлі сатыларындағы іс-әрекетінен көрініс тауып отырады. Л.И. Божович жеткіншек кезеңде сана-сезімнің күрделі формалары мен өзін-өзі таныту және өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі туындайды деп көрсетеді [165].

Қазақ ғалымы Қ. Сейталиев жеке тұлғаның негізгі сипаты оның бағыттылығымен байланысты екенін айта отырып, бағыттылық ұмтылыстан, уәждерден, қызығушылықтан, қажеттіліктен тұрады дейді [161, 96-98].

Демек, жеткіншек тұлғасы – психикалық дамудың белгілі бір деңгейіне жеткен адам, бұл ретте ол өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін және белгілі бір деңгейде өзінің психикалық дамуын басқаруға қабілетті болады. Тұлға ретінде танылатын жеткіншекте психикалық үдерістер мен қасиеттер белгілі құрылымды иеленеді, ал ол құрылымның орталығы тұрақты басым уәждер жиынтығы ретіндегі тұлғаның бағыттылығы болып табылады. Уәждің тұрақтылығын қамтамасыз ететін қажеттіліктер мен қызығушылықтар, мақсат пен белсенділік.

Жоғарыда келтірілген ғылыми тұжырымдардың негізінде осы категориялардың жаңа сөздерді меңгертудегі ерекшеліктеріне тоқталайық. Жаңа сөздерді меңгерту үдерісін жүзеге асыру үшін жеткіншек кезеңнің таңдалу себептерінің бірі – тұлға бағыттылығының көрсетілген компоненттеріне тән тұрақтылық белгісі. Жаңа сөздердің тұлға бағыттылығын қалыптастырудағы рөлі бағыттылыққа тән компоненттердің сипатына тәуелді.

Ең алдымен қажеттілік, бұл – адамның бір нәрсеге мұқтаждығы, адамға материалдық немесе рухани бір нәрсенің жетіспеуінен, оның белгілі бір нәрсеге қанағаттанбауынан қажеттілік туындайды. Рухани қажеттілік – өзін-өзі дамытудағы, өзін-өзі құрметтеудегі, дүниені танудағы адамның мұқтаждығы. Адам өмірінің түрлі салаларындағы даму оның сөйлеу тіліне жаңа ұғымдарды, соған сәйкес жаңа атауларды әкеледі. Қандай да бір нәрсе ойлап табылса немесе құрастырылса, басқаша айтқанда адам өміріне тыңнан бір нәрсе қосылса, оған атау беріледі. Тіпті әр адамның дүниеге келген сәтінде иемденген есімі бар. Бұл – адам үшін басты қажеттіліктердің бірі. Дәл сол сияқты дамудың көрінісі ретінде тілде де жаңа атаулар қажеттіліктен туындайды. Ал сол тілді тұтынушылар тарапынан тілдегі жаңа сөздерді меңгеру, сөйлеу тілінде тұрақтандыру қарым-қатынас қажеттілігін өтейді. Бұл ретте жоғары мектеп сатысындағы оқушы жаңа сөздің тұтас тілдік қауымдастық үшін және ұлт тілі үшін қажеттілігі мен қарым-қатынастағы қажеттілігі арасындағы байланысты түсінуге қабілетті. Сондай-ақ жеткіншек кезеңде оқушы өзінің тұтас тілдік тұлғасын қалыптастырудың маңызды тетігі ретінде және өз тілінің болашағы үшін жауапты қоғам мүшесі ретінде жаңа сөздерді меңгерудің қажет екенін саналы түрде түсінеді. Бұл қазір елімізде жүргізіліп отырған тіл саясатының маңызды тармақтарының бірі болуымен, қазақыландыру үрдісінің басымдығымен, тілдік білімнің тұтас білім жүйесінде алатын орнымен байланысты. Бұның ғылыми дәлелі жаңа сөздерді меңгертуге бағыттылған таңдау пәнінің оқу бағдарламасындағы білім мазмұнында қамтылған тақырыптардың барлығында дерлік қарастырылады. Мәселен, **«Қазақ тілінің төл әлеуеті: ішкі мүмкіндіктерді жаңа сөз жасауда сарқа пайдалану»** деп аталатын тақырыптың аясында оқушылар қазақ тілінің жаңа сөз жасаудағы ішкі мүмкіндіктеріне талдау жасай отырып, тілдің төлтумалығын сақтаудың қажеттілігі, лексикалық қорды толықтыруда жаңа сөздерді ішкі ресурстар арқылы жасаудың қажеттілігі сияқты мәселелерді сараптайды.

Қажеттілік қызығушылық туындағанда ғана сезіледі. Осы жас кезеңінде жеткіншектердің тұрақты тұлғалық қызығушылықтары пайда болады. Тұлғалық қызығушылықтар жағдаяттық қызығушылықтан өзінің «қанықпайтындығымен» ерекшеленеді: неғұрлым қанағаттанған сайын, соғұрлым тұрақтала және ынталана түседі. Бұл ретте жаңа сөздердің тілдегі орны мен оның нормаға айналуы үшін өзінің қосатын үлесін түсінген сайын немесе бұрын орыс тіліндегі баламасын қолданған сөздердің қазақ тіліндегі нұсқасын қолданудың мәнін өз ана тілінің мүддесі үшін түсінген соң, оқушыда бұл қызығушылық тұрақталады әрі оның белсенділігі мен ынтасы артады. Жаңа сөздерді меңгерту үдерісінде жоғары мектеп сатысындағы жеткіншектің оқу мазмұнына және оқу әрекетіне деген қызығушылығы ақыл-ой еркіндігі мен бастамашылдығын көрсету мүмкіндігінен көрінетіндігін ескеру керек. Бұл ретте оқытудың әдістері белсенділікке негізделсе және тапсырмалар жеткіншектерден белсенді ізденіс әрекетін талап ететін болса, олардың оқуға деген қызығушылығы тұрақты болады. Осы мақсатта жаңа сөздерді меңгертуде

қолданылған оқытудың әдістері жеткіншектерді өз бетінше ізденуге бағыттайды.

Жаңа сөздерге қатысты оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруда жағдаяттық тапсырмалар берілу керек және жеткіншектердің бұрын өздерінде бар білім арқылы жаңа жағдаяттардың шешімін табуы үлкен мәнге ие. Олар қиындықпен бетпе-бет келгенде жаңа білім алудың немесе бұрынғы білімді жаңа жағдаяттарда қолданудың тәсілдерін игерудің қажеттілігін түсінеді.

Қажеттілікті қанағаттандыру оқушы белсенділігі арқылы қол жеткізіледі. Өзі өмір сүріп отырған қоғам өмірінің түрлі салаларында белсенділік таныту – қазіргі әрбір білімді жастың басты сипаты. Тіл мәселесінің мәнін саналы түрде ұғынатын жеткіншек оның келешегі үшін бейтарап қалып таныта алмасы анық. Осы тұрғыдан жаңа сөздердің тіл жүйесі үшін маңызын саналы түрде сезінгенде, жоғары сынып оқушысы оның нормалануы мен қалыптануы ісінде белсенділік танытады, сол арқылы өзіндік үлесін қосады. Жеткіншектің өзін-өзі танытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуі оның белсенділігінің жоғары болуына жағдай жасайды.

Адам қол жеткізуге ұмтылатын, қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекеттің түпкі нәтижесі – мақсат. Қажеттілікті қанағаттандыру үшін белсенді әрекет ету жаңа мақсаттарға алып келеді. Мақсат айқын болғанда ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Жоғары мектеп сатысында жеткіншек мақсатын айқындап, сол мақсатқа жетудің міндеттерін өздігінен саралай алады. Алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда жеткіншек кезеңде адам әрекетіне саналылық пен мақсатқа бағытталу тән. Осы жас кезеңінде адам өз мақсатын жүзеге асырып, өз ниеті мен идеясына қол жеткізеді. Мақсатқа жету үшін оны жүзеге асырудың шарттарын ескеру керек. Мақсаттың шарттармен арақатынасы нақты міндеттерді анықтайды. Кез келген білім беру үдерісінің түпкі нәтижесі – құзыреттілікті қалыптастыру. Тілдік құзыреттілікке ие жеткіншек қоғам алдындағы мақсаттың жүзеге асырылуына атсалысады. Бұл ретте жаңа сөздердің тілдің лексикалық жүйесіндегі орны мен тілдің өмір сүруіндегі мәнін нақты айқын көрсете алғанда, оқушы үшін оқыту үдерісінің мақсаты нақты болады. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулардың нормалану мен қалыптануы бірнеше сатылардан өтетіндігі, нормалану мен қалыптануға тән белгілер, осы үдерісте кедергілер туралы білімді меңгеру, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің пайда болу үрдістері, тілдік ерекшеліктері, қолданыстық сипаты туралы ақпараттарды беру және оқушының сөйлеу тілінде жаңа сөздер қолданысын тұрақтандыру жаңа сөздерді оқыту үдерісінің мақсатына апаратын шарттар мен міндеттер жүйесін құрайды. Бұл аталған мәселелер ұсынылған тандау пәнінің білім мазмұнында қамтылған және тапсырмалар мен жаттығулар кешені, оқытудың жаңа технологияларға негізделген әдістері жеткіншектердің жаңа сөздерге қатысты тұрақты қызығушылықтарын туғызады.

Осы аталғандар жеткіншектің тұрақты уәждер жиытығын құрайды және жаңа сөздерді меңгертумен байланысты оқу уәждемесін нақтылауға мүмкіндік

береді. Себебі оқу уәждемесі жоғары сынып оқушысы үшін негізгі басым уәждемелердің бірі ретінде танылады.

Оқытуға байланысты уәждеме мәселесінің күрделі және көп аспектілі болуы оның мәнін, құрылымын, табиғатын түсіндірудің және зерттеудің әдістерінің көп болуымен байланысты. Жоғары мектеп жасында оқу уәждемесін дамытуда жеткіншектердің мынадай ерекшеліктері ескеріледі: өмірде өзін анықтау қажеттілігі және болашаққа жоспар құру, қоғам алдындағы жауапкершілік, парыз сияқты әлеуметтік уәждердің пайда болуы, өзін толыққанды тұлға сезіну, мамандық таңдаудағы өз мүмкіндіктерін көре білу, өзінің өмірлік ұстанымын айқындау, мақсат қоя білу, өзіне ғана емес, өзгелерге де қатысты шешім қабылдауға дайын болу, өзін-өзі қалыптастырудың барлық жолдарына деген жоғары қызығушылық, қызығушылықтардың тұрақтылығы, айналасындағылардың пікірінен шартты түрде тәуелсіз болу және т.б. Сондай-ақ жеткіншектерде білім алу өмірлік маңызы бар іске айналып, алған білімінің маңызын айқындауға және оны өзінің өмірлік жоспарларында жүзеге асырудың тәсілдеріне қызығушылығы айтарлықтай арта түседі.

Оқу уәждемесі білім беру үдерісі нәтижесінің көрсеткіші ретінде қарастырылады. Оқу уәждемесін мынадай екі үлкен топқа бөлу кең таралған:

- *Танымдық уәждер.* Бұлар оқу әрекетінің мазмұнымен және оны орындау үдерісімен байланысты. Танымдық уәждер оқушылардың жаңа білімді, оқу дағдыларын игеруіне бағыт береді және білімге деген, соның ішінде жаңа қызықты деректерге, құбылыстарға, олардың маңызды қасиеттеріне, логикалық қорытындыларға, заңдылықтар мен үрдістерге, теориялық ұстанымдарға, негізгі идеяларға және т.б. қатысты қызығушылықтың тереңдігімен анықталады. Бұл топқа білім алудың тәсілдерін игеруге бағыт беретін мынадай уәждер жатады: өз бетінше білім алудың тәсілдеріне, оқу жұмысын өздігінен реттеудің және өзінің оқу еңбегін тиімді ұйымдастырудың тәсілдеріне қызығушылық. Жаңа сөздер туралы білімді игеру: а) тілдік «капитал», тілдік білімнің көрсеткіші немесе өлшемі және аялық білім шеңберін кеңейтудің маңызды тетігі; ә) жаңа сөздерді меңгеру – қоғамдағы жаңалықтарға ілесудің көрсеткіші; б) өз бетінше іздене отырып, жаңа сөздерге қатысты жан-жақты білім алудың тәсілдерін меңгеру сияқты танымдық уәждерден тұрады.

- *Әлеуметтік уәждер.* Бұлар оқушының басқа адамдармен әлеуметтік өзара әрекет түрлеріне байланысты. Мысалы, қоғамға пайдалы болу үшін білім алуға ұмтылу, өз борышын өтеуге деген ықылас, оқудың қажеттілігін түсіну, жауапкершілікті сезіну. Бұл ретте әлеуметтік қажеттілікті, жауапкершілікті сезіну мен мамандық таңдауға жақсы дайындалу уәждерінің мәні зор. Әлеуметтік уәждерге айналадағы қарым-қатынаста белгілі бір орынды иеленуге, олардың қолдауына ие болуға, беделін көтеруге ұмтылысын көрсететін позициялық уәждер де жатады. Позициялық уәждер өзін-өзі танытуға деген түрлі ұмтылыс кезінде, атап айтқанда көшбасшылық орынды иелену, басқа оқушыларға әсер ету, басқалардан басым тұру тілегінен көрінеді. Уәждердің бұл түрі тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі мен өзін-өзі жетілдіруінде

маңызды болып саналады. Жаңа сөздерді меңгертудегі әлеуметтік сипаттағы оқу уәждемелері өз ана тіліне құрмет, азаматтық борышын түсінуінен; ұлттық құндылықтарды бағалау, сақтаудағы жауапкершілігінен; тілдің өміршендігіне және тазалығын сақтауға үлес қосу міндетін сезінуінен көрінеді.

Жоғары мектеп сатысындағы жеткіншектің психологиялық келбетін зерделеудің тұлғалылық бағыты оның бағыттылығымен, тұрақты уәждер жиынтығымен, оның құрамдас бөлшектері – қажеттілікпен, қызығушылықпен, белсенділікпен және мақсатпен байланысты. Бұл категориялар жаңа сөздерді меңгерту үдерісінде ескерілуі тиіс аса маңызды психологиялық межелер болып саналады.

Тілдегі жаңа сөз құбылысын оқу үдерісінде меңгертуде ескерілетін психологиялық сапалардың бір бағыты әлеуметтік сипатқа ие. Бұл олардың дүниетанымы мен құндылықтар жүйесін қамтиды.

Адам – әлеуметтік құбылыс. Әрбір кезеңге қандай да бір мәдени-тарихи қоғам, мәдени климат, дүниені сезіну стилі, әлеуметтік өзін-өзі ұйымдастырудың тәсілдері, белгілі-бір мінез-құлық үлгілері тән. Бүгінгі дәуір, мыңжылдықтар тоғысының тұсы қоғам мүшелерінің өзгеше дүниетанымы мен өзіндік құндылықтар жүйесін қалыптастырып отыр. Қанша заман өтсе де, ұлт категориясы адам дүниетанымында бар кезде, тіл – құндылық, дүниені танудың кілті болып қала береді.

Жаңа сөздерді меңгертуде ескерілетін маңызды психологиялық құрылым – *дүниетаным*. Философиялық сөздікте дүниетанымға мынадай түсінік берілген: «Жеке адамның, әлеуметтік топтың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың, мақсат-мұраттар мен сенімдердің жиынтығы» [166].

Дүниетаным – қоғамдық және индивидуалды сананың бөлінбейтін бөлшегі. Сананың бұл екі түрі өзара тығыз байланыста. Индивидуалды сана, яғни жеке адамның санасы өмірдің шынайы жағдайларының әсерінен қалыптасады және адамдардың сан ғасырлық бай рухани тәжірибесін қабылдаған қоғамдық сананың белсенді ықпалын сезінеді.

Тіл – адамның өмір сүру заңдылықтарында ерекше орны бар қоғамдық құбылыс. Өмір, дүние туралы көзқарастың қалыптасуы – дүниетаным. Жоғары сынып оқушысы өзін белгілі бір ұлттың өкілі ретінде қабылдай отырып, өз ана тілі туралы көзқарасын қалыптастырады. Жеткіншек кезең оқушының дүниетанымын дұрыс бағытта қалыптастыруға мүмкіндік беруде маңызды, әрі бұл кезең жеке тұлғаның қалыптасуындағы белсенді кезең. Бұл ретте өз ұлтының тіліне, ана тіліне қатысты жауапкершілікті сезіндіруде жаңа сөздерді меңгерту айрықша маңызды. Себебі кез келген тілдің дамуында орын алатын өзгерістердің басты көрсеткіштерінің бірі ретінде саналатын жаңа атаулар – тілдің бүкіл құрылымы мен келешегіне ықпал ететін маңызды фактор.

Жаңа сөздердің тіл жүйесіндегі орны мен қызметі, рөлі мен маңызы туралы дүниетанымды жоғары мектеп жасында *философиялық* және *ғылыми дүниетаным* тұрғысынан қалыптастыру керек. Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл мәселеге философиялық тұрғыдан қарау тілді, соның ішінде жаңа сөздерді

жалпыадамзаттық және ұлттық құндылық ретінде, мәдениеттің, ділдің, танымның, ұлттық ойлау жүйесінің, болмыстың, тарихи сананың, ұлттық сананың, білімнің, ұрпақтар сабақтастығының, тұлғалық қасиеттің аса маңызды бірлігі ретінде танумен тығыз байланысты. Бұл үшін жоғары сыныпта жаңа сөздерді меңгерту үдерісінде ұсынылатын білім мазмұнында кіріспе сабақ ретінде **«Тіл – бірегей ұлт құндылығы. Тіл мен болмыс, тіл мен діл мәселелері»** деген тақырып ұсынылды. Бұл тақырыптың мақсаты – оқушының жаңа сөз мәселесіне философиялық тұрғыдан көзқарасын және ұлттық әрі халықтық мәселе ретінде азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал ету. Сабақ барысында ұлттық құндылықтар жүйесіндегі тілдің орны, тіл мен ұлттық болмыс, ұлттық діл сабақтастығына қатысты тіл философиясындағы және қазақ халқының ұлттық философиясындағы тұжырымдар жан-жақты талданады. Рухани дүниенің маңызды тетігі ретінде тілді, оның заңдылықтарын білу, оның байлығын игеру, танып-білу философиялық дүниетаным мәселелерінің бірі болса, философиялық дүниетаным өз кезегінде дүниетанымның ең жоғарғы сатысы болып саналады.

Жан-жақты дамыған, белсенді тұлға – өзіндік философиялық ұстанымы мен көзқарасын айқындап алған тұлға. Философиялық зерттеулерде дүниетанымның өзі дүниені сезіну, дүниені қабылдау, дүниені ұғыну, дүниені саралау сияқты бөлшектерден тұратындығы айтылады. Дүниені сезіну, дүниені қабылдау сана құрылымдарының ерекшелігімен байланысты. Себебі психикалық үдерістердің әр жас кезеңіндегі өзіндік белгілері дүниені сезіну мен дүниені қабылдаудың деңгейін анықтап береді. Бұл ретте жоғары сыныпқа дейін оқушылар айналасындағы, өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы әртүрлі құбылыстар мен үдерістерді саналы түрде толыққанды қабылдамауы мүмкін, ал жоғары сынып сатысында оқушы өзіне артылған жауапкершілікті саналы түрде сезіне бастайды, дүниеге, ондағы болып жатқан оқиғаларға барынша байыппен қарап, өзінің міндетін, сол нәрседегі өзінің қосатын үлесін көруге тырысады.

Жаңа сөз – ұлттық тілдің мәселесі. Ұлттық тіл – ұлт мәдениетінің негізі әрі іргетасы. Ұлт тіліне қатысты мәселелердің саяси, мемлекеттік, мәдени, ғылыми және білім беру салаларында қарастырылуы ұлттың тұтастығын қамтамасыз етеді. Бұл ретте жаңа сөздерді тілдің байлығы әрі тұлғаның сөз мәдениетін танытатын көрсеткіш ретінде қабылдай отырып, өз тіліне деген оң қарым-қатынасын қалыптастыру әрі дамытуда сөздік қорға еніп жатқан жаңалықтарды сауатты түрде саралай білу, оларға қатысты философиялық түйін жасау жоғары сынып оқушыларының психологиялық және жас ерекшелігіне байланысты талаптарға жауап береді. Алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда жеткіншек кезеңде адамның білімі ғана емес, наным-сенім, құндылықтар жүйесі, өмірлік ұстанымдарының алғашқы сатылары тұрақтанып, қалыптаса бастайтындығын ескерсек, жоғарыда аталғандай, жаңа сөздерге қатысты оқушылардың қатынасын тұлғалық, ұлттық және жалпы адамзаттық маңыздағы құбылыс тұрғысынан қалыптастырып, жетілдіру жоғары сынып сатысында жүзеге асырылуы тиіс.

Жаңа сөздерді меңгертуде жоғары сынып оқушыларының философиялық дүниетанымын қалыптастыруға қызмет ететін ақпараттар тек кіріспе сабақта немесе бір сабақ көлемінде шектеліп қалмайды. Алғашқы сабақта айтылған жаңа сөздерге қатысты философиялық мазмұндағы тұжырымдар, келтірілген пікір-көзқарастар әр сабақтың өн бойында қамтылып, сабақтың тәрбиелік мақсатын жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Кез келген дүние құбылысына философиялық жағынан келгеннен кейін, оның ғылыми дәлеліне көз жеткізу де аса маңызды. Ғылыми дүниетаным – ғылыми білім. Ғылым адамды әртүрлі нанымдар мен адасулардан құтқарып, оның шындық болмысты ақыл-ойы арқылы тануына жағдай жасайды [167, 41].

Ғылыми дүниетаным әлемнің ғылыми бейнесіне, ғылыми талдау жолымен жасалған қорытындылар мен көзқарастарға, сондай-ақ табиғи және қоғамдық құбылыстардың дамуын сипаттайтын себеп-салдарлық байланыстардың теориясына сүйенеді. Ғылыми дүниетаным қандай да бір құбылыстың, үдерістің, оқиғаның дамуын дұрыс болжауға негіз болады.

Жеткіншектердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда мектеп жетекші рөл атқарады. Ғылыми дүниетаным, түптеп келгенде мектептегі білім беру үдерісінің мақсаты және нәтижесі болып табылады.

Ғылыми дүниетаным жеткіншектің қоршаған ортадағы құбылыстар мен фактілерді дұрыс қабылдап түсінуіне, оларға дұрыс ғылыми баға беруіне жол ашады.

Жаңа сөздерге байланысты ғылыми дүниетанымның алғашқы сатылары, яғни жаңа сөздер туралы ғылыми ақпараттардың бірқатары (тілдегі орны, анықтамасы, жасалу жолдары) төменгі сыныптарда беріледі. Алайда жаңа сөздер туралы толыққанды ғылыми білім **«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма»** деп аталатын таңдау пәнінің білім мазмұнында қамтылған.

Жоғары мектеп сатысында ғылыми дүниетанымды қалыптастыру бойынша аталған таңдау пәнінің міндеттері:

- тілдегі жаңа сөздердің пайда болу заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан түсіндіру;
- жаңа сөздердің қалыптану мен нормалануының заңнамалық негіздерін дәлелдеу;
- тіл жүйесіндегі неологизм құбылысының әлемдік және отандық тіл біліміндегі зерттелу жай-күйі туралы білім және ғылыми тұжырымдардың жүйеленуі;
- тілдің ішкі мүмкіндігі, төл байлығы ұғымдарына түсінік беру және қазақ тілінің төл әлеуетін сипаттау;
- жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптануындағы негізгі факторларды көрсету;
- тілдік тұлға мәселесіндегі жаңа сөздердің рөлі мен қызметін сипаттау;
- жеткіншектерді жаңа сөз құбылысына ғылыми баға беруге үйрету.

Жаңа сөздерді меңгертумен байланысты ғылыми дүниетаным: а) сабақ барысында; ә) қарым-қатынас және өзара әрекет кезінде; б) оқушылардың түрлі

іс-әрекетінде; в) сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда; ғ) БАҚ-тың ықпалымен; ғ) өзін-өзі тәрбиелеуде және өзін-өзі таныту үдерісінде және т.б. қалыптасады.

Жаңа сөздермен байланысты ғылыми дүниетанымды қалыптастыруда пәнаралық байланыс маңызды, мәселен, жаратылыстану пәндеріндегі қазақша баламасы ұсынылған терминдік атаулар тілдік факті ретінде жаңа сөздерге қатысты заңдылықтарды түсінуге мүмкіндік береді.

Жоғары сынып сатысында жаңа сөздерді меңгерту оқушылардың құндылықтар жүйесін қалыптастырумен өте тығыз байланысты. Қазіргі қоғамда қалыптасқан құндылықтар жүйесі оның гуманистік әлеуетін, келешегін және даму артықшылықтарын көрсетеді. Соңғы жиырма-жиырма бес жылда орын алған әлеуметтік-мәдени үдерістер заманауи жағдайларға бара-бар тұлғалық уәждемелер мен нұсқаулардың, көзқарастар мен нормалардың және тұлғаның құндылық бағдарының қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті.

Ғалым Б.С. Круғлов құндылық бағдарын зерттей отырып, қоршаған болмыс пен тұлғаның құндылықтық құрылымының арақатынасына ерекше назар аударады: «Тұлғаның құндылық бағдарлары тұлғаның негізгі құрылымдық компоненті болып табылады, олар тұлғаның қоршаған болмысқа арақатынасының сипатын және ерекшелігін анықтайды. Құндылық бағдарлары онтогенез сатыларында тұлға құрылымындағы орталық психикалық жаңа құрылымдардың бірі ретінде алға шығады» [168, 54].

Тұлғаның тұрақты құндылық бағдарының қарқынды қалыптасуы – жеткіншек кезеңге тән ерекшелік. Дәл осы жас кезеңінде оқушының когнитивтік дамуы ақиқат болмыс туралы өзіндік түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін деңгейге жетеді. Генетикалық тұрғыдан тұлғаның құндылықтар бағдары негізгі формасы сәйкес мағыналы білімді көрсететін және сақтайтын алдыңғы өмірлік тәжірибеге деген саналы қатынасы арқылы қалыптасады. Құндылықтар бағдары жүйесінің мазмұндық-мәндік сипаты социумның құндылығына тәуелді және тұлғаның жалпы бағдарын көрсетеді [169, 18].

Тұлғаның құндылық бағдарының қалыптасуы оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде әлеуметтік тәжірибені меңгеру шегі бойынша жүреді. Өмірдің түрлі салаларына қатынас адамда оқыту үдерісінде алатын ақпараттың негізінде қалыптасады. Тәрбиелеу, өз кезегінде қызығушылықтарды қалыптастыруда, оқушының құндылық бағдарын қалыптастыруда бағыттаушы күш рөлін атқарады, сондай-ақ оның қажеттіліктерін, уәждемелік аясын дамытуды да бағыттайды. Жеткіншек кезеңде құндылық бағдарын қалыптастыру тұлғаның тұрақтылықтығын қамтамасыз етеді.

Осы аталған ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, жаңа сөздерді меңгерту жеткіншек кезеңдегі тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыруда өзіндік маңызға ие. Бұл ең алдымен мынадай құндылықтар жүйесінің адамзаттық, ұлттық және жеке маңызынан көрінеді.

Білім – адамзаттық құндылық. Білімді жалпыадамзаттық құндылық ретінде мойындауда қазір ешкім күмән келтірмейді. Бұл көптеген елдерде адамның

білім алу құқығы ретінде конституциялық тұрғыдан бекітілген. Оны жүзеге асыру әр елдегі білім беру жүйесіне сәйкес қамтамасыз етіледі. Осы тұрғыдан жаңа сөздер лингвистикалық білімнің бір көрсеткіші ретінде жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесінен орын алады.

Ұлт құндылықтарын меңгерту – білім беру үдерісіне тән замануи үрдіс. Тіл – ұлттық деңгейдегі құндылықтық мәні мен бағасы өте жоғары құбылыс. Бұл ретте жаңа сөздер ұлт тілінің тазалығы мен келешегінің, дамуының көрсеткіші ретінде ұлттық құндылық ретінде танылады.

Қазір кез келген адамның өзі өмір сүріп отырған қоғамда өз орнын табуы, сұранысқа ие, білікті маман аталуы – тілді білу мүмкіндігімен де бағаланады. Бұл қайсыбір тілді, оның барлық деңгейлерін жақсы білумен тікелей байланысты. Шын мәнінде, жаңа сөздерді білуді, сөйлеу тіліне енгізуді жеке құндылықтарының жүйесі ретінде қалыптастыру жеткіншектің байыптылығы мен психикалық қасиет-сапаларының дұрыстығын көрсетеді.

Қорыта келгенде, жаңа сөздерді бейіндік мектепте, яғни жеткіншек жастағы оқушыларға меңгертуде психолінгвистикалық және психологиялық категориялардың мәнін ескерудің маңызы зор. Бұл жаңа сөздерге қатысты теориялық білімнің толыққанды болуын және тілдегі жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалану үдерістерінің тиімді жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Жеткіншек кезеңде оқушы тілдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде жаңа атаулардың қалыптануы мен нормалануына саналы түрде үлес қоса бастайтындығын жоғарыда талданған психологиялық категориялардың осы жас кезеңіндегі сипаттары дәлелдей түседі.

2.3 Қазақ тіліндегі жаңа сөздерді меңгертудің педагогикалық алғышарттары

Жалпы орта білім беру жүйесі – ұрпақтың базалық білім алуының негізгі көзі, сондықтан аталған салада тілді жүйе ретінде ғана оқытып, тілдік қатысымның барлық түрлеріне дағдыландырып қана қоймай, сонымен қатар мектеп оқушысын ұлттық мәдени-тілдік кеңістікте өзін жетілген жеке тұлға ретінде таныта алатындай дәрежеде қалыптастыру қажеттігі айрықша маңызға ие болып отыр.

Өмір сүру салтының түбегейлі өзгеуіне ықпал ететін, жоғары жылдамдықпен дамып жатқан жаңа технологияның және жаһанданудың бүгінгі кезеңінде қоғамның негізгі капиталы – адамның жасампаз әрекетке қабілеттілігі. Осымен байланысты өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны ғана емес, сондай-ақ сол өзгерістерге белсенді түрде ықпал ете алатын тұлғаны қалыптастыру қазақстандық қоғамдағы өзекті проблемалардың біріне айналып отыр. Мұндай жағдайда креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, дамыған зиятқа ие болу, жоғары деңгейдегі кәсіби сауаттылық, танымдық әрекеттің тұрақты уәждемесі басты талап ретінде алға шығарылады.

Қоғам дамуының жылдам қарқынымен, постиндустриалды ақпараттық қоғамға өтумен, халықаралық өзара ықпалдастықтың кеңеюімен, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде шешімі табылатын жаһандық мәселелердің пайда болуы және көбейуімен байланысты дамыған елдердегі білім жүйесінде білім берудің философиясы мен әдіснамасын жаңғырту үрдісі байқалады. Білім мазмұнын құрудың әдістерінде, білім беру модельдерінің жетілдірілген үлгілерін әзірлеуде, білім беруді басқарудың тиімді әдістерін іздестіруде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Сондықтан да қазіргі кездегі әлемдік білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі оқытудың дәстүрлі стилінен арылып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өз бетінше ойлауын қамтамасыз ететін білім берудің дамытушы, құрылымдық үлгісіне өту болып табылады.

Кез келген пәнді оқытудың педагогикалық алғышарттары білім мазмұны, оның құрылымы және оны оқытудың тәсілдері қандай деген үш сұраққа жауап беретіндей болуы шарт. Жаңа сөздерді меңгертудің педагогикалық алғышарттары осы мәселелер төңірегінде қарастырылады.

Нобель сыйлығының иегері Теодор Шульц өзінің көптеген еңбектерінде тұрғындардың сапасы мен білімі адамзат әл-ауқатының болашағын анықтайтын негізгі көрсеткіш болып табылатындығын дәлелдейді. Оның пайымдауынша, білімді адамдардың көп болуы ұлттың өмір сүруінің, оның экономикалық және әлеуметтік дамуының басты шарты және әскери күшінің қайнар көзі болып саналады [170]. Сондықтан да білім экономикалық гүлденуге апаратын жол, ғылыми және технологиялық прогрестің кілті, әлеуметтік теңдіктің, саяси әлеуметтенудің және мәдениеттің өмір сүру қабілетінің негізі ретінде қарастырылады.

Тұлғаны дамыту мен оның базалық мәдениетін қалыптастырудың негізгі құралы – білім мазмұны. Қазіргі таңда білім мазмұны ұғымы білім, білік, дағдының, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің және эмоциялық-ерікті қатынас тәжірибесінің педагогикалық бейімделген жүйесі ретінде түсіндіріледі. Бұл жүйені игеру қоғамның материалдық және рухани мәдениетін сақтауға және дамытуға даярланған, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Білім мазмұны «нені үйрету керек? деген сұрақтың нақты дидактикалық жауабы болып табылады. Бұл сұрақтың жауабы бүгінгі білім мазмұнының тұлғаға бағдарланған сипатымен байланысты. Білім мазмұнын тұлғаға бағдарлау тұлғаның білімдік, рухани, мәдени және өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында білім мазмұнын таңдау еркіндігін және мәдени-білімдік кеңістікте өзін-өзі дамыту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар тұлғаға бағдарланған білім мазмұны «толық» адамды дамытуға бағытталған, атап айтқанда: оның табиғи ерекшеліктерін (денсаулығын, ойлау, сезу, әрекет ету мүмкіндіктері); әлеуметтік сапаларын (азамат болуы, отбасылы болуы, еңбеккер болуы) және мәдени субъектілік қасиеттерін (бостандығы, адамгершілігі, руханилығы, шығармашылығы) дамытуды көздейді. Бұл ретте білім алушының табиғи, әлеуметтік және мәдени

сапаларын дамыту жалпыадамзаттық және ұлттық құндылыққа ие білім мазмұнының аясында жүзеге асырылады.

Жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған білім мазмұны жоғарыда аталған тұлғаға тән ерекшеліктерді дамытуға айтарлықтай үлес қосады. Бұл ретте табиғи ерекшеліктері ретінде жоғары мектеп оқушысының психологиялық үдерістерге тән белгілері басшылыққа алынып, олардың танымдық және ойлау мүмкіндіктерін дамытудағы жаңа сөздер туралы білімнің қызметі нақтыланады. Сонымен қатар әлеуметтік сапалары бойынша жоғары мектеп оқушысының өз ана тіліне қатысты жауапкершілігін сезіндіру білім мазмұнының бір мақсатын құрайды. Мәдени субъект ретінде жаңа сөздер туралы білімді меңгере отырып, оқушы өз ұлтының тілі мен рухы, бостандығы ұғымдарының мәнін байланыстырады және бұған шығармашылықпен қарай бастайды.

Білім мазмұны тарихи сипатқа ие, себебі ол қоғамның белгілі бір даму сатысындағы білім берудің мақсаты мен міндеттері негізінде анықталады. Демек білім мазмұны өмірдің талаптарына сәйкес өндіріс пен ғылыми білімнің даму деңгейінің ықпалынан өзгеріп отырады.

Тілдегі жаңа сөз құбылысы және оларды меңгерту, осы мақсаттағы білім мазмұнының құрылымы дәл қазіргі кезде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, дамыту сияқты өзекті мәселелермен тығыз байланыста қарастырылуы керек. Алдыңғы тарауларда айтылғандай, қазіргі қазақстандық тілдік кеңістік қазақ тілінің өміршеңдігі мен тіл құрылысының ұзақ мерзімді келешегін қамтамасыз етуде төл тілдің лексикалық қорын жасау міндетін алға қойып отыр. Осымен байланысты жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған білім мазмұнының тарихи сипаты мемлекет көлемінде жүргізіліп отырған тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асырудың өзектілігімен байланысты.

Қазіргі білім берудің мақсаты жай ғана ақпарат алу емес, заманауи ақпараттардың шегі жоқ және ол әртүрлі, сондықтан да оқушының өмірі үшін не пайдалы дегенді анықтау өте қиын. Сонымен қатар ақпараттар тез ескіріп жатады, бүгін жаңа болған дерек ертең жоққа шығарылады немесе жаңа ғылыми теориялармен толығыуы мүмкін. Осы себепті білім мазмұнын жаңғырту, жетілдіру әрқашан керек іс. Тіл жүйесіне жаңа ұғымдар, атаулар тез енгенімен, олардың нормалануы мен қалыптану үдерістерінің қарқындылығы біркелкі емес екендігін ескерсек, жаңа сөздерге қатысты білім мазмұны мұғалім мен оқушының үнемі ізденісін, зерттеушілік қабілетін талап етеді.



Сурет 8 – Пән бойынша білім мазмұнын іріктеудің тәсілдері

Әдістеме ғылымында білім мазмұнын іріктеудің мынадай тәсілдері аталады: ғылыми-фундаменталды, әдіснамалық, концептуалды және әрекеттік-прагматикалық (Сурет 8).

Ғылыми-фундаменталды тәсіл бойынша оқытудың мазмұны «үлкен» ғылым логикасы бойынша құрылады. Бұндағы дидактикалық мақсат – бірыңғай, ғылыми негізделген әлем бейнесін қалыптастыру. Жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған оқу бағдарламасындағы білім мазмұны аталған тәсіл бойынша неология мен неография салаларымен қатар, жаңа сөздерді зерттеудің түрлі ғылыми аспектілерін де қамтиды. Жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптануына қатысты әлемдік және отандық тіл біліміндегі іргелі зерттеулер мен ғылыми тұжырымдар білім мазмұнының ғылыми-фундаменталды сипатын құрайды.

Әдіснамалық тәсіл ғылыми таным әдістерін таныстыруға негізделген. Жаңа сөздерге қатысты білім мазмұнын іріктеудің бұл тәсілі жаңа тілдік бірліктерге қатысты материалдарды меңгеру және талдаумен байланысты зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруды мақсат етеді. Ақпарат диахрондық аспектіде ұсынылып, жаңа сөзге байланысты ғылыми мәселелерді шешудің тәсілдері мен тұжырымдарының тарихи эволюциясына оқушылардың назарын аудартады. Нормаланған және қалыптанған жаңа тілдік бірліктер мен әлі толық нормаға түсіп қалыптанбаған жаңа сөздер арасындағы байланыс, ықпал етуші факторлар мен шарттар талдауға ұсынылады.

Концептуалды тәсіл бойынша жаңа сөздерге қатысты білім мазмұнын қамтитын материалдар топтастырылып беріледі. Бұл білім мазмұнының құрылымындағы жүйелелік сипатты қамтамасыз етеді. Жаңа сөздерге қатысты ақпараттар а) олардың философиялық мәні; ә) заңнамалық негіздері; б) ғылыми негіздері; в) жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландырудың қайнар көздері; г) жаңа сөздердің тілдік сипаты сияқты тараулар бойынша жинақталған.

Әрекеттік-прагматикалық тәсілдің мақсаты – оқушының мәдени-дүниетанымдық деңгейін қалыптастыра отырып, қолданбалы білім мен білік жиынтығын ұсынады. Бұл тәсіл көбінесе таңдау пәндерінің білім мазмұнын құруда кеңінен пайдаланылады. Жаңа сөздермен байланысты білім мазмұнын құрылымдаудың бұл тәсілі тілдегі жаңа лексикалық бірліктердің тіл жүйесіндегі орны мен қызметі, оның өмір сүру қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды фактор ретіндегі рөлі туралы лингвистикалық дүниетанымды қалыптастыра отырып, оның қолданбалы сипатын алға шығарады. Жаңа сөздердің мәнін тереңнен түсінгенде ғана оқушының бұған қатысты білімі білік-дағдымен ұштасады.

Білім мазмұнының аталған ерекшеліктері мен маңыздылығы жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған оқу жоспарын құруда басшылыққа алынды және педагогикалық аспектідегі жаңа сөздерді меңгертудің өзіндік сипатын көрсетті. Жаңа сөздерге қатысты білім мазмұнын жоғары деңгейде меңгеру оқушылардың өз бетінше көп жұмыс істеуін және мұғалім тарапынан қарқынды әдістерді іздеуді талап етеді.

Зерттеуде жаңа сөздер мектеп оқушысының жеке тұлға ретіндегі, тілді шығармашылықпен қолдана алатындай, оның рухани-адамгершілік дамуына әсер ете алатындай дәрежедегі дидактикалық тілдік бірлік ретінде қарастырылады [171]. Осыған байланысты бірқатар проблемалар бой көтереді. Соның біріншісі – оқытудың ұстанымдары.

Жалпы орта білім беретін мектеп – әр баланың жан-жақты дамуының негізін қалайтын, бастапқы кәсіби даярлығын қалыптастыратын, үздіксіз білім алу қабілетін ашатын жүйе. Осы жүйедегі білім мазмұнының құрылымы ең алдымен жалпы әдіснамалық ұстанымдар бойынша анықталады. Оқыту ұстанымдарын білу оқу үдерісін оның заңдылықтарына сәйкес ұйымдастыруға, мақсатты дұрыс анықтауға және оқу материалының мазмұнын айқындауға, оқытудың мақсатына бара-бар формасы мен әдісін таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар мұғалім мен оқушыға оқыту үдерісінің кезеңдерін сақтауға, өзара әрекет пен ынтымақтастықты жүзеге асыруға жағдай жасайды.



Сурет 9 – Жаңа сөздерді меңгерту үдерісінде басшылыққа алынатын жалпы әдіснамалық ұстанымдар

Жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған **«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма»** деп аталатын таңдау пәнінің білім мазмұны аталған функцияларға ие ұстанымдарға негізделеді. Бұл ұстанымдардың жаңа сөздерді меңгерту үдерісіндегі ерекшеліктеріне кеңінен тоқталайық (Сурет 9).

Педагогикалық үдерістің гуманистік бағыттылық ұстанымы – қоғамдық мақсат пен тұлға бірлігінің қажеттілігін көрсететін білім берудің жетекші ұстанымы. Бұл ұстанымды жүзеге асыру барлық білім беру және тәрбие жұмыстары тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыру міндеттеріне бағынуын талап етеді.

Білім беру үдерісі Л.С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» тұжырымына бағдарланса, яғни оқушыда жетілген және ары қарай дамуға дайын психикалық функцияларға негізделсе, тұлғаның жеке мүдделері қанағаттандырылады. Қазіргі таңда барлық адам үшін, сондай-ақ мектеп оқушысы үшін базалық кәсіби білімді ғана емес, жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруге мүмкіндік бар, сол арқылы тұлғаның барлық қырынан дамуына жағдай жасалып отыр.

Жоғары мектеп сатысында оқушының танымдық даму ерекшеліктеріне сәйкес гуманистік мақсат құндылықтар жүйесін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Тұлғаның жалпыадамзаттық мәдениетпен және құндылықтар жүйесімен үйлесімдікте дамуы базалық гуманитарлық пәндерді меңгеру деңгейіне байланысты.

Білімнің гуманистік бағытында адамзаттық құндылықтардың артықшылықтары алға шығарылады. Мектеп – қоғамдық қатынастардың сипаты көрініс табатын қоғамның маңызды әлеуметтік институты. Білім берудің мақсаты қоғам өмірінің мақсаттарымен тығыз байланысты. Өмір білім берудің бағытын анықтайды және, керісінше, білім беру өмірге ықпал етеді. Демек нақты бір қоғамның білім беру жүйесін түсіну дегеніміз – ондағы өмірді түсіну.

Қазақ ұлтының санасында тіл – ең бағалы құндылық. Еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бері саяси-экономикалық өзгерістердің ықпалы қарқынды түрде сезілгенімен, қазақ тілі ұлттың ең бағалы құндылықтарының қатарында қала беретіндігі сөзсіз. Қазіргі тіл саясаты мен тіл стратегиясы қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру, жаңа сөз жасауда қазақ тілінің ішкі әлеуетін сарқа пайдалану сияқты міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Әрине бұл міндеттердің орындалуына ірі әлеуметтік институт ретінде мектептегі білім беру үдерісі де айтарлықтай үлесін қосады. Жоғарыда айтылған тұжырымға сай қазақ тілі таралған тілдік кеңістіктегі жаңа сөздерді меңгертудің өзектілігі бір жағынан білім беру жүйесінің бағытын анықтап берсе (айталық мектеп оқулықтарындағы жаппай қазақыландыру үрдісі), екінші жағынан, білім беру жүйесіндегі әдіснамалық базаның жай-күйі тілдің өмір сүру динамикасына да өзінше ықпал етеді. Осымен байланысты жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптануына қатысты білімді меңгертудің гуманистік бағыттылығы «тіл – құндылық» тұжырымының аясында жүзеге асырылуы тиіс.

Жаңа сөздерді меңгерту үдерісіндегі маңызды ұстанымдардың бірі – *педагогикалық үдерістің өмірмен байланысын қамтамасыз ету*. Бұл ұстаным тұлға қалыптасырудағы абстрактылы ағартушылық бағытты теріске шығарып, білім мазмұнын және оқу-тәрбие жұмысының формасын экономикадағы, саясаттағы, мәдениеттегі және елдің қоғамдық өмірінің басқа да салаларындағы өзгерістермен байланыстыруды көздейді. Білімнің өмірмен байланысы ұстанымын жүзеге асыру оқушылардың ағымдағы жағдаятпен жүйелі түрде таныстығын, шынайы материалдарды сабақта кеңінен пайдалануды талап етеді. Бұл ретте жаңа сөздерге қатысты білім мазмұнын ұйымдастыруда жаңа тілдік бірліктердің әр саладағы көрінісі, қолданыс белсенділігі, нормалануы мен қалыптануына әсер ететін шынайы факторлар мен олардағы көрінісі әрқашан қамтылып отыруы ескерілді. Мәселен, Мемлекеттік терминологиялық комиссия тарапынан бекітілген жаңа сөздердің варианттылық сипатын күнделікті сөйлеу тілін бақылау арқылы байқауға болады. Телебағдарламалар мен радионың әдеби тіл нормасына тигізетін әсерін ескерсек, журналистердің бір ұғымды түрлі атаулармен қолданатын жағдайлар жиі кездеседі. Түрлі жарнама

мәтіндеріндегі, аударма мәтіндердегі жаңа сөздерде де осындай сипат байқалып жатады. Бұл оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру барысында олардың шынайы өмірдегі көрінісін талдауға, дәлел келтіруге көмектеседі. Мәселен, оқу бағдарламасындағы **«БАҚ-тың жаңа сөз жасаудағы және оларды нормаландырудағы рөлі»** немесе **«Қазіргі ақпараттық технологиялар: жаңа сөздерді қалыптандырудағы онлайн сөздіктердің қызметі»** сияқты тақырыптарды берудегі мақсат – жаңа сөздер мен қоғамдық факторлардың байланысын, жаңа сөздердің қалыптану және нормалану үдерістерінің табиғи сипатын түсіндіру. Сонымен қатар жаңа сөз құбылысын, олардың пайда болу көздері мен себептерін түсіндіруде нақты мысалдар қоғамдық өмірдің түрлі салаларымен байланыстырылады. Осы бағытта жаңа сөздердің әлеуметтік қолданыстық маңызына қарай жіктелуі қарастырылып, **«Ғылыми-техникалық салалардағы жаңа сөздер»** мен **«Қоғамдық-әлеуметтік салалардағы жаңа сөздердің сипаты»** деген сабақ тақырыбы ұсынылды. Сондай-ақ жаңа сөздерді меңгертудегі білім мазмұнының өмірмен байланысы практикада көрініс табады. Практика – танымдық іс-әрекеттің қайнар көзі, таным және басқа да іс-әрекеттердің нәтижесіне тән ең дұрыс объективті шынайы меже. Бұл әсіресе жаңа сөздерді оқушылардың тілдік санасында және сөйлеу тілінде тұрақтандыруда, жаңа сипатқа ие тілдік бірліктердің нормалануы мен қалыптану үдерісінде маңызды, себебі үйренген жаңа сөздердің дұрысын саралай отырып, күнделікті қолданыста белсенді пайдалану дегеннің өзі практикалық іс-әрекетпен байланысты. Жаңа сөздерді оқытуда пайдаланылатын интербелсенді әдістер де олардың белсенді қолданысын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптану сипатын меңгерту үдерісінде білім мазмұнының өмірмен байланысы ұстанымы үлкен мәнге ие.

Жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған білім мазмұнын ұйымдастыруда басшылыққа алынған маңызды ұстаным – *пәнаралық байланыс*. Пәнаралық байланыс қазіргі білім беру үдерісіндегі белсенді үрдіс ретінде қалыптасқан интеграциялық талаптарға жауап береді. Көппәндік жағдайда меңгертілетін нысан туралы тұтас, жүйелі білімді қалыптастыруға байланысты мәселені шешу пәнаралық байланысқа сүйенгенде мүмкін болады. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқушыларға бір құбылысты түрлі көзқарас тұрғысынан көруге, ол туралы тұтас түсінік алуға мүмкіндік береді. Әсіресе пәнаралық байланыстардың өзара тоғысуы дүниетанымдық тұрғыдан өтіліп отырған нысанның барлық қасиеттерін және байланыстарын жан-жақты қамтуға мүмкіндік береді. Бұл жаңа сөздердің әр саладағы сипатын анықтауда маңызды болып табылады. Жоғары мектеп оқушы қай ғылым саласы болмасын оның терминдік аппараты болатынын түсінеді және бұл сипаттың жаңа сөздермен өзара тығыз байланысын ашу үшін сол ғылым салалары мен қазақ тілін байланыстыра алады.

Пәнаралық байланыс бірқатар пәндер бойынша оқу материалдарын іріктеуге және олардың құрылымына ықпал ете отырып, оқушылардың жүйелі білім алуын, оқытуды ұйымдастырудың кешенді формасын қолдануды

бағдарлайды. Айталық жоғары мектеп сатысындағы оқушылар үшін басқа пәндер бойынша жаңа аталымдардың сипаты қызығушылық тудырады. Олар төменгі сыныптарда пәндер бойынша үйренген жаңа сөздерді есіне түсіре отырып, жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптануындағы, жалпы әдеби тілдегі орнын анықтауға ұмтылады. Пәнаралық байланыс ұстанымы бойынша ұсынылған таңдау пәнінің білім мазмұнында интеграциялық талаптың орындалуына назар аударылды, сондықтан тапсырмалар мен жаттығулар кешенінде ғылыми-техникалық аталымдардың шеңберінде оқушылардың өздері өткен немесе өтіп жатқан жаратылыстану бойынша оқулықтардағы жаңа қазақша сөздер барынша қамтылды. **«Мектеп оқулықтарындағы жаңа атаулардың сипаты»** деп аталатын тақырып бойынша мектеп оқулықтарындағы, соның ішінде жаратылыстану және қоғамдық пәндер циклі бойынша оқулықтардағы жаңа сөздердің сипаты мен ерекшеліктері және олар туралы оқушының танымындағы аялық білімнің мазмұн көлемі сияқты мәселелер қарастырылады. Көпжақты пәнаралық байланыс жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған сабақтың мазмұнын тереңдетіп, оның танымдық құндылығын арттырады, осымен байланысты оқушылар қоршаған ортадағы өзгерістердің тілге тигізетін ықпалын көрсететін құбылыстар мен үдерістерді тани алады. Оқушылар бірнеше пән бойынша алған білімдерін жаңа танымдық міндеттің, проблемалы сұрақтардың шешімін табу үшін пайдалана алады. Бұл жадының, ойлау және ерік үдерістерінің белсенділігін айтарлықтай арттырып, сабаққа жоғары қызығушылық танытуына ықпал етеді.

Демек жаңа сөздерді меңгертуде пәнаралық байланыс ұстанымын жүйелі түрде басшылыққа алу оқушылардың ой-өрісін, ойының тереңдігін дамытып, тіл жүйесіндегі жаңа құбылыстарды тез қабылдауға мүмкіндік береді және осы бағыттағы білімін қолданбалы пәндерде пайдалану дағдысын дамытады.

Тілді оқытудағы дәстүрлі ұстанымдардың бірі – *берілетін білімнің ғылымшылығы*. Бұл ұстаным бойынша негізгі талаптар мыналар: оқушыда теориялық білім жүйесі, сондай-ақ фактілер мен құбылыстардың, заңдылықтардың дәлдігі және практикалық қорытындылар мен әрекеттердің ғылыми дәлелдемелері болуы керек. Сондай-ақ оқыту үдерісіндегі бұл ұстаным оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға, ғылыми ізденіс білік-дағдысын қалыптастыруға, оқу еңбегін ғылыми тұрғыдан ұйымдастырудың тәсілдерімен танысуға бағытталады. Бұған проблемалық жағдаяттарды, соның ішінде оқушыларды құбылыстарды бақылауға, тіркеуге және бақылау нәтижелерін талдауға үйрететін, ғылыми пікірталас жүргізуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, ғылыми әдебиеттерді және ғылыми-библиографиялық аппаратты тиімді пайдалануға баулитын жағдаяттарды кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Мәселен, жобалау әдісінің аясында орындалатын тапсырмалар (**«Сөздік түзу»**, **«Қазіргі масс-медиа тіліндегі жаңа сөздердің сипаты»**) оқушылардың жаңа сөздерге қатысты ғылыми әдебиеттерді тиімді пайдалануын, жаңа сөздердің нормалану және қалыптану ерекшеліктерін бақылау мақсатында өз бетінше зерттеу жүргізуін, тіркеуін, нәтижелерді талдауды, сондай-ақ өзіндік ойын қорытындылауды қамтамасыз етеді.

«Ғылыми айқын түсінік – лингвистикалық дүниетанымның қалыптасуының бір тетігі. ...тілдік білім берудің орталық өзегі етіп сөз бірлігі алынады. Барлық тіл білімі салалары сөзге табан тірейтіні және сөзге қызмет ететіні тілдік білімнің түп қазығы болып белгіленеді» [149, 32]. Қазіргі ғылым мен техниканың даму деңгейімен, әлемдік өркениеттегі жинақталған тәжірибемен білім мазмұнының сәйкестігі тілдің лексикалық қорының елеулі бөлігін құрайтын жаңа сөздерді меңгертудегі ғылымилық ұстанымының жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Мәселен, **«Қазақ тілінің төл әлеуеті: ішкі мүмкіндіктерді жаңа сөз жасауда сарқа пайдалану»** деп аталатын тақырып бойынша қазақ тіліндегі жалпы сөзжасам мәселесі, әсіресе қазақ тіліне еніп жатқан түрлі жаңа сөздердің сөзжасамдық сипатына тән ерекшеліктер ғылыми тұрғыдан талданғанда ғана оқушылардың «төл тілдің әлеуеті», «тілдің ішкі мүмкіндігі» сияқты ұғымдарға қатысты түсінігі қалыптасады.

Дәстүрлі оқыту үдерісінде ғылымилық ұстанымын жүзеге асыруда екі диалектикалық қарама-қайшылық көрініс табады. Оның біріншісі – білімді ғылыми ұғымдармен жеткізу, алайда оқушылар үшін түсінікті болуын ескеру. Бұл тұрғыдан жаңа сөздердің, нақтырақ айтқанда, терминдік атаулардың қазақыландырылған жаңа баламаларын нормаландыру мен қалыптандырудың нәтижелері осы қарама-қайшылықтың жойылуына, яғни оқыту үдерісінің ғылыми терминдік сипатының түсініктілік талабының орындалуына ықпал етеді. Екінші мәселе: мектепте пікірталас туғызбайтын мәселелер беріледі, алайда ғылымда қандай да бір мәселеге қатысты бірыңғай көзқарас жоқ. Мұндай қайшылық әдеби тілдің, соның бір тармағы ретінде жаңа сөздердің нормасы мен қалыптануына қатысты пікір-көзқарастарға да тән. Білім мазмұнында қамтылған тақырыптардың қай-қайсысында да түрлі ғылыми пікір-көзқарастар қамтылады және оқушыларға барынша жан-жақты ақпарат беріледі. Айталық, тіл білімінде қалыптасқан неологизм терминіне қазақ тіл білімінде жаңа сөз, жаңа атау, жаңа қолданыс, жаңа аталым сияқты баламаларды көрсететін ғылыми ұсыныстар бар. Демек осы айтылғандар тұрғысынан білімнің ғылымилығы – жаңа сөздерді және олардың нормалану мен қалыптану үдерістеріне тән ерекшеліктерді меңгертуге бағыттылған оқу материалдарын ұйымдастырудағы жетекші ұстанымдардың бірі.

Педагогикалық үдеріс құрылымының сатылық және шоғырлану сипаты *сабақтастық, бірізділік және жүйелелік ұстанымының* талаптарымен байланысты. Бұл ұстаным бұрын меңгерілген білім, білік-дағдыны, тұлғалық сапаларды бекітуге, оларды жүйелі дамыту мен жетілдіруге бағытталады. Сабақтастық ұстанымы бойынша кез келген сабақ соның алдында жүргізілген жұмыстардың логикалық жалғасы болуы керек және қол жеткізілген жетістіктерді бекітіп, дамытуы тиіс. Оқу-тәрбие үдерісі оқушының тұлғасына бағытталады. Алайда әрбір жекелеген сәттерде мұғалім нақты педагогикалық міндетті орындайды. Бұл міндеттердің байланысы мен сабақтастығы оқушының іс-әрекеттің қарапайым формасынан күрделісіне өтуін, олардың жүйелі түрде дамуын қамтамасыз етеді.

Жаңа сөздерді меңгертуге және олардың нормалану, қалыптану үдерістерін танытуға бағытталған білім мазмұнындағы тараулар мен тақырыптар толықтай сабақтастық пен жүйелілік ұстанымына негізделген. **«Тіл – бірегей ұлт құндылығы. Тіл мен болмыс, тіл мен діл мәселелері»** деп аталатын кіріспе сабақ пәннің мақсаты мен міндеттері айқындауға және жаңа сөздердің философиялық мәнін «тіл – құндылық» тұжырымы аясында түсіндіруге бағытталады. Жаңа сөздер туралы білімнің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында **«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының заңнамалық негіздері»** деп аталатын бірінші тарауда норма және қалыптану үдерістері, Қазақстандағы тіл саясаты мен тіл стратегиясы және қазақыландыру ұғымына қатысты мәселелер қамтылады. Бұл ретте жаңа сөздер мен қоғамның, тілдік қауымдастықтың талабы, олардың заңдастырылуы, Қазақстан Республикасындағы тілдердің әлеуметтік, лингвистикалық қазіргі ахуалы және олардың жаңа сөз құбылысымен байланысы талданады. Екінші тарауда **«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының ғылыми негіздері»** бойынша неология және неография салаларының, жалпы жаңа сөздердің әлемдік және қазақ тіл біліміндегі зерттелуінің жай-күйі, жаңа сөз мәселесінің тіл мәдениетімен сабақтастығы қамтылады. **«Жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландырудың негізгі қайнар көздері»** ретінде лексикографиялық еңбектердің, Мемлекеттік терминологиялық комиссияның, БАҚ-тың, ақпараттық технологиялардың, мектеп оқулықтарының қызметі сабақтастықта қарастырылады. **«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің тілдік ерекшеліктері»** деп аталатын төртінші тарауда қазақ тілінің жаңа сөз жасаудағы ішкі мүмкіндігі, сөзжасамдық ерекшелігі, жаңа сөздердің салалық сипаты сияқты мәселелер қамтылады. Жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған таңдау пәніндегі білім мазмұнының осылайша жүйеленуі оқушылардың қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер, олардың нормалануы мен қалыптануы туралы білімді жүйелі негізде алуына жағдай жасайды.

Сонымен қатар сабақтастықты жүзеге асыру оқу жұмысын жоспарлауға байланысты, айталық, жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған практикалық тапсырмалар теориялық материал өтілгеннен кейін ғана, сол материал кешенді түрде меңгерілген кезде беріледі және жаңа материалды өтуде алдыңғы меңгерілген білімге сүйену қажет. Бұл ретте жаңа сөздердің философиялық мәнінен оның заңнамалық негіздерін, бұдан ғылыми негіздерін, одан қайнар көздерін, одан кейін тілдік ерекшеліктерін бір-бірімен сызықтық байланыста қарастыру керек. Ал әрбір теориялық ақпараттан кейін, мәселен, жаңа сөздер жасаудағы қазақ тілінің сөзжасамдық мүмкіндіктері, тәсілдері туралы ғылыми-теориялық білім берілгеннен соң, сол білімді тілде бекіту мақсатында жаттығулар мен тапсырмалар беріледі. Осымен байланысты білімнің сабақтастығы, бірізділігі мен жүйелілігі қысқа уақытта үлкен нәтижелерге қол жеткізуге жағдай жасайды. Бұл жаңа сөздерді меңгеру дағдыларының қалыптасуына, логикалық ойлауының дамуына, өтіліп отырған нысан туралы тұтас білімнің және дүниетанымның қалыптасуына жағдай жасайды.

Жоғарыда аталған жалпы оқыту үдерісіндегі негізгі дидактикалық ұстанымдар жаңа сөздерді меңгертуде қолданылатын педагогикалық технологиялардың негізгі арқауы болып саналады. Олар бір-бірімен тығыз байланысты және тұтас білім жүйесін құрайды. Жаңа сөздерді меңгертуде аталған ұстанымдардың жиынтығы оқытудың міндеттерін анықтауға, оқытудың әдістерін, құралдары мен формаларын саралауға мүмкіндік береді.

Даму – кез келген адам әрекетінің бөлінбес бөлшегі. Адам тәжірибе жинақтап, әрекет етудің тәсілі мен әдістерін жетілдіріп, өзінің ақыл-ой мүмкіндіктерін кеңейте отырып үздіксіз дамиды. Бұл үдеріс адамның кез келген қызметіне, соның ішінде педагогикалық қызметіне де тән. Қоғамның түрлі даму сатыларында жұмыс күшіне жаңа стандарттар мен жаңа талаптар қойылып келеді. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесін дамытудың қажеттілігін тудырды.

Білім жүйесін дамытудың бір құралы – оқытудың инновациялық технологиялары, яғни бұл – педагогикалық қызметтің оңтайлы нәтижесіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуіне негізделген жаңа әдістері мен тәсілдері [172, 5].

Кез келген педагогикалық жүйе белгілі бір технологияға сүйенеді. Педагогика ғылымы мен практикасы қоғам дамуының талаптарына қарай жаңа бағыттармен дамыған жағдайда білім берудің әдіснамалық құралдары мен әдіс-тәсілдері бірте-бірте жаңғыртыла бастайды. Қазақстандық қоғамда білім беруге қойылып отырған жауапкершілігі жоғары талаптарға сәйкес қазақ педагогикасы ғылымында да түрлі жаңғыртулар жүзеге асырылуда және жаңа бағыттар қолға алынуда. Осыған байланысты оқыту технологиясы, білім берудің жаңа технологиялары сияқты түрлі вариациядағы ұғым-түсініктер ғылыми әдебиеттерде, практикада кең қолданыс табуда. Аталғандардың құрылымдық және құрылымдық компоненттері жан-жақты зерделенуде. Зерттеуші К.Г. Селевко аталған ұғым бойынша ғалымдардың 10-нан астам анықтаманы атап көрсеткен. Мысалы, а) жалпы технология ұғымы – қандай да бір істе, шеберлікте, өнерде қолданылатын тәсілдердің жиынтығы дегенді білдіреді (лексикографиялық еңбек бойынша); ә) педагогикалық технология – оқыту формаларының, әдістерінің, тәсілдерінің арнайы жиынтығы мен топтамасын, тәрбие құралдарын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы; педагогикалық үдерістің ұйымдастыру-әдістемелік аспабы (Б.Т. Лихачевтің пікірі); б) бұл – оқу үдерісін жүзеге асырудың мазмұндық техникасы (В.П. Беспальконың көзқарасы); в) бұл – оқытудың жоспарланған нәтижесіне қол жеткізу үдерісінің сипаттамасы (И.П. Волковтың анықтамасы); г) педагогикалық технология – оқушы мен мұғалім үшін жайлы жағдайды сөзсіз қамтамасыз ететін оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және өткізу жөніндегі педагогикалық қызметтің егжей-тегжейлі ойластырылған моделі (В.М. Монаховтың тұжырымы); г) педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық тұлғалық, аспаптық және әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және қызмет ету тәртібі (М.В. Клариннің түсіндірмесі); д) ал оқыту технологиясы – жағдайды өңдеудің, өзгертумен байланысты өнер, шеберлік, білік, әдістер жиынтығы

(В.М. Шепельдің пікірі); ж) бұл – дидактикалық жүйенің құрамдас процессуалды бөлігі (М. Чошанов) [173, 14-15]. Осы аталғандардың қатарында білім берудің жаңа технологиялары (инновациялық технологиялар) термині қазіргі кезде кеңінен қолданысқа енді.

Қазіргі инновациялық технологияларды белсенді енгізу: а) диалогтік өзара әрекетті; ә) ынтымақтастықта жұмыс істеу қабілетін жоғары етуді; б) жұппен және шағын топта белсенді жұмыс істеу қабілетінің жоғары болуын; в) алынған ақпаратты сыни тұрғыдан ойлап, бағалауын; г) және өзінің ойын логикалық тұрғыдан дәлелді түрде жеткізе білуін дамытады.

Жаңа технологияны меңгеру – оқытушының интеллектуалды, адамгершілікті, рухани сауаттылық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізуіне, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [174].

Оқытудың инновациялық технологияларын белсенді қолдану жаңа сөздерді оқыту мен меңгертуде маңызды рөл атқарады. Сондықтан келесі тараушаларда жаңа сөздерді меңгертудің лингводидактикалық негіздемесі ретінде оқытудың белсенді әдістері мен ұсынылатын тапсырма түрлерін жаңа сөздерге орайластыра қарастырамыз.

Жалпы орта білім беретін мектепте жаңа сөздерді меңгертуде қолданылатын ең тиімді технология – интербелсенді әдістер жиынтығы. Мұның басты әрі негізгі себебі – қазіргі білім берудің жаңа талаптарына сай білім беру аз уақыт ішінде көлемді ақпаратты тиімді түрде ұсына алатын, сондай-ақ ақпаратты жоғары дәрежеде игеріп, оны практикада қолдануды бекітуге мүмкіндік беретін әдістерді немесе әдістер кешенін қолдануды талап етіп отыр. Сондықтан да жаңа сөздерді меңгертуде мұғалім мен оқушы қызметін жан-жақты қамтитын жаңа технология – интербелсенді әдістерді пайдаланудың тиімділігі жоғары [175].

Интербелсенді оқыту қазіргі білім беру үдерісіндегі өзекті бағыттардың бірі болып саналады. Интербелсенді оқытудың формалары және мазмұнымен байланысты мәселелер Г. Абенова, А. Айтбаева, А. Әлімов, К.Ж. Бұзаубақова, М. Жайлауова, Ж. Жартынова, Ж. Дәулетбекова, С.Т. Мұхаметжанова, Қ. Өстемірова, С. Таженова және т.б. сияқты отандық әдіскер ғалымдар мен В. Болотов, Н.И. Волков, Д. Джонсон, Р. Джонсон, И.А. Зимняя, Е.В. Коротаева, Н.А. Морева, В.В. Рубцов, Дж. Спиро, А.Ю. Уваров, Р.Л. Хон, Г.А. Цукерман және т.б. шетел ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған.

Әдіскерлердің басым көпшілігі интербелсенді сабақты ұйымдастырудың кезеңдеріне тән реттілікке қатысты бірдей пікірді ұстанады, атап айтқанда, бұлар – оқу материалдарындағы мәселелерді анықтау, топ шеңберінде мәселенің шешімін іздеу, ұсынылған шешімдерді талқылау, анағұрлым оңтайлы шешімді таңдау. Сондай-ақ мұндай сабақтардың жүйеленген бөлігі ретінде қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беруде пайдалануға мүмкіндік беретін диалогті де атауға болады.

Алайда интербелсенді оқытуға қатысты материалдарға жасалған талдау нәтижесі оның кейбір маңызды сипаттары ұғымдық тұрғыдан да, әдістемелік

жағынан да жеткіліксіз зерттелгендігін көрсетіп отыр. Мәселен, «интербелсенді оқытудың» анықтамасына келсек, оны пайдалану кең таралғанымен, бұл құбылыстың түсіндірмесінде тұлғааралық өзара әрекетке құрылған оқытудың маңызды сипаттарын көрсетуде айырмашылықтар бар.

Орыс ғалымы Н. Суворова «интербелсенділік» сөзінің этимологиясына сүйене отырып, «интербелсенді оқыту – бұл ең алдымен диалогтік оқыту, мұнда мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекет жүзеге асады», – дейді [176, 26]. Сондай-ақ интербелсенді оқыту – танымдық әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Оның нақты және болжанған мақсаттары бар. Осындай мақсаттардың бірі – оқыту үдерісінің өнімді болуына мүмкіндік беретін, сондай-ақ оқушы өзінің жетістігін, зияткерлік әлеуетін сезінетіндей оқытудың жайлы жағдайын жасау.

Әдістеме ғылымында белсенді сипатқа ие бола бастаған интербелсенділік үдерісі «интербелсенді әдістер», «интербелсенді технология», «интербелсенді оқыту әдістемесі» сияқты бірқатар терминдік атаулармен түсіндіріліп келеді. Түптеп келгенде, бұл атаулардың барлығы да оқыту үдерісінде мұғалім мен білім алушының, білім алушы мен білім алушының белсенді байланысына бағытталған іс-әрекеттердің, амал-тәсілдердің жиынтығына келіп тіреледі. Зерттеуде пайдаланылған негізгі терминдер – интербелсенді оқыту және интербелсенді әдістер.

Интербелсенді оқыту үдерісінің мақсаты – білім алушыларды өз бетінше білім алуға, ой қорытуға, проблеманың шешімін табуға және шешім қабылдауға үйрету, сәйкесінше жаңа сөздерді меңгертуде интербелсенді оқыту әдістерін пайдаланудағы мақсат – оқушылардың тілдегі лексикалық үдерістерге, жаңа сөздердің пайда болуына әсер ететін түрлі факторларға, тілді тұтынушылардың ықпалына, осы саладағы тіл саясатының атқаратын рөліне саналы түрде зерттеу жасай отырып, проблемаларды саралауға, олардың шешімін табуға үйрету және жаңа тілдік бірліктерді олардың менталды санасында орнықтыру, қолданысына енгізу.

Әдіскер ғалым А. Әлімов интербелсенді әдіс арқылы оқытуда келесі шарттарды қадағалау міндетті деп тану керек екендігін көрсетеді:

- жағымды психологиялық орта орнату;
- үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру;
- білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыттау;
- білім игеру процесін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану [177, 77].

Жаңа сөздерді меңгертуде интербелсенді әдістерді қолдану оқушылардың мынадай әрекет дағдыларын қалыптастырады және дамытады:

- бірлесіп жұмыс істеу;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту;
- бастамашылдық;
- кері байланыс жасау;
- проблеманың шешімін табу және шешім қабылдау.

Интербелсенді әдістерді қолдана отырып оқытуда жана сөздерге қатысты теориялық және практикалық материалдарды іріктеудің және оларды ұйымдастырудың негізгі межелері төмендегідей:

- оқу материалдарының оқушының танымдық және тұлғалық қызығушылықтарымен тақырыптық сәйкес келуі;
- оқушылардың жас ерекшелігін, құндылық-бағдарын және уәждемелік саласын ескеру;
- оқу материалының түпнұсқалылығы және оның жанрлық әртүрлілігі;
- мәдени және елтанымдық қанықтылығы;
- пәнаралық шарттастығы.

Жаңа сөздерді меңгертуде интербелсенді әдістерді қолдану оқушының жүйке жүйесінің жүктемесін азайтып, зейінді тек бір нәрсеге аударуға, әрекет түрлерін ауыстыруға мүмкіндік береді. Мәселен, қазір тілді оқыту үдерісінде кең қолданыс тапқан интербелсенді әдістің бір түрі – жобалау әдісі. Әдістеме ғылымында жобалау әдісінің білім беру үдерісіндегі артықшылықтары мен тиімділігі туралы негізгі тұжырымдар ғалым А. Сәтбекованың іргелі еңбегінде баяндалған. Сонымен қатар Ш. Абдиева, С.К. Исмагулова, Н.В. Туркина сияқты отандық ғалымдардың еңбектерінде және Н.В. Матяш, Н.Ю. Похомова, Е.С. Полат, К.М. Кантор, Дж.К. Джонс, Л.Н. Азарова, В.С. Кузнецов, Т.А. Мацкевич, Л.Г. Лукоянова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде зерделенеді.

Жоба термині латын тілінде *«алға лақтыру, алға тастау»* мағынасындағы *«projectio»* сөзінен шыққан. Зерттеуші Е.С. Полат «жоба» ұғымын былайша сипаттайды: «Жоба – жорамалды және болжанған нысанның прототипі, идеалды бейнесі, күйі, кейбір жағдайларда жоспар, қандай да бір әрекеттің түпкі мәні» [178].

Қазақ ғалымы А. Сәтбекованың іргелі еңбегінде алғаш рет қазақ тілін (өзге тілді дәрісханаларда) жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертудің ғылыми-әдістемелік негіздері айқындалды. Зерттеуші мемлекеттік тілді сапалы меңгертуде жобалай оқыту технологиясының типтері мен түрлерін жіктеп, оларды қолданудың ұстанымдарын ғылыми тұрғыдан негіздеді [179].

Әдіскер ғалым А. Сәтбекованың пайымдауынша, жалпы қазақ тілін жобалау технологиясын қолдана отырып оқыту негізінде мынадай құзыреттіліктер қалыптасады:

- қатысымдық (коммуникативтік) құзырет;
- тілдік-лингвистикалық құзырет;
- проблеманы шешу құзыреті;
- мәдени-танымдық құзырет;
- әлеуметтік-мәдени құзырет [179, 123].

Жоба – адам санасының шығармашылық белсенділігінің көрінісі. Жобаны жасау үдерісі жобалау деп аталады. Дж.К. Джонс жобалау үдерісіне оннан астам анықтама келтіреді, солардың ішінде ең бастысы «жобалау – жасанды ортаның өзгеруіне бастау болатын әрекет түрі» [180]. Кең мағынасында жобалау – қоршаған ортада (табиғи немесе жасанды) өзгерісті жүзеге асыру әрекеті. Жобалау заттық әлемнің стихиялық дамуын басқару ретінде де

түсіндіріледі. В.С. Кузнецов жобалауды білім беру үдерісінің маңызды бөлшегі ретінде анықтай отырып, ол жаңа ұғымдар мен тұжырымдарды жасау үшін қызмет етеді дейді [181].

Жобалау – оқушылардың өз бетінше (немесе жұппен, топпен) белгілі бір уақыт шегінде орындайтын әрекеті. Жобалау әдісі әрқашан қандай да бір мәселені шешуді көздейді. Мәселені шешу, біріншіден, оқытудың түрлі әдістері мен құралдарының жиынтығын пайдалануды қарастырса, екіншіден, білімді, түрлі ғылым, техника, технология салаларындағы, шығармашылық салалардағы білімді қолдану шеберлігін интеграциялаудың қажеттілігін бағамдайды. Орындалған жоба нәтижелері «көзге түсерліктей» болуы тиіс, яғни егер ол теориялық мәселе болса, онда оның нақты шешімі, ал егер практикалық мәселе болса, пайдалануға дайын болуы керек.

Жобалау әдісінің негізінде оқушылардың танымдық дағдыларын, өз білімдерін өз бетінше құрылымдау шеберлігін, ақпараттық кеңістікте бағдарлана білуін, сыни және шығармашылық ойлауын дамыту жатыр.

Жобалау әдісі төмендегідей белгілерді қамтиды:

- *мәселе (проблема)* – жобамен жұмыс істеу кезінде шешілуі тиіс. Мәселе жоба авторы үшін жеке мағыналы сипатқа ие болуы керек және оны шешімді іздеуге уәждеуі тиіс;
- *анық, шынайы қол жеткізілетін мақсат*;
- *жоба нәтижесі немесе өнімі*, автор тарапынан жұмыс барысында жасалады және жоба мәселесін шешудің құралы болып саналады;
- *оқушылардың өз бетінше әрекеті* [182, 52].

Бұл аталғандар интербелсенді әдістің жаңа сөздерді меңгертудегі тиімді тұстарын дәлелдейтін жобалау әдісінің ерекшеліктері.

Оқушының зияткерлік қызметі, ойлауы, білімді игеруі, оны жетілдіруі оқу тапсырмаларының білімді бекітетіндей, адамның санасында білімді орнықтыратындай сан түрлі және кең ауқымда болуымен байланысты. Бұл – жаңа сөздерді меңгерту мәселесінің педагогикалық сипаттағы бір тармағы.

Дидактикалық теорияда «тапсырма», «оқу тапсырмасы», «зияткерлік», «проблемалық тапсырма» және т.б. терминдермен бірге «жаттығу», «өзіндік жұмыс» терминдері де қолданылады. Бір қарағанда мағынасы айқын терминдік ұғым болғанымен, әдістеме ғылымында осы түсініктің дидактикалық және әдістемелік сипаты жайында атап өтуге тұрарлық бірнеше пікірлер бар.

Психология ғылымында тапсырманы орындаудың нәтижесінде білім алушыда мәселеге деген уәжділік, қатынас, өзіне мақсат қою, осы үшін әрекетті орындау пайда болады. Бұл – С.Л. Рубинштейннің көзқарасы [163, 187]. Сондай-ақ әдістеме теориясы бойынша «тапсырма – белгілі бір шарттардың негізінде қойылған мақсат» [164, 232]; «тапсырма – жағдаятқа тәуелді» [183, 70]; тапсырма – оқу материалымен байланысты ұғым, ол оқытудың мақсатына қол жеткізетін форма» [184, 20] деген пікірлер әлемдік ғылымда орныққан.

Жаңа сөздерді меңгерту үдерісінде интербелсенді әдістерге негізделген тапсырмаларды жіктеу маңызды мәселердің қатарында қарастырылады. Тілдік тапсырмалар кешенін сипатына, мақсатына қарай жіктеудің қалыптасқан үлгісі

жоқ болғанымен, әдістеме ғылымында зерттеуші ғалымдар зерттеу нысанының ерекшеліктеріне қарай түрлі жіктемелерді ұсынады [185; 186; 187; 188; 189; 190; 191; 192].

Тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда алынатын білім берік бекітіледі, яғни білімдік базасы терең орнығады. Әдетте, адамдардың коммуникативтік қарым-қатынасында сөздік қордың көлемі және әрбір сөздің ішкі мағыналық-құрылымдық мазмұнын түсіну маңызды орын алады. Осыған байланысты екінші тілді – шет тілді меңгерту әдістемесінің теориясы мен практикасында лексикалық дағды ұғымы қалыптасқан. Бірақ бұл ана тілі мектептерінде білім алушылардың білім деңгейін анықтайтын басты әдістемелік меже ретінде алынбайды. Өйткені психоллингвистика ғылымы бойынша ана тілінде сөйлеушінің және білім алушының санасында лексикалық тілдік бірлік және оның басқа сөздермен тіркесу қабілеті адамның туа бітті санасымен бірге орнығады. Сондықтан ана тілінде сөйлейтін жеке адамның лексикалық білімі – оның сөздік байлығының көлемі. Қазіргі кезеңдегі қоғам мүшелерінің, оның ішінде мектеп оқушыларының сөздік байлығы біркелкі деңгейде емес. Қазақ тілінде білім алушының күнделікті сөйлеуі мен ана тілі арасындағы арасалмақты бірдейлестіру үшін (қазақ тілінің лексикалық байлығы – оны білу көлемі – білген көлемін сөйлеу актісінде пайдалану) мектеп жүйесінде білім беруге арналған дидактикалық базада тапсырмалар мен жаттығуларды күрделендіру, жаңғырту және ұлғайту маңызды сипатқа ие болып отыр. Әсіресе саяси-әлеуметтік мәнге ие жаңа сөздерді меңгертуде тапсырмалар мен жаттығуларды көбейту мен түрлендіру қажет.

Ана тілінде білім алушының лексикалық байлығын одан әрі дамытуда және орнықтыруда тапсырмалар мен жаттығулар жүйесінің бірізді, бірімен-бірі сабақтасатын түрлерін анықтау маңызды. Зерттеудің нысанын кезең-кезеңімен зерделеу, айқындау мақсаттарында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ана тілінде білім алушының лексикалық байлығын жаңа сөздер арқылы дамыту мен толықтыру үшін тапсырмалар жүйесін құруда мыналарға назар аудару керек:

- тапсырманың сипаты жаңа сөздер бойынша оқушылардың теориялық білімнің көлеміне сәйкес болуы тиіс;
- тапсырмалар оқушылардың лексикалық білік-дағдысын қалыптастыруы керек;
- тапсырмалар жүйесі, олардың түрлері оқытудың міндеттерін және оқу материалының сипатын анықтауы тиіс;
- тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік жасауы қажет;
- тапсырмалардағы дидактикалық материалдар оқу мақсаттарына жауап беріп, тәрбие беру міндеттерін шешуі тиіс.

Жаңа сөздерді меңгерту бойынша тапсырмалардың мақсаты – ауызша және жазбаша формада оқушылардың өз ойын дәл және анық жеткізе алуын қалыптастыру, сөзге назар аударуға үйрету, жаңа сөздер арқылы оқушының рухани әлемін байыту, жаңа сөздердің қолданыстағы қызметіне тән ерекшеліктерді анықтау.

Тіл жүйесіндегі жаңа сөздер бойынша жасалатын жұмыстардың мазмұны оқушылардың өз ана тілінің лексикалық байлығын теориялық тұрғыдан да, практикалық деңгейде де игеруі үшін қажетті лексикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған лексикалық жаттығулар жүйесін жасауға негіз болды. Жаңа сөздер бойынша ұсынылатын жаттығулар жүйесі лексикалық-семантикалық, лексикалық-грамматикалық және лексика-стильдік деп жіктелді. Жаттығулар арқылы білімді меңгерту және білімнің деңгейін анықтау мәнмәтін көлемінде жүргізіледі.

Лексикалық-семантикалық жаттығулар мәтіндегі немесе мәнмәтіндегі жаңа сөздердің семантикасын анықтауға бағытталады. Сөздің семантикасын түсіну нәтижесінде мектеп оқушысының ұлттық-мәдени болмысты тереңірек тануына тиімді жол ашылады, семантикасын танып-түсінген сайын сол оқушының жадында сақталып, коммуникативті актіде пайдалануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар сөздің семантикасын анықтау бойынша жаттығуларды орындау кезінде оқушы бірнеше ақпарат көздерін (түсіндірме, этнографиялық, этимологиялық сөздіктерді) пайдаланады, лингвоелтаным бойынша басқа мәліметтерді іздестіреді, бұл мектеп оқушысының лингвомәдени құзыреттілікке ие тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Жаңа сөздің мағынасын анықтауға арналған тапсырмалар лексикалық бірліктің оқушының тілдік санасында бекуіне, белсенділікке ие болуына, сөзді дұрыс қолдану дағдысының қалыптасуына ықпал етеді. Мысалы:

- Медицина ғылымындағы «емдам» және «дәрумен» сөздерінің мағынасы нені білдіреді? Ем, дам, дәру сөздерінің ішкі семантикасын анықтаңыз. Тілдік мағлұмат беретін ақпарат көздерін пайдаланыңыз.

- Берілген мәнмәтіндегі көп нүктенің орнына мағынасы сәйкес келетін сөзді қойыңыз? ... дәрігерлердің басқосуында адам ... жақсартатын, ..., ... ауруларын жеңілдететін ... жасаудың жолдарын көрсететін тәжірибелік сабақтар көрсетілді. Ұсынылатын сөздер: ағза, демікпе, сусамыр, ота, оташы.

- Алқа, өрнек, шанақ, кіндік, шоқ сөздері гүл сөзіне тіркесіп, жаңа атау жасайды. Ол атаулардың мағынасы қандай?

- Демеуші, демеурін, демеуқаржы терминдеріне тірек болып тұрған сөздің мағынасын ашатын синонимдерді айтыңыз.

- Заңнамалық құжаттарда кездесетін зайырлы, зияткер, ұстаным, қағидат сөздерінің мағынасын түсіндіріңіз.

- Қорғаушы және қорғанышы сөздерінің мағыналық айырмашылығын түсіндіріңіз.

- Лағыл, жақұт, гауһар, інжу, маржан деген асыл тас мағынасын айтыңыз, орысша баламасын жазыңыз.

- «Инструктивное письмо» сөзінің мағынасын көрсетіңіз.

A) нұсқаухат

B) кепілхат

C) қолдаухат

D) сенімхат

Мұндай тапсырма түрлері жаңа сөздің мағынасын түсіне отырып, оны сөйлеуде дұрыс қолдану дағдысын қалыптастырады. Лексика-семантикалық жаттығулардың көмегімен тілдің лексика жүйесіндегі жаңа сөздер туралы теориялық мәліметті меңгереді, түрлі практикалық білік-дағдыларды иеленеді, атап айтқанда мәтіннен / сөйлемнен жаңа сөзді тауып, оның мағынасын анықтай алады және оның қолданыс аясын ажырата алады. Бұл ретте мәтіннен жаңа сөздерді табуға арналған тапсырмалар оқушыны сөзге назар аударуға үйретіп, қарым-қатынастың мақсатына сай сөзді саналы түрде таңдауға дағдыландырады, тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырып, оқушының сөздік қорын байытады.

Лексикалық-грамматикалық жаттығулар грамматикалық білімді меңгертуге және бекітуге бағытталады, сондай-ақ лексикалық міндеттерді де шешеді, атап айтқанда: жаңа сөздер арқылы оқушының сөздік қорын толықтыру, сөзжасамдық тәсілдер арқылы тілдің жаңа сөз жасау мүмкіндігімен танысады. Жаттығу үлгілері:

- Берілген жаңа сөздердің лексикалық мағынасымен қатар грамматикалық мағынасын анықтаңыз:

- Кепілдеме, мінездеме, мәлімдеме, түйіндеме, дәлелдеме сияқты сөздердің ортақ мағынасы қандай?

- Зейнет, зият, тапсырыс, айла, дәріс, мәжіліс сөздеріндегі -кер қосымшасы қандай грамматикалық мағына үстеп тұр?

- Берілген жаңа сөздерді сөз таптарына қарай топтаңыз: белдемше, бетбелгі, дереккөз, жайластыру, жаңғырту, жұмылдыру, зайырлы, зияткерлік, көпбейінді, дәріқорап, демеуқаржы;

- Берілген сөздерге қажетті қосымшаларды жалғау арқылы қазақ тіліндегі жаңа сөздерді табыңыз; осы сөздерді пайдалана отырып сөйлем құрастырыңыз.

- Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі жаңа сөздердің қайсысы сәйкес келетінін табыңыз: Оқырман бұл сөздікті сөз мағынасын ашуда, сөзтізбе құрастыру ісінде, ... (дәйексөз, жарыссөз, нақылсөз) беруде пайдалануына болады.

Осындай сипаттағы жаттығулар оқушылардың жаңа сөздердің грамматикалық нормасын сақтау дағдысының қалыптасуына мүмкіндік береді; жаңа сөздердің лексикалық мағынасымен қатар грамматикалық мағынасын да меңгереді; бұл жаттығуларды орындау кезінде оқушылардың тілдік ойлауы дамиды; қазақ тіліне қатысты білімін жетілдіруге қызығушылығы оянады; жаңа сөздердің мағынасын анықтаудың практикалық дағдысы дамып, олардың басқа сөздермен мағыналық байланысын бекітеді; қарым-қатынастың мақсатына сәйкес келетін жаңа сөзді өзіндік сөздік қорынан іріктеп, сөз тіркесімен немесе сөйлемде жұмсауды қалыптастырады.

Бұл жаттығуларда қамтылатын тілдік материалдар да оқушының сөздік қорын толықтыруды қамтамасыз етеді, себебі жаттығуларды орындау кезінде жаңа сөздің семантикасымен танысады.

Лексикалық-стилистикалық жаттығулар оқушылардың жаңа сөздерді коммуникативтік қарым-қатынас мақсатына, коммуникативтік жағдаяттың түрлері мен алғышарттарына сәйкес сөйлеуде дұрыс іріктеу және қолдану дағдысын қалыптастырады. Жаңа сөздердің стильдік қызметін аша отырып, оларды функционалды стиль түрлеріне қарай қолдануды, жаңа сөздерді қолданыс аясына қарай саралауды, өз ойын жаңа сөздерді қатыстыра отырып, нақты және айқын жеткізуді үйренеді. Мысалы:

- *Квитанция, проездной билет, зонтик, веранда, аптечка, форточка, грелка, сувенир, сюрприз* сөздерінің қазақ тіліндегі баламаларын тауып, стильдік қызметін анықтаңыз;

- *Берілген жаңа сөздердің стильдік қызметіне сәйкес сөйлем құрастырыңыз: тосынсый, кәдесый, сыйақы, сыйлықақы, шәкіртақы;*

- *Дәрумай, дәружай, дәріқобдиша, дәрілеуіш* сөздерінің стильдік айырмашылықтарын көрсетіңіз.

- *Берілген сөйлемдердегі жаңа сөздерді тауып, қандай стильде жұмсалып тұрғанын анықтаңыз: Біздің жанұяда арғы атамыздан келе жатқан бесік бар. Сізден отбасылық жағдайыма байланысты ертеңгі сенбіліктен босатуыңызды сұраймын.*

Аталған жаңа сөздерді меңгертуге арналған жаттығу мен тапсырма түрлерін ұйымдастырудың негізгі мақсаты – қазақ тілінің саяси мәртебесін барынша сезіне отырып, білім алушының өзінің сөздік байлығын кеңейтуге ұмтылуын қалыптастыру, жаңа сөздердің мағыналық, құрылымдық, ұлттық-мәдени болмыстық ерекшеліктерін түсіндіру арқылы сөз мәдениетін жетілдіру, қоғамдағы тілдік тұлға ретіндегі беделді бейнесін орнықтыру.

Қазіргі антропоэзектік ғылым мен білім парадигмасының орталығында «тілдік тұлға» ұғымы тұр – теориялық тұжырымдар жасау мақсатында адамның әлеуметтік табиғаты алдыңғы орынға шықты, ал адам әлеуметтік-мәдени өмірдің субъектісі ретінде қарастырылады. Оқушыларға жаңа сөздерді меңгертуде қол жеткізілетін түпкі нәтиже – лингвомәдени құзыреттілік.

Қазіргі қазақ әдеби тілі лексикалық құрамына тән жаңа сипатты танытып отырған неологизмдерді – күнделікті тұрмыстық заттар мен ұғымдардың қазақ тілінің өз әлеуеті арқылы жасалған атауларын, ғылым мен техника салаларындағы қазақыландырылған жаңа ғылыми-техникалық аталымдарды тілді оқыту әдістемесінің лингводидактикалық тілдік бірлігі деп тануда алдымен бірнеше жайттарды нақтылауға тура келеді.

Оның біріншісі – коммуникативтік кеңістік және коммуникативтік құзыреттілік ұғымдарына байланысты.

Лингвистикада «коммуникативтік кеңістік» ұғымы әрқилы түсіндіріледі. Коммуникацияның жалпы теориясы бойынша бұл термин «тілдік қарым-қатынас жүретін орта, территория» дегенді білдіреді. Ғылыми еңбектерден сонымен қатар «тілдік қарым-қатынасты белсенді, сауатты қалыптастыратын, айтушы мен қабылдаушы арасындағы екіжақты үдеріс» деген тұжырымды кездестіруге болады. Ал бұл шын мәнінде дискурс проблемаларына байланысты болып шығады, өйткені дискурстың типологизациясы тұрғысынан

карастыратын болсақ, айтушы мен қабылдаушы арасындағы екіжақты үдеріс диалог немесе монолог түрінде (яғни ресми-іскери тілдің, ауызекі сөйлеу тілінің коммуникативтік кеңістігі), техникалық құралдар арқылы байланыс түрінде (телефон немесе интернет), жазба нұсқаның коммуникативтік кеңістігі (жазба мәтінде жүретін коммуникация) болуы мүмкін.

Бұл проблема біздің жұмысымызға тікелей қатысты болмағандықтан, бірқатар көзқарастарды зерделеп, талдай келе «коммуникативтік кеңістік дегеніміз – тілдік тұлға өзінің вербалды түрде айтайын деген ойын / пікірін нақты бір социумда қалыптасқан қарым-қатынастың нормалары мен қағидаларына сәйкес жеткізуі, яғни белгілі бір жағдаятта тілдік қарым-қатынас жасаудың қалай орныққанын білетін, түсінетін коммуникативтік құзыреттілігінің деңгейі» деп анықтама беруге болады.

Осыған байланысты «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымына да тоқталуға тура келеді.

Қазақ тілін оқытып-үйрету әдістемесінің теориясы мен практикасында, көптеген лингводидактикалық материалдарда «коммуникативтік құзыреттілік» деген терминдік тіркес жиі қолданылатыны белгілі. Аталған термин көбіне-көп екінші тіл бойынша білім беру әдістемесінің теориясы мен практикасында (өзгетілді дәрісханаларға арналған лингводидактикалық базада) пайдаланылады. Құзырет деген сөздің өз мағынасында нақты іс-әрекетті атқаруға, орындауға жеткілікті дәрежеде дайын болуы деген түсінік бар. Ал коммуникативтік құзыреттілік / құзырет ұғымы жайында да бір-біріне ұқсас келетін анықтамалар жеткілікті, ұғымның толық мәнін ашып беретін мына түсінікке тоқталамыз: «Коммуникативтік құзыреттілік – нақты әлеуметтік-мәдени жағдаятта тілді пайдалану нормаларын білу; сөйлеуші қарым-қатынастың нормалары мен қағидаларын білуі, қандай жағдайда, не туралы, қашан және кіммен қалай қарым-қатынас жасауды білуі қажет; сөйлеу барысында төменгі және жоғарғы стильді дұрыс қолдана білу сөйлеушінің коммуникативтік құзыреттілігін танытады» [15, 125]. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру тілді оқытудың әдіс-тәсілдерінің негізгі тірегіне айналып отыр, басқаша айтқанда, әдістемелік амал-тәсілдер, әсіресе қазақ тілін өзгетілді дәрісханаларда оқыту кезінде оқушының осы қабілетін дамыту мен қалыптастыруға жұмылдырылады. Дегенмен бірқатар ғалымдардың мынадай да пікірін кездестіреміз: «Меня тревожит преувеличение коммуникативной функции языка и недооценка, даже пренебрежение его внутренними функциями: формирования мысли, внутренней речи, эмотивной, эстетической функцией выражения чувств, когнитивной функцией, творческой ролью языковых средств в понимании человека человеком» [193, 4]. Бұл арада ғалымның тілдің автоматты түрде жеткізілетін ақпараттық қызметінен гөрі жеке тұлғаның ойсанасындағы терең қозғалыстар рөлінің маңыздылығына назар аудартып отырғандығын байқау қиын емес. Осындай тұжырымдардың бастауларында қазақ тілтанымның іргетасын қалаған Ахмет Байтұрсынұлының сөзі тұр деп тану ақиқатқа сәйкес келеді. Ғалымның «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, киялдың меңзеуін меңзегенінше,

көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген түрінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге үлкен шеберлік керек» [194, 10], – деген сөзі қазіргі ғылыми айналымға түскен «коммуникативтік құзыреттілік» деген атаудың ұғымдық аппаратына толық сәйкес келеді.

Басқаша айтқанда, әрбір жеке адамның қабылдаушыға қарата сөйлеген сөзінде ақпаратты жеткізумен қатар оның өз сөзінің мағынасын жете түсініп, әр сөзін салмақтап, аудиторияның әлеуметтік және этностық ерекшеліктеріне қарай сөз жүйесін ұстануы қажет болып саналады. Коммуникативтік құзыреттіліктің мәнін одан әрі тарата түссек, нақты бір жеке тұлғаны «коммуникативтік жағынан құзыреті жоғары деңгейде» деп бағалау үшін бірнеше межелерді талап ретінде атап өтуге болады; олардың негізгілері мыналар:

- тілдің лексикалық-грамматикалық құрылымын жетік білуі (бұл арада жетік білу ұғымына айрықша назар аудартамыз, өйткені психоллингвистика бойынша жетік білу және еркін білу ұғымдары қай жағынан да тең ұғымдар емес, олардың иерархиясы әр басқа);

- тіл құрамындағы лексикалық және грамматикалық формалардың стильдік айырым белгілерін жетік меңгеру;

- ауызша сөйлеу мәнерінің барынша дамығандығы (айқындық, дұрыстық);

- жазбаша сөйлеу тілінің дамығандығы (қолданыстағы лексикалық, грамматикалық, стильдік және емле нормаларын сақтаудың жоғары дәрежеде болуы);

- коммуникативтік тактиканы және коммуникативтік стратегияны жетік меңгеру; басқаша айтқанда, ақпаратты жеткізу үшін байланыс орнатудың барлық тәсілдерін, оның ішінде әсер ету, коммуникативтік үдеріс арқылы қабылдаушы жақты өзіне тарту, сөзіне иландыру;

- шешен сөз шеберлігін меңгеру;

- қабылдаушы жақтың реакциясын дер кезінде бақылай алу қабілеті.

Жоғарыда аталғандар тілдік тұлға танымы теориясымен тығыз байланысты.

Бұл – шетелдік ғалымдардың ғылыми бағыттарында талданып келе жатқан мәселелердің бірі. Тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселесіне кезінде орыс ғалымы В.В Виноградов назар аударған болатын, кейінірек бұл мәселені ғалым Ю.Н. Караулов жан-жақты толықтырып, барлық сипат-ерекшеліктеріне қатысты өз түйіндерін ұсынды. Ю. Караулов еңбектерінде «кез келген адамды тілдік тұлға дәрежесіне жеткізу керек және жолдарын іздестіру керек», – деген тұжырым ұдайы кездесіп отырады. Ол былай деп жазады: «Под языковой личностью я понимаю совокупность способностей и характеристик человека, обуславливающих создание и восприятие им речевых произведений (текстов), которые различаются а) степенью структурно-языковой сложности, б) глубиной и точностью отражения действительности, в) определенной целевой направленностью. В этом определении соединены способности человека с

особенностями порождаемых им текстов. Три выделенные мною в дефиниции аспекта анализа текста сами по себе всегда существовали по отдельности как внутрilingвистические и вполне самостоятельные задачи» [195, 3-8].

Осы пікірден анықталатыны – тілдің құрылымына қатысты күрделі тұстарды жетік меңгерген, ақиқат шындық бойынша ақпаратты беру / қабылдау барысында өз ойын анық жеткізе алатын / қабылдай алатын, сөйлеу актісінің нысаналы бағытына қарай тілдік құрылымдарды дұрыс пайдалана алатын қабілеттер жиынтығы бар адам тілдік тұлға болып табылатындығы. Шын мәнінде тілді өзінің коммуникативтік және іс-әрекеттерінің қажеттіліктеріне қарай жетік қолдана алған адамды тілдік тұлға деп тануға болады.

Тілдік тұлға деп немесе лингвомәдени құзыреттілікке ие жеке тұлға деп тану үшін коммуникативтік актіге түсетін адамның сөйлеген сөзінде вербалды-семантикалық деңгей (сөз қорын жетік білу); лингвокогнитивті деңгей; прагматикалық деңгей анық байқалуы тиіс, сонда ғана ол адамды «тілдік тұлға» деп тануға болады. Осындай деңгейлерді танытқан кез келген адам тілдік тұлға ретінде бағаланады. Бұл ретте вербалды-семантикалық деңгей, кең мағынада алғанда жеке адамның лексикалық қорының мол екендігін анықтайтынын, лингвокогнитивті деңгей ұғымы арқылы жеке адамның тілді білу көлемінде, сөйлеген сөзінде (ақпаратты берген кезде) ұлт тіліне тән «әлем образын» қаншалықты сезініп, дұрыс қолданатынын, ал прагматикалық деңгей арқылы ақпаратты беру барысында коммуникативтік актінің мақсатын, қабылдаушының ерекшеліктерін, интенционалды (лат. intentio – адамның ниетін көрсететін ұғым) уәждемелерді нақты меңгере отырып, тілдік құрылымдарды пайдалану сипаттарын танытатынын атап өтеміз.

Кез келген тілді оқытудағы басты мақсат оқушылардың тілдік және сөйлеу құзыреттіліктерін дамыту, арттыру. Е.А. Быстреваның пайымдауынша, тілдік құзыреттілік – біріншіден, тіл бірліктерін (фонема, графема, морфема, сөз тіркесі, сөйлем, сөйлем мүшелері, лексикалық және грамматикалық тіл бірліктері) және оларды құрудың ережелерін (түсіну және айтылымды құрылымдау) меңгеру, екіншіден – тіл жүйесін білу. Сөйлеу құзыреттілігі – өзгелерді түсіну үшін және қарым-қатынас мақсатының аясына бара-бар өзіндік сөйлеу әрекетінің бағдарламасын жасау үшін қажет білім, шеберлік және дағды.

Тілді вербалды-семантикалық деңгей, лингвокогнитивті деңгей, прагматикалық деңгей көлемінде толық және осы талаптарды бірдей дәрежеде меңгеру адамдардың барлығында да бірдей бола бермейді, бұған қол жеткізу қиын болып саналады. Қазақ тілі бойынша тілдік тұлғаның қандай екендігін саралағанда, бұл әсіресе қазіргі қазақстандық қоғамда айқын байқалады: тарихи мерзім өлшемдерімен алып қарағанда бұдан аз ғана уақыт (ширек ғасыр бұрын) қазақ тілінің коммуникативтік функциясының шектеулі болуы, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени, күнделікті және еңбек қарым-қатынастарында орыс тілінің ресми-іскери тіл ретінде бірінші рөл атқаруы, қазіргі жағдайда қазақстандық қоғамда бірнеше тілдің қатар, тең дәрежеде дерлік өмір сүруі, демографиялық-әлеуметтік көрсеткіштер және басқа да факторлар қоғам мүшелерінің қазақ

тілін әртүрлі деңгейде білуінің себептерін айқындайды. Қала мен ауылдық жерлердегі қоғам мүшелерінің, сондай-ақ елеулі жас айырмашылықтары бар адамдардың қазақ тілін білуі де теңбе-тең дәрежеде емес. Ю. Караулов «тілді орташа білетін адам» деген терминді де қолданған. Осыған байланысты «жас мөлшері лингвистикасы» (возрастная лингвистика) деген термин де аталуда [195, 12]. Анығына келгенде, қазақстандық қоғам мүшелерінің қазақ тілін білу дәрежесіне қатысты «тілді білудің әлеуметтік және жас мөлшері бойынша типтері» деген ұғым арқылы нақтырақ талдауға болады. Сондай-ақ жас мөлшеріне қарай қазақ тілін жетік білетін адам үшін «тілдік тұлғаның элитарлы типі» деген терминді де ұсынамыз, осы атау арқылы ана тілін – қазақ тілін жетік меңгерген адам тобын белгілеуге болады деген ойдамыз. Бұл аталғандар – әлеуметтік лингвистика және психолінгвистика салаларының нысанасы. Психолог ғалымдар мектеп жасындағы, оның ішінде соңғы сыныптардағы жастардың өмірге көзқарастарының қалыптасуына ерекше мән береді, еңбектерде «мектеп бітіру кезеңінде жастардың өзін-өзі анықтап алуы, өзінің қандай дәрежеде дамығандығын болжауы, болашақ жоспарын анықтауы байқалады. Мамандық таңдау міндеті болады, ал бұл білімін сарапқа салумен қатар «Адам-Әлем» арасындағы күрделі қарым-қатынастардың арасына қарай өтуінің маңыздылығын сезіндіреді. Өзін-өзі бағалауы, алда да білім алуға, ойсанасын дамытуға қызығушылық басталады» [196, 14], – деген пікірлер айтылады. Бұл пікір мектеп оқушысын тілдік тұлға ретінде қалыптастырудың өзектілігін көрсетеді.

Қазіргі жалпы орта білім беру жүйесінде оқушыны тілдік тұлға және лингвомәдени құзыреттілікке ие тұлға ретінде қалыптастыруда тілдің, оның ішінде лексикалық тілдік бірліктердің адам феноменін танытатын төрт қасиетінің – тіл, мәдениет, қоғам және ұлттық құндылық (немесе ұлттық рух) арасындағы тығыз байланыстың сипаттамасын танып-білу қажет болады. Осыған байланысты В. фон Гумбольдттің қағидаға айналған пікірін келтіреміз. Ол былай деп көрсеткен болатын: «Язык насыщен переживаниями прежних поколений и хранит их живое дыхание, а поколения эти через звуки материнского языка, которые и для нас становятся выражением наших чувств, связаны с нами национальными и родственными узами» [71, 82]. Зерттеушінің осы және «тіл дегеніміз – халықтың рухы, халықтың рухы мен оның ерекшелігінің құпиясын тануда тіл ғана айрықша қызмет атқара алады» деген пікірі кейін тілдің кумулятивті және когнитивті қызметі туралы тұжырымдарды орнықтыруға негіз болды. Осы бағыттағы зерттеуші ғалымдардың көзқарастарындағы негізгі түйінді мәселелер әрбір ұлт тілінің сол ұлттың өлшемімен жасалғандығы, тілдің осы өлшемге қарай ұйымдастырылатындығы, демек, «әлем образы» дегеннің өзі тілдің лексикалық қорының сан алуан сипатымен және құрылымдық ерекшеліктері арқылы танылатындығы дәлелденген.

Осымен байланысты оқушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда жаңа сөздерді меңгертудің маңызы ерекше.

Қазақ мектептеріне арналған биология пәні бойынша оқулықтар мен оқу құралдарына жүргізілген статистикалық мәлімет арқылы осы пәнге қатысты 170-тен астам жаңа сөз (қазақшаланған термин) пайдаланылғаны анықталды. Оқушылар арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы олардың сабақ барысынан тыс уақытта қолдануы бәсең деңгейде екендігін көрсетті. Демек, *ағза, нәруыз, ұлпа, шанақ* тәрізді нормаға түсе бастаған немесе *дұрысгүл, гүлшанақ, анаргүл* сияқты өсімдікке қатысты біршама танымал атауларды атамағанның өзінде *кеппешөп, өсімдікжай, дернәсіл, тәлімбақ, түрөзгеріс, сынауыр, жасуның, дернәсіл, көзбұршақ, зият, шендеуіш, тамшуыр, жіпшиумақ, сауыр, іріктеме, үлескі* типтес жаңа аталымдар жеке пәндерді оқыту барысында әдістемелік жаңа әдіс-тәсілдердің игерілуін қажет етеді. Соңғы аталған терминдердің жасалу жолдары, ішкі семантикалық пішіні, семантикалық компоненттерінің мағынасы біршама түсінікті болғанымен, олардың нақты коммуникативтіктік актіде қолданысқа шынайы түрде (автоматты түрде емес) түсуі және белсенді қолданылуы үшін айтарлықтай ізденістер қажет.

Білім беру жүйесін жаңғырту және жетілдіру бағыттарының қатарында жас ұрпақты лингвомәдени құзыреттілігі жоғары, жетілген тілдік тұлға дәрежесінде қалыптастыру мақсаты маңызды орын алып келеді. Бұл мүдде үшін тек қазақ тілі сабақтарында ғана емес, мектептегі оқу бағдарламасына енгізілген басқа да пәндерден білім беру барысында қазақ тілінің ұлтты ұйыстырушы фактор екендігін басшылыққа ала отырып, сөз мәдениетіне тәрбиелеу өзектілікке айналуға тиіс. Бұл проблеманың көкейкестілігін тіл стратегиясына қатысты заңнамалық құжаттардағы нұсқаулар да анық белгілеп отыр.

II бөлім бойынша тұжырым

Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясатын айқындау мәселесінде біздің еліміздің дамыған 30 елдің қатарына қосылу міндеті айқын көрсетілген. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін біздің елімізде үштұғырлы тіл саясатын жүргізу қолға алынды. Бұл бағыт бойынша кейде ағылшын тілін меңгерудің басымдылығы туралы кейбір түсініктер байқалғанымен, оның түп негізінде ең алдымен қазақ тілінің функционалдық қолданылу аясын дамыту жайы айқын көрінеді. Бұлай деуімізге дәйекті дәлел – ішкі саясаттың басты бағыттарында қазақ тілінің ұлт бірлігін нығайтатын маңызды фактор екендігінің аталуы. Осы себепті қазірге дейін қазақ тілін меңгертуге ынталандыру, үйренгісі келетіндерге сүйемел жасау, қазақ тілін білуге деген құлшынысты арттыру, сұраныстың жоғарылауына ықпал жасайтын іс-шараларды жүргізу жайттары өзектілігін жойған жоқ. Бұның сыртында қазіргі жаһандану заманында қазақ тілінің өміршендігін сақтап қалу мәселесі де көкейкесті болып отыр. Осыған байланысты қазақ тілін оқытудың тиісті стандарттарын жетілдіру және үздіксіз білім берудің үлгісін жасау қолға алынып келеді.

Жалпы алғанда, Қазақстан жерінде қазақ тілін қазақ тілді аудиторияларда да, өзге тілді дәрісханаларда да оқытудың стандарттары, бірүлгі бағдарламалары түзілген және қазақ тілін меңгерту бағытындағы үздіксіз білім берудің моделі жасалған. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, үштұғырлы тіл саясаты жағдайында қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүддесінде қазақ тілін оқытудың технологиясы, әдістемесі жағынан ұдайы жетілдіріп отыру қажет. Бұл арада бірнеше маңызды факторлар айқындалады. Біріншіден, қоғам мүшелерінің қазақ тілі бойынша толық, жеткілікті білім алып, қазақ тілін белгілі бір коммуникативтік жағдаятта қолдана алатындай коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасуы қажет. Коммуникативтік құзыреттілігі жеткілікті адам ресми-іскери, әлеуметтік-тұрмыстық жағдаяттарға белсенді қатыса алатын тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле бастайды. Психолінгвистикалық тұрғыдан қарағанда белгілі бір коммуникативтік актіде қазақ тілі арқылы қарым-қатынасқа түскен және осы қарым-қатынас арқылы қанағаттану сезімі пайда болған адамның лингвомәдени құзыреттілікке көтерілуіне деген құлшынысы мен ынтасы пайда болады. Бұл ретте қазақ тілінің қазақ ұлтының ұлттық философиясымен, этностық ерекшеліктерімен байланысын зерделеу және «тіл – құндылық» тұжырымының аясында тілді меңгерту маңызды. Тілді үйретуде және меңгертуде тілдің әрбір бірлігін (әсіресе лексикалық бірлігін) формалды құрылым ретінде қарастыру мүлде жеткіліксіз, тілдің әрбір сөзі, әрбір бөлшегі – ұлт пен мәдениет тұтастығынан туындаған күрделі құбылыс. Тілді меңгертуде әрбір тілдік құрылымның (оның ішінде сөздің) халықты қоршаған табиғи болмыспен, табиғаттық-ғарыштық кеңістікпен байланысын ұдайы назарда ұстау қажет. Бұл әсіресе қазіргі кезеңде сөздік құрамның елеулі бөлігіне айналып отырған жаңа сөздерді меңгертуде барынша маңызды. Өйткені әлеуметтік лингвистикалық көрсеткіштерге қарағанда, Қазақстан қоғамындағы субъектілердің жас ерекшеліктеріне байланысты жаңа сөздерді қабылдауы, мойындауы әртүрлі деңгейде. Орта және аға буын өкілдеріне көптеген жаңа сөздер таныс емес болса, керісінше жас буын өкілдеріне (орта және жоғары оқу орындарында білім алушылар) қазақ тіліндегі жаңа сөздер біршама танымал. Өйткені білім берудің дидактикалық базасында және өз бетінше білім жетілдіруге, ой-өрісін кеңейтуге ықпал ететін салаларда – масс-медиа құралдарында, ғаламтор мен теледидарда қазақыландырылған жаңа сөздер жиі кездеседі. Осы арналарға көбірек мойын бұратын қазақ тілді жас ұрпақ өкілдері жаңа сөздерді шартты таңба ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық болмыстың бір белгісі ретінде қабылдауы керек. Өйткені әрбір жеке тұлғада құндылық бағдарлары болуы керек, ал олардың қалыптасуының негізгі кезеңі жеткіншек шақ. Дәл осы кезеңде ақиқат болмыс туралы когнитивтік санада орныққан өзіндік түсінік болған жағдайда жеке адамның болашақ бейнесі қалыптасады. Сондықтан жаңа сөздерді меңгертуде ұлттық философияның ерекшеліктерін, тіл мен ұлттық болмыс арасындағы байланысты назарға ұстай отырып, білім беру қажеттігі туындайды. Бұл тілдің адамзат дамуындағы ең бағалы рухани құндылық екенін мойындата түседі. Егер жеке адам өзінің ана тілін және сұранысы үшін қажетті екінші тілді рухани құндылық деп

мойындаса, оның коммуникативтік құзыреттілігі мен лингвомәдени құзыреттілігі теңбе-тең дәрежедегі сипатқа ие болады. Тілдік сана және тілді сезіну; тілдік саналылық және лингвистикалық түйсіктің орнығуы сияқты мәселелер психолингвистикада өзекті мәселе болып отыр. Бұл ретте тілді оқыту үдерісінде білім алушылардың жас ерекшелігі мен психологиялық сипаттарын ескеру аса маңызды. Қалай болғанда да қай тілдің болмасын өміршендігін сақтап қалу үшін қоғамның тілді пайдаланушы әрбір мүшесі тілдің барлық ұлттық, мәдени, лингвистикалық капитал ретіндегі ерекшеліктерін сезіне отырып, өзінің когнициясында орнықтыру қажет. Жаңа сөздерді оқытуда мәселеге осылайша қарау және қазақ тілін меңгеруді осындай дәрежеге көтеру тіл саясатының жүзеге асырылуына үлес қосады.

Қазақ тілін оқытуға арналған мектеп оқулықтарында жаңа сөздерді оқытуға біршама көңіл бөлінген, оны меңгертудің әдістемелік бағыттары біршама жасалған. Бұл ретте қазақ тілін оқытудың әдіснамасы мен әдістемесі бойынша іргелі еңбектер жасаған профессор Н. Оралбаева мен профессор Ф. Оразбаева және олардың мектебі өкілдерінің еңбектерінде баяндалған теориялық және практикалық тұжырымдар маңызды. Қазақ әдістемеші ғалымдары көрсеткен оқытудың дәстүрлі және арнайы ұстанымдарының жаңа сөздерді меңгертуде де өзіндік рөлі мен қызметі айрықша. Оқытудың ұстанымдары білім мазмұны мен құрылымының мақсатына сай оңтайлы нәтижеге қол жеткізуге жағдай жасайды. Бұл мәселе оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдеріне келіп тіреледі. Оқытудың инновациялық технологиялары, жаңа әдіс-тәсілдердің озық үлгілері тапсырмалар мен жаттығулар кешенінің дұрыс ұйымдастырылуын талап етеді. Сондай-ақ жаңа сөздерді меңгертуді арнайы пәннің көлемінде ғана қалдыру жеткіліксіз. Лексикалық инновацияны меңгертуді басқа да пәндермен жүйелі, кешенді түрде жүзеге асырғанда ғана тілге саналылығы жоғары, тілді түйсінетін және тілдің сұраныс қажеттілігін сезінетін тілдік тұлға қалыптасады.

Демек қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді жалпы орта білім беру жүйесінде оқыту мәселесінің әдіснамалық негіздері «тіл – құндылық» тұжырымының аясынан өрбиді және психологиялық-педагогикалық алғышарттарды қамтиды. Бұл аталғандар бейіндік мектепте жаңа сөздерді меңгертудің өзектілігін айқындай отырып, тиімді әдіс-тәсілдерді, тапсырмалар мен жаттығулар кешенін ұсынуға түрткі болды және оның тиімділігі арнайы эксперимент жүзінде дәлелденді.

3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА СӨЗДЕРДІ МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

3.1 «Қазақ тілі» оқулықтары мен оқу бағдарламаларындағы жаңа сөздердің қамтылуы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Тіл және әдебиет» білім саласы бойынша білім берудің нәтижесінде оқушылар «жеткілікті сөздік қорының, терминологиясының, грамматикасының және мәтіндік стилистикасының болуы, оларды сөздік қатынастың негізгі саласында пайдалана білуі тиіс» [197] деп көрсетілген. Бұл орайда оқушылардың коммуникативтік сапасын жоғары деңгейге жеткізудегі жаңа сөздерді меңгерудің маңызы ерекше екендігін атап өту керек. Жаңа сөздерді меңгертумен байланысты зерттеу проблемасын анықтау мақсатында 5-11-сыныптар бойынша «Қазақ тілі» оқулықтары мен типтік оқу бағдарламаларына талдау жасау қажеттілігі туындады.

Оқу бағдарламалары – әрбір сыныпта оқушылар меңгеруге тиісті пәндерді оқытудың мазмұны мен көлемін, білім мен дағды шеңберін анықтайтын мемлекеттік құжат. Бағдарламалар оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, танымдық, практикалық және т.б. негізгі мақсаттарын анықтайды. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген [198]. Бағдарламада тұтас оқыту үдерісінің бағытын анықтап беретін қазақ тілін оқытудың әр сынып бойынша мақсаты мен міндеттері көрсетілген, бұл мақсат-міндеттер оқушылардың тілдік және сөйлеу құзыреттіліктерін дамытуды және олардың қазақ тіліндегі коммуникативтік әрекет дағдыларын меңгеруін қамтамасыз етеді. Осымен байланысты ұлттық мектептерде оқушыларға мемлекеттік тілді, ұлтаралық келісім тілін – қазақ тілін практикалық тұрғыдан меңгерту тілді коммуникацияның мақсаты мен шарттарына, сөйлеу әдебіне сәйкес пайдалану дағдысын қалыптастыруы тиіс. «Қазақ тілі» пәні бойынша типтік оқу бағдарламаларында әрбір сыныптағы оқу материалдары нақты бөлімдерге бөлінген, мәтін мен тілдің стильдік нормалары негізінде тіл бірліктерінің мағынасы мен қызметін барынша толық ашуга бағытталған және тілдің құрылымдық жүйесіне тән заңдылықтар басшылыққа алынған.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасы «негізгі орта мектеп оқушысына тілді қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды

үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексикалық-грамматикалық тәсілдерін игертуді көздейді» [198]. Сонымен қатар 5-9-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнін оқытудың белгіленген міндеттерінің қатарында жаңа сөздерді меңгертумен байланысты мыналар маңызды деп танылады:

- тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру;
- тілдің танымдық, қатысымдық, кумулятивтік қызметтерін таныту;
- тілдік бірліктердің түрлі деңгейлердегі сипатын меңгерту;
- тілдің мәтін ішіндегі қолданысын игерту;
- тілдік бірліктердің қолданыстағы мағыналық реңктерін ажырату;
- тілдік бірліктердің ақпараттық мәнін ұғындыру;
- сөзді қолдану барысындағы табиғатын түсіндіру;
- оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру;
- оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру;
- әдеби тіл нормаларын меңгерту;
- тілдік жағдаяттарда қарым-қатынас жасаудың амал-тәсілдерін үйрету;
- оқушылардың тілдік бірліктерді жұмсаудағы эстетикалық талғамдарын қалыптастыру;
- шығармашылық ізденіс бағытындағы жұмыс түрлеріне төселдіру [198].

Қазіргі білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бағдарламаларда және мемлекеттік тілді дамытумен байланысты бағдарламаларда көрсетілген негізгі міндеттерге байланысты жалпы орта білім беретін мектептерде де, жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауда да жаңа сөздерді оқыту мәселесі өзекті болып отыр. Мәселенің өзектілігі мұғалімдер тарапынан білім беруде (тілді оқытуда) оқушылардың сөздік қорын байытудағы жаңа сөздердің маңыздылығы ескерілмейтіндігімен және неологизмдер жеткілікті деңгейде қолданысқа түспейтіндігімен, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді зерттеуге деген қызығушылықтың артуымен байланысты. Кез келген тіл сияқты қазақ тілінің сөздік қорының жаңғыруы – үздіксіз үдеріс. Тіл – күрделі қоғамдық феномен. Ол адамдардың қарым-қатынас құралы бола отырып, үздіксіз қозғалыста болады. Қоғамның дамуы лексикалық инновациялардың пайда болуына және тілдің өзгеруіне әкелетін қоғамдық қатынастар мен өзгерістерді анықтайтын сан мыңдаған лексикалық бірліктерден көрініс табады. Бұл үдеріс – тек қазақ тілінде ғана емес, сонымен қатар барлық тілдерде орын алатын құбылыс. Тіл дамуының заманауи сатысы лексикадағы өзгерістер жылдамдығының қарқындылығымен сипатталады.

Орта білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың әдіснамасы мен әдістемесі лексикология (тілдік бірлік ретіндегі лексикалық жүйені зерттейді) және лексикография (сөздіктер түзудің барлық аспектілерін қарастырады) салаларының теориясы мен практикасына тікелей байланысты.

Лексикологияның барлық ұғымдары мектеп бағдарламаларында былайша сипатталады: а) ұғымның анықтамасы; ә) қызметі; б) сөздіктегі көрінісі.

Осындай байланыста қазақ тілі пәні бойынша лексикалық негізгі бірлік – сөз туралы мағлұмат беріледі; бұл мағлұматта лексикалық мағына, сөз атайтын

ұғым мен түсініктің ерекшелігі, полисемия және бір мағыналылық, тура және ауыспалы мағына, сөз мағыналарының өзара байланысы, лексикадағы жүйелі қатынастар – синоним, антоним және омоним, көнерген сөздер мен неологизмдер, лексиканың толығу көздері туралы мағлұмат және басқа мәліметтер беріледі.

Зерттеуді жүзеге асыру барысында қазақ мектептеріне арналған «Қазақ тілі» оқулықтарының материалдарына толық талдау жасалды. Соның нәтижесінде мынадай фактілер анықталды:

- 5-сыныпта оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен пәнді оқытудың нәтижесінде қол жеткізетін дағдылардың қатарында жаңа сөздерге қатысты мыналарды атап өту керек: а) лексиканың тіл біліміндегі орны мен маңыздылығын; ә) сөздердің мағыналық топтарына қарай түрлерін; б) сөздердің тура және ауыспалы мағынасының айырмашылығын; в) қазақ тілінің сөздік құрам тармақтарының ішкі салаларын; ғ) лексикалық терминдерді дұрыс ажыратып, орынды қолдана білуі; ғ) орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды; д) сөзжасамның тіл біліміндегі орны мен маңыздылығын; ж) сөздердің жасалу тәсілдерін және олардың жасалу жолына қарай жіктелуін; з) тақырыпқа сәйкес жоспар жасап, мәтін құрай білуі т.б. [198].

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығының (авт.: Г. Қосымова, Ж. Дәулетбекова) білім мазмұнында жаңа сөздерге қатысты білімді қалыптастыруға үлес қосатын тақырыптар қамтылған. Пәннің кіріспесі ретінде ұсынылған «Ана тілінің қызметі» деген тақырып аясында берілген жалпы адамзат тілінің, соның ішінде ана тілінің жеке адам мен халық өміріндегі маңызы баяндалатын танымдық мәтіндер оқушылардың тілдің мәні туралы түсінігін қалыптастырады. Ана тілі туралы жалпы танымдық білім «Әдеби тіл туралы түсінік» деп аталатын тақырыппен жалғасын табады. Бұл тақырыптың аясында «қазақ тілінде «әдеби» сөзі «әдебиет» деген сөздің негізінде жасалып, қалыптасқандығы әдеби тілдің сөйлеу тілінен жоғары тұрған көркем тіл екендігі, халықтың бәріне бірдей ортақ әрі бәріне бірдей түсінікті болып келетіндігі; әдеби тіл екі түрлі формада өмір сүреді, олар: ауызша және жазбаша тіл» [198] туралы білім беріледі. Талданған оқулықтағы мәтіндердің басым бөлігі қазақ әдебиетінің классикалық үлгілерінен алынғандықтан, оларда қазіргі тілде өзектілікке ие жаңа сөздер қамтылмаған. Дегенмен аталған тақырыптар ана тілі, сөз, сөйлеу сияқты ұғымдардың маңыздылығын ашуға бағытталады. «Лексика» тарауына бөлінген сағат саны – 48, соның 20 сағаты «Тілдің сөздік құрамы» бөлігіне арналған. Сөз және оның мағынасына байланысты оқушы «сөз мағыналары мен тіл байлығы – лексиканың қарастыратын мәселелері; дыбысталу – сөздің сыртқы қабығы, мағына – сөздің ішкі мазмұны болатындығы; сөздің негізі мағынасы – лексикалық мағына; сөздің бір мағыналы және көп мағыналы болатындығы; сөздің негізгі қызметі – атау, яғни зат, құбылыс, әрекетті, олардың белгілерін атап білдіруі; сөздің қосымша мағынасы – грамматикалық мағына; сөздің грамматикалық мағынасының сөйлемдегі сөздердің өзара қатынасынан туындайтындығы» [198] жайында ақпарат алады. Бұл аталғандардың жаңа сөздермен байланысты

жақтарын алып қарасақ, тілдегі жаңа сөздердің атауыштық қызметін, қандай да бір лексикалық және ғрамматикалық мағынаға ие тілдік бірлік екендігін танытуда аса маңызды деп бағалауға болады. Ал «Сөздік қор және сөздік құрам» бойынша аталған ұғымдар жөніндегі түсінік; «сөздік құрамның қоғаммен бірге дамып, өзгеріп отыратындығы; қазақ тілінің сөздік құрамы байырғы сөздер, кірме сөздер, жаңа сөздер, термин сөздер, ауызекі тілге тән қарапайым сөздер және диалектизмдер мен кәсіби сөздерден тұратындығы; сөздік құрамдағы сөздер қолданылу жиілігіне қарай актив (жиі қолданылатын сөздер) және пассив (сирек қолданылатын сөздер) болып бөлінетіндігі» [198] туралы білім қамтылады. Бұл ретте қоғам дамуының сөздік құрамға қатысты үздіксіз әсері және сөздік құрамның елеулі бөлігін құрайтын жаңа сөздер соның бір көрінісі ретінде қарастырылып, «сөздік құрамның ең басты және тұрақты бөлігін қазақтың байырғы төл сөздері құрайтындығына» [199] оқушылардың назарын аудару көзделеді. Қазақ тілінің байырғы төл сөздерін жаңа сөз жасаудың маңызды тетігі ретінде түсіндіруде осындай білімдік мақсаттардың қойылуы дұрыс. «Тілдің негізгі сөздік қорын байырғы сөздер құрайтындығы, оның тіл дамуының қайнар көзі екендігі; қазіргі қазақ тіліндегі кейбір көнерген сөздердің «жаңғыру» үрдісі, этнолингвистикалық атаулардың қайта жандануы; жаңа сөздердің тууының себептері; қоғамның дамуымен бірге енген жаңа ұғымдарға сай жаңа сөздердің пайда болуы; тілдің қолданыс аясының кеңеюіне байланысты тілімізде бұрыннан қалыптасқан кірме сөздердің орнына жаңа аталымдардың қолданылуы; жаңа сөздердің ең әуелі баспасөз, ақпарат құралдары арқылы таралып, тілге сіңісетіндігі, бірте-бірте жалпылама лексикаға ауысатыны; жаңа сөздердің емлесі» [198] «Жаңа сөздер» деп аталатын тақырыптың аясында қамтылған және онда жаңа сөздерге мынадай түсінік берілген: «Сөздік қорға жаңадан енген сөздер жаңа сөздер деп аталады. Жаңа сөздердің тууының екі түрлі себебі бар: 1) қоғамның дамуымен бірге енген жаңа ұғымдарға сай жаңа сөздер пайда болады; 2) тілдің қолданыс аясының кеңеюіне байланысты тілімізде бұрыннан қалыптасқан кірме сөздердің орнына жаңа аталымдар қолданылады. Олар тілге енген кезінде ғана жаңа болады, кейін тілге сіңісіп, халыққа әбден танылып, жаппай қолданылған кезде жаңа сөз болудан қалады» [199, 72]. Дәлел ретінде келтірілген жаңа сөздер мыналар: *ғарыш, ғарышкер, жер серігі, жолсерік, ұнтаспа, жеделхат, саяжай, ермексаз, құжат, кеден, зейнетақы, зейнеткер, ұнқағаз, діл, жылыжай, қызанақ, орамжапырақ, қаудан, дернәсіл, үлескі, өскін, жасуша, ағза*. Тақырып бойынша білімді бекітуге арналған жаттығуларға тоқталар болсақ, 165-жаттығу бойынша бастауыш сыныптарда оқып үйренген пәндерінен білетін атау мәніндегі сөздерді сала-салаға топтап жазып шығу, олардың ішінде қайсысы жаңа болса, сол сөздің астын сызу [199, 72-73] ұсынылған. Үлгі ретінде ұсынылған сөздердің қатарында *компьютер, тінтуір* сөздерінің асты сызылып, жаңа сөз екендігі көрсетіледі. *Компьютер* тіл жүйесіне енген жаңа сөз болғанымен, оның кірмелік сипатының басым тұратындығы ескерілмеген. Сонымен қатар *тінтуір* сөзінің мағынасы 5-сынып оқушылары үшін айқын болмауы мүмкін. 166-жаттығуда «Егемен Қазақстан»

газетінен алынған ауылшаруашылығына байланысты тақырыптағы мәтін алынған, ондағы жаңа сипатқа ие болған байырғы сөздерді теріп жазу, олардың мағынасын сөздіктерге сүйеніп анықтау, ауыл шаруашылығымен байланысты мағынасы жаңғырған сөздерге мысал келтіру керек [199, 73]. Мәтінде жаңа сөз ретінде *көпсалалы, несие, түсім* сөздері берілген. Алайда бұл сөздер әдеби тілдің леммасы ретінде 1988 жылғы орфографиялық сөздікте тіркелген және *неол.* сілтемесі жоқ. Мәтіндегі жаңа сөздердің көлемі өте аз және бұл сөздер 5-сынып оқушылары үшін өзектілікке ие емес, яғни осы жас кезеңінде оқушылардың сөйлеу тілінде, қарым-қатынас актісінде мұндай мазмұндағы сөздердің белсенділігі төмен болатындығы ескерілмеген. Сонымен қатар ауылшаруашылығына қатысты оқушылардың лексикалық қоры ең аз мөлшерде болатындығы белгілі. 167-жаттығу бойынша мәтінді мазмұндау және ондағы неологизмдердің қалай жасалып тұрғандығын анықтау қажет [199, 73]. Қазақстан Президенті мен Патшайым жайындағы мәтінде кездесетін жаңа сөздер ретінде: *салтанатты шеру, ресми хаттама* тіркестері келтірілген, алайда бұл сөздер жаңа аталымдар ретінде танылмайды. 168, 169-жаттығуларда ұсынылған мәтін көлемінде қазіргі қазақ тіліндегі актуалды болып саналатын жаңа сөздер қамтылмаған [199, 74]. *Тыңдаушы, көрермен* сөздерінің нормалық сипатына назар аударылмаған. Бұл сөздер 1966 жылы ғалым Р. Сыздықтың ғылыми мақаласында І. Жарылғапов тарапынан ұсынылған нормаға айналған жаңа сөздер ретінде танылған. Осы аталғандарды талдай келе, жаңа сөздерге қатысты теориялық білімді бекітуге арналған жаттығуларда қазіргі тілдегі өзекті жаңа сөздер қамтылмаған және олардың жаттығулардағы ұсынылу көлемі өте аз екендігі анықталды. Дегенмен, тіл жүйесіндегі жаңа сөз құбылысы туралы 5-сынып оқушысы үшін кіріспе ретінде бастапқы ақпараттар толық берілген деп айтуға болады. Диалект сөздерге және кәсіби сөздер мен термин сөздерге қатысты тақырыптардың аясында диалект және кәсіби сөздердің жалпыхалықтық тілдің сөздік құрамына енетіндігі (*кеден, ұжым, зайырлы, зейнет, жом*), терминқордың бір тобы тілдің төл мүмкіндіктері арқылы жасалған сөздерден тұратындығы (*кеден, егемен, амбебап, кешен, нарық, жарғы, бап, ғарыш, әкім, отбасы, әуежай, төлқұжат, мұражай, елтаңба*) айтылады. Берілген жаттығуларды орындауда оқушылар жаңа сөздердің (терминдердің) қайнар көздерін іздеуге дағдыланады. Түрлі шаруашалықтар, математика, география, биология, тарих сияқты пәндерде кездесетін термин сөздерді анықтай отырып, ондағы тілдің төл мүмкіндігі арқылы жасалған жаңа сөздерге назар аударады. 194-жаттығу негізінде әр оқушы өз ата-анасының кәсібіне қатысты терминдерді жинастыруы тиіс [199, 85], бұл ретте жаңа сөздердің қолданыс жиілігі мен тілдегі нормалануы оқушылардың қызығушылығын тудыра алады. Алайда жаттығулар үшін алынған мәтіндер тілдің қазіргі жай-күйін көрсетпейді және кәсіби лексика бойынша жекелеген салаларға қатысты сөздердің басым дені кірме сөздерді құрайды (*балет, музыка, хореография, пьеса, ремарка, режиссер, спектакль, репетиция, декорация, компонент, альпенизм, альпенист* және т.б.) [199, 86-92]. «Жер серіктерінің қызметі» деген тақырыппен берілген 204-жаттығу

бойынша төл сөздерден жасалған терминдік атауларды теріп, олардың мағынасын анықтау керек. Бұл ретте мәтінде кездесетін жаңа сөздер: *ғаламшар, Жер серік, ғарыш, кентас* [199, 90]. Келтірілген сөздердің аздығына карамастан, бұл жаттығулар оқушылардың төл тілдің мүмкіндігі арқылы жасалған жаңа сөздер туралы түсінігін қалыптастыруға жол ашады. Осымен қатар «Сөзжасам» тақырыбында «жаңа сөз тудырудың бірнеше тәсілі бар: жұрнақ арқылы, екі сөзді біріктіру арқылы, екі сөзді қосарлау арқылы, екі сөзді тіркестіру арқылы жасалады» деп көрсетіліп, жаттығулардың мазмұнында *жер серігі, ғарыш, ғарышкер, өнертапқыш, жады картасы, қатырма қағаз, қалта телефоны* сияқты жаңа сөздер қамтылған. 367-жаттығу *-хана* қосымшасы арқылы жасалатын сөздерді табуға арналған [199, 178]. Бұл жаттығуды орындау арқылы оқушының сөздің мағынасын анықтау, сөз құрау дағдысы қалыптасып, сөздік қоры толығады және ең бастысы тілдегі осы қосымша арқылы жасалған жаңа сөздерге мән береді. Қорыта келгенде, 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында жаңа сөздерге қатысты алғашқы базалық білім тілдің адамзат өміріндегі маңызымен, тіл жүйесіндегі үздіксіз өзгерістермен, сөздік құрам, тілдің байлығы мәселесімен, кәсіби лексикамен, терминдермен байланыста және арнайы жаңа сөз тақырыбында қамтылады. Атап өтерлік жайт, ұсынылған жаңа сөздердің тілдегі өзектілігі мен қолданыс жиілігі, олардың көлемі ескерілмеген және жаңа сөз ретінде келтірілген фактілердің кейбірі 1988 жылы жарық көрген орфографиялық сөздіктің тілдік лұғатымен салыстырғанда, олар қазіргі қазақ тіліндегі неологизм қатарына енбейді.

- 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы (авт.: С. Исаев, Ж. Дәулетбекова) осы пәннің типтік оқу бағдарламасында көрсілген нәтижелерге қол жеткізуге толықтай әлеуетті деп бағаланады. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығының білім мазмұны «Сөзжасам» және «Морфология» салалары бойынша ұйымдастырылған [200]. Тұтастай алғанда 6-сыныпқа арналған бұл оқулық жана инновациялық технологияларға негізделген тапсырмалар мен жаттығулар кешені арқылы ерекше екендігін атап өту керек. Оқулықтағы түрлі көрнекілік материалдар, интербелсенді әдіс-тәсіл түрлеріне негізделген тапсырмалар оқушының сабаққа ғана емес, өз ана тілі туралы білімін кеңейтуге деген қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін тудырады. Кіріспе сабақтан бастап «тіл – құндылық» ретінде танытылады. «Әдеби тіл және мәтін» деп аталатын бірінші тарауда қазақ тілінің әдеби тіл ретіндегі қызметі, рөлі, мәртебесі анықталып, ұлт тілінің қай салада болмасын бәсекеге қабілетті екендігіне назар аударылады. «Әдеби тіл қандай тіл?» деген мәселеде жасалған жаңа сөздердің дұрыс қолданысы қалыптасқан нормасы бар тілдің маңызды белгісі ретінде көрсетілген. «Әдеби тіл мен мәтіннің байланысы» деп аталатын тақырып көлемінде жаңа сөздерге байланысты тапсырмалар мен жаттығуларда арнайы ұсынылмаса да, тіл жүйесін ұғындыруда үнемі қазақ тілінің төл сөздері, неологизмдер аталып отырады. Алайда тілдік фактілер ретінде жаңа сөздердің қамтылу деңгейі бәсең екендігін байқауға болады.

- Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығы (авт.: С. Исаев, Г. Қосымова) білім берудің тиісті стандарттары мен типтік оқу бағдарламаларында белгіленген талаптарды толық қанағаттандырады. Оқулықтағы «Қазақ тілі – қазақ халқының әдеби тілі және мемлекеттік тіл» (2 сағат) деп аталатын кіріспе сабақ оқушылардың алдыңғы сыныптардағы ұлт тілінің қызметі мен маңызы туралы білімін одан әрі кеңейтуге мүмкіндік береді. Осы тақырып аясында «норма – қалыптасқан бірізділік» [201, 4] ретінде түсіндіріліп, «қазақ тілінің барлық әдебиет пен мәдениеттің, ғылым мен білімнің, оқу мен өнердің, баспасөз бен саясаттағы түрлі ісқағаздарының тілі бола алу мүмкіндігі, қазақ тілінің жұмсалыу аясының кеңдігі, қоғамдық қызметінің шарықтап өскендігі» [201, 4-5] айтылады. Осындай сипаттағы тақырыптар – оқушылардың лингвистикалық дүниетанымның берік ірғетасын қалыптастырудың маңызды тетігі. «Әдеби тілдің лексикалық нормалары» тақырыбының шеңберінде оқушыларға «жалпы халыққа бірдей түсінікті, жиі қолданылатын сөздердің әдеби тіл нормасына жататындығы; әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер; дублет сөздер мен варианттардың мәні» нақты тілдік фактілер арқылы дәлелденеді. Алайда лексикалық норма мен жаңа сөздердің байланысы, тілдегі жарыспалылық құбылысының жаңа сөздердегі көрінісі сияқты маңызды мәселелер ескерілмей қалған, сәйкесінше, бекіту жаттығуларының мазмұнында да жаңа тілдік бірліктер қамтылмаған. Оқулықтың кейінгі бөлімдеріндегі сөз таптарына қатысты білім мазмұны мен жаттығуларда жаңа сөздерге қатысты сөз қозғалмайды. Бұл ретте оқулықтың дидактикалық базасын құрайтын жаттығулар мен тапсырмалар кешені алдыңғы сыныптарда кездесетін мәтіндермен ұқсас келеді.

- 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығының (авт.: С. Аманжолов, А. Аманжолов, Г. Қосымова) жалпы білім мазмұны тілдің синтаксистік қабатындағы заңдылықтарды үйретуге бағытталған. Оқулықтағы тұтас білім мазмұны заңнамалық құжаттарда белгіленген міндеттер мен талаптарға жауап береді. Кіріспе ретінде өтілетін сабақ тақырыбы «Қазақ тілі – ұлттық мәдени, рухани асыл мұра» деп аталады. Тақырып аясында «қазақ тілінің дамыған, жетілген, бай, икемді тілдердің бірі» [202, 3] екендігі баса айтылып, ана тілінде түрлі ғылым салаларына байланысты жаңа сөздер мен терминдер пайда болғанын түйіндейді. Бұл оқушылардың өз ана тіліне деген құрметін, сүйіспеншілігін, азаматтық жауапкершілігін арттырады. 1-жаттығу бойынша берілген төртінші тапсырмада әдеби тіл ұғымы мен мемлекеттік тіл ұғымдарының арақатынасын оқушылардың өз бетінше белгілеуі төменгі сыныптарда әдеби тіл туралы алған білімдерін бекіту, саралау, мемлекеттік тіл мәртебесінің дәрежесін анықтау сияқты білік-дағдының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осы тақырып аясында 2-жаттығуда «Түркінің қырық жаны» деп аталатын мәтін ұсынылған. Мәтін аясында жаңа сөздерге қатысты мынадай мәлімет бар: «...Түркиядағы тіл саясаты 1923 жылғы революциядан кейін ғана жолға қойылды. Мұның басы түрік тілін араб, парсы тілдерінен кірген сөздерден тазарту, олардың орнына орхон, ұйғыр жазбаларынан алынған көне

түрік сөздерін енгізуден, тіпті кей жағдайларда түбірі қолдан жасалған түрік сөздерімен алмастырудан басталған» [202, 8]. Осы жолдарда баяндалған жағдайдың қазақстандық қоғаммен ұқсас тұстарын анықтай отырып, оқушылар қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау мәселесінің өзектілігіне назар аударады және тілдің төл байлығын, ұзақ мерзімде қалыптасқан тілдің бай сөздік қорын пайдаланудың маңыздылығын түсінеді. Тіл мәдениеті тақырыбы үшін 8 сағат қарастырылған. Осы бөлім бойынша ұсынылған 163-жаттығуда М. Балақаевтың еңбегінен алынған «Сөз қолданудың негізгі принциптері» мәтінінен үзінді берілген. Мәтінде баяндалатын негізгі мәселелер оқушыларды сөзді дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыруға ынталандырады. «Сөз мәдениетіне жетік болу үшін, қазақ тілінің сөз байлығын жақсы білу керек. Сөзді көп білген кісінің айтқаны да тартымды болмақ. Қазіргі қазақ тілінің сөз байлығы ұшан-теңіз, әдетте білімді, мәдениетті, тіл өнеріне әуестігі күшті кісілердің сөз байлығы да мол болады. Адамның білімі, мәдениеті артқан сайын, оның сөзді игеру мүмкіншілігі арта түседі...» [202, 117]. Мәтіндегі бұл жолдарда жаңа сөзді білу деген мәселе арнайы қозғалмағанымен, оқушылардың сөзді білудің, оны дұрыс қолданудың, жалпы сөз мәдениетіндегі сөздік қордың маңыздылығын ұғындырады. Жалпы тілдік тұлғаның қалыптасуында 8-сыныптағы пән бойынша ұсынылатын білім мазмұны маңызды болып саналады, яғни оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың негізгі бағыттары қамтылған.

- Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығы (авт.: Р. Әмір, М. Атабаева) «мемлекеттік тіл, оның қызметі мен қолданылатын орындары, ұлттық тіл белгілері мен тармақтары, қазақтың ұлттық тілінің шығу негізі, олардың қалыптасу кезеңдері туралы шағын ғылыми-теориялық түсініктен басталады. Бұдан кейінгі әңгіме ұлттық тілдің байлығы – сөздің сыр-сипатын тану, орнымен қолдану, оны басқаға әрлі де сәнді түрінде жеткізу, яғни әдеби тілдің стильдері туралы болады» [203, 3-4]. Оқулық білім алушылардың рухани жетілген тұлға ретінде өз ана тіліне деген құрметін, жауапкершілігін, ұлт тілін жоғары деңгейде меңгеруіне деген ұмытылысын арттыруды қамтамасыз етеді. «Қазақ тілінің қоғамдық мәні» – 1 сағат; «Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі» – 2 сағат. Кіріспе сабақтар бойынша ұсынылған жаттығуларда *мұражай*, *ұстаным* сияқты бірді-екілі жаңа сөздерден басқасы кездеспегенімен, жаңа сөздің тіл жүйесіндегі маңызын тұтастықта түсіну үшін жалпы мазмұндағы маңызды ақпараттар қамтылған. 8-сыныпқа арналған оқулықта тіл саясатының озық үлгісі ретінде Түркия мемлекеті мысалға алынса, бұл ретте де ұлтжандылықтың «таңғажайып көрінісі», «ұлтжандылық пен өркениет табысқан ел» ретінде осы мемлекетті көрсетеді [203, 22-23]. Тілдің функционалдық стильдері бойынша ресми ісқағаздар стилінің аясында осы стильге тән *ереже*, *нұсқау*, *хаттама*, *хабарландыру*, *мінездеме*, *іс хаттары*, *қатынас қағаздары*, *келісім*, *шағым*, *шарт*, *сенімхат*, *тілхат*, *қолхат*, *келісімшарт*, *бап*, *куәлік* сияқты нормалық сипаты басым жаңа сөздер ісқағаздарының үлгілерімен байланысты жинақталып берілген [203, 80-90]. Публицистикалық стильдің тілдік

ерекшеліктерінің қатарында бұл стильге неологизмдердің тән болатындығы атап өтіледі. Берілген мәтіндерде жаңа сөздер қатары өте аз қамтылған (*жәдігер*). Ғылыми стиль тақырыбының шеңберінде берілген мәтіндердегі *сорт, белок, организм* сөздерінің қазақша баламасының қолданысқа еніп, нормалану, қалыптану үдерісіне түскендігі ескерілмеген, сондай-ақ ғылыми стильге қатысты білім мазмұнында қазақ тілінің терминжасамдағы мүмкіндігі туралы сөз қозғалмайды, көбінесе шет тілдеріне тән ғылыми терминдерге көңіл бөлінген (*компьютер, монитор, энергия, организм, белок, калория, дисплей, терпен, урсоль, флавоноидтер, иссопин пигменттері* және т.б.) [203, 106-135]. 9-сыныптағы тіл мәдениеті пунктуацияға байланысты білімге бағыттылған. Бұл оқулық тілдік тұлға мәселесінде функционалдық стильдер мен тыныс белгілеріне байланысты сауаттылықты қалыптастыруға толыққанды мүмкіндік береді, соған карамастан оқушылардың сөздік қорын байытудағы, аталған заңдылықтардағы жаңа сөздердің қызметі ескерілмегендігі анықталды.

Жоғарыда талданған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған Қазақ тілі оқулықтарындағы білім мазмұны оқушылардың жалпы тілді құндылық ретінде түсінуін, сезінуін толықтай қамтамасыз етеді және жаңа сөз құбылысының тіл жүйесіндегі орнын анықтау дағдысын қалыптастырады, алайда тілдік дағдыларды қалыптастыруға бағыттылған жаттығулар жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануына айтарлықтай үлес қоспайтындығына көз жеткізілді.

- 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі: сөз мәдениеті» оқулығы (авт.: Н. Уәли, Ө. Қыдырбаев) «сөз мәдениетін жеке адам мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі» ретінде жан-жақты әрі біртұтастықта меңгертуге бағытталған білім мазмұнын қамтиды. «10-11-сыныптарда оқытылатын сөз мәдениеті және шешендік тілдің жоғарыда айтылған қызметтерін тереңдеп оқытуға бағытталған. Мұнда адамдардың өзара түсінісуі белгілі бір жағдаяттарда, нақтылы тіл бірліктерінің қызмет етуі нәтижесінде толыққанды ақпараттар жүйесі арқылы жүзеге асатынын, адамның тіл байлығы және жан-дүниесі, мінез-құлқы сөйлеу барысында, тілдік қарым-қатынас үстінде көрінетіндігі зерделенеді» [198]. Сонымен қатар пәннің типтік оқу бағдарламасында «пәнді оқытудың басты мақсаты – ұлттық және әлемдік құндылықтарды салыстыра түйін жасай алатын, Қазақстан Республикасы халықтары мен әлемдік қоғамдастықтың мәдениетін игерген, қоғамда қолдануын талап етілетін тілдердің коммуникативтік құзыреттіліктерін игерген Тұлғаның даралануы мен әлеуметтенуіне мүмкіндік жасайтын тілдің лексика-фразеологиялық, грамматика-стилистикалық, мәдени-этикалық және шешендік нормаларын меңгерту, жоғары деңгейде күрделендірілген түрлі жанрдағы мәтінді салыстыру, талдау, ойқорыту әрекеттерін жетілдіру, мәтін түрлеріне сай тілдік бірліктерді қолдана алу біліктілігін арттыру» [198], – деп көрсетілген. «Тіл – жалпыадамзаттық құндылық» деп аталатын бірінші бөлімде мыңдаған жылдық тарихы бар тіл адамзаттың ең бағалы құндылығы ретінде танытылып, «әрбір тіл – бізді қоршаған ортаның, ақиқат өмірдің өзінше қайталамасы; әрбір халық өзінің тілі арқылы дүниені, ақиқатты өзінше таниды; тілдік ұжым өзінің танып-

білген нәрсесіне ғана ат қояды, оған деген сезім күйін білдіреді; сондықтан ұлылы-кішілі тілдердің бәрінде өзді-өзіне тән логикалық, эстетикалық танымның, жаңалықтың белгілері мен іздері жатады» деп көрсетіледі. Бұл ретте тілдің қарым-қатынас үшін қажеттілігін ғана емес, оның ұлтқа тән рухани мәдениетті «жасаушы, сақтаушы және сабақтастырушы қызметін» де ескерудің маңыздылығына назар аударылады. Әлемдегі «саламатты тілдердің» ерекшелігі нақтыланып, қазақ тіліне де осы сипаттың тән екендігі дәйектелген. Бұл оқушылардың өз ана тіліне деген мақтаныш сезімін арттыруға ықпал етеді. Негізгі тақырып аясында ұсынылған А. Байтұрсынов пен Б. Момышұлының тіл туралы тұжырымдары (1, 2-тапсырмалар) оқушылардың өз ұлтының тіліне деген жоғары деңгейдегі қатынасын қалыптастыруға септігін тигізеді. «Қазақ тілі қандай тіл?» (10 сағат) деп аталатын екінші бөлімде «қазақ тілі – түпкі түрін сақтаған байырғы тіл» ретінде, «қазақ тілі – жазба мәдениеті бар тіл» ретінде, қазақ тілі – кемел тіл» ретінде, «қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі» ретінде, «қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» ретінде талданады. Осымен байланысты оқушылардың жаңа сөздерді меңгертуде маңызды деп танылатын мынадай бағыт бойынша білімдері жетілдіріледі:

- қазақ тілінің түркі тілдер жүйесіндегі орны туралы;
- ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуы мен оның қазақ қоғамы үшін маңызы;
- ескі жазба тілдің әлеуметтік мәні жайында, жазу-сызуды демократияландырудағы А. Байтұрсынұлының реформасы;
- тұңғыш қазақ әлінбиі, тілдің заңдастырылған жазу нормалары туралы;
- тіл кемелдігін айқындайтын межелер.

Сондай-ақ сөз байлығы – тіл дамуының басты белгісі; қазақ тілі – ұлт тұтастығын нығайтудың кепілі; ұлттық тілге тән белгілер; қазақ тілінің әлеуметтік мүмкіндіктері; жалпыхалықтық тілдің ең жоғарғы формасы – әдеби тіл; әдеби тілдің қайнар көздері; әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуындағы сөз зергерлерінің рөлі; қоғам дамуындағы тілдің қызметі, тіл мен қоғам дамуының өзара әсері; қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекітетін құжаттар; мемлекеттік тілдің қызмет етуінің алғышарттары, сыртқы және ішкі факторлар; мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі; мемлекеттік тілдің өз қызметін толық атқаруының шарттары; тіл мәдениетін арттырудың мәні [198] туралы лингвистикалық-танымдық білім қоры кеңейеді. «Әдеби тілдің стильдік тармақтары және олардың айырым белгілері мен нормалары» деп аталатын үшінші бөлімде «қазақ әдеби тілінің белгілері; әдеби тілдің стильдік тармақтары; кітаби тілдің ерекшеліктері, ауызша және жазбаша түрлері; кітаби тіл мен сөйлеу тілінің ортақ белгілері» жайындағы білім жаңа сөздерді меңгертудің лингвистикалық маңызды алғышарты ретінде аса маңызды. Бөлім бойынша жаңа сөздердің қамтылуына тоқталар болсақ, ресми ісқағаздар стиліне қатысты атаулар кездеседі. Кітаби тілдің ауызша және жазбаша нормаларымен байланысты ұсынылған 76-тапсырмадағы сөздер қатары жаңа сөздер болып табылады. Тапсырма бойынша «емле ережелерін пайдалана

отырып, берілген сөздердің неге бірге жазылатынын түсіндіру» керек [204, 113]. Ұсынылған сөздер: *өнержай, мұражай, ілеспехат, отбасы, өнертану, абайтану, қоғамтану, мүйізтұмсық, мұзойнақ, микроаудан, Елбасы*. Дұрыс жазылу ережесін сақтай отырып, оқушылар сөздің мағынасына назар аударады. Бұл олардың жаңа атауларға деген қызығушылығын тудырады. «Әдеби тіл нормалары» (8 сағат) деп аталатын төртінші бөлімдегі тілдік жүйе, тілдік норма, дағды, босаң норма, қатаң норма ұғымдарына арналған тақырыпшалар оқушылардың норма туралы білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Одан кейінгі «Тілдік норма және жаңа қолданыстар» тақырыбы оқушылардың жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптануына қатысты нақты анықтама береді. Неологизмдердің орнына жаңа қолданыстар деген термин қолданылған; жаңа сөздердің нормалану үдерісіне сипаттама берілген. Алайда дәлелдеу үшін алынған тілдік фактілердің тілдің қазіргі сипатымен сәйкес келмейтіндігі байқалады, атап айтқанда нормадан ауытқу мәселелері талданған; жаңа қолданыстар ретінде ұсынылған тілдік фактілер (*оқырман, көрермен, гарыш, гарышкер, гарыш айлағы*) өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы тіл практикасындағы жаңа сөз болып табылады, 1988 жылғы орфографиялық сөздікке енгізілгендіктен, мысалы, *оқырман, көрермен* сөздері қазіргі кезеңде неологизмдер болып саналмайды. Оқушыға меңгерту үшін кейінгі өзекті жаңа сөздер тілдік факті ретінде көрсетілу керек еді деп есептейміз; жаңа қолданыстарды түсіндіруде бұл оқулықта негізінен окказионал сөздерге мән берген (*төбелесермен, атарман, аларман, ішермен* деген сөздер талданған); сондай-ақ тілдік норма мен жаңа сөздердің байланысын түсіндіруде негізгі ұғым-категория ретінде «нормалану» және «қалыптану» туралы ақпарат берілмеген, жас кезеңіндегі оқушылардың қабылдауы мен танымдық деңгейінің ерекшеліктерін ескерсек, бұл ұғымдар тақырыптың мәнін ашады. Қазіргі тілімізде «қазақыландыру» үрдісінің жүріп жатқандығы, жаңа сөздердің пайда болуының терминқормен байланысы туралы ақпарат тыс қалған. Жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған 6 тапсырма берілген: 100-тапсырма бойынша *оқушы* мен *оқырман* атауының мағыналық айырмашылықтарын көрсету керек. Мұндағы жаңа сөз ретінде алынған тілдік фактілер туралы жоғарыда айттық. Ал 101-тапсырмада қамтылған жаңа сөздердің көлемі біршама көбірек: *гарыш, гарышкер, гарыш айлағы, құжат, төлқұжат, елтаңба, әнұран, ғаламдастыру, оралман, сынып, егемен, егемендік*. Тапсырманың мазмұндық көлемі: «Мәтінді оқып шығыңыз. Шеттілдік «сөз тасқыны» туралы айтыңыз. Ғылым мен техника, медицина, спорт салаларында қолданылып жүрген шеттілдік атауларды көрсетіңіз. Өзіңіз қалаған бір газетті алып, ондағы шеттілдік сөздерді теріп жазып, қоғамдық өмірдің қай саласында қолданылатынын көрсетіңіз» [204, 138]. Бұл тапсырма әрекеттері мәтіннің мазмұнында берілген жаңа сөздермен байланыстырылмаған. Сондай-ақ тақырыпқа сай оқушылардың назарын газет беттеріндегі жаңа атаулардың шеттілдік баламаларына емес, қазақша баламасына аударту мақсат етілу керек. Осы ретте берілген жаңа сөздердің қатарында нормалық сипаты айқын тілдік бірліктерді ажырату ұсынылса, сабақ тақырыбына сай тілдік норма мен жаңа атаулардың байланысы

ашыла түсер еді. 102-жаттығудың мазмұны жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптану үдерістерін дәлелдейді: «Мына сөйлемдерден жаңа қолданыстағы сөздерді теріп жазып, мағыналарына түсінік беріңіз. Бұл сөздердің сөздіктерге, оқулықтар мен анықтағыштарға енген еңбегіне талдау жасаңыз» [204, 139]. Берілген сөйлемде мынадай жаңа сөздер де кездеседі: *демеуші, дерекнама, делдал, дәрісхана, дәмқосар, әуежай, аспансерік, сыйақы*. Жаңа сөздердің мағынасын, сөздіктерге тіркелуін анықтау оқушылардың оларға деген қызығушылығын, сөйлеу тіліндегі белсенділігін арттырады. 103-тапсырмада *оралман* сөзінің қазақ тіліндегі және шеттілдік баламаларын салыстыру туралы мәтін берілген [204, 140-141]. Бұл ретте тапсырма бір сөз көлемінде шектеледі. Ал 104-тапсырмада берілген сөздердің қатарынан жаңа сөздерді теріп жазу керек. Берілген 22 сөз / сөз тіркесінің 7-еуі ғана жаңа сөз (*тәлімгер, баспагер, зарыш, зарышкер, теледидар, зейнеткер, хабарлама*) [204, 141]. Бұл жаттығудың мазмұны жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптану жай-күйін анықтау дағдыларына толықтай бағытталмаған. 105-тапсырмада берілген жаңа сөздер қатары: *жадуал, зейнетақы, зейнеткер, тұғырнама, өкілеттік, дәйектілік, ізашар, жекешелендіру, сыбайлас, бағдарлама, салым, жарнама, сөзтізбек, салауаттылық, бейнетаспа, өтемақы* [204, 141]. Тапсырма жаңа сөздердің құрамына, жасалу жолына оқушылардың назарын аудартады. Қосымша «жиі еститін жаңа сөздерді пайдаланып, бірнеше сөйлем жазу, жаңа қолданыстағы сөздерге байланысты тест сұрақтарын құрастыру» тапсырмасы берілген. Осы арқылы оқушылардың жаңа сөздерді қолдану дағдысы қалыптасады. 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі: сөз мәдениеті» деп аталатын оқулықты талдаудың нәтижесінде білім мазмұнындағы жаңа сөздер мәселесі айтарлықтай қамтылған деп бағалауға болады. Алайда жаңа сөз ретінде ұсынылған тілдік бірліктердің тілдің қазіргі кезеңінде жаңа сипатынан айырлығандығына назар аударылмаған, осы жас кезеңіндегі жеткіншектердің танымдық мүмкіндіктерін ескерсек, бұдан да толығырақ теориялық білім мен өзектілігін дәлелдейтін зерттеулерді келтіруге болады және тілдік факті ретінде жаңа сөздердің көлемін ұлғайтуға, әсіресе қолданыстағы норма сипаты басым, жарыспалы сипатқа ие, қалыптануға түскенімен, нормалануға түспеген және керісінше сипаттағы, сондай-ақ нормалану мен қалыптану үдерістерін нақты таныта алатын, белсенді қолданыстағы жаңа сөздердің қатарын арттыруға болады. Сонымен қатар қазақ тілі пәнінің жаратылыстану цикліндегі пәндермен байланысындағы «басқа пәндермен сабақтастыра оқыту қазақ тілінің терминдер жүйесімен тығыз байланысты» деген тармағына сәйкес тілдегі жаңа қолданыстардың елеулі үлесі тек қоғамдық-әлеуметтік сипатқа ие сөздерге ғана емес, қазақшаланған ғылыми-техникалық атауларға да тиесілі екендігі, оны дәйектеу, тапсырмалар кешені арқылы сол туралы білімді бекіту, жалпы алғанда интеграциялық талаптарды қанағаттандыру міндеті назардан тыс қалған.

- 11-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы (авт.: Ж. Дәулетбекова, Қ. Рай, Ш. Есмағанбетова) жоғары мектеп сатысында оқушының жалпы тіл, тілдік білім туралы ғылыми және философиялық дүниетанымының одан әрі

кеңеюіне айтарлықтай қызмет етеді. Бұл әсіресе оқулықтың мақсатына сай сөз мәдениеті мен шешендіктің жоғары дәрежесін қалыптастырудың алғышарттарына толық жауап береді [205]. 11-сыныпқа арналған қазақ тілі пәнінің білім мазмұнында қамтылған тақырыптар оқушылардың алынғы сыныптарда алған тұтас тілдік білімін, соның ішінде жаңа сөздер туралы білімін функционалдық тұрғыдан мақсатты жұмсай алуын қамтамасыз етіп, тілдік тұлғаның одан әрі қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда аталған оқулықтың жаңа сөздерді меңгерту бойынша қол жеткізілетін нәтиженің оңтайлылығын танытуда айрықша маңызды екендігін атап өтеміз.

Жоғарыдағы мектеп оқулықтарын талдай келе, арнайы жаңа сөздер туралы білім 5-інші және 10-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулықтарында жалпы лексика мәселелері қатарында және әдеби тіл нормалары көлемінде ғана қамтылғандығы анықталды. Ал 11-сыныпқа арналған пән оқулығының білім мазмұны алдыңғы сыныптарда оқушылардың игерген білімін біртұтастандыруда заңды әрі жүйелі жалғасы деп бағалауға болады.

Алайда талдау нәтижесінде көрсетілген мәлімет және жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған әдіс-тәсілдер бүгінгі тіл саясатының талаптарына – заңнамалық құжатта берілген «қоғамдық санада мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру және орнықтыру» [1] үшін жеткіліксіз болып табылады. Бағдарламада айтылғандай, қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгерудің әркелкі деңгейін реттеу және елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілдің жеткілікті енгізілуі үшін атқарылатын жұмыстардың бірі – жаңа сөздер туралы мағлұматты және оны меңгерту әдістемесін кеңейту, дамыту, жетілдіру. Нақты айтқанда, қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша білім беруде жаңа сөздердің табиғатына, олардың жасалу жолдарына ұдайы мән беріп отыру өзекті болып табылады. Аталған пәндер бойынша күнделікті білім беру практикасында және олардың лингводидактикалық базаларындағы әдіс-тәсілдерде жаңа сөздерді оқушы санасына орнықтыру, оларды күнделікті сөйлеу практикасында белсенді қолданудың қоғамдағы тілдік тұлға үшін маңызды екендігін мойындату, осылар арқылы ұлттық рухани құндылықтарды бағалай білетін жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды. Осы себепті жаңа сөздерге қатысты әдеби тіл нормаларына, сөз мәдениетіне арналған тақырыптарда шағын мәтін көлемімен шектелу жеткіліксіз, мәтін негізінде оқушыны қызықтыратын және оның білімін арттыратын әдістер кешені мен тапсырмалар жүйесі қажет болады және тілдің басқа қабаттарына қатысты білім мазмұнын бекітуге арналған жаттығулар мен тапсырмалар кешенінде жаңа сөздердің қамтылуына көңіл бөлу керек.

Мемлекеттік тілдің функционалдық аясын кеңейту білім беру жүйесінде тек қазақ тілі пәнін оқыту барысында ғана емес, басқа да гуманитарлық және жаратылыстану пәндерін оқытуда да жүзеге асырылуы тиіс. Бұл тұрғыда тілдің ішкі ресурстары арқылы жасалған жаңа сөздер лексикалық қорды толықтыратын негізгі көз болғандықтан, мемлекеттік тілді жоспарлауды жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Сондықтан да жалпы

орта білім беру жүйесіндегі барлық пәндерді оқытқан кезде олардың дидактикалық базасында қолданылған жаңа сөздерді, ғылыми аталымдарды меңгерту мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың бір тетігі ретінде маңызды. Айталық жаратылыстану пәндерін оқыту барысында осы салаға қатысты жаңа аталымдарды интеграциялық сипатта түсіндіру айрықша қажет. Бұл мәселенің жоғарыда талданған «Қазақ тілі» оқулықтарында қарастырылмауы және қамтылмауы жаратылыстану бағытындағы пәндерде кездесетін жаңа атаулардың лексикалық қордағы үлес салмағын айқындау және дәйектеуде біршама кедергілер тудырады.

Жаңа сөздің есте сақталуы, оқушының тілдік санасында тұрақталып, қолданысына енуі сәйкес өтілген тақырыптың есте қалуына және тақырыпты терең түсінуіне белгілі бір деңгейде ықпалын тигізеді.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша жаңа сөздерді интеграциялық сипатта оқытып, үйретуде мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- білім алушының қазақ әдеби тілі және қазақ сөз мәдениеті бойынша білім деңгейі жоғарылайды;
- қазақ тілін коммуникативті актіде қолдану құзыреттілігі жоғарылайды;
- оқушының тілдік тұлғасы – лингвомәдени құзыреттілігі жетіледі;
- білім берудің интеграциялық талаптары қанағаттандырылады;
- оқушының тіл тазалығы мен тіл мәдениетін сақтау сауаттылығы артады.

Осы аталғандардың нәтижесінде жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландыруға мүмкіндіктер жасалады.

Жалпы алғанда жаңа сөздерді орта білім беру жүйесіндегі барлық дерлік пәндермен интеграциялық тұрғыдан меңгертуге болады. Қазақ тілі жаңа сөздерді теориялық тұрғыдан меңгерудегі негізгі пән болса, басқа пәндер оларды практикалық жағынан меңгерудің негізгі құралы болуы тиіс. Бұл жалпы ғылым дамуындағы, соның ішіндегі білім берудегі интеграциялық үрдістің және үдерістің өзектілігін айқындай түседі.

3.2 Жаңа сөздерді меңгертуде қолданылатын әдістер-тәсілдер кешені

Қазіргі білім беру жүйесінде жекелеген бағыттар бойынша және пәннің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес интербелсенді әдістің түрлерін белсенді түрде енгізудің өзектілігі туралы алдыңғы тарауларда айтылды. Қазір кеңінен қолданыс тауып жүрген интербелсенді әдістердің ішінде жаңа сөздерді меңгерту үдерісі үшін мынадай түрлері іріктеліп алынды:

- топтық жұмыс;
- пікірталас;
- интербелсенді дәрістер (мини-дәріс, пресс-конференциялық дәріс);
- ойға шабуыл;
- жобалау және т.б.

Осы аталған әдіс түрлерінің жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған оқыту үдерісінде тиімділігін былайша көрсетуге болады:

Топтық жұмыс. Бұл – интербелсенді әдіске негізделген сабақтағы оқу-танымдық әрекетті ұйымдастырудың бір формасы. Оқушыларды топқа бөлу оқушылар арасындағы келісілген өзара әрекетті жүзеге асыруға және өзара жауапкершілік пен ынтымақтастық қарым-қатынасты орнатуға мүмкіндік береді.

Шағын топта жұмыс жүргізу үшін мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы, оқушы – мұғалім арасындағы тығыз қарым-қатынас қамтамасыз етілу керек. Бұл ретте мұғалім мен оқушылар оқыту үдерісін бірге ұйымдастырады. Осылайша оқушы белсенді серіктеске айналады. Ал оқушылар жұмысты жұмыла орындайды. Шағын топқа бөлу арқылы оқыту зерттеуге және мәселенің шешімін бірге табуға бағытталуы тиіс.

Оқушыларды шағын топқа бөліп оқыту төмендегідей белгілерді қамтиды:

- оқушылар нақты оқу тапсырмасының шешімін табу үшін топқа бөлінеді;
- әрбір топқа белгілі бір тапсырма беріледі (немесе бірдей);
- берілген тапсырманы орындауға топтың әрбір мүшесі үлес қосуы керек;
- топтың құрамын жасақтауда әрбір топ мүшесі оқу мүмкіндігін ұжым үшін барынша тиімді түрде жүзеге асыра алуын ескеру керек (әрбір топта үлгерімі жоғары – орташа – төмен оқушылардың саны тең болуы тиіс).

Жаңа сөздерді меңгертуде оқушыларды шағын топқа бөлу арқылы оқыту интербелсенді әдістің талаптарын қамтамасыз етуге мүмкіндік бере отырып, оқушыларды нәтижелі білімге, белсенділікке бағыттады, қызығушылықтары мен оқу уәждемелерін арттырды. Осы арқылы олардың жаңа сөздерге қатысты білімдерін тереңдетуге жол ашылды.

Шағын топта орындалатын жұмыстардың бірі – пікірталас. *Пікірталас* – қандай да болмасын проблема бойынша қарама-қарсы пікірлерді келтіру арқылы ақиқатқа жетудің тәсілі [177]. Пікірталас – оқыту үдерісінде коммуникацияға түсудің маңызды формаларының бірі, талас тудыратын мәселелердің шешімін табудың және танымның ерекше әдісі болып табылады. Бұл әдіс мәселені оқушылардың барынша толыққанды өз бетінше түсінуіне мүмкіндік береді. Қарым-қатынас формасы ретінде пікірталастың артықшылығы бір келісімге келу үшін түрлі пікірлер белгілі бір ереже мен мәдени нормалардың шеңберінде ұсынылады. Әрине, бұл оқушылардың барлығы бір тұжырымға келісуі міндетті дегенді білдірмейді. Пікірталас мынадай сатыларды қамтиды:

- екіжақты шешімі бар мәселе ұсынылады;
- оқушылар топқа бөлінген жағдайда өзіндік ұстанымдарын айқындап, оны дәйекті тұжырымдармен дәлелдеуі керек;
- әр топта алдын ала сайланған спикерлер кезекпен өз тұжырымдарын ұсынады;
- спикердің сөзінен кейін қарама-қарсы жақ сұрақ қоюына болады, сұраққа спикер ғана емес, топ мүшелері бірлесіп жауап беруіне болады;
- әр топ өзіндік тұжырымдарын айтқаннан кейін, оқушыларға тақырып бойынша және пікірталас нәтижесінде түйген ойларын эссе түрінде жазбаша ұсынады.

Ғалым Ж. Дәулетбекованың пайымдауынша, пікірталас – оқушылардың өзара пікір алмаса отырып, оқу міндеттерін ұтымды әрі нәтижелі шешуге мүмкіндік туғызатын бірлескен ұжымдық әрекет түрін ұйымдастырудың ең жиі қолданылатын әрі ең өнімді әдісі. Топтық пікірталас дегеніміз – топ мүшелерінің пікірін, көзқарастарын, мақсаттарын анықтауға мүмкіндік беретін таласты мәселелерді бірлесе талқылау [190, 229-230].

Пікірталас әр оқушының өз көзқарасын айқындау мақсатында ұсынылатындықтан, ақиқатқа жетудің түрлі жолдарын табу мақсатында жүргізіледі.

Пікірталас әдісін сабақ барысында өзге де интербелсенді әдіс түрлерімен тоғыстыра пайдалануға болады. Мәселен, интербелсенді дәріс түрлерінің соңында пікірталас ұйымдастыру тақырып бойынша білімді бекітуде оң нәтижеге қол жеткізуге көмектесті. Жаңа сөздерді меңгертуде бұл әдісті қолданудың тиімділігі – осы мәселеге байланысты әлі де шешімін таппаған, талас тудыратын сұрақтармен және тілдің динамикалық сипатының қай кезеңде де жаңа сөздердің пайда болуына алып келуі, олардың нормалануы мен қалыптану үдерістерінің күрделілігімен байланысты.

«Ойға шабуыл» әдісі. Ойға шабуыл – оқушылардың шығармашалық белсенділігін ынталандыру арқылы мәселенің шешімін табуда жүзеге асырылатын практикалық сабақ. Ойға шабуыл (*brainstorming* – «дельфин» әдісі) топтық пікірталас әдістерінің жиынтығына жатады. Бұч5л – топтағы оқушылардың қойылған сұраққа қатысты кез келген жауабын қабылдай отырып, олардың шығармашылық ойлауын белсендіретін әдіс. Айтылған көзқарастарға бірден баға бермеу керек, керісінше барлығын қабылдап, әрқайсысының пікірін қағазға немесе тақтада жазу керек. Оқушылар өздерінен негізді немесе түсіндіруді қажет ететін жауап талап етіліп отырмағанын білуі керек.

«Ойға шабуыл» оқушылардың белгілі бір сұраққа қатысты қаншалықты ақпараты бар екендігін немесе қатынасын анықтау үшін қолданылады. Жұмыстың бұл түрін кері байланыс үшін қолдануға болады.

«Ойға шабуылды» жүргізудің тәртібі бойынша берілетін уақыт – 8-10 минут. Ойға шабуыл әдісі ауызша және жазбаша түрде жүргізіледі.

1. Оқушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырыпты беру немесе сұрақты қою.

2. Осы тақырып немесе сұрақ бойынша өзіндік пікірін айтуды ұсыну.

3. Айтылған барлық пікірлерді жазып алу (олардың барлығын еш қарсылықсыз қабылдау). Егер оқушының пікірі түсініксіз болса, оны нақтылауға рұқсат беруге болады (қандай жағдайда да пікірді оқушының өз аузынан қалай шыққаны бойынша жазып алу керек).

4. Идеялар мен пайымдар айтылғаннан кейін, берілген тапсырманы қайталау. Айтылған пікірлермен толық танысу.

5. Ойға шабуыл әдісімен жұмыс істеген білім алушылардың жасаған қорытындысы нәтижесінде қандай түйін шығаруға болатындығын және бұның сабақ тақырыбымен қандай байланысы барын сұрап, жұмысты аяқтау.

Жаңа сөздерге қатысты «ойға шабуыл» әдісін жүргізудің үлгісі:

Талқылау үшін ұсынылатын тақырып: «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздер: тіл жүйесіндегі орны және маңызы».

1. Берілген тақырып бойынша әр топтан оқушылардың өз пікірін айтуды ұсыну. Бұл үшін жетек сұрақтар беруге болады.

2. Жетек сұрақтар және оқушылар тарапынан ұсынылған жауап нұсқалары төмендегі кестеде көрсетілді (Кесте 3):

Кесте 3 – «Ойға шабуыл» әдісі бойынша жетек сұрақтар және оқушылар тарапынан ұсынылған жауап нұсқалары

«Ойға шабуыл» сұрақтары	Оқушылардың жауап нұсқалары
1. Тілде өзгерістердің орын алуын, соның ішінде жаңа сөздердің пайда болу кұбылысын қалай түсіндіресіз?	1-топ: а) тіл – үнемі дамып отырады. ә) тілдегі өзгерістер тілдің өзіне кері әсерін тигізбеуі тиіс. 2-топ: а) жаңа сөздер шетелдік тілдердің әсерінен пайда болады. ә) өмірде жаңа заттармен пайда болады, сондықтан жаңа сөздер жасалады. б) әрбір заттың ұғымның қазақ тіліндегі өз атауы болса, бұл – тілдің тазалығын сақтау үшін маңызды.
2. Сөздерді «жаңа сөздер» деп атау үшін қандай белгілерді / межелерді ұсынар едіңіз?	1-топ: а) бұрын естімеген, бейтаныс сөз – мен үшін жаңа сөз; ә) алғаш естігенде түсінуге қиын; 2-топ: а) бұрын орыс тіліндегі немесе басқа тілдегі атауы көп қолданылып, кейін қазақ тіліндегі атауы пайда болады.
3. Сіз күнделікті коммуникативтік қарым-қатынаста ұғым-түсініктердің қазақша атауларын пайдаланысыз ба? (мысалы, мына сөздер: жолақы билет, дәрумен, қолшатыр, балкүлше, желкөз, емдәм, пәтерақы, кептеліс, түбіртек, дүңгіршек, даңғыл)	1-топ: а) бұл сөздердің көбісін білмеймін; ә) <i>балкүлше</i> деген сөздің мағынасын білмеймін; б) көбінесе орыс тіліндегі нұсқаларын пайдаланамын, мысалы, <i>поездной, зонтик, пирожное, витамин, форточка</i> . 2-топ: а) бұл сөздерді қарым-қатынаста пайдалансақ, түсініспестік орын алуы мүмкін. ә) осы сөздердің ішінде <i>дәрумен, қолшатыр, жолақы</i> сөздерін түсінемін, қарым-қатынаста да адамдар бұл сөзді қолданса түсінісуге болады. Ал <i>емдәм, балкүлше, желкөз</i> сөздері әлі де кең таралмаған.

3-кестенің жалғасы

4. Жаратылыстану пәндері бойынша білетін қазақ тіліндегі ғылыми терминдерді атаңыз.	1-топ: а) <i>ағза, жасуша, дәрумен, өсімдіктану</i> (шектеулі). ә) оқулықтардағы қазақ тіліндегі ғылыми терминдерді түсіну қиын. 2-топ: а) кездесетін ғылыми терминдер туралы ақпараттар көбінесе орыс тілінде болғандықтан, орыс тіліндегі баламасын түсіну оңайырақ. ә) мысалы, өсімдіктердің кейбір атауларын жаттау қиын.
5. Жаратылыстану пәндері бойынша оқулықтарда жана сөздер жиі кездеседі. Мысалы, <i>ақуыз, жасуша, дәрнәсіл, тәлімбақ</i> т.б. бұрын орыс тілінде болған терминдердің қазақша атауларының пайда болуы неге байланысты деп ойлайсыз?	1-топ: а) қазір көп сөздердің қазақша нұсқаларын тілге енгізу кең таралып келеді; ә) қазақ тілінің болашағы үшін жасалып жатқан іс-шара; 2-топ: а) таза қазақ тілінде сөйлеу керек деген ұстанымды жүзеге асыру үшін; ә) қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру үшін.

«Ойға шабуыл» әдісі бойынша қойылған сұрақтарға оқушылар тарапынан ұсынылған жауап нұсқалары олардың жалпы тілдің дамуы, жаңа сөздердің пайда болуы, оның маңызы, неге керек деген өзекті мәселелерге қатысты өзіндік шығармашылық ойлау ерекшеліктерін танытты. Осы әдістің көмегімен жаңа сабақты бастамас бұрын тақырыпқа қатысты оқушылардың не ойлайтынын білуге, олардың қызығушылығын оятуға, оқытудың уәждемесін анықтауға және жаңа сабақ тақырыбына қатысты бағыт беруге болады. «Ойға шабуыл» әдісі интербелсенді әдістің талаптарына сай әрбір оқушының белсенділігін арттыруға, өзара ақпарат алмаса отырып, өзіндік пікірін еркін жеткізуге мүмкіндік берді. Сабақ барысында интербелсенді әдістерді тоғыстыра пайдалану мақсатында осы әдісті әрі қарай интербелсенді дәріс түрлерімен жалғастыруға болады.

Интербелсенді әдістерді білім беру жүйесінде жаңғыртудың бірі – интербелсенді дәрістер. Интербелсенді дәрістерге тән ерекшеліктер сан түрлі. Солардың қатарында біздің тақырыбымызға сәйкес келетін негізгілерін атап көрсетуге болады:

- интербелсенді дәрістің негізгі ұстанымы – «беру», «үйрету» емес, «ұсыну»;
- интербелсенді дәріс оқушылардың тақырып бойынша бұрыннан бар білімін тереңдетуге, дамытуға бағытталуы тиіс;

- интербелсенді дәріс диалогтық қарым-қатынаста немесе кері байланыс негізінде жүргізіледі (*мұғалім – оқушы; оқушы – оқушы; оқушы – мұғалім – оқушы*);

- дәріс материалдары өмірден алынған шынайы деректерге сүйенілсе, оқушылардың тақырыпты талқылауға және пікір алмасу қызығушылығын оятады;

- дәрістің қорытындысы ретінде оқушылар *«Мен сабақта не үйрендім?», «Бұл білім маған қандай пайда келтіреді?», «Бұл білімді қалайша қолдануға болады?», «Бұл білім маған не үшін керек?», «Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын / жалғастырамын?», «Тағы да не білгім келеді?»* [177] деген сұрақтар төңірегінде өз жауаптарымен бөлісу арқылы жаңа білімді өз бетінше құрастырады;

- интербелсенді дәріс барысында оқушылардың белсенділігін және білімін бағалау мақсатында жазбаша тапсырмалар беріледі.

Жаңа сөздерді меңгертуде интербелсенді дәрістің мынадай жекелеген түрлерін пайдалану тиімді:

а) Мини-дәріс – теориялық материалдарды жеткізудің тиімді формаларының бірі. Оны бастамас бұрын өтілетін тақырыппен байланысты ойға шабуыл немесе рөлдік ойын өткізуге болады. Бұл оқушылар үшін тақырыптың өзектілігін ашуға және олардың тақырыпқа қатысты қаншалықты ақпаратқа ие екендігін анықтауға көмектеседі. Материал оқушыларға түсінікті тілде түсіндірілуі тиіс және әрбір жаңа терминге анықтама берілуі керек.

Теориялық білімді «жалпыдан жекеге қарай» ұстанымы бойынша түсіндірген жөн. Келесі мәселеге ауыспас бұрын айтылғандарды қорытындылап, оқушыларға түсінікті болғанына көз жеткізу керек.

Іргелі зерттеулерге сілтеме жасап, айтылған пайымдаулар ғалымдар мен мамандар тарапынан ұсынылғанын ескерту керек.

Мини-дәріс соңында оқушыларда туындаған сұрақтарды талқылап, алынған ақпаратты практикада қалай қолдануға болатынын және қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынын сұрау керек.

Мини-дәрісті интербелсенді тәртіптемеде жүргізу қажет. Мұғалім қандай да бір ақпаратты жеткізбес бұрын оқушылардың бұл туралы не білетіндігі анықталады; қандай да бір тұжырымдарды ұсынғаннан кейін мұғалім осы мәселе бойынша оқушыларды талқылауға шақырады. Алынған білімді бекіту мақсатында мини-дәрістен кейін түрлі жазбаша-ауызша тапсырмалар орындалды.

Мини-дәрістің негізгі мақсаты – ойға шабуыл әдісі бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелерін талқылау және қорытынды шығару.

Жаңа сөздерге қатысты мини-дәрістің жоба-жоспарының міндеті – қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздер және олардың тіл жүйесіндегі орны мен маңызы туралы қысқаша ақпарат беру.

«Ойға шабуыл», «Мини-дәріс» әдістерін тоғыстыра пайдаланудың жоба-жоспарын 10-сыныпта *«Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздер: тіл*

жүйесіндегі орны және маңызы» тақырыбында жүргізілген төмендегідей сабақ жүйесі арқылы көрсетуге болады (Кесте 4):

Кесте 4 – Таңдау пәні бойынша сабақ жоспарының үлгісі

Сабақ тақырыбы:	Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздер: тіл жүйесіндегі орны және маңызы
Білімдік: Дамытушылық: Тәрбиелік:	Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздер, олардың тіл жүйесіндегі орны және маңызы туралы білімін жинақтау, қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі мүмкіндіктерін көрсету. Оқушылардың жаңа сөздерді күнделікті коммуникативті актіде қолдану дағдыларын қалыптастыру және дамыту, өз пікір-көзқарастарын дәлелдеп, тұжырымдау білік-дағдысын дамыту. Қазақ тіліне деген құрметін, қазақ тілін қолдануға деген ынтасын арттыру, тілдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде өз ана тілінің өміршеңдігі мен тазалығына үлес қосуға баулу.
Сілтеме:	«Қазақ тілі» оқулығы, «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы
Жетістік критерийлері:	Оқушының төмен жетістігі (ОТЖ): шет тіліндегі атаудың қазақ тілінде жаңа сөз болып саналатын баламасын біледі. Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): жаңа сөздердің мағынасын түсінеді, сөйлеу тілінде жаңа сөздерді қолданады және олардың коммуникативтік актінің шарты мен мақсатына сай дұрыс жұмсай алады. Оқушының жоғарғы жетістігі (ОЖЖ): жаңа сөздердің әлеуметтік-қолданыстық маңызына қарай жіктемесін меңгереді, олардың қалыптану және нормалану сатыларына талдау жасай алады.
Негізгі түсініктер	Қазақ әдеби тілі, сөздік қор, жаңа сөз, қалыптану және норма
Сабақта қолданылатын материалдар:	Интерактивті тақта, таныстырылым
Оқытудың әдістері:	Ойға шабуыл, мини-дәріс, түсіндіру, сұрақ жауап, салыстыру, диалог, жұптық жұмыс, блиц-турнир
Дереккөздері:	Дидактикалық материалдар, сөздіктер, баспасөз құралдары
Пәнаралық байланыс:	Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану пәндері

Тапсырмалар:		
Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:		
Тапсырма	Мұғалімнің іс әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу	Мұғалім оқушыларды шеңбер бойына тұрғызады. «Қар көшкіні» бойынша не істеу керектігін түсіндіреді.	Оқушылар шеңбер бойына тұрады. Әрбір оқушы өз есімін атап, оған бастапқы әріптен басталатын бір жаңа сөз қосады. Мәселен, «Арман» есімі «А» әрпінен басталады, яғни ол өз есімін атап, «ағза» деген жаңа сөзді қосады. Келесі оқушы да дәл осылай өз есімін атайды.
Үй тапсырма	Үй тапсырмасын тексеріп, оқушылардың жетістігін бағалайды.	Үйге берілген тапсырма бойынша сөйлейді және сұрақтарға жауап береді.
I. Қызығушылықты ояту	«Ойға шабуыл» әдісі бойынша жаңа тақырып аясында сұрақтар қойылады.	Қойылған сұрақтарға қатысты өзіндік көзқарастарын айтады.
II. Мағынаны таныту	Мұғалім оқушыларды екі топқа бөледі. Жаңа сабақ тақырыбы бойынша мини-дәріс мазмұнын баяндайды. Дәріс соңында айтылғандар бойынша екі топқа сұрақ береді.	Оқушылар екі топқа бөлінеді. Мұғалім тарапынан ұсынылған сұраққа әр топ 3 минут ішінде жауап дайындайды. Әр топ басшылары өз тұжырымдарын және ұстанымдарын хабарлайды.
III. Ой толғаныс	Тапсырма. Мұғалім екі топқа тақырыптарды және оның мазмұнын ашатын жаңа сөздерді ұсынады және мәтінді құрғызады. а) «Табиғаттың тылсым сырлары» тақырыбында: <i>мұзбасу, мұзбел, жасуша, жанартау және т.б.</i>	Оқушылар ұсынылған жаңа сөздерді қатыстыра отырып мәтін құрайды.

4-кестенің жалғасы

	ә) «Болашақ бағдарламасымен білім алсам...» тақырыбында: <i>зияткерлік, өркениет, зайырлы, ғаламтор, ұштұзғырлы тіл, жаһандану, құзырет, қағидат, ұстаным, әлеует.</i>	
IV. Бекіту	Мұғалім өтілген тақырып бойынша әр топқа теориялық білімдерді жүйелеу мақсатында жаңа сөзге қатысты мәселелерді кластерге салуды және түсінік беруді тапсырады. Қай топ ақпаратты барынша толық бере алғанына қарай бағалайды.	Әр топ жаңа сабақ тақырыбы бойынша алған білімдерін жүйелей отырып, тірек сөздер арқылы негізгі мәселелер бойынша кластер құрастырады.
V. Бағалау	Мұғалім қорытынды бағаны оқушылардың пікірін ескере отырып қояды.	«Бағдаршам» тәсілі бойынша бағалауға қатысты көзқарастарын танытады.
VI. Үйге тапсырма	«Жаһандану, ұлт және тіл» деген тақырыпта жаңа сөздерді қатыстыра отырып мәтін құрастыру.	
VII. Рефлексия	Мұғалім оқушыларға кесте бейнеленген А4 парақтарын таратады, кестеде «Нені білдім? Нені білгім келеді? деген сұрақтар берілген.	Оқушылар әр сұрақтың тұсына өзіндік көзқарастарын тірек сөздер арқылы білдіреді.

ә) Пресс-конференциялық дәріс – жаңа сөздерді меңгертуде тиімді болып саналатын интербелсенді дәрістің бір түрі. Дәрістің бұл формасы пресс-конференцияға ұқсас. Пресс-конференциялық дәрістің негізгі мақсаты – әрбір оқушыдағы ақпараттың негізінде оларды белсенді әрекетке бағыттау.

Пресс-конференциялық дәріс оқушылардың қызуғышылықтары мен қажеттіліктерін және сабаққа дайындық дәрежелерін анықтау үшін сабақтың

басында; оқушылардың назарын пән мазмұнындағы негізгі мәселелерге аудару үшін сабақтың ортасында; сондай-ақ теориялық білімді практикада қолданудың артықшылықтарын талқылау үшін сабақтың соңында жүргізілуі мүмкін.

Дәрісті жүргізудің екі нұскасы бар:

1. Дәріс алдын ала нақтыланған мәселелер бойынша 5-10 минутқа созылатын баяндамалар негізінде жүргізіледі. Әрбір баяндама логикалық жағынан аяқталған мәтін түрінде, мұғалім тарапынан алдын ала дайындалған бағдарлама шеңберінде ұсынылады. Ұсынылған баяндамалардың жиынтығы мәселенің шешімін жан-жақты табуға мүмкіндік береді. Дәріс соңында мұғалім ақпараттарды толықтыра және нақтылай отырып, өзіндік жұмыстарды және оқушылардың белсенділігін қорытындылап, негізгі тұжырымдарды ұсынады.

2. Пресс-конференциялық дәрістің екінші нұскасы бойынша мұғалім тапсырманы жекелеген оқушыларға алдын ала беріп, оларды зерттеуші рөлінде мәселені баяндауды тапсырады, оқушылардың бір бөлігі «журналист» ретінде тақырып төңірегіндегі мәселелерді талдап келуі керек. Сабақ барысында зерттеуші рөліндегі оқушылар сөз алып, кейіннен журналист рөліндегі оқушылар өз сұрақтарын қояды. Материалды түсіндіру әрбір сұраққа жауап түрінде емес, тақырыпты жүйелі, бір тұтастық түрінде ашуға бағытталады. Дәріс соңында оқушылардың белсенділігі, қойылған сұрақтардың маңыздылығы мен берілген жауаптар, мәселені баяндау бағалауға негіз болады. Пресс-конференциялық дәріске қатысу мұғалімге де, оқушыларға да сұрақ қою және оған жауап беру, қиын да күрделі коммуникативтік жағдаяттардан жол тауып шығу, дәлелдеу және жоққа шығару дағдысын қалыптастыру, сұрақ қойған адамның ұстанымын ескеру сияқты тәжірибелерді жинақтауға мүмкіндік береді. Жаңа сөздерді меңгертудегі интербелсенді бұл дәріс түрінің тиімділігін «Жаңа сөздердің нормалануы, қалыптануы және сөз мәдениеті» деген тақырыптағы пресс-конференциялық дәрістің жоспарынан көруге болады.

Пресс-конференциялық дәрістің негізгі мақсаты – оқушылардың тақырыпқа қатысты көзқарастарын сұрақ қойдыру арқылы анықтау, талқылау және қорытынды шығару.

Жаңа сөздерге қатысты пресс-конференциялық дәрісі жоба-жоспарының міндеті – жаңа сөздердің нормалануы, қалыптануы және олардың сөз мәдениетіне қатысы туралы ақпарат беру.

Пресс-конференциялық дәріс тақырыбы: «Жаңа сөздердің нормалануы, қалыптануы және сөз мәдениеті». Бұл дәріс сабақтың басында жүргізілді. Алдымен зерттеуші рөліндегі оқушылар сөз алды, кейін басқа оқушылар тарапынан сұрақтар қойылды. Дәрістің құрылымы осы сұрақтарға жауабына қарай жүйеленді.

Кіріспе сөз: *Норма – қоғамның нақты бір даму кезеңінде тіл құралдарын қолдану және іріктеу қағидаларының, тіл құрылымына сәйкес келетін, дәстүрлі сипат алған, коммуникативтік актіде пайдаланылатын, барынша тұрақты тілдік бірліктер жиынтығы.*

Жаппай қолданысқа түсіп, көпшілікке танымал болып, қоғам мүшелерінің басым дені қолдаған және мойындаған тілдік бірліктерді заң күшіне енгізу, тіркеу қажет болады. Бұл ғылымда «кодификация» термині арқылы анықталады. Кодификация – заң ғылымының термині, ол «құқықтық нақты бір саланың құқықтық нормаларының бұрын реттелмеген түрлерін айтарлықтай дәрежеде қайта өңдеу, өзгерту және жаңғырту арқылы жүзеге асырылатын, үйлесімді және өзара байланысқа келтіретін жүйелеу тәсілі. Кодификацияланатын актілер қатарына заңдар, кодекстер, жарғылар, заңнамалық негіздер, ережелер және т.б. енеді» деген мағынамен анықталады.

1-сұрақ: Қазақ тіліндегі жаңа сөздерге қатысты «қалыптану» терминінің қолданысын қалай түсіндіресіздер?

Жауап: Әлемдік лингвистикаға ортақ термин болып табылатын «кодификация» сөзі үшін қалыптану / қалыптандыру деген терминдерді қазақ тілтануымында академик Р.Сыздық қолданып, ұсынды. Ол былай деп көрсетеді: «...кодификация терминін бірде «заңдастыру», тағы бірде «қалыпқа түсіру», «қалыптандыру», тіпті одан да ықшамдап «қалыптану» деп жүрміз. ... қалың жүртшылыққа түсінікті болу үшін ыңғайына қарай қазақшалап отырудың да жөні бар. Қайткенде де қазақша термин ұсыну қажет болса «қалыптандыру» сөзі мағына жағынан дәлірек келер еді».

2-сұрақ: Жаңа сөздердің нормаландыру мен қалыптандыру үдерісі қалай жүреді?

Жауап: Тілдік норма – қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қоғам мүшелерінің тілдік қолданысында тіл дамуының тарихи және табиғи заңдылықтарының көрінісі, қоғам дамуының нақты бір кезеңінде тіл практикасы үшін қоғам қабылдаған және мойындаған, әлеуметтік бағалаудан өткен фактілердің көрінісі. Тілдік норма – біршама тұрақты құбылыс, сондай-ақ норманың өзгермелі сипаты да бар. Сондықтан да тілдік норма қоғам дамуының әр кезеңіне қарай анықталуы керек.

3-сұрақ: Жаңа сөздерді нормаландыру мен қалыптандыруда қандай кедергілер бар?

Жауап: Ұсынылған, сөздіктерге енгізілген, Мемтерминком арқылы бекітілген жаңа атаулар – ғылыми-техникалық терминдер мен тұрмыстық атаулардың көпшілігі жазба нұсқаларда, әлеуметтік-саяси мазмұндағы мәтіндерде, ғылыми, оқу-ағарту әдебиетінде жазба тілдің көрінісі ретінде ғана қалып отыр. Мектеп оқулықтарында кездесетін кеппешөп / кеппөсімдік, бытыранық, жасунық, сызбанұсқа, тамшуыр, гүлшоғыр, үлескі сияқты жаңа сөздер – терминдер белгілі бір коммуникативтік ортада – сабақ барысында ақпарат алмасу, өз ойын жеткізу барысында ғана қолданылатындығын көрсетті. Бұл – коммуникативтік ортаның шектеулі көрінісі. Адамның сөйлеу-ойлау әрекеті және осы әрекеттің барлық коммуникативтік-прагматикалық сипаттары, жеке адамның эмоциялық жай-күйі, білім-зияткерлігі көрінетін орта – бейресми мазмұнда коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу (мәселен, сабақтан тыс уақытта ақпарат алмасу,

коммуникативтік қарым-қатынас жасау) кезінде анық байқалады. Сауалнама арқылы мектеп оқушыларының сабақтан бос уақыттарындағы коммуникативтік актіде тілдердің араласуы, дербес қостілділік (яғни жеке адамның өз біліміне қарай тілдерді араластыра сөйлеуі), бұқаралық қостілділік (бірнеше тілді білудің және пайдаланудың қоғам мүшелерінің көпшілігіне тән болуы) фактілерінің әсері жоғары екендігі анықталды.

4-сұрақ: Қалыптанған, бірақ нормаланбаған жаңа сөздер болуы мүмкін бе?

Жауап: Жаңа лексемалардың көпшілігі сөздік ауқымында ғана сақталып отыр; оның бірнеше себептері бар:

1. Тілдік норманың бір белгісі бұрыннан орныққан, дәстүрлілік сақталған, коммуникативтік актіде пайдаланылатын, барынша тұрақты тілдік бірлік болуы, демек, қазақ әдеби тілінің қазіргі қолданысы үшін **автор, бюллетень, орфографиялық сөздік, шайба, эпонея** сияқты тілдік бірліктер норма болып табылады;

2. **Епелек, жалаңғат, жебелек, күлән, құндақ, жосық** типтес жаңа сөздер семантикалық компоненттері жағынан айқын мағынаны, терминдердің ұғымдық аппаратын танытуға әлсіз;

3. **Міскін, тобырқай** сөздері семантикалық тұрғыдан айқын еместігімен қатар тілдік бірліктердің нормалануының эстетикалық ұстанымына сәйкес келмейді. Түсіндірме сөздікте міскін «бейшара, зарып-қасер» деген мағыналармен анықталады. Өнер саласында белгілі бір топ көлемінде қатысатын адамдар жиыны үшін алынған **тобырқай** сөзі түсіндірме сөздікке енгізілмеген; ал **тобыр** лексемасы арқылы «топталып жиналған қарапайым халық, қалың топ» мағынасы ұғындырылады.

4. Тағы бір топ сөздердің (**аңдатпа, бейнежазба, мұрағат**) жазба нұсқаларда қолданылу белгілері бар.

5-сұрақ: Жаңа сөздерді нормаландыру мен қалыптандырудың сөз мәдениетімен қандай байланысы бар?

Жауап: Сөз мәдениетінің ең өзекті мәселесі тілдік норма деп есептей отырып, зерттеуші Р. Сыздық «тілдік норма дегеніміз – тілдің өзі ұсынған тәртіп» деп есептейді. Тілдегі неологизмдер және ғылымның неология саласы – сөз мәдениеті мен әдеби нормалардың тікелей аспектісі. Бұл сала көлемінде қарастырылатын мәселелер, басты нысандар тілді қолданудың күнделікті тәжірибесіне барып тіреледі. Сондықтан да сөз мәдениеті тармағы қазіргі қоғам мүшелерінің тілді қалай пайдаланылатындығын, сөз мәдениетінің жоғары деңгейде болуы үшін іс-шаралардың іске асырылу жолдарын, реттелуін анықтайды. Өз тарапымыздан ықшамдап айтар болсақ, сөз мәдениеті туралы ұғым біріншіден, тілдің коммуникативтік тұрғыдан әбден жетілгендігін танытатын белгілер мен сапалардың жиынтығы мен жүйесі, екіншіден, бұл термин жеке адамның қарым-қатынас жасау мақсатында әрбір жағдаяттың ерекшеліктеріне қарай тілді нысаналы және кедергісіз, қиындықсыз түрде қолданылуын қамтамасыз ететін, коммуникативті

жестілген тілдің барлық үлгілерін білетіндігін дәлелдейтін дағдылар мен білімнің жиынтығы болып табылады.

Дәріс соңында мұғалім қойылған сұрақтар бойынша жалпы қорытынды жасады. Дәріс бойынша алынған білім мазмұнын бекіту үшін оқушылар жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған түрлі жазбаша-ауызша бекіту тапсырмаларды орындады.

Жобалау әдісі. Тілдегі жаңа лексикалық бірліктерді оқушыларға меңгертуге бағытталған оқыту үдерісінде жобалау әдісін пайдалану оңтайлы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретініне тәжірибелік оқыту барысында көз жеткіздік.

Жаңа сөздерді меңгертуде жобалау әдісінің жоғарыда аталған тиімді тұстарымен қатар мыналарды да атап өтуге болады:

- жобалау жұмысы тіл үйренудің формалдық сипатын жоюға, тілді үйренудің тәжірибелік нәтиже беруіне ықпал етеді [206];

- жаңа сөздерге қатысты ғылыми тұжырымдарға өз бетінше жан-жақты талдау жасауға;

- жаңа сөздердің қолданыстық ерекшеліктеріне нақты мысалдармен талдау жасауға;

- оқушының өз ізденіс нәтижесін ұсыну арқылы тілдік және сөйлеу құзыреттілігін дамытуға;

- өз ойларын дәйектеуге;

- жаңа сөздердің нормаландырушы және қалыптандырушы көздердің қызметі мен маңыздылығын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Жаңа сөздерді меңгертуде біздің тарапымыздан ұсынылған жоба тапсырмалары төмендегідей сипаттармен ерекшеленді:

1. Хронологиялық жағынан нақты уақытқа белгіленді (оқу жылының басынан соңына дейін орындалатын жоба);

2. Жобадағы басым әдістер:

- а) зерттеушілік немесе ғылыми:*

- 1) құрылымы жағынан ғылыми зерттеуге жақын (ғылыми-практикалық бағыттағы жобалар);

- 2) тақырыптың өзектілігі туралы дәлелдеме келтіреді (қазақ және орыс тіл біліміндегі жаңа сөздер туралы зерттеулер мен тұжырымдар);

- 3) проблеманы, зерттеудің пәнін, нысанын, мақсаты мен міндеттерін анықтайды (баспасөз тіліндегі жаңа сөздер, баспасөз тілі, жаңа сөздердің сипатын айқындау және баспасөздегі жаңа сөздерге талдау жасау);

- 4) зерттеудің болжамдарын ұсынады (қазіргі қазақ баспасөзі жаңа сөздерді нормаландыру мен қалыптандырудың маңызды тетігі);

- 5) зерттеудің және экспериментті жүргізудің әдістерін белгілейді (жинақтау, жүйелеу, салыстыру, сауалнама т.б.);

- 6) нәтижелерді талқылайды және ресімдейді (таныстырылымдар ұйымдастыру);

- 7) зерттеудің алдағы келешегі үшін қорытындыларды тұжырымдайды және проблемалық тұстарын көрсетеді (жаңа сөздердің нормалануы мен

калыптануы – динамикалы, ұзақ, күрделі үдеріс және синхронды тұрғыдан зерттеуді қажет етеді).

ә) *ақпараттық*: оқушыларды ақпараттарды табуды және талдауды үйретуге бағытталады. Мұндай жобалар анағұрлым іргелі зерттеу жобасына біріктірілуі және оның бір бөлігі болуы мүмкін. Бұл ретте оқушылар ақпаратты алудың (әдебиеттер, кітапхана қорлары, БАҚ, деректер базасы, соның ішінде электронды қорлар, сауалнама және сұхбат алу әдістері), оны өңдеудің (талдау, жинақтау, белгілі фактілермен салғастыру, дәлелді қорытындылар) және таныстырылымның (баяндама, жарияланымдар, ғаламтор желісіне немесе әлеуметтік желілерге орналастыру т.б.) түрлі әдістерін меңгереді. Осы аталғандардың ішінде оқушылар ғаламтордағы sozdik.kz қазақша-орысша орысша-қазақша онлайн сөздігімен, «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газеттерімен, ғылыми зерттеу еңбектерімен жұмыс жасай отырып, жүргізген сауалнама нәтижелерін, алынған нақты деректерді салыстырып, талдау жасады.

б) *шығармашылық*: «Дизайн-ілемек» логикасы бойынша құрылады: зерттеудің қажеттілігін анықтайды (бұрыннан бар нысандардың дизайн-талдауын жасайды). Нәтижені ұсынудың формасы түрліше болуы мүмкін (бұйым, бейнефильм, іс-шара, экспедиция, репортаж және т.б.). Мәселен, тәжірибе барысында ұсынылған жоба тапсырмаларының нәтижелер бейнефильм, сауалнаманың статистикалық өңдеулер, сөздік түрінде көрсетілді;

в) *практикалық-бағдарлық* – міндетті түрде практикалық жолы ұсынылады. Мысалы, нақты бір қажеттілікті қанағаттандыратын бұйым; жобаға қатысушы оқушылардың тікелей қызығушылығын қозғайтын немесе қоғамдық мәселені шешуге бағытталған белгілі бір әлеуметтік нәтиже және т.б. Бұл жерде ең маңыздысы тек сәтті құрылымданған жоба ғана емес, сондай-ақ біріккен және жеке үйлестіру жұмыстарының жақсы ұйымдастырылуы, алынған нәтижелердің және оларды практикаға енгізудің мүмкін болатын әдістерінің таныстырылымын (презентация) ұйымдастыру, сондай-ақ жобаны сыртқы бағалауды ұйымдастыру да елеулі маңызға ие. Осымен байланысты оқушылар тарапынан жаңа сөздердің шағын сөздігі құрастырылды. Осы арқылы жаңа сөздер сөздігінің қажеттігін дәлелдеді. Барлық ұсынылған жоба тапсырмалары бойынша жаңа сөздердің белгілі бір аспектідегі практикалық құндылығы тұжырымдалып, таныстырылымдар ұйымдастырылды.

3. Пәнаралық байланысы – сабақ уақытынан тыс екі немесе бірнеше мұғалімнің жетекшілігімен әртүрлі пәндер немесе салалар бойынша орындалады. Мәселен, қоғамдық және жаратылыстану бағытындағы пәндер немесе ғылымдардың тоғысында интеграциялық сипаттағы терең мазмұнды жобаларды жасауға болады. Осы бағытта тәжірибе барысында оқушыларға «Жаратылыстану пәндері оқулықтарындағы жаңа сөздердің сипаты (биология, география бойынша)» тақырыбында жоба ұсынылды. Жобаны орындау барысында оқушылар ағымдағы аталған пән бойынша мұғалімдердің көмегіне жүгінді.

Бұл аталғандардың әрқайсысы жаңа сөздерді меңгертуде жобалау әдісін пайдаланудың тиімділігін нақтылай түседі.

Жоба тақырыбы мынадай үш сұраққа жауап беруге негізделді:

1. Қандай мәселені зерттейміз және шешеміз? (мәселен, баспасөз тіліндегі жаңа сөздердің сипаты);

2. Мәселені ненің есебінен шешеміз? (қазіргі қазақ баспасөздері);

3. Зерттеудің пәні не? (баспасөздер тіліндегі жаңа сөздер).

Тақырып анықталғаннан кейін оның негіздемесін жасау керек. Бұл ретте оқушылардың мынадай сұрақтардың жауабын білуі ескерілді:

1. Мәселе бұрын қарастырылды ма? (баспасөздегі жаңа сөздер зерттелді ме?);

2. Бұл мәселені кімдер зерттеді? (баспасөздегі жаңа сөздердің сипатын зерттеушілер кімдер?);

3. Мәселенің қандай аспектілері бұған дейін зерттелді? (баспасөз тілінің қандай лексикалық ерекшеліктері бұрын қарастырылды?);

4. Осы тақырып бойынша зерттеу жұмыстары бар ма?

5. Қандай мүмкіндіктер әлі де зерттелмеген? (баспасөздің жаңа сөздерді нормаландыру мен қалыптандырудағы қызметі қандай?);

6. Қоғамның қазіргі даму сатысында белгіленген мәселе өзекті ме? (баспасөздің мемлекеттік тілді, оның ішкі мүмкіншіліктерін дамытудағы үлесі қандай?).

Жобалау әдісінде мына мәселелер оқушыларға түсіндірілуі талап етілді: біріншіден, зерттеудің проблемасы мен тақырыбы бір нәрсе емес. Проблема тақырыптың қарастырылу жағын ұсынады; ол бүкіл жұмыс үшін негізгі желі болып табылады. Осымен байланысты проблеманы нақты, айқын, дұрыс анықтау керек. Ол проблемалық жағдаят, шешімін таппаған сұрақ, теориялық немесе практикалық міндет және т.б. түрінде де тұжырымдалуы мүмкін. Проблема – белгілі мен белгісіздің арасындағы шекара. Демек, бұл – зерттеуге себеп болған нәрсе емес, зерттеудің неге бағытталғаны.

Жаңа сөздерді меңгертуде оқушыларға екі жоба жұмысын орындау тапсырылды.

Бірінші – сөздік түзу жобасы. Бұл жоба орындалу мерзімі жағынан оқу жылының соңына дейін созылды. Жобаның мақсаты – «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: норма және қалыптану» деп аталатын пәнді оқыту барысында дәріс сипатындағы және практикалық сабақтарда кездескен жаңа сөздерді меңгерту. Сөздік түзу жобасы бойынша ең алдымен оқушылар қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің зерттелу жай-күйі, қалыптануы мен нормалануы проблемаларына шолу жасады. Жоба негізінде оқушылар әрбір жаңа сөздің қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларын қатар алды, себебі қазақстандық тілдік қауымдастықтағы қостілділік жағдаятында бұрын орыс тіліндегі баламасы қолданыста болған сөздердің қазақ тіліндегі жаңа атауларын нормаландыру үшін орыс тіліндегі нұсқаларын қатар білу тиімді.

Екінші зерттеу жобасы екі бағыт бойынша жүргізілді. Бірінші бағыт – жаратылыстану пәндері (биология, география) оқулықтарындағы жаңа

сөздердің жай-күйі, сипаты, қалыптануы мәселелері бойынша жоба жұмысы. Екінші бағыт – қазіргі масс-медиа тіліндегі жаңа сөздердің сипаты, БАҚ-тың жаңа сөздерді нормаландыру мен қалыптандырудағы маңызы мен рөлі туралы жоба жұмысы.

Бұл жобалар бойынша ең алдымен зерттеу нысаны ретінде қазақ тіліне соңғы 25 жылда енген жаңа сөздердің түрлі көздерін (мектеп оқулықтары мен масс-медиа) ала отырып, нені, қандай мәселе қарастырылатындығы анықталды. Оқушылар жоба жұмыстары бойынша проблеманың осыған дейінгі зерттелуі, кімдердің зерттегендігін, қандай мәселелер әлі де зерттелмеді және қазіргі таңда өзектілікке ие деген сұрақтардың жауабын жүйелей отырып, өзіндік көзқарастары мен шешімдерін ұсынды.

Жоба тапсырмалары оқушылардың қызығушылығын оятуға, уәждемесін және олардың белсенділігін арттыруға және зерттеушілік құзыреттілігінің дамуына жол ашады.

Алдын ала белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін оқушылардың шығармашылық, креативті ойларының жемісі жоба нәтижесінде көрінді. Мәселен, оқушылардың бір тобы жаратылыстану пәндері бойынша оқулықтарда кездескен жаңа сөздердің сипатын, атап айтқанда, олардың сөзжасамдық сипатын, семантикалық айқындылығын өз бетінше пайымдай отырып, төменгі сынып оқушыларынан сауалнама алды және жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалану үдерістеріндегі оң нәтижелер мен қарама-қайшылықтарды анықтады.

Масс-медиадағы жаңа сөздердің сипатына қатысты орындалған жоба жұмысының нәтижесінде де оқушылар тарапынан шағын зерттеу жұмысы ұсынылды. Күнделікті газет-журнал беттерінен жаңа сөздердің қолданылу ерекшелігі, олардың қалыптану жай-күйі (сөздіктерден іздестіру), сөзжасамдық сипаты сияқты мәселелерді нақтылай келе, оқушылар қазақ тілді ересек адамдар арасында сауалнама жүргізді. Осы арқылы баспасөздің жаңа сөздерді нормаландырудағы маңызын, қызметін анықтап, тұжырымдар жасады. Сондай-ақ телебағдарламалар, телехикаялар тілінде кездесетін жаңа сөздерге дәлел ретінде телетуындылардың қиындыларынан құрастырылған көрнекілік материал ұсынды. Телебағдарламалардағы журналистер тіліндегі кейбір қазақ тіліндегі аудармасы бар, қалыптанған жаңа сөздердің орнына орыс тіліндегі баламасын қолдану жағдайларын нақты мысалдармен дәлелдей отырып, осы мәселелерді шешу жолында зерттеушілік пайымдауларын ұсынды.

Сонымен қатар жобалау әдісі бойынша ұсынылған зерттеу тапсырмалары шығармашылық сипатқа ие болғандықтан, оларды шығармашылық сипаттағы тапсырмалар қатарына жатқызуға болады.

Қорыта келгенде, оқытудың интербелсенді әдістері – ашық талқылау жүргізудің моделі, онда білім алушыларға шынайы болмыс туралы ойлануға, зерттеуге және талдауға мүмкіндік беріледі. Интербелсенді әдіске негізделін ұйымдастырылған оқыту үдерісіне оқушылардың барлығына қатысуға мүмкіндік жасалады. Интербелсенді әдістер кешенінің ерекшелігі – субъектілердің өзара әрекетінің белсенділікке жоғары деңгейде бағыттылуы

және оқушылардың эмоционалдық және рухани тұрғыдан біртұтастығы. Сабақты жүргізудің дәстүрлі формасымен салыстырғанда интербелсенді оқыту үдерісінде мұғалім мен оқушының өзара әрекеті алмасады: мұғалімнің белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал мұғалімнің міндеті – оқушының бастамасы үшін жағдай жасау. Осы тұрғыдан келгенде жаңа сөздерді меңгертуде қолданылатын интербелсенді әдістер – қазіргі білім берудің талаптарына жауап беретін, жаңа сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың лексикалық қорын байытуда, жаңа сөздерді менталды лексиконда репрезентациялауда және жаңа сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың тілдік тұлғасын қалыптастыруда оң нәтижеге қол жеткізудің тиімді жолы.

3.3 Жаңа сөздерді меңгертудің әдістемелік жүйесі бойынша жүргізілген эксперименттің барысы және нәтижелері

Тілдік тұлға болып саналатын және жалпы білім беру үдерісіндегі орталық субъект – оқушының қазақ тіліндегі жаңа сөздерді тануы, жаңа сөздерге деген танымдық және уәждемелік қызығушылықтарының артуы, мойындауы, қазақ тілін жоғары дәрежеде меңгеруге деген ұмтылысы қандай дәрежеде екендігін анықтауда эксперимент жүргізу тиімді нәтижелер берді.

Білім беруді жетілдірудің тиімді жолдарының бірі – оқыту, білім беру әдістерін одан әрі жаңғырта түсу (модернизация жасау), тың жолдарын іздестіру және оны практикада қолдану. Жалпы орта білім жүйесінде оқушылардың сөз мәдениетіне деген танымдық және уәждемелік қызығушылықтарын арттыру, дамыту мақсаттарында күнделікті сабақ беру үдерісінің нәтижелі болуын зерттеу әдістерінің бірі – эксперимент жүргізудің тиімділігі жоғары болды. Эксперимент қорытындылары оқушының жалпы білім деңгейін анықтау, осы арқылы тілді оқытудың жаңғыртылған тиімді әдістерін енгізудің, оқу бағдарламаларын жетілдіре жоспарлаудың мүмкіндіктерін көрсетуді көздеді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес эксперимент анықтау (қандай проблеманың барын анықтау, келесі жұмысты қандай позициядан бастау керектігін көрсететін эксперимент), қалыптастыру (проблеманы шешудің жолдарын зертханалық жағдайларда кең ауқымда қамтитын эксперимент) және қорытынды (алынған материалдарды бағалау мүддесін көздейтін эксперимент) кезеңдер бойынша жүргізілді.

Зерттеу нысанына сәйкес жүргізілген эксперименттің жалпы мақсаты – жалпы орта білім беретін мектептердегі қазақ тілін оқыту үдерісінде жаңа сөздер мәселесінің теориялық және практикалық тұрғыдан қамтылу дәрежесіне сараптама жүргізу, бейіндік мектепте оқушылардың тілдік тұлғасын дамыту мүддесінде жаңа сөздерді меңгертудің әдістемелік жүйесін ұсыну, жаңа сөздерді оқыту мен меңгертудің жаңа технологияларға негізделген әдіс-тәсілдерін жетілдіру, олардың тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу.

Эксперименттің кезеңдері Алматы қаласы Медеу ауданына қарасты Ы. Алтынсарин атындағы №159 гимназиясы мен Орал қаласындағы №1 мектеп-гимназиясының базасында жүзеге асырылды. Сауалнамаға 204 оқушы (10-сынып) қатысты: анықтау кезеңі үшін – 106 оқушы; қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерде – 98 оқушы (Қосымша Б).

Анықтау кезеңінің мақсаты – қазақ тілі пәні бойынша оқыту үдерісінде оқушыларға жаңа сөздерді меңгерудің теориялық және практикалық мәселелерін және бейіндік мектептегі оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру деңгейін анықтау, жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған әдістемелік кешеннің тиімділігін дәлелдеудің мүмкіндіктерін айқындау. Анықтау кезеңінде осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер белгіленді:

- жалпы орта білім беретін мектептің 5-10-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқулықтары мен пәннің типтік оқу бағдарламаларындағы білім мазмұнының құрылымына, соның ішінде жаңа сөздер мәселесінің қамтылуына талдау жүргізу;

- оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында қазақ тілі сабақтарына қатысып, оқушылардың сөйлеу тіліндегі жаңа сөздердің қолданысын бақылау;

- жаңа сөздерді білу деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама жүргізу;

- анықталған проблемалар бойынша қалыптастырушы экспериментті жүргізудің негіздемесін нақтылау.

Анықтау кезеңінің міндеттеріне сәйкес «Қазақ тілі» оқулықтары мен пәннің типтік оқу жоспарлары, білім мазмұнының құрылымы мен жаңа сөздердің теориялық және практикалық қамтылу деңгейі анықталды. Мектептердегі қазақ тілі сабақтарында жалпы тілді және жаңа сөздерді оқытудың әдіс-тәсілдеріне, оқушылардың сөйлеу тіліндегі жаңа сөздердің қолданыс белсенділігіне талдау жасалды.

Оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру дәрежесі мен танымдық-уәждемелік қызығушылықтарының деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырылған сауалнама 3 бөліктен тұрады:

- 1) танымдық-уәждемелік қызығушылықтарының деңгейін анықтауға арналған сауалнама сұрақтары:

- 2) қазіргі тілдік жағдаятқа сәйкес шет тіліндегі қолданыс жиілігі басым сөздердің қазақша және орысша баламасын сәйкестендіруге арналған тапсырмалар (қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы жаңа сөздер, терминдік атаулар);

- 3) жаратылыстану бағытындағы жаңа сөздердің мағынасын түсіну дәрежесін анықтауға арналған тапсырмалар.

Анықтау кезеңінде оқушылардың танымдық-уәждемелік қызығушылықтарын айқындау мақсатында ұсынылған сауалнама сұрақтарының нәтижесі төмендегідей болды (Кесте 5):

Кесте 5 – Танымдық-уәждемелік қызығушылықтарының деңгейін анықтауға арналған сауалнама сұрақтары және олардың нәтижелері

№	Сауалнама сұрақтары	Жауап нұсқалары	%
1	Қазақ тілін үйренудегі мақсатым...	барлық пәннен үздік болуға ұмтылу	3%
		қазақ тілі сабағына қатысу талап етіледі	12%
		қазақ тілін жетік білу – міндетім	85%
2	Сөйлеуде шет тілдік атауларды қолдануға не түрткі болады?	Дағдыланып кеткенмін	40%
		Қазақша баламасын білмеймін	25%
		Шеттілдік сөз айтуға оңай, түсінікті	33%
		Қазақ тіліндегі нұсқасын ғана қолданамын	2%
3	Ұғым-түсініктің, заттың жиі қолданыстағы шет тілдік атауының орнына қазақша балама керек пе?	Иә, қазақ тілінің өміршеңдігі үшін бұл аса қажет.	41%
		Жоқ, шеттілдік балама қалғаны дұрыс	8%
		Иә, бұл үшін қазақ тілінің әлеуеті мен мүмкіндіктері аса жеткілікті	46%
		Жоқ, шеттілдік атауларды нақты беруде қазақ сөзінің әлеуеті төмен	5%
4	Жаңа сөздерді білу не үшін маңызды?	Аса маңызды емес	7%
		Күнделікті коммуникативтік қарым-қатынаста барлығын қолдану мүмкін емес	35%
		Ана тілінде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру үшін маңызды	58%

Ұсынылған сауалнама сұрақтарының нәтижесінде оқушылардың өз ана тілін білу, оған жауапкершілік қарым-қатынасы, тілді сақтауға мүдделілік танытуы жоғары екендігі байқалды. Алайда сауалнаманың қорытындысы көрсетін отырғанындай, оқушылардың жаңа сөздерді танып-білуге деген қызығушылықтың төмен деңгейде болуы мынадай факторға байланысты:

1-фактор: Қостілділік жағдаяты – қоғам мүшелерінің коммуникативтік қарым-қатынасында қостілділіктің ықпалы жоғары;

2-фактор: Пайда болған жаңа сөздердің негізінен жазба нұсқаларда, ресми іскери құжаттарда орын алуы; ауызекі әдеби тілге араласуының бәсеңдігі;

3-фактор: «Қазақ тілі» оқулықтарындағы тілдік факті ретінде жаңа сөздердің аз көлемде қамтылуы, яғни білім беру үдерісінде бәсең насихатталуы;

4-фактор: Қазақ тілі пәнін оқытуда интеграциялық талаптардың жеткілікті түрде орындалмауы.

Анықтау кезеңінің мақсатына сәйкес ұйымдасытырылған тапсырмалардың 2-бөлігі – қазіргі тілдік жағдаятқа байланысты орыс тіліндегі қолданыс жиілігі басым сөздердің қазақша баламасын сәйкестендіруге арналған тапсырмалар.

Бұл тапсырманың мақсаты – мектеп оқушысын тілдік тұлға ретінде тани отырып, оның қазіргі қазақ әдеби тіліндегі мерзімді баспасөзде, басқа да масс-медиа құралдарында, жарнамаларда жоғары жиілікпен жұмсалатын (кеңінен танымал деп есептелген) жаңа сөздерді меңгеру және ЖОББЖ-дағы жаратылыстану пәндері бойынша лингводидактикалық базада қолданылған жаңа сөздерді білу, танып-түсіну деңгейін анықтау. Тапсырма шеңберінде: 1) қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы (кең қолданысқа түскен) жаңа сөздердің қазақ тіліндегі баламасы ұсынылды. Тапсырма бойынша оқушы орыс тіліндегі баламасын ұсынуы тиіс. Берілген сөздер: *үдеріс, үрдіс, қағидат, кеден, тосынсый*; 2) қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы жаңа сөздердің орыс тіліндегі баламасы ұсынылды. Оқушы ұсынылған сөздердің қазақ тіліндегі баламаларын көрсетуі керек. Берілген сөздер: *диета, концепция, глобализация, сувенир, форточка*.

Жаңа сөздердің қазақ және орыс тілдеріндегі баламаларын сәйкестендіруді ұсынуға негіз болып отырған фактор – қазақстандық қоғамдағы қостілділік жағдайының мектептегі, қоғамдық орындардағы тілдік ортада кеңінен таралуы.

Тапсырма нәтижесі бойынша берілген сөздердің қазақ және орыс тілдеріндегі баламаларын сәйкестендіру мынадай көрсеткіштерге ие болды (Кесте 6):

Кесте 6 – Қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы жаңа сөздерді меңгеру дәрежесін анықтауға арналған тапсырма нәтижесі


Ұсынылған жаңа сөздер	Дұрыс сәйкестік (%)	Қате сәйкестік (%)	Жауап беруден бас тарту (%)
<i>үдеріс</i>	38	33	29
<i>кеден</i>	46	27	27
<i>үрдіс</i>	29	36	35
<i>лаңкестік</i>	69	14	17
<i>тосынсый</i>	46	25	29
<i>диета</i>	24	40	36
<i>компетентный</i>	39	34	27
<i>глобализация</i>	46	31	23
<i>сувенир</i>	18	43	39
<i>форточка</i>	8	55	37

Қазақ тіліндегі жаңа сөздердің орыс тіліндегі баламасын көрсетуде оқушылардың *үрдіс* және *үдеріс* сөздерін шатастыратындықтары байқалды. *Үдеріс* сөзінің орыс тіліндегі *процесс* деген баламасын 40 оқушы дұрыс көрсеткен, ал 35 оқушы *тенденция, динамика, развитие, позиция* сияқты қате сәйкестіктер ұсынған, 31 оқушы ешқандай жауап көрсетпеген. *Кеден* сөзінің орыс тіліндегі баламасын 48 оқушы дұрыс көрсетсе, 29 оқушы қате жауап

көрсеткен және 29 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Үрдіс* сөзін дұрыс сәйкестендіргендердің саны – 31, ал 38 оқушы *процесс, обучение, методика* сияқты қате жауаптар ұсынған, 37 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Лаңкестік* сөзінің дұрыс жауабын 73 оқушы дұрыс көрсеткен, бұл сөздің қазіргі қоғамдағы өзектілік деңгейінің жоғары екендігі байқалады, 15 оқушы мағынасы жақын *террорист, война, переворот, разрушение, смертник, правонарушение* сияқты сөздермен қатар қате жауаптар ұсынған, 18 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Тосынсый* сөзінің семантикалық жағынан түсініктілігіне қарамастан, 27 оқушы қате жауап берсе, 31 оқушы жауап беруден бас тартқан, дұрыс жауап ұсынған 48 оқушы *тосынсый* сөзінің *сюрприз* баламасын көрсеткен.

Орыс тілінде ұсынылған сөздердің қазақ тіліндегі баламаларын көрсету тапсырмасының нәтижесі бойынша *диета* сөзіне 25 оқушы *емдәм* деген дұрыс жауапты ұсынса, 43 оқушы қате жауаптар берген, соның ішінде сөздің мағынасын түсіндіруге тырысқандар бар, «дұрыс тамақтану», «аз тамақтану», «салауатты өмір салты» деген сияқты жауаптар кездеседі, 38 оқушы жауап беруден бас тартқан. Бұл сөздің әлі де тілімізде қазақша баламасының нормалану сипатының жоқтығын, қолданыс белсенділігінің әлі де төмен екендігінің белгісі. *Компетентный* сөзінің *құзыреттілік* баламасын 41 оқушы дұрыс көрсетсе, 36 оқушы қате жауап ұсынған, 29 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Құзыреттілік* сөзінің білім беру үдерісінде қолданыс белсенділігі жоғары екендігін ескерсек, бұл сөзге нормалану сипаты тән. *Глобализация* сөзіне *жаһандану, ғаламдану* деген жарыспалы вариант қатарларын көрсеткен оқушылардың саны – 49, бұл сөздің қоғамның түрлі салаларындағы қолданыс белсенділігінің жиілігі оның нормалану сипатын айқын танытады. 33 оқушы қате жауаптар ұсынған, 24 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Сувенир* сөзіне дұрыс балама ұсынған оқушылардың саны – 19, 46 оқушы қате жауап ұсынған (*ескерткіш, сыйлық, есте сақтау сыйлығы*), ал 41 оқушы жауап беруден бас тартқан. Әлі де қолданыста *кәдесый* сөзінің қолданыс белсенділігінің төмен екендігі, қарым-қатынаста *сувенир* баламасының жоғары жиілікте жұмсалатындығы байқалды. Күнделікті тұрмыста әлі де *форточка* сөзінің орыс тіліндегі баламасы қолданылатындығын дұрыс жауап ұсынған оқушылардың саны дәлелдейді, атап айтқанда 9 оқушы дұрыс жауапты ұсынса, 58 оқушы *желдеткіш, терезе, кішкентай терезе* сияқты қате баламаларды көрсеткен, 39 оқушы жауап беруден бас тартқан.

Қазақ және орыс тілінде ұсынылған сөздердің жауаптарын салыстырғанда байқалған жай, қазақ тіліндегі сөздердің орыс тіліндегі баламасын дұрыс көрсеткендердің саны басым, ал орыс тіліндегі сөздердің қазақша баламасын беруде оқушылардың қиналатындығы байқалды. Бұл қазақ тіліндегі жаңа сөздердің орыс тіліндегі баламасының оқушылар үшін жақсы таныс екендігін, ал орыс тіліндегі сөздердің қазақ тіліндегі баламаларын оқушылардың сөйлеу тілінде қолданбайтындықтарын көрсетеді (Сурет 10).



Сурет 10 – Қазақ және орыс тіліндегі баламалары бойынша алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Анықтау кезеңінің 3-бөлігін жаратылыстану бағытындағы жаңа сөздердің мағынасын түсіну дәрежесін анықтауға арналған тапсырмалар құрайды. Бұл тапсырмалардың мақсаты – оқушылардың жаратылыстану циклі бойынша мектеп оқулықтарында кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіну, сөздің мағынасы туралы жалпы түсінік деңгейін анықтау. Алынатын нәтижелер мектеп оқушысының танымындағы жаңа сөздердің орнын, тезаурустық білім деңгейін тексеруге мүмкіндік береді. Тапсырма көлемі – 5 сөз: *сынауыр*, *кеппешөп*, *желбазар*, *тұсбазар*, *сырғыма*. Үлгі ретінде «жасуша» сөзі және оның түсініктемесі ұсынылды: *Жасуша – бұл тірі ағзалар құрылымының ең қарапайым бөлігі, құрылысы мен тіршілік негізі*.

Жаратылыстану бағыты бойынша іріктеліп алынған жаңа сөздер семантикалық жағынан айқын, осымен байланысты оқушылардың жаңа сөздердің терминдік қызметіне емес, семантикалық ерекшелігіне назар аударғанын төмендегі нәтижелерден көруге болады (Кесте 7):


Кесте 7 – Жаратылыстану бағытындағы жаңа сөздердің мағынасын түсіну деңгейін анықтауға арналған тапсырманың нәтижесі

Ұсынылған жаңа сөздер	Толық сәйкестік (%)	Жартылай сәйкестік (%)	Нөлдік сәйкестік (%)
<i>сынауыр</i>	25	35	40
<i>кеппешөп</i>	56	26	18
<i>желбазар</i>	18	63	19
<i>тұсбазар</i>	43	42	15
<i>сырғыма</i>	28	37	35

Жаратылыстану циклі бойынша оқулықтардағы қазақыландыру үдерісінің қарқындылығына талдау барысында көз жеткізілді. Алайда ұсынылып жүрген

қазақша баламаларды оқушылардың қаншалықты деңгейде қабылдайтындығын анықтауда оқыту үдерісінде терминдік атаулардың орыс тіліндегі баламасына басымдық берілетіндігі, оқушылардың терминге қатысты білімді жинақтауда шеттілдік атауды басшылыққа алатындығы байқалды. Мәселен, сынауыр сөзінің (*түбі жартылай дөңгелек, конусты және тегіс болып келетін цилиндр пішінді арнайы түтік*) толық терминдік түсініктемесін берген оқушылардың саны – 27; ал 37 оқушының жауабы сөздің семантикалық ерекшелігіне негізделген, сөз құрамындағы *сын* деген бөлшекке назар аударып, *бір нәрсені өлшеу, сынау* мағынасымен байланыстырған. 42 оқушының жауап нұсқалары нөлдік сәйкестікке ие. *Кеппе* және *шөп* сыңарлары тұтас *кеппешөп* сөзінің семантикасын айқындап тұр. *Кеппешөп* – *кептірілген шөптердің топтамасы*. 59 оқушы бұл сөздің терминдік түсініктемесін толық ұсынса, 28 оқушы жартылай сәйкестік деп бағаланған жауаптар ұсынған (*шөпті кептіру, кептірілген шөппен жасалған сурет, жапырақтарды кептіру т.б.*), ал 19 оқушының берген түсініктемесі қате деп бағаланды. *Желбағар* (*желдің бағыты мен жылдамдығын өлшеуге арналған аспап*) сөзінің география саласы бойынша терминдік мағынасына толық сәйкес келетін жауапты 19 оқушы ұсынды, бұл ретте оқушылар желбағардың заттық қызметін басшылыққа алған. Ал 67 оқушының жартылай сәйкестік деп бағаланған жауаптары сөздің семантикалық айқындылығына негізделген (*желді бақылау, желді тексеру, желді анықтау т.б.*). 20 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Тұсбағар* (*көкжиек тұсына қатысты бағдарды анықтауға арналған, географиялық немесе магнитті меридиан бағытын көрсетуші аспап*) – қолданыс белсенділігі жоғары, нормалық сипаты басым әрі семантикалық жағынан түсінікті сөз. Терминдік мағынасын 46 оқушы дәл берсе, 44 оқушының жауабы жартылай сәйкестік ретінде бағаланды, 16 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Сырғыма* сөзінің терминдік мазмұнын (*ауырлық күшінің ықпалымен өзендер мен көлдер, теңіздердің тік жағалауларынан, таулар мен сайлардың жыраларынан топырақ массасы мен тау жыныстарының төмен қарай тайғанап ығысуы*) толық ұсынғандар – 30, ал сөздің семантикалық ерекшелігіне негізделген жауаптар саны – 39, нөлді сәйкестік ретінде 37 жауап бағаланды.

Алынған нәтижелер көрсетіп отырғанындай, жаратылыстану ңиклі бойынша мектеп оқулықтарында кездесетін жаңа сөздердің терминдік қызметі туралы оқушылардың танымы берілетін білім мазмұнының көлеміне сәйкес емес. Оқушылар сөздің семантикалық айқындылығы жоғары екендігіне қарамастан, оның терминдік қызметіне назар аудармайтындығы байқалды. Жартылай сәйкестік ретінде бағаланған жауап нұсқалары ұсынылған сөздердің семантикалық ерекшеліктеріне негізделген (Сурет 11).



Сурет 11 – Жаратылыстану бағытындағы жаңа сөздердің мағынасын түсіну дәрежесін танытатын жауаптардың пайыздық көрсеткіштері

Оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру деңгейін анықтау бағытталған эксперименттің алғашқы анықтау кезеңінде мынадай нақты проблемалар анықталды:

- орта білім беру жүйесіне арналған қазақ тіліндегі оқулықтардың (қазақ тілі және жаратылыстану пәндері бойынша) дидактикалық базасында бұрын интернационалды атаулары норма болған терминдерді қазақшаландыру үрдісінің басымдығы;

- мектеп оқулықтарын қазіргі тіл саясатына сәйкестендіру мақсатында лексикографиялық еңбектерге тіркелген жаңа сөздердің енгізілуі және оқулықтар авторлары тарапынан жаңа сөздердің жасалуы (жаратылыстану ғылымдары бойынша мектеп оқулықтарындағы жаңа сөздердің статистикалық мәліметі біздің тарапымыздан анықталған; мысалы, тек қана 7-сыныпқа арналған биология пәні бойынша оқулықта 334 сөз кездеседі);

- қазіргі мектеп оқулықтарының тілі мен стилін біршама жанартқан;

- қазіргі мектеп оқушысы үшін психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қарағанда, оқулықтардың тілін қабылдау біршама күрделенген;

- қазіргі күрделі қоғам жағдайында оқушылардың менталды лексиконында жаңа сөздердің орнығу дәрежесі ғылыми және практикалық тұрғыдан әлі де анықталмаған, яғни анықтау кезеңінің нәтижесі көрсеткендей, көптеген жаңа сөздер жазба нұсқаларда ғана сақталған. Әсіресе жаратылыстану бойынша ғылыми аталымдардың *тіл жүйесі – сөйленіс – узус* үштігіндегі орналасуы бірдей емес. Ғылыми терминдер тіл жүйесінде бар (негізінен жазба нұсқаларда, ғылыми әдебиеттерде), бірақ *сөйлеу* және *узус* деңгейіне өту дәрежесі бәсең.

Анықтау кезеңінде жүргізілген сауалнаманың жалпы қорытындысы бойынша оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру дәрежесінің салыстырмалы түрде бәсең екендігі байқалды. Бұл жаңа сөздерді есте сақтау, әлеуметтік-қолданыстық маңызын түсіну, дұрыс қолдану дағдыларының төмен екендігін дәлелдейді. Осыған байланысты жаңа сөздерді меңгерту бағытында білім беру жүйесінде нақты іс-шараларды жүзеге асырудың қажеттілігі туындайды.

Эксперименттік анықтау кезеңінде алынған нәтижелер бойынша және зерттеудің нысанына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес тәжірибелік оқыту қолға алынды.

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты – жаңа сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибе арқылы дәлелдеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер ілгері шығарылды:

- тәжірибелік оқытуды ұйымдастырудың жоспарын құру;
- эксперименттік және бақылау топтарын анықтау;
- эксперименттік сыныптардағы оқушылармен сұқбат өткізу;
- өткізілетін сабақтардың жоспарын жасау.

Анықтау кезеңінің нәтижелері бойынша бақылау және эксперименттік топтар белгіленіп, тәжірибелік оқыту жүргізу туралы қорытынды жасалды. Тәжірибелік оқытуды жүзеге асыру мақсатында эксперименттік топтарға жаңа сөздерді меңгертуге арналған «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» деп аталатын таңдау пәнінің жобасы ұсынылды (Қосымша Ө).

«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасындағы қазақ тілінің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайтуға, мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттауға бағытталған заңнамалық құжаттардағы талаптарды жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

Пәнді оқытудың басты мақсаты – оқушылардың қазақ тілін меңгеруге ынтасын, жаңа сөздерді білуге, үйренуге, танымдық және уәждемелік қызығушылықтарын арттыру, қазақ тіліне деген қажеттілікті сезіндіру, патриоттық сезімін арттыру; орта білім беру жүйесінің көлемінде оқушылардың тілдік тұлға ретінде лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру; қазақ тілінің коммуникативтік, эстетикалық және кумулятивтік ерекшеліктерін түсіндіру арқылы қазақ тіліне деген сұранысты арттыру; оқушылардың өзіндік таным қызметін қазақ тілінде қалыптастыру.

Таңдау пәнін ұсынуда мынадай міндеттер алға қойылды:

- Қазақстанның тілдік кеңістігіндегі қазақ тілінің қызметін негіздеу;
- қазақ тілін узуға, сөйлеуде еркін және жоғары жиілікпен қолданудың қажеттілігіне деген сана-сезімін ояту;
- жаңа сөздердің жасалу ерекшеліктерінің жалпы сипаттамасын беру;
- жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалану жолдарының әдіс-тәсілдерін көрсету;
- практикалық жұмыстар арқылы оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру дәрежесін бекіту;
- қазақ тіліндегі төл сөздердің (көне сөздер, кәсіби сөздер, диалектизмдер т.б.) ғылыми-техникалық атаулардың ұғымдық көлемін беру, әлеуетін айқындау мақсатында лингвистикалық талдаулар жүргізу.

«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» деп аталатын таңдау пәнінің базалық мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамтыды (Кесте 8):

Кесте 8 – «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» таңдау пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Сағ.	Тақырыптың мазмұны
1	2	3	4
1	Кіріспе сабақ. Тіл – бірегей ұлт құндылығы. Тіл мен болмыс, тіл мен діл мәселелері	1	Пәнді оқытудың мақсат-міндеттері. Ұлттық құндылықтар жүйесіндегі тілдің орнын анықтау. Тіл мен ұлттық болмыс, ұлттық діл сабақтастығы
I тарау. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының заңнамалық негіздері			
2	Тіл жүйесіндегі норма және қалыптану үдерістері	1	Норма және қалыптану ұғымдары туралы түсінік. Норма түрлері және қалыптандырудың жолдары. Жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптану үдерістеріне тән ерекшеліктер. Жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптануындағы кедергілер
3	Қазақстандағы тіл саясаты. Тіл стратегиясы. Тілдік жоспарлау. Қазақыландыру үдерісі	1	Қазақстандағы тіл саясатының негізгі бағыттары. Заңнамалық құжаттар арқылы көзделетін талаптар. Қазақстан Республикасындағы тілдердің әлеуметтік, лингвистикалық қазіргі ахуалы
II тарау. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының ғылыми негіздері			
4	Неология және неография: жаңа сөздер табиғатының зерттелу жай-күйі (қазақ тіл біліміндегі және әлемдік лингвистикадағы зерттеулер)	1	Жаңа сөздер туралы жалпы түсінік. Тілдегі жаңалықтар және бір қолданыстар. Жаңа сөздердің зерттелуі. Жаңа сөздер туралы әлемдік және отандық лингвистикадағы пікір-көзқарастар
5	Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздер: тіл жүйесіндегі орны және маңызы	1	Әдеби тілдің лексикалық құрамындағы жаңа сөздердің орны, рөлі және қызметі. Тілдің сөз байлығы, сөздік құрамды молайтудағы ерекшелігі. Оны меңгерудің / нормаландырудың / қалыптандырудың тіл келешегі үшін маңызы

8-кестенің жалғасы

1	2	3	4
6	Жаңа сөздер және тіл мәдениеті: тілдік тұлға және шешендік	1	Жаңа сөздер - тіл мәдениеті мәселелерінің бір аспектісі. Тілдік тұлға мәселесі. Тілдік тұлғаға тән ерекшеліктер. Қазақ тарихындағы шешендер мен билер. Шешендікке қойылатын талаптарды талдау
III тарау. Жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландырудың негізгі қайнар көздері			
7	Лексикографиялық еңбектердегі жаңа сөздердің қамтылуы және тіркелуі	1	Сөздік – қалыптандырушы негізгі лингвистикалық қор. Қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен дамуы, бүгінгі жай-күйі. Жаңа сөздерді жүйелеу және сөздіктер. Лексикографиялық көрсеткіштердегі жаңа сөздердің қамтылуын талдау
8	Мемлекеттік терминологиялық комиссия тарапынан бекітілген жаңа сөздердің ерекшеліктері	2	Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының қызметі. Комиссияның қазақ тіліндегі терминдерді қазақыландыру, реттеу, бір ізге түсіру бағыттарындағы көлемді жұмыстарын талдау. Олардағы жаңа сөздердің ерекшеліктері: варианттылық мәселесі
9	БАҚ-тың жаңа сөз жасаудағы және оларды нормаландырудағы рөлі	1	Қазіргі баспасөз, теледидар, радио және ғаламтордың жаңа сөздерді нормаландыру мен қалыптандырудағы атқаратын қызметі туралы түсінік. БАҚ-тағы жаңа сөздердің қамтылуы, таралуы
10	Қазіргі ақпараттық технологиялар: жаңа сөздерді қалыптандырудағы онлайн сөздіктердің қызметі	1	Ақпараттық құралдардың жаңа сөздерді қамтуы. Олардың қалыптандыру қызметі. Онлай сөздіктер. Sozdik.kz қазақша-орысша орысша-қазақша онлайн сөздігіндегі жаңа сөздердің қалыптану ерекшеліктеріне талдау
11	Мектеп оқулықтарындағы жаңа атаулардың сипаты	1	Мектеп оқулықтарындағы, соның ішінде жаратылыстану және қоғамдық пәндер никлі бойынша оқулықтардағы жаңа сөздердің сипаты және ерекшеліктері: Олар туралы аялық білім

8-кестенің жалғасы

1	2	3	4
IV тарау. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің тілдік ерекшеліктері			
12	Қазақ тілінің төл әлеуеті: ішкі мүмкіндіктерді жаңа сөз жасауда сарқа пайдалану	1	Қазақ тілінің жаңа сөз жасаудағы ішкі мүмкіндіктеріне талдау жасау. Тілдің төлтумалығы мәселесі. Ішкі ресурстары арқылы жасалған жаңа сөздер және лексикалық қордың толығы
13	Жаңа сөздердің сөзжасамдық сипаты	1	Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдер және олардың жаңа сөздерді жасаудағы ерекшеліктері. Белсенді ғрамматикалық қосымшалар
14	Жаңа сөздердің әлеуметтік-қолданыстық маңызына қарай жіктелуі. Ғылыми-техникалық салалардағы жаңа сөздер	1	Жаңа сөздердің қолданысына қарай жіктелуін талдау және олардың қалыптану деңгейін салыстыру. Ғылыми-техникалық салалардағы қазақыландыру үдерісін сипаттау және олардың қалыптануын талдау.
15	Қоғамдық-әлеуметтік салалардағы жаңа сөздердің сипаты	1	Ресми-іскери қарым-қатынаста, күнделікті тұрмыста қолданылатын қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы жаңа сөздердің қолданысы және олардың қалыптану үдерістері
16	Қорытынды сабақ	1	Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптану және нормалану үдерістері, олардың ғылыми негіздері, қайнар көздері және тілдік ерекшеліктері туралы білімді қорыту

Қалыптастырушы кезеңде ұсынылған таңдау пәнінің мақсат-міндеттеріне сәйкес тапсырмалар мен жаттығулар кешені ұйымдастырылды (Қосымша Б). Тұтастай алғанда, жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған жаттығулар мен тапсырмалардың *мақсаты* айқындалып, соның *нәтижесінде* оқушылардың өзіндік білік-дағдылары қалыптасты (Кесте 9):

Кесте 9 – «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» таудау пәнінің аясында ұсынылған тапсырмалар мен жаттығулар кешенінің мақсаты және нәтижесі:

Тапсырмалар мен жаттығулар кешенінің мақсаты:	Тапсырмалар мен жаттығуларды орындау нәтижелері
1	2
- жаңа сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың тілдік тұлғасын қалыптастыру; - қазақ тілінің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалануды жаңа сөздер арқылы дәлелдеу; - қазақ және орыс тілдеріндегі баламалардың мағыналық сәйкестігін дәлелдеу дағдысын қалыптастыру; - орыс тіліндегі баламасы белсенді болған сөздердің қазақ тіліндегі баламасын саналы түрде қарым-қатынаста қолдануға дағдыландыру; - жаңа сөздерді менталды лексиконда тұрақтандыру; - жаңа сөздер арқылы сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту; - тілдік тұлға мен шешендік өнердің байланысын ашу; - тіл мәдениеті мен жаңа сөздердің арақатынасын белгілеу. - ана тілінің төл әлеуетін танытатын фактілер туралы білімді кеңейту; - жаңа сөздердің жасалу жолдарын жан-жақты таныстыру; - қазақ тілінің сөзжасамдық тәсілдері жайындағы білімін тереңдету; - сөздің мағынасын түсіндіру; - қарым-қатынастың мақсатына сай сөзді қолдану дағдысын қалыптастыру; - жаңа сөздердің әлеуметтік-қолданыстық маңызына қарай жіктелуі туралы білімі қалыптастыру; - ғылыми-техникалық салалардағы жаңа сөздердің қалыптануы және нормалану жай-күйімен таныстыру;	- мәтіннен жаңа сөздерді бөлін көрсете алады; - жаңа сөздерді қатыстыра отырып, өз ойын анық және дәл жеткізе алады; - жаңа сөздер арқылы сөздік қоры молаяды; - жаңа сөздердің онлайн сөздіктерде берілуіне талдау жасай алады; - онлайн сөздіктердің жаңа сөздерді нормаландыру мен қалыптандырудағы қызметін бағалай біледі; - мектеп оқулықтарындағы жаңа ұғым-түсініктерге қатысты білімдері кеңейеді; - терминдік атаулар мен жаңа сөздердің арақатынасын белгілей алады; - пәндер бойынша жаңа атаулар танымда және тілдік санада орнығады; - жаңа сөздерді сөйлеу тілінде қолдану деңгейі артады; - сөзжасам туралы білімі кеңейеді; - қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі, төл әлеуетіне қатысты білімі қалыптасады; - тілдік тұлға ретінде өз ана тілінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана біледі; - қарым-қатынаста жаңа сөздерді қолдану дағдысы дамиды;

9-кестенің жалғасы

1	2
- ғылым салалары мен тіл динамикасының байланысын дәлелдеу; - ғылыми-техникалық салалардағы жаңа сөздердің тілдік ерекшеліктеріне талдау жасауды үйрету; - мектеп оқулықтарының жаңа сөздерді қалыптандырудағы және нормаландырудағы қызметі мен рөлі туралы түсінік беру; - әр пән бойынша жаңа сөздерге қатысты танымдық және аялық білімдерін кеңейту; - мектеп оқулықтарындағы жаңа сөздер көлемін нақтылау; - оқулықтардағы жаңа сөздердің жасалу және жұмсалу ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру; - жаңа сөздердің нормалану және қалыптану үдерісіндегі ақпараттық технологиялардың рөлі мен қызметі туралы түсінік беру; - онлайн сөздіктердегі жаңа сөздердің сипатына назар аударту; - бекітілген жаңа атаулардың қалыптану және нормалану деңгейіне талдау жасауды үйрету; - Мемлекеттік терминологиялық комиссияның қызметін және рөлін насихаттау; - жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптану үдерістеріндегі Мемтерминкомның үлесін айқындау; Мемтерминком тарапынан бекітілетін жаңа сөздердің салалық ерекшеліктері туралы түсінік беру.	- Мемлекеттік терминологиялық комиссия тарапынан бекітілген жаңа сөздерге қатысты білімі тереңдей түседі; - бекітілген жаңа сөздердің нормалану және қалыптану ерекшеліктеріне талдау жасай алады; - жаңа сөздердің әр салаға тиесілігі туралы білімі кеңейеді; - жаңа сөздердің жасалу ерекшеліктеріне назар аударады; - жаңа сөздерді қарым-қатынас барысында белсенді қолдана бастайды; - ғылыми-техникалық салалардағы жаңа сөздер туралы білімі қалыптасады; - коммуникативтік актінің тақырыбына, мақсатына және шарттарына сәйкес жаңа сөздерді іріктей білу және орынды қолдану дағдысы дамиды; - жаңа сөздер менталды санада орныға түседі; - оқушының тілдік тұлғасы жетіле түседі; - өз ойын анық, дәл жеткізуде жаңа сөздерді қолдана біледі; - сөз мәдениеті дами түседі.

Жоғарыда ұсынылған жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған жаттығу үлгілері оқушылардың сөзді түрлендіру, форма жасау, құрастыру сияқты дағдыларын қалыптастыра отырып, сөйлеу дағдысының қалыптасуына және сәйкес біліктердің дамуына жағдай жасады. Сондай-ақ тапсырмалар жаңа сөздерді сөйлеудің функционалды бір элементі ретінде меңгертуге, жағдаятқа

байланысты өз ойын жеткізуге, жаңа сөздерді пайдалану білігін дамытуға жол ашты. Лексикалық-семантикалық, лексикалық-грамматикалық және лексикалық-стилистикалық сипаттағы жаттығулар оқушының коммуникативтік актіде өзіндік стратегиясы мен тактикасының болуын қамтамасыз етті және әрқашан оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты жандандырды. Түрлі жағдаяттардың ұсынылуы коммуникативтік акті кезінде жаңа сөздерді белсенді қолданудың артуына және өз бетінше сөйлеудің дамуына ықпал етті. Жаңа сөздерді сөйлеу дағдысына енгізуін дамытуға және жетілдіруге бағытталған жаттығулар мен тапсырмаларды орындауда тілдік формаға емес, сөйлеу әрекетінің мазмұнына назар аударылды. Тапсырмаларды оқушының өз бетінше орындауы оның дербестігін қамтамасыз ете отырып, қызығушылығын арттырды. Жаңа сөздермен байланысты орындалатын тапсырмалардың басым көпшілігі шығармашылық және танымдық сипатқа ие екендігі ескеріліп, жобалау әдісі бойынша оқушылардың өздігінен ізденісін талап ететін тапсырмалар берілді. Әрбір тапсырма мазмұнында қамтылған жаңа сөздер оқушылардың тіл байлығын дамытып, сөздік қорын молайтты.

Қалыптастыру кезеңінің нәтижесін нақтылау мақсатында және ұсынылған оқу бағдарламасының тиімділігін дәлелдеу үшін қорытынды эксперимент бақылау тобында және эксперименттік топтарда өткізілді.

Қорытынды эксперименттің мақсаты – тәжірибелік оқытудың нәтижелері бойынша сандық және сапалық өңдеулер жасау.

Қорытынды кезеңнің мақсатына сәйкес оқушылардың мынадай дағдылары анықталды:

- жаңа сөздерді есте сақтау дағдысы;
- жаңа сөздерді дұрыс және белсенді қолдану дағдысы;
- жаңа сөздердің мағынасын түсіну дағдысы;
- жаңа сөздердің әлеуметтік-қолданыстық маңызын ажырату дағдысы.


Осы мақсатта ауызша тапсырмалар кешені ұсынылды. Тапсырмаларда ауызша формада ұсынуға түрткі болған жай – жаңа сөздердің оқушылардың менталды лексиконында қаншалықты орныққандығын тексеру, ойлау үдерістерінің жылдамдығы олардың танымдық, тілдік және коммуникативтік санасында жаңа сөздердің репрезентациясын көрсетеді:

1) Жаңа сөздерді есте сақтау дағдысы: бұрын белсенді қолданыста болған орыс тіліндегі атаулардың қазақ тіліндегі нұсқасын есте сақтау дәрежесін анықтау үшін респонденттерге мынадай сөздер ұсынылды: *форточка, квитанция, проездной билет, банкет, вокзал, адрес, территория, планета, календарь, клиент*;

2) Жаңа сөздерді дұрыс қолдану дағдысы: жекелеген жаңа сөздер берілді. Тапсырманың шартына сәйкес берілген жаңа сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауы тиіс: *таптаурын, теңгерім, мәуесек, түйіндеме, қозғалтқыш, көзқамандық*.

3) Жаңа сөздердің мағынасын және әлеуметтік-қолданыстық маңызын түсіну дағдысы: берілген жаңа сөзге түсініктеме беруі тиіс: *жітішумақ, тамызғы, шұңғыма, тәлімбақ, желбағар, сынауыр*.

Жаңа сөздерді меңгеру дағдыларын анықтауға бағытталған тапсырмалардың нәтижелері бойынша бақылау және эксперименттік топтардың сапалық көрсеткіштері мынадай болды (Сурет 12):



Сурет 12 – Бақылау және эксперименттік топтардағы оқушылардың жаңа сөздерді меңгерумен байланысты дағдыларының сапалық көрсеткіші

Қазіргі қазақ әдеби тілінің құрамындағы жаңа лексикалық бірліктердің қалыптануы мен нормалануы бойынша жалпы орта білім беру жүйесіндегі жоғары мектеп сатысының лингводидактикалық базасына ұсынылған таңдау пәнін оқытудың нәтижесінде эксперименттік топтағы оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру бойынша мынадай сапалық көрсеткіштердің жоғарылағандығы анықталды (Кесте 10):

Кесте 10 – Жаңа сөздерді меңгерту үдерісінің нәтижесі бойынша оқушылардың лингвомәдени құзыреттілік деңгейлерінің сапалық өсу көрсеткіштері

Лингвомәдени құзыреттілік компоненттері	Экспериментке дейінгі кезең	Экспериментте н кейінгі кезең
Жағдаяттың мақсаты мен шартына қарай жаңа сөздерді сауатты қолдана алады	28%	63%
Әдеби тіл айналымына жаңа сөздердің ену сатыларын талдай алады	15%	78%
Қатысымның барлық түрлерінде жаңа сөздерді дұрыс жұмсай біледі	18%	61%
Сөздік қорын жаңа сөздер арқылы байытады	12%	58%

10-кестенің жалғасы

Жаңа сөздерді әлеуметтік-қолданыстық маңызына сай қатыстыра отырып, мәтін құрай алады	23%	79%
Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалану үдерістерінің тіл жүйесіндегі маңыздылығына саналы көзқарас танытады	35%	92%

Ұсынылған таңдау пәнінің тиімділігін осы сапалық көрсеткіштер арқылы дәйектеуге болады, атап айтқанда қалыптастырушы эксперименттің тиімділігін дәлелдеу мақсаты көзделген қорытынды эксперименттік нәтижелері бойынша оқушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін құрайтын негізгі дағдылардың одан әрі дамығандығы анықталды. Соның ішінде жағдаяттың мақсаты мен шартына қарай жаңа сөздерді сауатты қолдана алуы, әдеби тіл айналымына жаңа сөздердің ену сатыларын талдай алуы, қатысымның барлық түрлерінде жаңа сөздерді дұрыс жұмсай білуі, сөздік қорын жаңа сөздер арқылы байытуы, жаңа сөздерді әлеуметтік-қолданыстық маңызына сай қатыстыра отырып, мәтін құрай алуы, жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалану үдерістерінің тіл жүйесіндегі маңыздылығына саналы көзқарас танытуы сапалық жағынан айтарлықтай жоғарылаған. Бұл аталғандар жаңа сөздерді жалпы орта білім беру жүйесінде меңгертумен байланысты түйткілді мәселелердің барлығын, оны шешу мақсатында ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін айқын дәлелдейді және зерттеу нысанының айрықша маңыздылығын танытады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда атап өткеніміздей, оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру дәрежесін анықтау үшін құрылған сауалнаманың құрылымындағы танып-түсіну және тезаурустық білім модельдері арнайы тапсырмаларды қамтыды. Бұл тапсырмалар анықтау кезеңінде және тәжірибелік оқытудан кейінгі қорытынды кезеңде әртүрлі мазмұнда респонденттерге ұсынылып, әр кезеңнің сандық және сапалық көрсеткіштері шығарылып, тұжырымдалды. Сондай-ақ қалыптастырушы кезеңде пайдаланылған әдіс-тәсілдердің, тапсырмалар мен жаттығулар кешенінің тиімділігін дәлелдеу мақсатында жаңа сөздерді меңгерумен байланысты дағдыларды анықтау үшін берілген ауызша тапсырмалардың қорытындысы «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» деп аталатын таңдау пәнінің оқыту үдерісіндегі оң нәтижесін танытып отыр. Алдынала белгіленген эксперименттің мақсатына сәйкес болжанған нәтижелерге қол жеткізілді. Алынған қорытындылар мен жасалған тұжырымдар жаңа сөздерді меңгертудің білім беру жүйесіндегі теориялық және практикалық жағынан өзектілігін дәйектейді.

III бөлім бойынша тұжырым

Әлемдік әдістеме ғылымында тиімділігі және нәтижелілігі дәлелденген интербелсенді оқытудың формаларымен және мазмұнымен байланысты жайттар қазақ әдістемеші ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған. Оларда интербелсенді әдісті тірек ететін сабақты ұйымдастырудың, өткізудің және оның нәтижесін қорытындылаудың түрлері анықталған.

Жаңа сөздерді меңгертуде интербелсенді әдістердің тиімділігі мен нәтижелілігі жоғары. Біріншіден, интербелсенді әдістердің бір түрі, мәселен, «ойға шабуыл» әдісін қолданған кезде оқушының танымдық қызметі жоғарылайды, осы әдістің негізінде оқушының жаңа сөзге қатысты принципті түрдегі көзқарасы, сын тұрғысынан ойлауы қалыптасады. Ал бұл әрекеттер қалай болғанда да, оқушының когнициясында жаңа сөздің берік орнығуына ықпал етеді. Бұл – маңызды, өйткені санада орныққан сөз коммуникативтік актіде көрініс табады, яғни қолданысқа түседі. Оқытуды құрайтын әдістер кешенінің қатарында пікірталас әдісін де атап өтуге болады. Әртүрлі пікірді, көзқарасты талдай отырып, мәселенің негізгі түйінін анықтап алу нәтижесінде ақиқатқа жетудің нақты жолдары анықталады.

Жаңа сөздерді меңгертуде оқытудың интербелсенді әдістерін қолданумен қатар, дәстүрлі әдістемелердің негізінде және оларды жаңғырта отырып, жаңа типтегі тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін қалыптастыру жоғары нәтиженің алынуына үлес қосады. Әдістеме ғылымында оқу тапсырмасы оқушы жасайтын әрекеттің шынайы және шындыққа негізделген көрінісін танытатын басты фактордың бірі болып табылады. Тапсырма мен жаттығуды өз бетінше орындаған білім алушының білім базасы анағұрлым берік орнығады. Сондықтан да білім беру жүйесінде тапсырмалардың кешені жан-жақты және көлемі жағынан мол болуы тиіс. Жаңа сөздерді меңгертуде лексикалық-семантикалық, лексикалық-грамматикалық және лексикалық-стильдік жаттығуларды ажыратып қарау қажет болады. Бұл жаттығулар тілді оқытудың маңызды сатысы болып табылады және оларды одан әрі жетілдіре түсудің нәтижесінде логикалық ойды жеткізу, коммуникативтік актіге қатысу тілдік бірліктердің сыртқы формасына емес, сөйлеуге қатысатын тілдік бірліктердің мазмұнына негізделеді. Басқаша айтқанда, сөйлеуші өзі қолданған әрбір тілдік бірліктің мазмұнын түсінеді. Осындай түсінудің қалыптасуына аталған тапсырмаларды көбейту және жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады.

Жалпы орта білім беру жүйесіндегі жаңа сөздерді меңгертудің және олардың мектеп оқушыларының санасы мен коммуникативтік актісінде қолданылуының жай-күйін анықтау мақсатында жүргізілген эксперимент бірқатар мәселелерді нақтылауға септігін тигізді. Анықтау, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерден тұратын педагогикалық эксперимент нәтижесінде, біріншіден, оқулықтар мен оқу құралдарындағы жаңа сөздердің көлемін, оларға бөлінген сағат санын, осының нәтижесінде жаңа сөздердің тіл жүйесінен сөйлеу әрекетіне (яғни тек тілдік форма болып қалмай, адамдардың сөйлеуіне белсене араласуына) қарым-қатынасын анықтап алуға мүмкіндік

берді. Эксперимент жүргізуде оқушылардың танымдық-уәждемелік қызығушылықтарын анықтауға арналған сұрақтар, қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы жаңа сөздердің қазақ және орыс тілдеріндегі баламаларын білу деңгейін анықтауға арналған тапсырма және жаратылыстану бағытындағы жаңа сөздер туралы оқушылардың аялық білімін анықтауға арналған тапсырма нәтижелері қолданыс жиілігі жоғары жаңа сөздер және қолданыс жиілігі төмен жаңа сөздер арасындағы пайыздық көрсеткіштердің айырмашылықтарын көрсетті және жаратылыстану ғылымдары бойынша кейбір ұғымдардың өзге тілдегі баламасының қолданылуының себептерін анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ мектеп оқушысының танымында жаңа сөздердің менталды орналасуын анықтауда айрықша тиімді болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Білім беру тұжырымдамасында айтылған талаптарды жүзеге асыру мақсатында және білім беруді жетілдірудің интербелсенді әдістерін талқылай отырып, тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін қалыптастыруда анықтау эксперименттерінің қорытындылары негізінде «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» аталатын таңдау пәні ұсынылды. Белгілі бір сағат көлемі анықталған осы таңдау пәнінің бағдарламасы мектеп оқушысына жаңа сөздердің ұлттық-мәдени болмысы, философиялық негіздері, саяси стратегиялық маңызы жөнінде мәлімет бере отырып, сан түрлі практикалық жұмыстар арқылы жаңа сөздердің мектеп оқушысының санасында орнығуына және белсенді қолданысқа түсуіне үлес қосты. Қалыптастырушы экспериментте жүзеге асырылған әдіс-тәсілдердің, жаттығулар мен тапсырмалар кешенінің тиімділігін дәлелдеу мақсаты қорытынды кезеңде жүзеге асырылды. Бақылау және эксперименттік топтарда оқушылардың:

- жаңа сөздерді есте сақтау дағдысын;
- жаңа сөздерді дұрыс және белсенді қолдану дағдысын;
- жаңа сөздердің мағынасын түсіну дағдысын;
- жаңа сөздердің әлеуметтік-қолданыстық маңызын ажырату дағдысын

анықтау мақсатында арнайы тапсырмалар берілді. Нәтижесінде эксперименттік топтарда аталған дағдылардың деңгейі бақылау топтарымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екендігі анықталды. Сондай-ақ эксперименттік топтардың анықтау және қорытынды кезеңдер бойынша лингвомәдени құзыреттілік деңгейлерінің сапалық жағынан жоғарылған. Бұл – жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді меңгертудің өзектілігінің және ұсынылған «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: қалыптану және норма» аталатын таңдау пәнінің білім мазмұны мен практикалық жаттығулар және тапсырмалар жүйесінің тиімділігінің дәлелі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кез келген әдеби тілдің, халықаралық дәрежеге көтерілген тілдердің, тіпті аз көлемдегі этносқа қызмет ететін тілдердің лексикалық құрамының өзінде әрдайым өзгерістер болып отырады. Негізінен сыртқы факторлардың әсерінен болатын лексикалық құрамдағы өзгерістер, жаңалықтар кейбір әдеби тілдерде бәсең деңгейде, екінші бір тілдерде аса жоғары дәрежеде байқалады. Бірнеше ғасырлық тарихы бар, ауызша дамыған әдеби тілден бастау алатын қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамында белгілі бір кезеңдердегі тарихи-саяси өзгерістерге сәйкес лексикалық жаңалықтар пайда болып отырды. Олардың туындау себептері, оған ықпал жасаған факторлар қазақ тілтанымында диахронды және синхронды тұрғыдан зерделенген.

Лексикалық құрамда орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген атауларды, терминдерді қазақыландыру іс-шаралары 1989-1991 жылдардан басталды, бұған қазақ зиялылары белсене араласты. Қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда ғалымдардың, жазушылар мен баспасөз өкілдерінің, баспасөз оқырмандарының көптеген пікірлері жарияланды, алайда олардың көзқарастары әртүрлі болды, олар төмендегідей сипат алды:

а) пуризмнің белгілері байқалды, яғни бірқатар пікірлерде басқа тілден енген атаулар мен терминдердің барлығының да қазақ тіліндегі баламасын жасау керектігі ұсынылды;

ә) өзге тілдік терминдердің түгелдей қазақша баламасын жасау мүмкін еместігін, тіпті шет тілі сөздерінің енуіне шек қоймау керек дегенді дәлелдеуге ұмтылыстар жасалды;

б) өзге тілден енген терминдерді қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес фонетикалық тұрғыдан бейімдеу туралы айтылды (мысалы, *режім*, *университет*, *институт*);

в) мерзімді баспасөзде әлеуметтік деңгейі әртүрлі қоғам өкілдері тарапынан қазақша баламалар ұдайы ұсынылды. Жазба тіл, әсіресе мерзімді баспасөз өз тарапынан қазақша баламаларды еркін қолдана бастады, олардың қатарында вариант баламалар (*афиша* / *жарқағаз*; *газет* / *ұнпарақ*; *есімхат* / *визитка*; *сыртартқы* / *анамнез*; *қорғаушы* / *қорғаншы* / *опекун*; *альманах* / *жыржиснақ*; *отбасы* / *жанұя* / *әулет*), архаизмдер мен сирек қолданыстағы сөздер терминдік мағынада пайдаланылды. Терминнің ұғымдық сыйымдылығын дәл жеткізе алмайтын, сөйтіп, ойды қабылдауға кедергі жасайтын, мағынасы айқын емес сөздер орын алды [220].

Бұл жағдай жаңа сөздерді, ғылыми-техникалық, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық терминдерді қазақыландыруды жүйелеу мен реттеудің қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде-ақ Қазақстандағы тілдік жағдаятты өзгерту туралы саяси іс-шаралар қолға алынды.

Нормативтік құқықтық актілердегі нұсқауларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстанда соңғы ширек ғасырға жуық мерзімде көлемді жұмыстар атқарылды. Ең алдымен Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы

Мемлекеттік терминологиялық комиссиясы өзге тілдік терминдерді қазақыландыру жұмысын бастады. Мәселен, Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей, тек 2000 жылға дейін «Мемлекеттік терминологиялық комиссия шет тілі терминдері мен атауларға сәтті баламалар таңдалып алынған 610 жаңа терминді бекітті, 31 томдық салалық терминологиялық сөздік шығарылды» [103, 54]. 1995 жылы жарияланған «Жаңа атаулар сөздігі» 1980-1993 жылдар аралығында жаңа қолданыстар болып есептелетін сөздерді толықтай дерлік тіркеді. Толықтырулар мен өзгерістер енгізілген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (2007 жыл), «Қазақша-орысша сөздік» (2001 жыл), «Қазақ тілінің біртөмдік түсіндірме сөздігі» (2013 жыл) жарияланды. Ресми емес мәліметтерге қарағанда, соңғы жылдары жарық көрген (орфографиялық, түсіндірме, анықтамалық, салалық, екітілді, көптілді терминологиялық сөздіктерді қоса есептегенде) лексикографиялық еңбектердің саны 200-ге жуық («Ана тілі» газеті, 2013 жыл, 20 қыркүйек).

Осы лексикографиялық еңбектердің негізінде «sozdik.kz» деген атпен галамторда орысша-қазақша және қазақша-орысша онлайн сөздік орналастырылған. Оның аннотациясында 60000-нан астам лұғат сөз (яғни орысша жағы мен қазақша жағын қоса есептегенде 120000 сөз) берілгендігі [108] айтылған.

Соңғы жылдарға дейінгі қазақ тілтанымындағы диахронды және синхронды тұрғыдағы зерттеулерде негізінен норма деп танудың басты қағидаттары, варианттылық және норма, сөз мәдениеті және норма мәселелері қарастырылып келгені белгілі. Осы көзқарастар соңғы 25 жыл көлеміндегі қазақ лексикасындағы жаңа сөздердің нормалық табиғатын тануда басты сүйеніш бола алатындығы күмән тудырмайды. Дегенмен жаңа сөздердің ауқымды көлемі, сан салалы ғылым мен техника атауларын беруге қазақыландырылған жаңа сөздердің молынан ұсынылуы тілтанымда «қалыптану» (кодификация) ұғымының пайда болуына, осының негізінде жаңа сөздердің қалыптану үдерістерінің басты сипаттамаларын анықтаудың маңыздылығына назар аудартуды қажет етіп отыр. Жаңа сөздердің қалыптануын (бірізділендіру, нормаландыру, бірыңғай ретке келтіру) зерттеудің өзектілігі және қажеттілігі тіл саясаты бойынша заңнамалық құжаттарда басым бағыттардың бірі ретінде көрсетілген.

Жаңа сөздердің қалыптануы төмендегі үдерістер арқылы жүзеге асырылады:

– жаңа сөз жеке адам тарапынан ұсынылады – баспасөз беттерінде жарияланады – талқыланады (1991-1993 жылдар арасында «Ана тілі» газетінде 100-ге тарта жаңа сөз жарияланып, көпшілік талқылауына ұсынылған; мысалы, *айналым*, *айнамұз*, *мұзойнақ*, *мұзайдын*, *ақтаңдақтар*, *құлаққалқан*, *құлаққан*, *айлабұйым*, *айдар*);

– жазба басылымдарда пайда болған жаңа сөздердің анықтамалығы жасалған (қазақ тілтанымында жаңа сөздерді жинақтап ұсынудың алғашқы тәжірбиесі ретінде «Қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар» жинағы 1985 жылы

жарияланды, 1992 жылғы толықтырылған үшінші басылымына 1970 жылдардан бастап мерзімді басылымдарда, көркем әдебиетте, оқу-ағарту және ғылыми әдебиетте кем дегенде бір рет қолданылған жаңа сөз тіркелген, таңдап-іріктеп қолдану мақсатында ұсынылған);

- жаңа сөз жазба басылымда қолданылады – бірте-бірте қолданысқа түседі немесе қолданыстан ығыстырылады;

- белгілі бір ұғым атауының бірнеше варианты жасалады – оның бірі жазу практикасында орныға бастайды, яғни нормалана түседі, екіншісі ығыстырылады немесе ұсынылған бірнеше варианттардың бірі ресми термин ретінде, екіншісі стильдік реңкте жұмсалып мүмкіндігіне ие болады (мысалы, *отбасы – жанұя*);

- жаңа сөздерді, жаңа ғылыми-техникалық терминдерді реттеудің ұстанымдары жасалды (академик Ә. Қайдар 1992 жылы қазақ терминологиясын жаңаша бағдарлау, реттеу және ілгеру дамыту үшін 11 принципті анықтап берді [42]);

- қазақ тіліндегі терминдік жүйені реттеу мақсатында мамандар тарапынан жаңа терминдік атаулар, жаңа сөздер ұсынылады, олар арнайы талқылаудан өткеннен кейін Қазақстан Республикасы жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия арқылы бекітіледі;

- бірқатар жаңа сөздер әртүрлі типтегі сөздіктер (түсіндірме, орфографиялық, екітілді, онлайн сөздіктер) тізбесінің қатарынан орын алады;

- мектеп оқулықтары мен ғылыми әдебиеттерде жоғары жиілікпен қолданыла бастайды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев жариялаған «100 нақты қадам» бағдарламасында функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту (76-қадам) және мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына мәңгілік ел құндылықтарын енгізу (89-қадам) бағыты нақты көрсетілген [11]. Осы саяси маңызды ресми құжаттың негізінде қазіргі кезде «Қазақ тілі – Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі» деген ұғым қалыптасқан. Бұған қол жеткізу үшін жалпы орта білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытуды одан әрі ізгілендіру, қазақ тілі бойынша білім берудің әдістері мен әдіснамасын одан әрі жетілдіру маңызды міндеттердің қатарында ілгері шығарылады. Бұған дейінгі білім беру жүйесінде дәстүрлі әдістемелер өзінің тиімді жемісін бергендігін атап өтуге тиіспіз. Дегенмен қазіргі қоғам өзгерген және адамды қоғам өзгерткен жағдайда білім берудің дәстүрлі стандарттық үлгілері ұдайы жаңартылуы керек. Бұл ретте білім берудегі интеграциялық талаптарды қанағаттандыру және білім алушының лингвомәдени, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру айрықша мәнге ие. Жаңа сөздерді меңгертуде, әрине қазақ тілі пәні бірінші орынға шығады. Бірақ жаңа сөздің оқушының тілдік санасында тұрақталуына, қолданысына енуіне бір ғана қазақ тілі пәні жеткіліксіз болып табылады. Сондықтан басқа пәндер бойынша білім беруде де әдістеменің шоғырландыру бағыттары жүзеге асыру аса маңызды.

Мектепте білім берудің мазмұнында ұғым-түсініктердің қазақыландырылған атауларын меңгерту әдістемелік тұрғыдан біршама қамтылған. Алайда білім мазмұнының қалыптасқан кеңестік жүйесінде негізгі ұғымдық базаның басқа тілде жүйеленуі, таралуы, тілдік санада тұрақталуы ұлт тілінің әлеуетін ұлттық дүниетанымның көзі ретінде танытуға айтарлықтай кедергілер жасағаны белгілі. Осыған байланысты қазіргі ұрпақты ұлттық дүниетанымды толық сезінетін лингвомәдени құзыретке ие тілдік тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында ЖОББЖ-ға арналған лингводидактикалық базада қазақ тілінің ішкі әлеуетін сарқа пайдалану, негізгі ұғымдар мен түсініктер атауларын қазақыландыру үрдісі жандандырылуда.

Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптану үдерістерінің сатылары мен оларды жалпы орта білім беру жүйесінде меңгертудің теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін тұтастай қарастыра келе, мынадай **қорытындылар** жасалды:

– соңғы ширек ғасыр көлемінде пайда болған лексикалық жаңалықтардың қатарында төл тілдің өз әлеуеті арқылы жасалған жаңа сөздер айрықша орын алады. «Төл тілдің өз әлеуеті», «тілдің ішкі семантикалық мүмкіндіктері» деген ұғым Қазақстандағы тіл саясатын жүзеге асыруға бағытталған заңнамалық құжаттарда ұдайы аталып отырады. Бұлайша болуы – заңды жайт; өйткені бұрынғы кезеңде өзге тілдік, халықаралық атаулары қолданылып келген ұғымдардың қазақ тіліндегі баламасын жасауда қазақ тілінің өз сөздік байлығы, қазақ сөзінің семантикалық әлеуеті, қазақ сөзінің ішкі мағынасындағы семантикалық өзгерістердің жаңа ұғымды беруге бейімділігі барынша мол екендігі айқын танылды. Осыған байланысты әлеуметтік лингвистикада, қазақ терминжасамы мен терминографиясында «қазақыландыру» деген ұғым пайда болды. Бұл ұғымның басты мәнісі – ғылыми техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық ұғымдар мен құбылыстардың қазақша баламасын туындатуда тілдің ішкі әлеуетін, сөздің семантикасын әрбір ұғымның, құбылыстың ұғымдық аппаратына сыйымды түрде қолдану дегенді білдіреді. Қазақстандағы тілдік жағдаятты өзгерту туралы идеялар мен көзқарастар қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамын жаңарту және жаңғырту проблемасына тікелей байланысты. Осыған орай қазақстандық тілдік кеңістікте, соның ішінде ұлт тілі – қазақ тілінің сөздік құрамында қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-әлеуметтік, білім беру-ағартушылық салаларындағы үрдістер мен үдерістердің ықпалымен пайда болған жаңа сөздердің заңнамалық және тілтанымдық негіздеріне талдау жасалып, жаңа сөздерді бірізділендірудің алғышарттарын анықтау қажет;

– жана сөздердің қалыптануы vs. қалыптандырылуы (кодификациясы) деген ұғым – ресми талқыға түсу, ұсыныстар беру сатыларынан өткізу арқылы оларды тілге енгізу мен пайдаланудың заң түрінде бекітілуі, заңдастырылуы; әдеби тілдің айналымында жоғары жиілікпен қолданылуы арқылы мойындатылған тәртібі; осының негізінде жаңа сөздердің нормативті сөздіктер мен анықтамалықтарға, терминдер мен терминдік сөз тіркестерінің тізімінен тұратын әртүрлі типтегі лексикографиялық сөздіктерге енгізілуі; тіл

динамикасына қарай диспозитивті және императивті нормалар сипаттарының жоғары деңгейдегі көрінісі дегенді білдіреді. Қалыптану / жаңа сөздердің қалыптануы – босаң немесе императивті нормаға айналуы жүзеге асырылатын үдерістер сатылары және олардың нәтижелері. Осымен байланысты жаңа сөздердің қалыптану үдерісінің қазіргі қазақ тіліндегі сатыларын нақтылау керек;

– жаңа сөздердің қалыптану үдерістерін нақтылау мақсаты ең алдымен қазақ неологиясы және қазақ неографиясы ғылыми салаларының қалыптасу жолдарын және олардың қазақ тілтанымының парадигмасына қатысын зерделеуді және жаңа сөз категориясын нақтылауды қажет етеді. Бұл қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық қорындағы жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландырудың заңнамалық, ғылыми, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін басшылыққа ала отырып, жаңа лексикалық бірліктерді қалыптандырушы қайнар көздер айқындау және оларға жан-жақты талдау жасау іс-шараларымен жалғасын табуы тиіс;

– қазіргі білім беру үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың ең бастысы – функционалдық сауаттылыққа ие, алған білімін практикада оңтайлы пайдалана алатын, қоғамның жаңа талаптарына сәйкес өмір сүруге бейім, лингвомәдени құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсаттардың жүзеге асырылуында ана тілін ұлттық құндылықтар жүйесінің айрықша маңызды бөлігі ретінде меңгерту мәселесі өзекті. Бұл ретте тілдің ұлттық мәні, білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктері назарға алынуы керек. Осы аталғандарды зерделеу білім мазмұнының қазіргі білім берудің жаңа міндеттері мен талаптарын қанағаттандырды қамтамасыз етеді. Оқытудың ұстанымдары мен жаңа технологияларға негізделген әдіс-тәсілдерді нақтылау, оқытудың түпкі нәтижесі ретінде лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың жолдарын дәйектеу аса маңызды. Бұл аталған мәселелер жаңа сөздерді меңгертудің әдіснамалық базасын құрайды. Осымен байланысты тілдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде ЖОББЖ-да білім алушыларға жаңа сөздерді «тіл – құндылық» тұжырымдамасының негізінде меңгертудің әдіснамалық негіздері зерделену керек.

– жалпы білім беру жүйесінде «Қазақ тілі» пәнін оқытуда жаңа сөздер туралы берілетін білімнің қатарында олардың қалыптануы мен нормалану үдерістері түсіндірілуі керек және жаңа сөздерді меңгерту білім алушылардың сөздік қорын молайтумен байланысты лингводидактикалық басты міндеттердің бірі ретінде қарастырылуы керек, сонымен қатар жаңа сөздерді меңгерту мектеп оқушысының сөз мәдениеті мен лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды тармағы ретінде танылып, лингводидактикалық базадағы жаңа аталымдардың көлемі ұлғайтылуы тиіс.

– ЖОББЖ-дағы «Қазақ тілі» оқулықтарында жаңа сөздермен байланысты дидактикалық базаның жеткілікті қамтылмауы, сондай-ақ оқушылардың менталды лексиконында, тілдік санасында жаңа сөздер көлемінің бәсең орнығуы мен коммуникативтік актідегі төмен қолданысы, жаңа сөздерге қатысты пәнаралық байланыстың жетіспейтіндігі анықталды. Осы мәселелердің

шешімін табуда ЖОББЖ-да жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған оқу бағдарламасын құру және оқытудың жаңа технологияларына негізделген тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін ұсыну арқылы білім беру үдерісіне кешенді түрде енгізу қолға алынуы тиіс.

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, мынадай **тұжырымдар** жасалды:

1. Қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы жаңа сөздерді қалыптандыру және нормаландыру үдерістері – еліміздегі тіл саясаты мен тіл стратегиясының, тілдік жоспарлаудың аса маңызды тармағы. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие және әлеуметтік лингвистика тұрғысынан титулдық әрі мажорлық тіл ретінде танылатын қазақ тілінің сөздік құрамындағы жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалану үдерістерін ғылыми тұрғыдан дәйектеу және практикалық іс-шараларды жүзеге асыру ұлттық корпусты түзуге, ана тілінің бірізділігі мен стандартталуын қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосады.

2. Жаңа сөздерді қалыптандыру (кодификациялау) – тіл саясатының, тіл стратегиясының, тілдік жоспарлаудың аясында жүзеге асырылатын маңызды іс-қимылдар кешені, атап айтқанда:

- тіл саясаты негізінде жаңа сөздерді заңдастыруға арналған заңнамалық құжаттардағы нұсқаулар мен міндеттер;

- заңнамалық құжаттардағы міндеттер мен нұсқауларды жүзеге асыру жолындағы іс-шаралар;

- осы арқылы жаңа сөздерді тіл қолданысына, әдеби тіл айналымына енгізуге бағытталған іс-әрекеттер.

3. Жаңа сөздердің қалыптану үдерістері мынадай сатылар бойынша жүзеге асады:

- жаңа сөздер масс-медиа тілінде, ғылыми-ағартушылық мазмұнындағы жазба нұсқаларда, ауызша әдеби тілде алғаш пайда болады, жекелеген қоғам мүшелерінің тарапынан ұсынылады;

- кейбір ұғым-түсініктердің жарыспа нұсқалары қолданысқа қатар түседі және олар әдеби тіл айналымында қолданыс жиілігінің жоғары және төмен болуына қарай стильдік, атауыштық мақсаттарға қарай екшеледі;

- жаңа сөздер қолданыс жиілігінің артуына байланысты коммуникативтік кеңістікте мойындала бастайды, яғни танымал түрде қолданысқа түседі;

- осы сатылардан өткен жаңа сөз бекітілетін аталымдар қатарына енгізіледі;

- нормативті, түсіндірме, терминологиялық арнаулы сөздіктерге енгізіледі;

- ғылыми әдебиеттерде, мектеп оқулықтары мен дидактикалық базасында көрініс табады.

4. Қазақстандық тілдік кеңістіктегі ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен қазақ тілінің лексикалық құрамына енген жаңа сөздер көлемінің молдығы байқалады. Алайда тіл жүйесіне енген жаңа аталымдардың сөйлеудегі

және узустағы орналасу деңгейінің әркелкілігі түрлі қоғамдық сатылардан, соның ішінде жалпы орта білім беру жүйесінен айқын көрініс тауып отыр. Жазба нұсқалар мен ғылыми әдебиеттерде (тіл жүйесінде) нақты байқалатын жаңа сөздердің сөйлеу мен узус деңгейіндегі белсенділігінің бәсеңдігі мектептегі дидактикалық базаға жаңа сөздерге байланысты білім мазмұнын толықтыруды, оларды меңгертудің әдістемесін жетілдіруді, жаңа технологияларға негізделген әдіс-тәсілдерді ұсынуды талап етеді. Осымен байланысты көрсетілген өзекті мәселелердің шешімін табуға бағытталған кешенді іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстандағы тіл саясатының оңтайлы жүзеге асырылуына, білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламаларында айқындалған міндеттердің орындалуына жол ашады.

5. Жаңа сөздердің (ғылыми-техникалық және әлеуметтік-мәдени терминдер, күнделікті тұрмыстық атаулар) тіл жүйесіндегі орнын анықтау және ұлт тілінің өміршендігін сақтаудағы маңыздылығын назарға ала отырып, бейіндік мектепте білім алушыларға жаңа сөздерді меңгерту мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және жас ұрпақтың өз ана тіліне, ұлт тіліне деген саналы көзқарасын, азаматтық жауапкершілігін, сүйіспеншілігі мен құрметін қалыптастырады, сонымен қатар жаңа сөздерді меңгерту оқушының тілдік тұлғасын, лингвомәдени құзыреттілігін, сөз мәдениетін жетілдіруге, сөздік қорын молайтуға айтарлықтай үлес қосады.

6. Ана тілі – ұлт тілі – қазақ тілінің өміршендігін, оның бірізділігі мен нормалық сипатын сақтау міндеттерінің сатылай әрі үйлесімділікте жүзеге асырылуында жалпы орта білім беру жүйесінің рөлі мен қызметі айрықша маңызды. Қазақ тілін оқытудың әдіснамасы мен әдістемесін одан әрі жетілдіру мақсатында жаңа сөздерді меңгертуді оқыту үдерісіне жүйелі түрде енгізу арқылы білім алушының тілдік санасына жаңа тілдік бірліктерді орнықтыру, оларды сөйлеу тілінде белсенді қолдану дағдысын қалыптастыру, ұлт тілінің құндылықтар жүйесіндегі орнын жаңа сөздер арқылы мойындату олардың рухы мықты, білімі мен білігі жоғары жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1128 Қаулысы. – <http://adilet.zan.kz>

2 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында берген тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы № 1025 Қаулысы. – <http://adilet.zan.kz>

3 Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығы. – <http://adilet.zan.kz>

4 Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186 Өкімі // Терминологиялық жинақ. – Терминологический сборник. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2002. – 32-41 бб.

5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия туралы Ереже. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367 Қаулысы. – <http://adilet.zan.kz>

6 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығы // Терминологиялық жинақ. – Терминологический сборник. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2002. – 75-95 бб.

7 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі № 444 Қаулысы. – <http://adilet.zan.kz>

8 «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 11.11.2014. – <http://www.akorda.kz>

9 «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012. – <http://www.akorda.kz>

10 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму». Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 30.11.2015. – <http://www.akorda.kz>

11 «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам». Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. – <http://adilet.zan.kz>

12 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. – <http://adilet.zan.kz>

13 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. – <http://adilet.zan.kz>

14 Швейцер А.Д. Современная социолингвистика: теория, проблемы, методы. – М.: Наука, 1976. –176 стр.

15 Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. – Астана, «Арман-ПВ» баспасы, 2008. – 392 б.

16 Развитие казахского советского языкознания. – Алматы: Наука, 1980. – 246 с.

17 Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2011 – 117 с.

18 Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика: Пособие для студентов гуманитар. вузов и учащихся лицеев. – 2-е изд., испр. – М.: Аспект-Пресс, 2000. – 207 с.

19 Wright S. Language Policy and Language Planning: From Nationalism to Globalisation. – Hampshire, UK and NewYork, USA: PalgraveMacmillan, 2004. – P. 311.

20 Mtholeni N. Ngcobo. Language Planning, Policy and Implementation in South Africa // An Ambilingual Journal. – 2007. – V.2. – P. 1-23.

21 Хауген Э. Лингвистика и языковое планирование // Новое в лингвистике. Вып. VII. Социолингвистика. – М., 1975. – С. 441-472.

22 Смағұлова Ж.С. Языковое планирование: типология и модели: дисс... канд. филол. наук. – Алматы, 2004.– 160 с.

23 Wardhaugh R. An Introduction to Sociolinguistics. Third Edition. – Oxford: Blackwell Publishers Ltd., 1998. – 409 p.

24 Будагов Р.А. Что такое развитие и совершенствование языка. – М.: Наука, 1977. – 263 стр.

25 Алдашева К. Норма, қалыптану және олардың верификациясы // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – Көкшетау, 2015, №3. – 20-29 бб.

26 Ожегов С.И. Лексикология. Лексикография. Культура речи. – М.: Высшая школа, 1974. – 350 с.

27 Петрова А.Н. Норма русского литературного языка и живая речь носителей русского языка на рубеже веков, XX -XXI вв.: дисс... канд. филол. наук. – М., 2001. – 214 с.

28 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

29 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 бет.

30 Орысша-қазақша әскерлік атаулары / Жалпы редакциясын басқарған Ш. Құрманбайұлы. – Астана: 1С-Сервис, 2005. – 136 б.

- 31 <https://ru.wikipedia.org>
- 32 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ...дисс. – Алматы, 2007. – 330 б.
- 33 Горбачевич К.С. Вариантность слова и языковая норма. – Л.: Наука, 1978. – 237 с.
- 34 Граудина Л.К., Иңкович В.А., Катлинская Л.П. Грамматическая правильность русской речи. Опыт частотно-стилистического словаря вариантов. – М.: Наука, 1976. – 456 с.
- 35 Иңкович В.А. Норма и ее кодификация // Актуальные проблемы культуры речи. – М.: Наука, 1970. – С. 9-39.
- 36 Юсупов К. 1971-1981 жылдар аралығында бекітілген терминдер жайында // Бекітілген терминдер жинағы. – Астана, 2012. – 370-377 бб.
- 37 Алдашева А. Лексические новообразования в современном казахском литературном языке: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алмат-Ата, 1992. – 22 с.
- 38 Қадырқұлов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстар: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1995. – 143 б.
- 39 Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. – Алматы: Ғылым, 1990. – 136 б.
- 40 Жаңа атаулар. / Құраст.: А. Алдашева. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1992. – 127 б.
- 41 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (Өмірі мен қызметі туралы) // Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 8-30 бб.
- 42 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 43 б.
- 43 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
- 44 Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 45 Кенжемұратова С.К. Алаш зиялылары және терминтану // Алаш және Әуезов: Халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары. – Алматы: Жазушы, 2007. – 281-284 бб.
- 46 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 288 б.
- 47 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971. – 187 б.
- 48 Бәйтікова Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер. – Алматы, 1971. – 122 б.
- 49 Жұмағазина Р. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мерзімді басылымдар тілінің ерекшеліктері: фил.ғыл.канд. ... дисс. автореф. Алматы, 2009. – 24 б.
- 50 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.
- 51 «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. – 364 б.

- 52 Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі // Казахский литературный язык. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 472 с.
- 53 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 192 бет.
- 54 Алдашева К. Қазақ тілінің сөздік құрамын жаңғырту: тіл саясаты және кодификация мәселесі // «Шығыстану және түркітану ғылымы әлемдік кеңістікте» атты Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының 5 жылдығына арналған республикалық ғылыми-танымдық семинардың материалдары. – Алматы, 2014. – 75-77 бб.
- 55 Будагов Р.А. Академик Л.В. Щерба // Человек и его язык. – 2-изд. – М.: 1976. – С. 343-352.
- 56 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1998. – 250 б.
- 57 Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері // Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000. – 624 б.
- 58 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 159 б.
- 59 Қадырқұлов Қ. Жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстардың айырым белгілері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2012, №1. – 127-130 бб.
- 60 Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 1996. – 25 б.
- 61 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
- 62 Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер. – Астана: «ІС-Сервис» ЖШС, 2009. – 256 б.
- 63 Әбдірасілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. – 208 б.
- 64 Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. – 227 б.
- 65 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2007. – 343 б.
- 66 Букетова Н.И. Реликтовая корневая морфема как языковая универсалия: дисс. ... докт. филол.наук. – Караганда, 1995. – 346 с.
- 67 Сағындыкова Ж. Формирование и функционирование общественно-политических неологизмов в английском, русском и казахском языках: автореф. дисс. ... канд. фил. наук. – Алматы, 2010. – 28 с.
- 68 Алдашева К. Қазақ неологиясы мен неографиясының өзекті мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – Алматы, 2015, №1 (153). – 336-341 бб.
- 69 Nevnihal Bayar. Açıklamalı Yeni Kelimeler Sözlüğü. – Akçağ Yayınları, 2006. – 395 S.
- 70 <http://www.uludagsozluk.com/>

- 71 Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 450 с.
- 72 Соссюр Ф. Труды по языкознанию // Переводы с французского языка. – М.: Прогресс, 1977. – 695 с.
- 73 Гак В.Г. О современной французской неологии // Новые слова и словари новых слов. – Л., 1978. – 37 с.
- 74 Елизарова Л.Н. Терминологические и художественные новообразования в функциональном аспекте: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Орел, 1992. – 20 с.
- 75 Бенковичова Я. Инновации в современной русской и словацкой лексике // Porovnavaci opis statiky a dynamiky súčasneho ruskeho jazyka z teoretickeho a praktickeho hľadiska: Zbornik materialov z medzinarodnej konferencie. – Bratislava, 1998. S. 43-49.
- 76 Котелова Н.З. Неологизмы // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: СЭ, 1990. – 331 с.
- 77 Москалева Е.В. Прагматические особенности функционирования английских и русских неологизмов: на материале художественных и публицистических текстов: дисс. ... канд. филол. наук. – М., 2003. – 180 с.
- 78 Воробьева Ю.А. Когнитивно-прагматический аспект новой лексики искусствоведения (на материале английского языка): дисс. ... канд. филол. наук. – Калининград: РГБ, 2003. – 189 с.
- 79 Степанов Г.М. Неологизмы в теории и практике современной лексикографии (на материале русских и английских словарей новых слов): автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 1983. – 21 с.
- 80 Шевотлохова Е.Д. Новые слова как объект изучения в курсе русского языка на подготовительном отделении университета: дисс. ... канд. пед. наук. – М., 2003 – 194 с.
- 81 Жлуктенко Ю.А., Березинский В.А. Английские неологизмы. – Киев: Наукова Думка, 1983. – 154 с.
- 82 Дубенец Э.М. Неологизмы в английском языке // Иностранные языки в школе. – М., 1991, № 6. – С. 90-92.
- 83 Рожнова И.А. Неологизмы в английской терминологии полиграфического производства: дисс. ...канд. филол. наук. – Омск, 2005. – 190 с.
- 84 Шмелев Д.Н. Современный русский язык. Лексика. – М., 1977. – С. 280-281.
- 85 Silvia Pavel. Neology and Phraseology as Terminology-in-the-making // Terminology: Applications in interdisciplinary communication. – Canada, 1993. – 8 p.
- 86 Baron, Dennis E. Lexical change in Present-Day English. Annual Meeting of the linguistic Society of America. – San Francisco, California, 1975. – 19 p.
- 87 O'Grady W. Contemporary Linguistics. Third Edition. St.Martin's Press. – New York, 1997. – 710 p.

- 88 AytoJ. A Century of New Words // Oxford University Press. 2007. – p. 250.
- 89 Эйто Дж. Словарь новых слов английского языка. – М.: Рус. яз., 1990. – 434 с.
- 90 Домашнев А.И. Развитие лексики немецкого языка ГДР и ФРГ и лексикографическая практика // Новые слова и словари новых слов. – Л.: Наука, 1983. – С. 5-14.
- 91 Гак В.Г. Новые слова и новые словари // Новые слова и словари новых слов. – Л.: Наука, 1983. – С. 15-29.
- 92 Сулейменова Э.Д., Смагулова Ж.С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 344 с.
- 93 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілі – 60 жылда (дамуындағы тенденциялар) // ҚазССР ГА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – Алматы, 1977, №3. – 1-8 бб.
- 94 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы: Оқулық. – Алматы, 2002. – 213 б.
- 95 Қасым Б. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным. Зерттеулер. – Алматы: «ЖК Волкова А.В.» баспасы, 2010. – 383 б.
- 96 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Он томдық. – Алматы: Ғылым, 1974-1986.
- 97 Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.
- 98 Аширова Б. Нормативті-жарлықшы құжаттардың аудармасы: құрылымдық және лексикалық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 30 б.
- 99 Hasanov G.K., Mynbayeva A.P., Duisenbayeva G.Z., Mukhamejanova G.T., Aldasheva K.S., Kongyratbay K.T. Fundamentals of cognitive metaphor // Asian Social Science., 2015. – V.11(18). – P. 82-85.
- 100 Алдашева К. Неология ғылымы және оның қазақ тілтаным парадигмасына қатысы // Materials of the X International scientific and practical conference. – Sheffield, August 30 – September 7, 2014. – 21-25 P.
- 101 Алдашева К. Қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар: тану мен талдау, ажырату мен сұрыптау // Түркітану мен қазақ филологиясының дамуы: ғылыми мұра және ғалым феномені. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 125-128 бб.
- 102 Алдашева К. Жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландырудың негізгі қайнар көздері // Новые тренды в науке и образовании: материалы рамочного симпозиума, посвященного профессору Э.Д. Сулейменовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 72-74 бб.
- 103 Мемлекеттік тіл саясаты – Государственная языковая политика. – Алматы: Арқас, 2005. – 294 бет.
- 104 Бекітілген терминдер жинағы. – Астана, 2012. – 384 б.
- 105 Алдашева К. Жаңа сөздерді қалыптандыру үдерістері: бекітілген терминдердің жалпы сипаты // «Тіл-құрал – қуатты күш»: XIX халықаралық

ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: ҚазҰУ, 2016. – 200-203 бб.

106 Бекітілген терминдер сөздігі. Қазақша-орысша орысша-қазақша (15 000-ға жуық термин). – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 328 б.

107 Heidegger M. Unterwegs zur Sprache. Pfullingen, 1959. – 123 с.

108 www.sozdik.kz

109 Чумарин Г.Р. Сравнительная характеристика электронных и бумажных словарей в функциональном аспекте // Вестник Чувашского университета, Гуманитарные науки. – Чебоксары, 2009. №4. – С. 265-270.

110 Табанакова В.Д., Ковязина М.А. Новая модель двуязычного экологического словаря-тезауруса. – Урал.гос. пед. ун-т, 2007. — С. 29-32.

111 Кашеварова И.С. Электронный словарь как новый этап в развитии лексикографии // «Молодой ученый», 2010, № 10 (21). – С. 145-147.

112 Щерба Л.В. Опыт общей теории лексикографии //Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974.– С. 265-304.

113 Апресян Ю. Д. Избранные труды. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1995. – б. – Т II. Интегральное описание языка и системная лексикография. – 767 с.

114 Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии: дисс. ...докт. филол. наук. – М., 1990. – 72 с.

115 Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 368 б.

116 Алдашева К. Орта білім беру жүйесіндегі жаңа сөздердің сипаттамасы (жаратылыстану, биология, физикалық география оқулықтарының материалдары негізінде) // Тілтаным, 2013, №4. – 126-131 бб.

117 Нысанбаев Ә. Ұлттық философияның қалыптасуы мен дамуы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Тәуелсіз Қазақстан философиясы. Жиырма томдық. 20-т. – Астана: Аударма, 2006. – 229-240 бб.

118 Есім Ғ. Бостандықтың бағасы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Тәуелсіз Қазақстан философиясы. Жиырма томдық. 20-т. – Астана: Аударма, 2006. – 150-163 бб.

119 Нұрмұратов С. Орхон мәтіндеріндегі дүниетанымдық бағдарлар // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық. 5-т. – Астана: Аударма, 2005. – 37-42 бб.

120 Әлжан Қ. Махмұд Қашқари: дүниетаным айшықтары // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық. 5-т. – Астана: Аударма, 2005. – 199-229 бб.

121 Қашқари М. Диуани лұғат ат-түрк («Түркі тілдері сөздігі») // Тарих – адамзат ойының қазынасы. Он томдық. 3-т. – Астана: «Фолиант», 2005. – 109-126 бб.

122 Баласағұн Ж. Құтты білік // Тарих – адамзат ойының қазынасы. Он томдық. 3-т. – Астана: «Фолиант», 2005. – 83-106 бб.

- 123 Молдабеков Ж. Би-шешендердің өнері мен өнегесі // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ би шешендерінің дүниетанымы және философиясы. Жиырма томдық. 9-т. – Астана: Аударма, 2007. – 363-397 бб.
- 124 Акчура Ю. Жаңа түрік мемлекетінің жолбасшылары // Тарих – адамзат ойының қазынасы. Он томдық. 10-т. – Астана: Фолиант, 2006. – 275-291 бб.
- 125 Махат Д. Тіл мен діл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат (мақалалар мен зерттеулер). – Астана: «Ана тілі – Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС, 2007. – 192 б.
- 126 Нұрмұратов С.Е. Ұлттық болмыс және ұлттық сана. Оқу құралы: Алматы, 1996. – 59 б.
- 127 Нұрмұратов С. Қазақстан тәуелсіздігінің мәдени-тарихи алғышарттары // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Тәуелсіз Қазақстан философиясы. Жиырма томдық. 20-т. – Астана: Аударма, 2006. – 26-50 бб.
- 128 Қасабек А. Тарихи-философиялық тәжірибе және ұлттық діл // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Тәуелсіз Қазақстан философиясы. Жиырма томдық. 20-т. – Астана: Аударма, 2006. – 135-149 бб.
- 129 Сатершинов Б. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБОБ 2011. – 291 б.
- 130 Әл-Фараби философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 3-т. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
- 131 Ғабитов Т. Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Тәуелсіз Қазақстан философиясы. Жиырма томдық. 20-т. – Астана: Аударма, 2006. – 241-254 бб.
- 132 Біләл Қ. Тіл мен діл // Иман. – Алматы, 2003, №2. – 10-11 бб.
- 133 Молдабеков Ж. Шешен тұлғалығының бітім-болмысы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы. Жиырма томдық. 9-т. – Астана: Аударма, 2007. – 176-202 бб.
- 134 Головин Б.Н. Основы культуры речи. 2-е изд. – М., 1988. – С. 185-187.
- 135 Раев Д., Молдабеков Ж. Билердің бірлік идеясы және битану // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы. Жиырма томдық. 9-т. – Астана: Аударма, 2007. – 398-468 бб.
- 136 Айталы А. Тіл мен діл // Егемен Қазақстан. 2015. №37. – 7-8 бб.
- 137 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.
- 138 Фараби Ә. Даналық негіздері // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әл-Фараби философиясы. Жиырма томдық. 3-т. – Астана: Аударма, 2005. – 266-274 бб.
- 139 Якушин Б.В. Гипотезы о происхождении языка. – М.: Наука, 1984. – 160 с.
- 140 Патнэм Х. Философия сознания. – М.: Дом интеллектуальной книги, 1999. – 240 с.
- 141 Тулебаева С.А. Аль-Фараби и вопросы языковой нормы // Известия НАН РК, Серия филологическая. – Алматы, 2009, №3. – С. 50-57.

- 142 Алдашева К. Тілдегі жаңа сөздер мен тіл философиясының сабақтастығы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы, 2016, №5 (40). – 176-180 бб.
- 143 Сусов И.П. История языкознания. – М.: Восток-Запад, 2006. – 295 с.
- 144 Рождественский Ю.В. Лекции по общему языкознанию: учеб. пособие для филол. спец. университетов. – М.: Высшая школа, 1990. – С. 5–35.
- 145 Потебня А.А. Мысль и язык // Потебня А.А. Слово и миф. М.: Правда, 1989. – С.17-200.
- 146 Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова // Виноградов В.В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. – М., 1977. – С. 162-189.
- 147 Шаханова Р.Ә., Тымболова А.О. Көптілді мәдени тұлғаның ұлттық сипаты // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – Алматы, 2012, №1. – 343-346 бб.
- 148 Оразбаева Ф. Тіл кеңістігі – тәуелсіздік кепілі // Ана тілі, 2016 жыл, 27 қаңтар
- 149 Дәулетбекова Ж. Тіл және интеллект. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым ордасы, 2013. – 228 б.
- 150 Крайг Ф., Бокум Д. Психология развития. – 9-е изд. – СПб.: Питер, 2005. – 940 с.
- 151 Сейталиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Өлке, 2009. – 232 б.
- 152 Сулейменова Э.Д. Языковая компетенция и полиязычие // Динамика языковой ситуации в Казахстане. Монография. – Алматы, 2010. – С. 204-241.
- 153 Тубалова И.В. Показания языкового сознания как источник изучения явления мотивации слов: дисс. ... канд. филол. наук. – Томск, 1995. – 249 с.
- 154 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 155 Белобородов А.А. Языковое сознание: сущность, статус // Современная наука и закономерности ее развития. Вып. 4. – Томск: Изд-во Томского ун-та, 1987. – С. 131-147.
- 156 Тарасов Е.Ф. Язык как средство трансляции культуры // Язык как средство трансляции культуры. М., 2000. – С. 45-53.
- 157 Каспранский Р.С. Языковые представления и языковое сознание // Тезисы IX Всесоюзного симпозиума по психолингвистике и теории коммуникаций. – М., 1988. – С. 84-85.
- 158 Возрастная и педагогическая психология. – 2-е изд., испр. и доп. – М., 1979. – 288 с.
- 159 Крутецкий В.А. Основы педагогической психологии. – М.: Просвещение, 1972. – 253 с.
- 160 Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1989. – 560 с.
- 161 Сейталиев Қ. Жалпы психология. Екінші басылымы. – Алматы: Білім, 2012. – 360 б.

- 162 Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Изд-во Смысл; Изд-во Эксмо, 2005. – 1136 с.
- 163 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб: Питер, 2002. – 720 с.
- 164 Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – М.: Наука, 1972. – 212 с.
- 165 Божович Л.И. Проблемы формирования личности. – 2-е изд. – М.: Издательство «Институт практической психологии», Воронеж: НПО «МОДЭК», 1997. – 352 с.
- 166 Философиялық сөздік. – Алматы, 1996. – 120 б.
- 167 Өтешова Б. Жоғары сынып оқушыларының дүниетанымын халық тағылымы материалдары арқылы дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004. – 139 б.
- 168 Круглов Б.С. Варианты формирования ценностных ориентации // Формирование личности старшеклассника. – М.: Педагогика, 1989. – 76 с.
- 169 Васина Е.А. Ценностные ориентации личности в юношеском возрасте: дисс. ... канд. психол. наук. – СПб., 1993. – 153 с.
- 170 Shultz T. Investment in Human Capital. – N.Y.; London, 1971. – P. 26-28.
- 171 Алдашева К. Орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді оқыту әдістемесінің лингвистикалық негіздері // «Қазақ лексикографиясы: тарихы, тәжірибесі, болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Елтаным баспасы, 2015. – 313-319 бб.
- 172 Маслова А.М. Построение процесса обучения на основе инновационных технологий // Уроки русского языка и литературы в школе, 2015, №1. – С. 5-7.
- 173 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
- 174 Шаханова Р.Ә., Балтабаева Ж.Қ., Ныязбекова К.С. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану // Психология, социология и педагогика. 2013, № 47 – <http://psychology.snauka.ru>
- 175 Алдашева К. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: олардың дидактикалық мүмкіндіктері // «Академик Ө. Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2016. – 293-298 бб.
- 176 Суворова Н. Интерактивное обучение: новые подходы // Учитель. – 2000, №1. – С. 25-27
- 177 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 263 бет.
- 178 Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петрова А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М., 2004. – 224 с.
- 179 Сатбекова А.А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (гуманитарлық бөлім): пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2009. – 279 б.

180 Bystrova T., Larionova V. Use of Virtual Mind Mapping to Effectively Organise the Project Activities of Students at the University / Procedia – Social and Behavioral Sciences, №214, 2015. – P. 465-472.

181 Кузнецов В.С. Исследовательско-проектная деятельность как форма учебного сотрудничества в вузе: дис... кан. пед. наук. – М., 1996. – 106 с.

182 Исмагулова С.К. Метод проектов: содержание, проблемы, перспективы. О сущности методов проектов и типологии проектов // Творческая педагогика. – 2012, №4. – С. 48-64.

183 Пономарев Я.А. Психология творчества и педагогика. – М.: Педагогика, 1976. – 280 с.

184 Розыков О.Р. Теоретические основы оптимального применения системы учебных задач в обучении школьников (на материалах гуманитарных предметов): автореф. дисс... докт. пед. наук. – Тбилиси, 1986. – 50 с.

185 Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (V-IX сыныптар): пед. ғыл. докт. ... дисс. автореф. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, 2004. – 50 б.

186 Жапбаров А. Оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Шымкент: «ИП Валиев» баспасы, 2011. – 260 б.

187 Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 б.

188 Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми -әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2002. – 327 б.

189 Бейсенбаева З. Жоғары оқу орындарында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы: ҚМҚПИ, 2005. – 360 б.

190 Дәулетбекова Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2008. – 290 б.

191 Рахметова Р. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО филолог мамандықтары үшін): пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы: Абай атын. ҚазҰПУ, 2010. – 230 б.

192 Рауандина А. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары): пед. ғыл. канд ... дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 26 б.

193 Львов М.Р. Культура речи. – 2-изд., исправленное – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 272 с.

194 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

195 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – 1-е изд. – М.: Наука, 1987. – 264 с.

196 Гуң Е.Н. Ненормативная лексика в речи современного городского подростка (в свете концепции языковой личности): автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Барнаул, 1995. – 23 с.

197 Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген. – <http://adilet.zan.kz>

198 Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 Бұйрығына 26-қосымша; 59-қосымша. – <http://adilet.zan.kz>

199 Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2015. – 208 б.

200 Исаев С., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2015. – 256 б.

201 Исаев С., Қосымова Г. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2015. – 208 б.

202 Аманжолов С., Аманжолов А., Қосымова Г. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2012. – 208 б.

203 Әмір Р., Атабаева М. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2013. – 264 б.

204 Уәли Н., Қыдырбаев Ө. Қазақ тілі: Сөз мәдениеті. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2014. – 272 б.

205 Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Есмағанбетова Ш. Қазақ тілі: Сөз мәдениеті және шешендік: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2011. – 224 б.

206 Абдиева Ш. Жоғары заң оқу орындары студенттерін қазақша кәсіби сөйлеуге үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. автореф. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. ун-ті, 2004. – 28 с.